

KCCB TIA
845K03
E65

ТЫРАР
КІТАПХАНАСЫ

060

Жабал ЕРҒАЛИЕВ

**БҰЛТТЫ
ТҮНГІ
ТОЛҒАН АЙ**

**“ҰМАЙ”
БАСПАСЫ**

Алматы 2007

Жабал ЕРҒАЛИЕВ

ҚАЗ. ТІЛ

84.5103

Е 65

56206-3020

БҰЛТТЫ ТҮНГІ ТОЛҒАН АЙ

повесть, драмалар, әңгімелер



“Ұмай” баспасы”

Алматы, 2007

ТАЛЫШТЫҢСЫЗ

ББК 84 Қаз 7-44

Е 65

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Е 65. Ерғалиев Ж. Бұлтты түнгі толған ай. – Алматы: «Ұмай»
баспасы», 2007. – 224-бет

ISBN 978-601-7056-04-9

Өмір атты мәңгілік майданның өтінде жүрген Адам пенденің осынау дүниеауи тіршіліктегі бітпес күресін әйгілейтін ізгілік пен зұлымдықтың махаббат пен ғадауаттың, адалдық пен аярлықтың арасындағы айқас жазушы шығармаларының арқауы болған. Қилы-қилы тағдырлардың көркем бейнесін терең қат-қабат драмалық шиеленісте, асқақ пафоста сомдау арқылы қоғам, адам, уақытқа жазушы өз кесімін айтады. Кітап өз оқырмандарын бей-жай күйде қалдырмасы анық.

ББК 84 Қаз 7-44

Е 4702250201
00 (05) - 07

ISBN 978-601-7056-04-9

© Ерғалиев Ж., 2007
© «Ұмай» баспасы», 2007

СОҢҒЫ ТҰЯҚ

Повесть

Біраздан бері ат ізін салмай кеткен туған ауылынан хатан күні Тельман Ерденовичтің қуанышында шексіз болды. Оқушының торкөз дәптерінің бір парағына жазылған хат жолдарын қайра-қайра оқи берді. Алдастарының мына жазғандары жанын бір рахат сезімге келтіріп, жүрегін қозғап кетті. Өз үйіне өзі сыймауға айналды. Алдан екі-үш жыл бұрын ғана салғызып, кіріп алған кең аядай үйінің дәл ортасындағы дәлізде тұрған қара ағарымен қапталған жұмсақ креслоға отырып, қолындағы хатты тағы бір асықпай оқуға кірісті.

“Құрметті Тельман Ерденович” деп басталған хатта мүлдем елге сіңірген еңбегін жерлестері әбден білетіндігін, бұл мағаш ауылынан шыққан тұңғыш обком хатшысы, қазіргілі бизнесмен болып отырғандығын мақтанышпен білдіргенін айтыпты.

Әй бәлсем-ай, мені де бұлар мойындаған екен-ау деген ойың көңіл түпкірінен қылаң бергені де анық. Сол айраған қалпымен орнынан тұрып, балконға шықты. Алғаш таудың етегін шайып жатқан Қопа көлінің айнадай айқырап жатқан шексіз-шетсіз айдынынан ескен ерке самалы оны осы бір қуанышымен құттықтағандай болып, қызуымен еріндерімен өбіп алғандай, екі беті алаулап жүре берді. Алғашында тұрған анау Бұқпа тау, сыбдырлаған сырлы үні ағына жетіп жатқан мына Қопа көлінің тұнжыраған айқырай қалпы ғана ішкі жан дүниесімен үйлеспейтіндігін білдіріп аңдаған сынды.

Тельман Ерденовичтің қуаныштан жан дүниесінің астангені шығып жатқан осынау бір айшықты сәтінде Бұқпа жасыл желегімен неге желпінбейді? Қопа көлдің дір-дір жатқан үркек айдынында ақ шабақтар неге шоршып жатамайды? Бұл екеуі неге қуанбайды, неге, неге?!

Қазіргі адам баласының бар қуанышы байлығында қалдығын, бауырына жастанып, аяғына басып жатқан сол

ай-лық атаулының бәрін де солар табиғат аналарынан аяусыз алап алып жатқандығын біле берер ме екен?! Сол адам баласы онамаса мына Бұқпа таудың қойнын тесіп, қопарғыш дәрі алып жарып алып жатқан тас үгінділерінің етегінен әрірек арып, бірімен-бірі жымдасып, жалғасып кете беретін Иман-ау мен Сандықтаудың ұшар басынан төмендегі кең алабына ейін біткен көк қарағай қайда кеткен?!

Тельман Ерденовичтің санасын осы бір ойдың жалыны ларпып өткені мұң екен, дөңгелек жүзі алаулап жүре берді. Өзі-өзінен тынысы тарылғандай болып кетті. Ас үйдегі әрісін ішуге беттеген Тельманның аяғының астындағы еден ақтайлары басқан сайын сықырлап, мұның қадамын уырсынғандай еді. Таудан кескізіп алғызған көк қарағайды өрт қырлата салғызған үш қабатты мына үйдің едені бұрын-оңды бұлайша сықырламаушы еді ғой... Орманды отау, орманды өрттеу соңғы бірер жылдың аясында жиілеп те етті. Ит тұмсығы өтпейтін қалың жынысты көк орманға іреулер әдейлеп те от салады деп жүр. Өйткені сол от талған орманның ағашын кесіп алу әрі оңай, әрі арзанға үсетін көрінеді. Сау орманды ешкімнің де отатпасы анық таңданып қорықшы, бақылап жүрген орманшы атаулы таңғалғызар емес. Ормандағы ағаштың өзін мол табыс табудың өзіне айналдырып алған әккілер сол өртті де өздері салатын болған. Көкейлерін көк ақша тескендар көк желектің онан алды сол орманды мекен етіп жүрген аң мен ұшқан құстың а обал-сауабынан сескенуді қойып алған. Қызыл жалын ұтағы мен қабығын ғана шарпыған қарағайды тезірек кесіп алуына орманшылардың өздері-ақ асығады енді. Жапырақ таңсыз қалған ағашқа құрт түседі екен де, ол індет сияқты тез жайылып кететін көрінеді. Бұған жол бермеудің бір ғана жолы – орманды отау керек.

Сол кезде Қап тауының баурайынан келгендер қаптайы-ай келіп. Өктем сөйлеп, ширақ қимылдап, қаладан алып келген орман отаушылардың қолдарына бір-бірден моторлы трактор ұстатып көк қарағайды аяусыз сұлатады. Сол қарағайларды тиіп алған ауыр “КамАЗ” автомашиналар

керуенін бүкіл қазақ даласының жолдарынан жолықтырар едің.

Туған елінен алған хаттағы жалынды әрі жан тебірентерлік жылы сөздерінің әсерінен әлі де айыға алмай жүрген Тельман енді аяғының астындағы еден тақтайларының сықырлаған үнінен шошынуға да айналды. Ұзақ жылдар басы қызметінде жүрген шағында Мұса дейтін шешен жігітіне талай бір қамқорлығын жасап еді. Қар түсе қазақ ауылдарының жылқысын ұрлап, бірінікін біріне сатып, соны кәсіпке айналдырған Мұса ана бір жылдары қолға түсіп, абақтыға қамалып, сотталайын деп жатқан жерінен өзінің аман алып қалғаны бар.

– Ой, аға, – деген таза қазақ тілінде сөйлейтін Мұса бір кеште Тельманның үйіне келіп. – Мына жақсылығыңыз Алла-дан қайтсын. Жаным тірі болса мен де қайтарармын бір.

Қазақтан оңды, қазақтан асыл халық жоқ деген сол жолы Мұса көңілденіп отырып. – Атаңа нәлет Сталин менің ата-ларымды ақпанның ақ бораны соғып тұрған қыс ішінде осы қазақ даласына әкеліп шашып тастаған жоқ па еді?! Талайы үсіп өліп, қардың астында қалды ғой. Біздің атайды бір қазақ-тың шалы үсікке ұрынған жерінен үйіне алып келіп жылытып, есін жинатып, қыстатып, өлімнен алып қалса, енді міне Сіз де мені бір өлімнен алып қалып отырсыз.

Мұсаның мына бір сөзінен Тельман өзінің ірілігін танығандай болып, әсерленіп, көңілі өсіп қалды. Кеңк-кеңк күліп: – Мүсеке жарадың, жарадың! Несі бар, менің өзіне жасаған жақсылығымды Алла да қайтара жатар, өзің де ұмытып кетіп жүрме, – деген.

– Ағасы, о не дегеніңіз! Ұмытпаймын, ұмытпаймын, – дей жүріп Мұса «жеңгеме деп» әкелген асыл тасты жүзігін тастап, Алласына да, ағасына да уәдесін беріп кете берген.

Обалы нешік, сол Мұса Алласын ұмытқан, ұмытпағанын бір өзі біледі, бірақ ағасын ұмыта қойған жоқ. Соңғы бірекі қыста ғана көрінбей кеткені болмаса ағамның сыбағасы деп жыл сайын бір жылқысын сойып әкеліп беріп тұрды.

Сонан өткен күзде Мұсаның тағы да пайда бола кеткені бар. Тельманның Алматыдағы үлкен ұлы үлкен бір бастықтың көмекшісі болып орналасқандығын естіп, соған куанып, шын ниетімен келіпті.

– Әй, Мұса, сен өзің біраздан бері көрінбей кетіп едің, амансың ба? – деген Тельман. Ағасының баяғы жақсы көңілін сезген Мұса да сағынғандығын жасыра алмаған. Құшақтасып, төс қағыстырып, мәз-мәйрам күйге түскен.

– Сенің осы хабарсыз кетуіңе қарағанда жылқыларын бітіп қалған-ау деймін?..

Ағасының өзі де болса бұл сауалының түп-төркінін түсіне қалған Мұса ку да: – Рас айтасыз, бірақ менің емес, анығында қазақтардың жылқысы азайып қалды. Сонан соң да ғой қазанға салар ештеме әкеліп бере алмай жүргенім, – деп қарқ-қарқ күліп алды.

– Қойшы-ей, талай қырғын болса да қазақтың қолынан да, қотанынан да қылқұйрығы кеткен жоқ еді, ағанды өзіңнің ұмытып кеткенің де бұл!

– Алла сақтасын! Оллаһи-биллаһи, аға өзіңізді қалай ұмытармын!..

Мұса ағасын үнемі есінде ұстап жүргендігін айтып азар да безер болып, ақталып-ақ жатыр. Өзінің алдында құрақ ұшып, бәйек болып жатқан Мұсасының мына қылығына Тельман болса масайрап, марқайып қалып еді. Қой көздері күлімдеп, екі беті нарттай жанып, қалың еріндеріне жиналған күлкі табын жасыра алмай жымия берген.

– Рас айтамын, аға, қазақтардың жылқысы шынында да азайып қалды, – деп Мұса енді еркінсі бастады.

– Е не, қасқыр шауып жатыр ма оларға!..

– Қасқыр емес, жылқыға қазақтар шауып жатыр, аға!

Екі бетін түк басқан шешен жігіттің әжім-әжім маңдайындағы қос жанарының өткір сәулесі жарқ етті де, екі иығы селкілдеп кеңк-кеңк етіп күліп тұрған Тельман ағасына қараған.

– Аға, күлмеңіз бұған!

Мұсаның қатқылдау шыққан үнінен, секем алған Тельманның күлкісі ізім-ғайым жоғала қалды.

– Күлмеңіз, аға! Ауылдағы қазақтардың малына да, жылқысына да қасқырдан бетер адамдардың шапқаны ошат болды.

Мұсаның айтқанындай бұл күлетін жәйт емес еді. Соңғы уақытта қазақ ауылдарындағы мал ұрлығының етек алғандығы соншалықты, жұрт енді мал ұстауға да қорқа бастады. Ана бір жылдары қала іргесіндегі бір ауылда тұратын жалғыз басты әйелді қарақшылар аяусыз өлтіріп, қорасындағы бар малын тиеп алып кеткені де бар. Осы оқиғадан кейін ауыл қазақтары қорасындағы малы ұрының қолында кеткенше онан да сатып құтылайын деген әрекетке коштi. Сатқанда да тұздығы татырлық баға болса бір сәрі сдi-ау! Бір тоқтының құны таңертең кисең кешке жұлығы түсіп қалатын базардағы қытайлық етіктің нарқына да жетпейді ғой, шіркiн!

– Жылқы жарықтық азаймағанда қайтсiн, – деген Мұса мысы басылып қалған ағасына. – Ойбай-ау – деді қызбалыққа салынып: – Бұрын осы сіз соғымға деп жылына бір-ақ рет жылқы сойып алмаушы ма едіңіз?..

- Иә, иә...

Ал, енді қараңыз, жылқының етiн қазiр сіз күн сайын жеп отырсыз ғой. Көкшетаудың базарындағы сөрелерде қысы-жазы қайысып та, қарайып та жататын жылқының мол етiн бұрын-соңды қашан көрiп едіңіз?!. Ауылды сорлатып малын тонап жатқан ұрылар да, жеп жатқан жемқорлар да өзге емес қазақтардың өздерi...

– Иә, иә...

Манадан берi мына шешен жігітiнiң айтқандарын басын шұлғып мақұлдаудан басқа амалы қалмай отырған Тельманның көңiлiндегi манағы қуаныштың ошағындағы отына Мұсаның соңғы бір ауыз сөзi су сепкендей әсер еттi. Тұла бойы мұздап сала бердi. Қан қысымы көтеріліп кеткендіктен бе, әйтеуір тау жігітiнiң ендiгi айтқандарының бiрiн естiп, бiрiн естiмеген қалпы меңiреу күйге түстi.

– Жылқы жарықтық азаймағанда қайтсiн. Манағы ойын Мұса онан әрi жанығып жалғастырып жатыр.

Оллаһи-биллаһи, еті тәтті екен деп былай жей берсеңіздер жылқыдан тұқым да қалмас. Қазақтар қазір кез келген қонағына да, тойына да қыс болсын, жаз болсын жылқы сояынды шығарды.

Барлық қазақ атаулы тап бір өзінің қорасынан жылқы алып сойып жеп жатқандай екілене сөйлеп тұрған Мұсаның аялына айтуының да жаны бар. Бір ауыл келесі бір елдің жылқысын үйірімен айдап әкету әрекеті белең алды. Жерге ұлғашқы қар түсісімен жылқыны шекара асырып, орыс қалаларына өткізіп жіберетіндер де көнігіп алған әбден. Сонан да болар күш көлігі барлар қазір қысқы соғымдарын қаладағы ірі орыс қалаларының базарларынан сатып әкеліп кеп жатыр. Жыл бойы оңтүстік облыстың жидек-жемісін сатып солтүстіктің базарларына салып жатқандар да енді сүр бос қайтпайтын болған. Олар да ауыр жүк машиналарына не көк қарағай, не жылқы малын тиеп алып, қылы жаққа апарып соларды саудалауды қолға алған. Ең қаласынан тіс шұқырлық ши табыла қоймайтын шөлді аймақ үшін Көкшенің көк қарағайы да, ерте көктемнен бастап қара сүзге дейін жап-жасыл болып жайқалып тұрар Көкшенің көк бетегесіне тойынған жылқы малының бал татыған еті де әтімді болуға айналғаны қашан. Сары-арқаның төскейіне ел ордасы Астана қаласы орныққалы да Көкшенің көк қарағайы мен қылқұйрығына да сұраныс көбейіп кетті. Қарағайдан үй салғызбаса тынысы тарылып ұйықтай алмайтын және Көкшенің семіз жылқысының жал-жаясын кемесе ішкендері ас болмайтын қалталы шенеуніктер қаптағалы орманға да, малға да кесел тигендей болды. Алматыдан билігімен бірге көшіп келіп жатқандарға үйін салып береміз, асын тауып, қонағын күтіп аламыз деп қанығып та, жағынып та жүргендер жұтып жатыр бәрін де. Ауылдарды аралап, жыл-қысын саудалап сатып алып жатқан қыстаналықтар көбейгелі баға дегенің де шарықтап шыға келді. Жылына бір келетін соғымы үшін мал сатып алып кеудің өзі де енді арманға айналып бара жатқандай...

Байлығына масайрауға келгенде бірімің даңқын бірі көліп кете беретіндер қазір өздерінің не бір дәмнен сынсыған

дастархандарына Көкшенің жылқысының етін тартуды да мерей санайтын болған. Жарықтық қазанға салғаннан-ақ иісі бұрқырап шыға келетін семіздің бабымен піскен жал-жаясы мен қазысын кертiп жеп, ықылық атып отырған қонағына:

– Биылғы соғымды да Көкшеден алғыздық, – деп бiр айттып қалмаса берiп отырған асының берекесi кiрмейтiндей лепiретiн тоқ көңiл.

– Ойбай-ау, әлгi байсымақтарды айтамын, – деп Мұса онан әрi қызбаланған. – Еркек малдың етiне мұрындарын шү-йiре қарайтындықтарын қайтерсiң?!. Бәрiнiң де iздегендерi етi дәмдi келетiн ұрғашы мал. Союға бәрiне де байтал, бестi бие керек. Үйiрдегi түсiп құлындайтын малды сойып жеп, жылқысын өсiмсiз қалдырып жатқандықтарын қала қалталылары ойлап та жатқан емес.

Осының бәрiн бiр деммен мүдiрмей жеткiзген Мұса: – Қазақтардың қазiр қатындары да, жылқысы да қысыр қалып жатыр, өсiм жоқ, – деп екi иығы селкiлдеп, қою қара кiрпiктерiн жиi қағып, қарқылдап күлiп алды.

– Әй, әй... не деп кеттiң осы сен, – деп манадан берi өзiнiң жан дүниесiнiң тыныштығын бұзған ауыр ойлардың салмағымен сзылiп, есеңгiреп, меңiреу күйiмен мәнгiрiп отырған Тельман отырған орнынан тұра берген.

– Сiз бұған намыстанбаңыз! “Айғыры жаман үйiрдi қасқыр алмаушы ма едi”, – Тельман Ерденович!

Бар қазақтың қазiргi күйiн сол қазақтың осы бiр мақалымен-ақ түйiп, өз тапқырлығына өзiнен өзi масаттанып тұрған Мұса iшегi қатқанша күлсiн-ай келiп. Көзiнен аққан жасты қол орамалымен сүртiп жатып: – Ал, аға, мен қайтайын ендi. Жылқының осындай жыры көбейгесiн ол кәсiбiмдi тастағанмын әлдеқашан. Қазiр ағаштан үй бұрап, соны сатумен айналысамын, қазiргi өте тиiмдi, өте ақшалы кәсiп бұл! Бұйырса сiздi де мына тар үйде отырғызып қоймаспын. Қаланың ортасынан ойып тұрып орын алсаңыз болды, ағаштан жаңа бiр үй тұрғызып беремiн. Оның iшi-сыртын бар ғой, еуропалық үлгiмен жасандырамын. Әлгi Алматыдағы iнiм де жора-жолдастарымен келе қалса әкесiнiң хан сарайындай үйiнде аунап-қунап жатуы керек қой...

Мұсаның ағаштан жаңа бір үй тұрғызып беремін деген сөзін Тельман анық естіп еді. Күңгірлеп бітеліп қалған құлағы да ашылып, жаны да жадырап сала берді...

Аралағаш ауылының бас көтерер азаматтары әр жерде тұрып жатқан жерлестерінің бәрін де тізімдеп, бәрін де туған елдеріне шақырып жазған хаттарын аудан орталығанан почта арқылы жөнелткеннен кейін дайындыққа кірісіп те кеткен болатын.

“Күлтөбенің басындағы күнде жиын” енді осы ауылдың көшесіне көшкен. Ауылдастарының басын қосу ісіне ұйтқы болып, сол істі ұйымдастырушылардың бірі – Жанат еді. Ұзын бойлы, ат жақты Жәкеңнің қызыл шырайлы өңіне сән беріп тұрған күміс сақалы мен қырау шалған басы болмаса жас шамасы пайғамбар жасы дейтін мөлшерден енді кетіп барады. Тельман екеуі бір жылдың төлдері, күрдастар. Екеуі мектепке де бірге барды, бірге оқыды. Қойшы әйтеуір, бұл екеуінің бір елдің топырағынан жаралғандарынан бастап өмірлері де ортақ бір мүдде, асқақ арманмен жалғасқанды.

Бейкүнә сәби күнгі сол адал арманың күйкі тіршіліктегі есеп бақастыққа барып ұласып жатса, бұл да қасірет екен. Ауылдағы сегіз жылдық мектепті аяқтаған күзде Тельман болса Көкшетаудағы интернатқа кетті де орта білім алуын онан әрі жалғастырды. Жанат болса Бурабай маңындағы Қатаркөл кентіндегі ежелгі оқу орнының бірі – мал мамандарын даярлап шығаратын техникумға түсті. Жанат та Көкшетауға барғысы келген, Тельман досынан ажырағысы жоқ-ты.

– Балам, деген бір күні әкесі. – Көзімнің тірісінде бір мамандық алып ал. Бір әулеттен мен жалғызбын, менен сен ғана өсіп отырсың. Сен менің балам ғана емессің, арқа сүйеп жүрген ағам да сенсің, тірек етіп жүрген інім де сенсің...

Үнсіз қалған әке жанарына қарап еді, қою қара қасты қабағын түйіп алған қалпы, кеудесі көріктей көтеріліп барып ауыр демін алды. Қашан болсын жатаған там үйдің төрінде жасаулы тұратын шағын дастархан басына отырып, ауқатта-

нып алғаннан кейін сол араға қисая кетіп, біраз жатып тынығатын. Арқат қарияның күрсінетін күйі бір бүгін емес еді. Есін біліп, етегін жапқалы күрсініп, күйініп келеді. Кедейкепшікті жарылқаймыз деп атқа қонған шолақ белсенді коммунистерден-ақ теперіш көріп бақты. Кеңес үкіметі орнаған кезеңде әкесі Жаңабатыр қажының мал-мүлкі кәмпескеге бір түссе, өзін жер аударды. Әйтеуір, бір зобалаң күн туғанын іші сезген қажы бір түнде бала-шағасын алып, Омбы жаққа өтіп кетіп, жан сауғалады. Қажыға топырақ та сол арада бұйырды. Жарықтық соңғы аманатын берер шақта зінгіттей бес ұлын жанына отырғызып қойып, өсиет айтқан.

«Мен не көрсем де бір Алланың жазуымен болды» деген бір ауыз сөзін үзіп-үзіп айтқан қажы демін бір алып, айтар аманатын онан әрі сабақтаған.

– Қандай заман болса да адам баласынан ешнәрсе сұраушы болмандар, бәрін де бір Алладан сұрандар, – деген қажы өз өсиетінде. – Жарылқаймын десе бір Алла ғана жарылқайды. Менің өулетіме өтірік, өсек, ұрлық, арамдық жақпайды. Осыдан аулақ болыңдар.

Мұнан кейін қажы өз ұлдарына туған жерін аманаттаған. “Түптің түбінде заман түзелер”, – деген жарықтық. Сондай күн туа қалса елге қайтыңдар.

Ұрпағының болашағына алаңдаған көңілінің күйігі өзегін ыстық жалынмен өрттеп жатқанына қарамастан қажы са-бырлы сөйлеп бақты. Әзірге елге қайту ертерек екендігін, қазір ол жақта кеңес үкіметінің жауларын іздеп табу науқаны жүріп жатқанын, әкесі баласын, баласы әкесін жау етіп көрсетіп, ағайын болып жауласып, жанығыш жүргендіктерін күрсіне айтқан.

Сендерді де жау етіп көрсетіп, айдаптырып жіберулері әбден кәдік. Заман-ай... бай болғанымды да, қажылығымды да енді сендерге көз түрткі қылар. Бәріне де шыдандар, көңілдер, қарақтарым!.. **Мен өз ұрпағым – сендерді аман сақтап қалудың қамымен туған жерімнен кетуге, қашқын ағануга мәжбүр болдым. Енді сендер де өз ұрпақтарыңның кіндігін үзіп алмауды ойлаңдар...**

Қажының осы бір соңғы өсиетін балалары өксіктерін баса алмай тыңдап еді...

Заман-ай!.. Ыдыс-аяғы жиналмаған дастархан жанында шалқасынан түсіп, демін алып жатқан Арқат шал да қажы әкесінің осы бір ауыз сөзін күрсіне есіне алды. Өз заманының қатты бір иіріміне тап келді ме, кешегі әке аманатын бірге отырып, бірге тыңдаған сол бір бес ұлдан сопайып бір өзі ғана қалды. Кеңестер мен фашистер арасындағы бес жылға жуық созылған соғыс жалмап кетті бұларды. Майдан даласынан оралмаған бауырларын орыс жеріндегі әке шаңырағында отырып ұзақ тосты. Әскери комиссариаттарға сұрау салғанымен, бәрінің берген жауабы, хабарсыз кетті дегеннен аса алмады. Туған еліне көшіп кетсе, соғысқа кеткен бауырлары келіп қалып, әке шаңырағының орнын сипап қалар деген оймен ұзақ жыл бөгеле берді, тәтті бір үмітпен өмір сүрді. Жаралы көңіліндегі көп үміттің бірі – жалғыз ұлы Жанаты еді. Бәйбішесі Асылтас дүниеге әкелген сегіз баланың жетеуі жер қойнында қалды. Бірінен соң бірі шетіней берген соң осы Жанатын туа салысымен қажы әкесінің қолда қалған тымағына салып, керегеге ілгізіп қойған. Жаратқанның рахымы түсті ме, сол бала әйтеуір тұрақтап қалды. Соған да шүкіршілік қылып, өз кін-дігінен өрбіген сол ұлын алып соғыстан қайта алмай жүрген төрт бірдей бауырының үміті мен үнін келер күндерге, өшпес күндерге Жанаты жалғар деген ниетімен тың игерудің дүрбелені басталған жылдары ата жұртына көшіп келіп, елін тапты.

Қатаркөлдегі техникумдағы оқуын үздік аяқтап, қолына қызыл дипломын алған Жанат та бөлімшенің зоотехнигі деген қызметтің тізгінін ұстады. Жас әрі алғыр, оның үстіне бұл мамандықтың не бір қыры мен сырын жетік білетін ұстаз алдын көргендіктен бе шаруасын дөңгелетіп әкетті. Қоғам малын күтудің, бағудың жаңа бір әдістерін үйретіп, зыр жүгіріп жүріп оны да меңдетті. “Қойшының таяғынан” дейтін ырымшыл халықтың текке айтпаған, осы бір ауыз сөзін Жанаттың әр қадамы айғақтап тұрушы еді. Фермадағы іс

оңға басып, мал өнімі жақсарып сала бергендігіне риза болған шаруашылық директоры Антон Генрих мұны бір күні өзіне шақыртып алғаны бар. Жасы болса біразға келіп қалған, өңінен шаршағандықтың ізі білініп, қос жанарының асты күлтеленіп ісіңкіреп тұрған Антон бұған былай деген:

– Ай да молодец, Жанат! Жұмысты, міне, осылай істеу керек!..

Жанаттың мақтауын біраз жерге апарған Генрих мырза Көкшетаудағы жаңадан ашылып жатқан ауыл шаруашылығы институтының сырттан оқыту бөліміне оқуға түсуді міндеттеген. Обалы нешік, Жанатқа өз баласындай қамқор көңілін білдірген. Осы шаруашылыққа қазір-ақ бас зоотехник етіп қойғысы келетіндігін жасырмады. Ертең ол үшін жоғары білім қа-жет екен.

Елгезек Жанат та бұл істі ұзаққа созып алмай Көкшетаудағы жоғары оқу орнына сырттан оқитын болып орналасып алды. Техникумнан алған терең білімі әрі өндірісте жүріп жинақтаған тәжірибесі бар Жанат үшін жұмыс істеп жүріп оқудың ешбір қиындығы да бола қойған жоқ. Сессия дейтініне жылына бір барып, бір курсын аяқтап келіп жүрді. Институттағы оқуының екінші жылын аяқтап келген бетте Жанаттың қызметі де жоғарылап, бас зоотехник деген лауазымды иеленді. Қат-қабат шаруаны сеніп тапсырып кете алатын бір бас маманның табылғандығына директордың өзі де қуанған. Кезекті еңбек демалысына шықса да, әлде бір жерге ұзақ жүретін іссапарға кететін болса да директорлық міндетті уақытша атқаруды Жанатқа сеніп тастап жүрді.

Кезекті бір сапарынан жайдары көңілмен оралған директорына өзі жоқта атқарылған іс жайында есеп бере бастаған Жанатты Генрих тоқтатып тастағаны да бар.

– Жарайды, жарайды... Қажеті не соның... Мен саған өбден сенемін ғой!..

– Рахмет оныңызға! Дегенмен де есеп бергенім дұрыс қой.

– Қажеті жоқ оның, деп Антон орнынан тұрып, сәл бөгеліп тұрып: – Сен білесің бе, жасым болса келіп қалды.

Мен енді зейнеткерлікке шығамын. Осы қызметті де, осы шаруашылықты басқаруды да саған беріп кетсем деп ойлап жүрмін.

– Антон Людвигович, мұныыз не? Мен әлі... мен әлі жаспын ғой!.. – деп тап қазір бүкіл шаруаны мойнына артып, тастап кеткелі тұрғандай Жанат ыршып түскен.

– Жас емессің! Үйленбегенің болмаса жас емессің сен енді!

Бастығының үйлену жайлы сөз қозғауы мұн екен Жанаттың екі көзі күлімдеп, жүзі бал-бұл жанып нұрланып сала берген. Сол сәтте институтта өзімен бірге оқып жүрген, бір көргеннен жанына жағып, жүрегін дір еткізген бидай өнді, қолан шащын төбесіне түйіп алып, мұны көрсе болды бота көздері ерекше бір мейірленіп, күлімсіреп сала беретін Рауза есіне түсті. Жанында жүргенде мән бере қоймайтын сол Рауза енді міне мұның жан дүниесінің астан-кестенін шығарып, са-ғынышқа бөледі. Раузаны тұнғыш рет сағынды. Көргісі келді, сөйлескісі келді. Бұрын-сонды жігіттік жасап көрмеген еді, енді сол Раузасы қазір жанында тұрса, бас салып құшақтап, сүйгісі келді. Алабұртқан осы бір сезіммен жұмысын тиянақтап бітірісімен Рауза тұратын көрші ауылға барған. Сол ауылдың кеңсесінде есеп-қисап жұмысында қызметі бар Рауза да орнында екен. Ішкі ыстық сезімінің қуатынан жан дүниесі алаулап тұрған Жанатты көріп, Рауза да қыз көңілінің ынтықтығы мен қуанышын жасырып тұра алмады. Көңіл түпкіріндегі мөлдір сезіммен ұғынысқан екеуі сол кеште-ақ қол ұстасып, жұбайлық өмірлерін бастаған. Ақтығы мен пәктігін сақтаған қалпымен Рауза келін болып Аркат шалдың босағасын аттаған...

Жерлестерінің шақыру хатын қолына ұстаған қалпы Тельман ұзақ ойланды. Манағы есін алып, миын айналдырған Мұсаның көп сөзінен кейін бір уақ санасын дір еткізген ойларға ерік берген.

– Елге қалай барамын?!

Санасына қылаң берген осы бір сауалдың түп-төркінінде “елге не бетіммен барамын” деген азапты ой жатқан-ды. Және де шақырту хатты жазып, соған қол қойғандардың бірі ауыл молласы Жанат болса ше?!

Әттеген-ай деген бір өкініш өзегін өрттеді осы сөтте. Білік дегеннің тұрлаусыздығына мән бермегендігіне өкінді. О дүниенің жауабы өз алдына! Тіршілігінде қаншалықты билігің жүріп, бишігіңді үйіргеніңмен түптің-түбінде жасаған қиянатың үшін тірі күнінде әйтеуір бір жауап беретіндігін енді ұққандай.

Тірілер алдында тірі жүріп жауап ұстаудың азабын айтсайшы бәрінен де! Сол азапты бұл енді тартар ма екен?! Жер басып жүрген екі аяқты пенделер алдында да көзі жұмылып кеткенше жауап ұстар болса, Тельман ең әуелі кімнің алдында ар азабымен қиналар еді?!

Ащы ішектей бірінен соң бірі шұбатылып кете барған ойлар мұны өз тұтқынына әбден алып еді. Жүрегі қысылғандай болып, тілінің астына салған түймедей ақ дәріні сорудың орнына жұтып жібергенін де білмеді. Сол бір азапты ойлардың жылап арбауына түсіп, ағыл-тегіл терлеп отырған Тельман ойелінің үйге кіргенін де сезбеді.

Жасы біразға келіп қалса да әлі де өңін бере қоймаған Зүлфия күйеуінің меңіреу күйін көріп шошып қалды.

– Не болды саған? Нимә?!

Зейнеткерлікке бес бала туып ертерек шыққаны болмаса Зүлфия әлі де ширақ еді. Дәрігерлік тәжірибесі барлығына сүйеніп, бірден Тельманның қан қысымын өлшеген. Қалыпты жағдайдан көп асып кеткен қан қысымын түсіретін дәрі беріп, күйеуінің басына жастық салып, сол отырған орнына ештең қисайтып жатқызып қойды да, дереу жедел жәрдем шақыртты. Жедел жәрдемнің дәрігерлері де Тельманның қан қысымын өлшеп алды да, әлдебір дәрімен ине салды. Кетерлерінде орнынан қозғамауды, жағдайы нашар болса өздерін қайра шақыру қажеттігін ескертуді де ұмытпады.

Сүт пісірімдей уақыттың аралығында Тельман есін жигандай болды. Қолын сипап бас жағында отырған Зүлфия-

сын көріп, тұрмаққа ұмтылып еді, әйелі зыр-зыр етті: – Тұрма, тұрма! Қозғалушы болма!

Дәрігер әйелінің айтқанын екі етпейтін дағдысымен Тельман басын жастыққа қайта салып, жайбарақат күйге түсті.

Зүлфия болса қазақша мен татаршаны араластыра сөйлене жүріп, күйеуіне жеңіл-желпі ас әзірлеуге кірісті. Кей-кейде бір сөйлеп кетсе аптығы басылмайынша тоқтай қоймайтынын айтпасаң Зүлфиясы Тельман үшін жаман әйел бола қойған жоқ. Ауылдан шыққан Тельман сияқты жаман қазақтың баласын мен адам қылдым деп намысқа тиетіні болмаса, бұдан басқа оғаш қылығын көрсете қойған жоқ. Ал, енді Тельманның мансаптағы жолы болғыштығына қарасаң Зүлфияның да бұл сөзінің жаны бар ма деп қаласың...

Көкшетаумен іргелес жатқан Атбасардың көп татарының қыздарын алған біраз қазақ жігіттерінің бақтары жанды десе де болғандай. Ертеректе осы Атбасардың татар көпесінің қызын алған дөкей бір азамат билік басында отырды да, әйелі татарлар татымды болып, іске жарап тұрды.

“Әйелім татар болса – Алматы, орыс болса – Мәскеу қолдар еді” деген ащы да болса шындық бір сөзді еңбегі жанбай жүрген кей қазақтың азаматтары сол кездері тегіннен тегін айтпаған да болар. Бұлаңы көп түлкі заманның олжасы мен мансабын тазыдай ілеміз деген үмітпен талай бір қазақтың марқасқалары басқа ұлттың қыздарына бұйырғанын да қайтерсің?!. Өкінесің, өкінесің де қоясың... Сол өкініш өзегінді тессе де көніп келесің бәріне де. Алайда сол өкінішті кей-кейде қалжыңмен болса да айта білгенге қазақи көңіл шүкіршілік қылады, әйтеуір.

Мансаптың мақсатты баспалдағымен жоғарылап, қызметі өсіп, шаруашылықтың бас мал мамандығынан енді аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі болып ауысқанына көп болмай жатып, Тельман өз шаңырағында үлкен бір қонақтарды қабылдаған. Ауданға іспен келген облыстық партия комитетінің хатшысы Алма Тәкеноваға бір

шай беру үшін өз үйіне алып баруға әйелінің орыс болғандығынан ыңғайсызданды ма, ауданның бірінші хатшысы Әмір Қалиевич қолқаны Тельманға салғанды. Обалы нешік, қонақтар келетін кезде Тельманның кең үйінің кең дастарханы мол тағамымен жасалып тұрған. Бауырсақтан бастап, шақшақ дейсің бе, не бір тәттілер мен арақ-шараптың ең бір тәуірлері дастархан үстінде самсап, көзінді де, көңілінді де тойдырған-дай. Сол тоқ дастархан басына қонақтар да ерекше бір тоқ көңілмен келіп жайғасқанды. Алманың да келісті көркі “ анаң-нан сені тапқан айналайын” дегізерліктей екен. Екі бетінің ұштары сәл қызарыңқырап, қой көздері әрдайым күлімсіреп тұратын Алманың шиедей балбыраған сәл қалыңдау еріндері, қою кара қастары мен ай маңдайлы ажары қай тәбетінді болса да ашпай қалмас еді. Әрдайым лауазымды қонақ күтуге әккіленіп алған Зүлфия мына арумен өз сұлулығын салыстырғысы келгендей тал **бойына** жараса кетер бар тәуірін киіп алып, дастарханға ананымынаны әкелген болып ерсілі-қарсылы жүріп алды Қаз мойнына салып алған алтын алқасының сүйірлеу ұшы жүрген сайын ашықтау тұрған омырауының үстінде ойнақ салып, еріксіз назарыңды аудартады екен. Зүлфияның жалаң омырауындағы алтын алқа жарқ еткен сайын хатшының да қос жанары жалт етіп, сол бір жарқыраған жерге қадала берген. Үйіңе келген ұрың арсыз болса атыңа, қонағың арсыз болса қатыныңа көз салар дегенің осы шығар. Дәл қазір қатынының омырауына көзін салмақ түгілі қолын салса да тырп етер Тельман ба?! Бір ауданның малының да, жанының да тағдыры бір өзінің қолында тұрған біріншінің назары өзіне ауғанын сезген ку әйел Әмірді онан әрі ынтықтыра түсейін деді ме, әдемі нәзік дауыспен қонақтардың құрметі үшін деп “Ғалиябануды” сызылтқан.

«Машинаның тәгәрмәсе нигә сигез булмаған,

Бұл дүнианың хизықларе нигә тигес булмаған!»

Пау, шіркін! Зүлфияның үзілдіре салған мына әнінің және ішке түскен армиян коньягінің **қызуына** мына тоқ дастархан басындағы қос сұлудың желігі қосылып, біріншіні әбден

есінен тандырды. Оң жағында отырған Алманың обком хатшысы екендігін де ұмытып кеткендей, еркінсі бастады. Тыңқаланың жоғары оқу орнында Алма екеуі қатар оқып, қатар бітіргендіктерін қайра-қайра еске алып, дастарханды бір өзі билеп-төстеп отырған Әмір не бір әдемі де орынды өзіл- қалжындарымен бұлардың езуін мүлдем бір жиғызбады.

– Күні бүгінге шейін осы сен неге тұрмысқа шықпай жүрсің, ә?! – деген осы бір сауалды манадан бері Әмір өзіне бірнеше қайтара қойғанымен Алма сабыр сақтап бақты.

– Көз тоятын көркің, екiнiң бiрiнiң қолы жете бермейтiн кiсi қызығатын қызметiң бар саған бойдақ жүру жараспайды ендi. Мынандай товардың құр қалып жатуының өзi-ақ өкiнiштi!..

Осы бiр өкiнiшiн айтқан сайын ажарлы Алманың ала-бұртқан сұлу жүзiне қысықтау көздерiмен тесiле қадалып, Әмiр елтiп отыр.

– Туһ, Әмiр сұрай берiп қоймадың-ау қай-қайдағыны, – деп Алма да сәл жымыған. – Ақыры сұрап болмадың, байға неге тимей жүргенiмдi айтайын ба?!.

– Айтсайшы ендi, – деп Әмiр өзiнiң тағатсыздығына басты.

– Айтыңыз... айтыңыз, – деп Тельман да сыпайылық танытты.

– Айтсам сол, – дедi Алма қыз намысының жiгерiмен. – Қайтейiн ендi, қазақтың iске татитын бiрiншi сортты жiгiттерiн орыстың қыздары, екiншi сортты жiгiттерiн татардың қыздары иемденiп алды. Ал, мен үшiншi сорттыларға шық-қым-ақ келмей жүргенi!..

Нысанаға дәл тиген сөз болды бұл. Тельман мен Зүлфия жалт етiп Әмiрге қараған. Бiрiншi iренжiп қалмас па екен?!.

Осы бiр ой тұтқынында үнсiз отырып қалған Тельман мен Зүлфияның күдiктi көңiлдерiнiң тұманын Әмiр Қалиевич-тiң екi иығы селкiлдеп, рахаттана ұзақ бiр күлгенi сейiлтiп жiбергендi.

Сол бір кештен бастап ықыласы әбден ауған Тельманды Әмір Қалиевич көп ұзамай өзінің туып-өскен ауылының шаруашылығын басқаруға жіберді. Зейнеткерлікке жасы келіп қалған шаруашылықтың бұрынғы директоры Антон Генрих өз орнына Жанатты лайық көргенімен, – кадр мәселесін аудандық партия комитеті өзі шешеді, – деп Әмір ырық бере қоймады.

Қу тіршілік кімге опа берсін?!. Мұраты мен мақсатына кім жеткен дейсіз?!. Санасына қылаң берген осы бір ой жетегімен Жанат шаруашылыққа жаңа келіп жатқан директордың кабинетіне кірген. Директорлығы жаңа демесең, осы ауылда өзімен бірге ойнап өскен, бірге оқыған баяғы Тельман емес пе?!. Әйтеуір, жат біреудің келмегеніне қуанған. Адал көңілімен ақ ниеті мен тілегін білдіріп, өзі жауап беретін мал шаруашылығы саласындағы істің мән-жайын баяндап берген Жанаттың сөзін Тельман ықылассыз тыңдады. Мектепте оқу оқығанда білімімен алдын орай берген Жанаттың бұл елдегі абырой-беделі де аспандап тұрғандығын әбден білетін. Оның үстіне осы шаруашылық директорының тағынша үміткердің біреуі де осы Жанат еді. Индігі директорымыз Жанат болса екен деп оның тілеуін бүкіл ел болып тілегендері және де бар. Мені бетімнен бір аласа және де алдымды да орай беретін түбінде осы Жананат болар деген оймен шаруашылықтың жаңа директоры Тельман бұған бірге өскен бір жылдың төлі едік қой деп жылы қабак таныта қоймаған. Бірден ықтырып, биліктің кімнің қолында екендігін көрсетіп, өзінің ел алдындағы айбынның псырғысы келді ме, шаруашылықтың партия жиналысының кезекті бір күн төртібіне мал шаруашылығының барысын шығарып, бас зоотехник Жанаттың есебін тыңдатқан.

Мал басының өсімі, оның өнімдерін өндіру мен мемлекетке тапсыру болсын, аудан бойынша алдыңғы қатарды ұстап тұрғаны бар Жанат есебін еркін берді. Саланың өркендеуіне сыни көзбен қарап, бірер кемшіліктерді айтудан да жасқанған жоқ. Өркендеу үшін қандай шаруа тындыру қажеттігін де байсалды қалыппен байыптап берді.

Жанаттың есебін талқылап сөз сөйлеген мал өсірушілер мен орта буын мамандарының бірінің аузына бірі түкіріп қой-ғандай “осы табыстарымыздың бәріне бас зоотехнигіміздің арқасында қол жеткіздік” дегендерін естіген сайын директор-дың мазасы кете бастады. Қызғаныш деген қызыл ит ішінде жатып алып, қыңсыласын-ай келіп. Мыналардың “бас зоотех-нигіміз” деп өрекіген көңілдерін қайтсе де басып тастауы керек. Әйтпесе ... иә, әйтпесе, күні ертең мұның өзіне жабыла кетулері кәдік.

Жан дүниесі қызғанышпен қуырылған қалпы Тельман мінбеге шыққан. Жаңа басшыларының не айтары бар екен деген оймен жұрт тына қалды. Тамағын бір қырнап алған Тельман бірден Жанаттың атқарып келген бар істерін жоққа шығаруға кіріскен.

– Мен де мал маманымын, – деген Тельман салған жерден. – Тәжірибем сіздердің бас зоотехниктеріңізден әлде қайда артық жатыр. Бір ауданның мал шаруашылығына басшылық жасағанмын.

Тельман әуелі өзінің атқарған қызмет жолына шолу жасады да, бірер аптаның ішінде өзі байқаған кемшіліктерді, алда не істеу керектігін айтып ұзақ сөйледі.

– Бұл шаруашылықтың бас зоотехнигі ірі қараның мүйізін кесіп, тұяғын жонудан басқа дәнеңені білмепті, – деді Тельман бір сөзінде. – Етті молайту үшін шошқа өсіру жөнін-дегі жоғарыдан беріліп жатқан нұсқауды орындау әлі де қол-ға алынбаған...

Алқа қотан жұрт алдында Тельманмен сөз таластырып сағын сындырмай-ақ қояйын деген пайымымен Жанат үндемеді. Жиналыс тарқағаннан соң Тельманның кабинетіне кіріп өз ойын ортаға салған.

– Тельман Ерденович, - деген Жанат ресми ретпен, – менің атыма айтқан манағы сыныңызбен келіспейтін жерлерім бар. Ауыл шаруашылығын терең білмей де басқаруға болады, бірақ ақымақтыққа төзбейді деген екен ертеде бір даныш-пан!..

– Сондағы сенің ақымағың менмін бе?! – деп Тельман шарт кетті. – Тапқан екенсің ақымақты?..

Екі көзі қанталап, орнынан атып тұрды, сонан кейін баңыз таба алмай ерсілі-қарсылы екпіндей жүріп Жанатты жерден алып, жерге салсын-ай келіп. Өзің директор бола алмай қалған соң көре алмай отырсың... Менімен мектепте оқып жүргенде-ақ бақас едің... Ертеде көмпескеленіп кеткен атабабаңның кегін алайын дедің бе?!

Несін айтасың, осы бір тектес айыптауларды Жанат үнсіз тындаумен болды. Біраздан соң арыны басылып, креслосы-на келіп отырған Тельманның қарсы алдына таяп келді де, шиыршық атқан үнімен сөз бастады.

– Мал құлағы саңырау, мына айтқандарыңды екеуімізден басқа бөтен біреу естімей-ақ қойсын, – деген Жанат ашуын иқпалға жеңдіріп. – Елге айқайлап басшы бола алмайсың. Манаты менің атыма айтқан сындарыңның негізсіз екендігін білген жұрт мырс-мырс күліп отырды. Сол арада орнымнан атып тұрып, ойланбай сөйлеген сөзіңе ойлы дәлелімді айтқанымда, итерінен тынып отырған халық саған бас салатын еді. Қанша айтқанмен бірге өскен, бір елдің бір жылғы төліміз ғой деп талатқым келмеді... Абыройыңды сақтадым...

Жанат өз сабырымен-ақ сағын сындырды Тельманның. Жынып шыған бақсыдай екі көзі бақырайып, үнжұрғасы түсіп қалған директорының мына бейшара күйі жатырынан болмаған тексіздігін аңғартқандай. Жанаттың кешегі атабабасының есігінде жүрген құлдан туған құл ғой негізі... “Күм жиналып тас болмас, құл жиналып бас болмас”, – дегенді айтып кеткен адам данышпан-ау, шіркін!

Көмейіне келіп сабақтала берген осы бір ой жібін осы аридиң түйіп тастады да, Жанат онан әрі сөйлеп кетті: – Қазір бүкіл өлем болып мүйізі жоқ мұқыл сиыр өсіре бастағанын білмеуші ме едің?! Үнемі бірін-бірі бүйірлеп, мүйіздеп жүретін ірі қара мал бірін-бірі жарақаттамасын деген оймен жина салым мүйіз кестіретінім рас. Ал, енді алты ай қыс бойы бір орында байлаулы тұрған малдың тұяғы өсіп кететіні болады. Сол өскен тұяқ жазды күні тасқа тиіп сынбасып, мал ақсамасын деп бар малдың тұяқтарын жонғызатыным да рас... Мұным маған тағылар айып па екен?!

– Осы ауылдың қотанына шошқа әкеліп өсіремін деген йынды мүлдем қой! Арамдамаған дүниелерің аз ба еді?.. аты неміс демесең күні кешегі директорың Генрих та бір рысы жоқ осы елдің халқын сыйлады, қорлаған жоқ. Қоғарыдан берілген нұсқауды орындаймыз деп шошқа сіруді қолға алғандардың да жетіліп кеткені, жетісіп алғаны шамалы... Оны саған айтып жатудың қажеті де амалы. Осы аудандағы шошқа өсіріп, оны көбейту ауқанының басы-қасында жүргендердің де бірі өзіңсің...

Жанаттың осы айтқан әр сөзі Тельманның көкейіне кек олып қатты. Қанын ішіне тартып, сұрланған өнінен кісі шоырлық еді. Кабинетінен шығуға ыңғайланған Жанатты үндеген қалпы суық көзімен шығарып салды. Мұның алдына еліп иіліп жастық болар деген Жанаттың әңгімесінің өркінін қара. Әлден ықтырғысы келгендей мұны. Осы уылдың бар халқын өзіне қарсы салып қойса, бәрі де Жанаттың айтқанын жөн санап өрекиін деп тұр. Кеш олмай тұрғанда Жанаттың абыройын айрандай төгіп, жұрт лдында бір масқаралап ал-маққа бекінді. Кек қуған иғылымен ауданға барған. Баяғы өзін қолдап, олпаштаушы бірінші хатшының алдына жүгініп, шаруашылықтың бар жағдайын айтқан. Айтқанда да адалын йтпай, қара аспанды төндіріп, шұғыл шара қолданбаса ралағаш ауылының шаруашылығының жағдайы құрдымға еткелі тұр. Ертең мал жаппай қырылса ауданды басқарып тырған біріншінің абыройына дақ түсетіндігін, өне-міне қоғарыла-йын деп тұрған жолына тосқауыл болатындығын нғарта біл-ді.

– Не істеуіміз керек? Қандай ұсынысыңыз бар?.. Терші-ен маңдайын қол орамалымен қайра-қайра сүртіп отырған удан біріншісінің аузынан осы сөздің шығуын күтіп тырған Тельман селк ете түскен.

– Мен олай да, бұлай да ойладым, әлгі біздегі бас зоо-ехникті орнынан алмайынша болмайды.

– Әй, – деді бірінші жұлып алғандай. – Мініп жүрген ас-ындағы “Волгаңның” төрт доңғалағын, қайсысын қалай ау-ыстырамын десең де өз еркің өзінде ғой. Саған бір елдің із-гінін беріп қойған жоқпын ба? Не істесең де өзің білесің!

Біріншінің қатқылдау шыққан үнінен сескеніп қалған Тельман орнынан ұшып тұрды. Қапелінде аузына сөз түсе қоймай, бадырайған екі көзімен хатшыға тесіле қарап қалды.

– Әй, есіңнен танып қалған жоқсың ба өзің? Миына сақ етіп тиген хатшының осы сөзінен кейін барып, есін жиғандай болған Тельман тілге келген. – О, не дегеніңіз?! Есім бүтін... бүтін! Ұсақ-түйек шаруаны әкеліп алдыңызға салғанымды кешіріңіз! Әйтеуір, бәрін де Сіз білсін, алдыңыздан өтейін дегенім ғой...

Аудан хатшысының алдына жасқана кіріп, қанаттанып шыққан Тельман ауылына қайраттана, қаһарлана келді. Алғашқы бұйрығын шығарып, Жанатты бас мал маманы қызметінен босатып, шаруашылықтың орталық қонысынан қашықтау жердегі бөлімшеге меңгеруші етіп қоя берді.

Шаруасы шалқып, ынтымағы айрандай ұйып отырған бір елдің берекесін кетіруге бір адамның ғана қыңырлығы обден жетіп жатады екен. Өз дегенінен басқаны білмейтін Тельманның өзімшілдігінен жапа шеккен бір Жанат қана болса бір сөрі ғой! Ауыл қотанында көзіне түскендерді көрі демей, жас демей жұмыс уақытында неге бос сандалып жүрсен деген тергеудің астына алып, балағаттап жататын директорларынан ел түңіле де бастады. Өзінен басқаны адам деп танымайтын қасиетсіздігінен, кім көрінгенмен ілінісе кететін оғарлығынан өзі де талай бір тіл де естіді, әлдекімдердің жұдырығы да тие жаздады. Аңада шаруашылық шеберханасына келіп, алдағы егіске техника атаулыны жөндеуді тексергені бар. Сол арада Тельманның астына мінген жеңіл автокөлігі от алмай қалсын. Өзі де терледі, басқаны да терлетіп, боқтанып обден ширьққан директорының жайын сезген шеберхана бастығы Әлім де әбігерге түсті. Директордың “Уазигінің” ана жерін, мына жерін шұқылағанымен ол құрғырың от ала қоймады. Ауданның озат зоотехниктерінің бірі деп әдейі осы ауылға бөлінген су жаңа “Уазикті” Жанатты орнынан босатқаннан кейін директордың өзі мініп алғандығын Әлім де, өзгелер де біліп тұр.

– Әй, әлгі Бористі шақырындаршы! Соның білмейтіні жоқ еді, көріп берсінші мынаны, – деп Әлімнің шыр-пыры шықты. Әлгіндей болған жоқ қолы-басы қара май, ұзын бойлы жас жігіт от алмай діңкелетіп тұрған директордың машинасын шұқылай бастады. Ызадан кімге соқтығарын білмей тұрған Тельман әлдебір уақытта:

– Әй, – деді жан тері шығып, әлдебір тетікті бұрап жатқан жігітке. – Сенің атың неге Борис, әй... әкең орыс па еді?!

– Жоқ әкем қазақ! – деді жұлып алғандай Борис. – Шын атым Бердібек, мына жігіттер ғой Борис деп кеткені. Ал, өзіңіз айтыңызшы, сіз неге Тельмансыз, өз әкеңіз неміс пе еді?!

Қапелінде мына жігіттен мұндай сөзді күтпеген Тельман аузына құм құйылған қалпы үндеместен, от алған машинасына мінді де, есердің екпінімен шеберханадан шығып кете барды.

Билік атты мансаптың тізгіні өз қолына тигенінің анық екендігіне көзі жеткен сайын есерлігі мен ессіздігі де қатар жүрген Тельман өз мамандарының ешқайсысының пікірімен санаспай, шошқа өсіру ісін қолға ала бастады. Ауылдың жел жағындағы мал қораларының бірінде семіріп тұрған өгізшелерді ет комбинатына өткіздіріп жіберді де, сол қораға елу бас шошқа кіргізді. Аудандық милиция бастығына қолка сала жүріп, Омбының вокзалында қашан болсын толып жүретін мекені де, тұрағы да жоқ қаңғыбас үш орысты алғызған. Жа-нағы шошқа қорасының бір жағынан сол үш орысқа жатар орын жасатып берді. Шаруашылықтың орталығындағы асха-надан күнде ет жеп, сорпа ішкен жаңағы үшеуі аз күнде қоң-данып шыға келді. Обалдары нешік, араққа сылқиып тойып алып жүретіндері болмаса, Тельманның шошқаларын бағуға келгенде мін таққызбайтын өздеріне.

Арам дүниенің өсімтал келетінін қайтерсің?! Жазға салым шошқалар торайласын-ай келіп. Бір мегежінінің бір өзінен он, он бестен туған торайлар да аз уақытта кампиып-кам-пиып өсіп шыға келген. Бұл арада аудан орталығынан

пыға-тын “Знамя коммунизма” атты газет “Аралағаштын шошқа өсірушілері” деген үлкен бір тақырыппен Тельманның і-кер-лігін мадақтап жазған тілшісінің мақаласын жариялап та жі-берген. Қазақтың үнемі бір таусыла бермейтін құдалық, басқа да бір ойын, тойларына, өлім-жітіміне бара қалған осы ауыл-дың адамдарын Аралағаштың шошқа өсірушілері келе жатыр деп мысқылдайтындар көбейді.

Жаратқан ием арамдықпен бір жанастырмасын деңіз! Өзіңнен туған ұл өзегіңнен теуіп, билігін өзінді қорлауға жұм-сап, соған өзі масаттанатын болса – бұл да сорың. Манда-йындағы сол соры бес елі қайран қазақты өзгенің ұлы қорласа бір сәрі-ау! Жатыры басқа жат еді дер едің де, түңіліп барып қоярсың. Осы бір ауыр ойдың азабына түсіп, қиналып та күйзелген ауылдың тірі жүрген бір шоғыр қарттары оқыстан қайтыс болған Жәнипа кемпірді жерлеп келген күннің ертесіне Тельманды іздеген.

Байғұс кемпір ұшынып өлді дейді. Сәл жел тұрса болды ауыл үстін алып кететін күлімсі иістің ненің иісі екенін де білменгі кейуана...

Далаға шықсам болды осы бір күлімсі иіс қолқамды қиуын, тынысымды тарылтып жүр, – деп кейіпті бір күні Жәнипа байғұс. – Осы ас-судың бәрін де сол бір жаман иіс алып кеткендей болады да тұрады.

Шыныаяқтағы бір ұрттам шәйін ептеп сыздықтап ішіп отырған кейуанаға баласы да, келіні де еш нәрсені айта қоймады.

Апа, – деді немересі Әсет әкесі мен шешесінің үнде-мегендерін пайдаланып. – Ол күлімсі иіс шошқаның иісі ғой, соны да білмейсіз бе?!

Қолындағы шыныаяғынан ұрттай берген шәйін жұта алмай, шашалып бүркіп жіберді.

Не дейді мынау?!

– Рас айтамын, апа! Күлімсі сасыған шошқаның иісі ол!..

– Құдайым-ай, құдайым-ай!.. Бәсе, бәсе... өзім де сол күлімсі иісті бір арамның қоңырсып сасығаны емес пе екен деп сезіктенуші едім. Ол лағнеттің иісі солай болушы ма еді?!

Келесі күні-ақ аузы-басына ұшық қаптап шыға келген бәйбіше мұнан соң қара су да татып алмастан бүркеніп жатып алды. Балалары қаратайық деген оймен алып келген дәрігерді де жанына жақындатпады. Арам дүниеге деген өз наразылығын өз ажалымен ала кетті.

Шалдардың әдейілеп іздеген Тельманы кеңседе жоқ болып шықты. Хатшы қыз оның асхана жақта жүргенін нұсқаған. Ел үлкендері сол асханаға келіп кіргендерінде, табақпен алдына тартылған қоянның үлкендігіндей тұтасымен пісірілген торайдың жонына бір қолымен шанышқысын шаншып, екінші қолындағы пышағымен кескілеп жатқан Тельманды көрген. Бір дастархан басында отырған шошқа өсірушілер орындарынан ұшып тұрғандарымен Тельман қозғала қоймады.

– Әй, найсап!

Қашан болсын осы елдің сөзін ұстап, басын қосып ұйытып отырған Мәнап ақсақал ызбарлана айқай салды.

– Қарғыс атып, арам туғаныңды таныттың-ау дүйім жұртқа! Әкең Ерденнің осы елге жасаған қысастығы аз ба еді?! Басқармамым деп есіріп, елдің күн көріп отырған малын, жандарын сақтау үшін үй іргесіне тығып қойған бір қалта би-дайына шейін қоймай, тіміскілеп, тінтіп, тартып алып халық-ты аштан қырып еді, енді сол елді сен ит сорлаттың-ау! Әкет... әкет... доңызыңды! Көзін жой лағнеттердің!.. Көзін жой!..

Көп ұзамай бұл ауылға тағы да бір зауал келді. Әлдебір індеттің кесірінен бе, жаңа туған торайлар жаппай қырыла бастады. Мал фермасының іргесіндегі қи төгетін орынға шығарып тастаған сол торайлардың өлімтігін ауыл иттері жабыла кеміріп, кей өлекселерін әр ит өз иелерінің қорақопсысының маңына сүйретіп әкеліп тастауға айналды. Отын-шөбін сақтайтын ауланың әр жерінде торайдың не басы, не сидіған сирақтары шашылып жататын болды. Бұл көпірдің арам екендігін осы ауылдың адам деп өсірген Тельманы білмегенде, асырап отырған иттері қайдан білсін?! Бөрінен де аяғы ауыр әйелдер жағына оғал болды. Аана Бәлекейдің келіні Ғалия үйінен шыға беріп, босағасын аттай

бергінде иттері сүйретіп әкеліп тастаған, дәл аяғының астында жатқан торайдың өлексесін көріп, жан даусы шыға шошына айқайлаған. Сол қатты шошынуының әсерінен түсік тастап, аудандық ауруханада ұзақ емделіп қайтты.

Тельманынан тепкі көріп, шошқасынан шошына бастаған ауылдың кейбір азаматтары іргелерін көтеріп, туған ауылдарынан көше де бастады. Ел іргесі онан әрі сөгіліп, беркесі мен құты онан әрі қаша берер ме еді, күздің қатты бір қара дауылы соққан түні шошқа қорасы өртеніп, түп орнымен жанып кетті.

Шошқа фермасын күйдіріп жіберді деген күдікпен Жанат ұсталып, аудан милициясының тергеу қапасына қама-лып, үш күн бойы жауап алынды. Сол үш күнде атын атап сошынан іздеп келген жан иесі болсайшы. Үйінде анырап қалған Раузасы болмаса мұның өлітірісін кім жоқтар?!. Сорлы басы қарауылға ілініп кетсе де іздеу сала қояр туыс, туғанының жоқтығын тар қапаста жатып тұңғыш рет сезінді.

Жалғызсың, Жанат!.. «Жалғыздың үні шықпас» дегенді білмеуші ме едің?!. Айыпты болмасаң да ақталамын деп шырылдаған үніңді кім естіп жатыр, көне! Солай... солай... Біздерге жала-қаза жоқ деменіз... Шырылдап келген дүниеннен шырылдап өтерсің сен де!

Ферманы не үшін өртедің?

Милиция бастығы Ыдырыстың үш күн бойы қайра-қайра қойып келе жатқан осы бір сауалы Жанаттың жүйкесін жүкәртуге айналды. Бұл іске аудан басшысы Әмір Қалиевичтің өзі мән беріп, биқаллауында ұстап отырғандығын аңдатқан Ыдырыс та қидалған жерінен қан алмастың нақ өзі болатын.

– Өртедім! Қылмысымды мойындаймын, – деп мына бір парак қиғизға қолыңды қоя салсайшы, ей!

– Істің ақ-қарасын айырар сендер ме десем, сендер де жазықсызға жала жапқыш екенсіңдер-ау!

Ыдырыстың бұл істі қайтсе де өзіне мойындатарын

сезген Жанат та бет бақтыра қоймады. Кешеден бері нәр сызбаған тандайы кебірсіп, маңдайы тершіп сала берді.

– Өз актығым бір құдайға аян! Менің ешнәрсені күйдірмегенім анық! Бірақ дәл қазір сендер мені жалған жаламен күйдіріп тұрсындар-ау!..

Қолымен істемегенді істедім деп қалай айта алар?! Жалған сөйлеуді білмейтін Жанаттың жан дүниесі сол жалған жа-ланың жалынынан өртеніп жатты. Бәрі де жалған деуді айту-дан тергеу барысында бір танбаған қалпы бұл да тергеу қапа-сында қасарысып жатып алды. Көңіл түпкірінде өлі де болса иненің жасуындай бір кішкене үміт сәулесі жылтырайтын. Ашуға қиса да, өлімге қимайтын қазақтың кең қолтық ниеті тарыла қоймаған шығар өлі де!.. Қапаста жатқан қапалы көңі-лімен Тельманнан қайыр күткен. Сыртқы әлемде не болып жатқанынан хабарсыз қалған бұл нені білсін, Тельман да мұ-ның еш жазығы жоқтығын айтып әр кеңсенің табалдырығын тоздырып жүрген болар!.. Араша түсер!.. Үйінде қалған Раузаның да ай-күні жақын қалғандығын ойлады Жанат. Құдай қаласа, бұл да әке болмақшы! Біраз жылдардан бері бала көтере алмай қойған Раузасы аяғы ауырлағанда-ақ бұл есі шығып қуанған. Қанаттанып кеткен. Көңіл түпкірінде жатқан бар өкпесін дүниеге келер сәби елесі жуып-шайып жіберген. Жаны жадырап, жан-дүниесі жасанып, дүр сілкініп шыға келген. Сол жадыраған көңілінің таза үмітімен дүниеге ұрпағының келуін тосқан...

Тасадан оқ атыларын біліп пе бұл?! Сабыр... сабыр... жабырқама, көңілім... Қайратыңа мін! Өмір сүруің керек өлі де. Бір әулеттің үзіліп кетейін деп тұрған жалғыз кіндігі де өзіңсің әзірге. Үзіле көрме, үмітім! Анау... анау... Раузасының екі бүйірін тепкілеп жатқан ұрық ұрпағыңның жарық дүниеге аман-сау келуін тіле... Апыр-ай, ұл болса жарар еді ол ұрпағым! О, тәңірім, маған ұл керек, ұл бере көр! Ұл бере көр, тәңірім! Заманының зобалаңынан зар еңіреп, жапа шегіп жалғыз қалған ая мені ... ая мені... Мал арамы мен адам ара-мылығының құрбаны болып кете барар күн туса да, соңымда тұяғым қалғанын көрейін...

Жан дүниесінің астан-кестенін шығарып, ой теңізінің асау толқыны Жанаттың жалғыз ғана үмітін кейде жағалауға алып шықса, кей-кейде сол үмітін өз тереңіне батырып та жіберіп жатты.

Тергеу қапасының темірден жасалған ауыр есігі сыжырлап барып ашылғанда сол үміт ойлары тарыдай болып шашылып қалған Жанат тағы да Ыдырыстың алдына келген. Салбыраған бұғағынан-ақ тоқтығы байқалып тұрар милиция бастығы алдында отырған Жанатқа тесіле қараған. Сағы сын-ды ма екен?! Жасыды ма екен?! Осы бір пиғылмен Жанатқа қаншалықты тесілгенімен, өңінен сәл-пәл қажығандықты ғана аңғарған Ыдырыс Жанаттың отты көздеріне тіке қарай алмай, жанарын тайдырып әкете берген.

– Так, азамат Жанат! Сенің бізде қонақ болғаныңа да бүгін міне үшінші күн!

Мысқылыңа болайын сенің!..

– Иә... – деді Жанат сабырлы қалпымен. – Бірақ қонағыңды дұрыс күтіп ала алмайды екенсің!

– Түсінбедім мұныңды...

– Е, түсінбейтін несі бар?!.

Жанат милиция бастығына еркін жауап бере бастады. Түрмеге де, өзін есін жинатпай тергеуші Ыдырысқа да әбден бойы үйреніп алғаны да болар мұнысы. Басқа салса көнерсің деген де осы шығар, бәлкім!

– Кеше кешкісін мен отырған камераға әкеліп қамағандарыңның кім екенін білмеді дейсің бе?

– Е, ол кім екен? Не істеп қойыпты?!

– Кім екенін де, не істегенін де, Ыдырыс-ау, менен артық білесің ғой өзің,

– Жоқ, білмеймін!

– Білмеймін дейсің бе? Онда мен айтайын білмесең, – деп Жанат шиыршық ата сөйледі.

– Ауыр қылмысының жазасын өтеп жүргендердің колониясынан алғызған оларың да жетім балалар үйінде өскен, әуелден-ақ маңдайының соры бес елі пенденің бірі екен. Инс-

титутқа түсіп, енді-енді жетілдім-ау деп жүрген шағында жастардың би кешінде төбелес шығып, сотқар біреу қыз балаға пышақ салып алыпты ғой.

– Иә... иә... сосын!

– Сосын ба? деді Жанат үнін бәсеңдетпеген қалпы. – Пышақ жұмсаған қанды қол есер үлкен бір қызметкердің баласы болып шығып, содан өздеріңнен өздерің үрейленіп, дүрліккен жоқ па едіңдер?

– Иә... сосын!

– Сосын дейсің бе, ә? Сосын әлгі пансы да, қорғаны да, жоқтаушысы да жоқ сорлыға сол дәкейдің қылмыскер баласы-ның қылмысын мойнына алғызып едіңдер ғой.

– Ә, солай ма еді?! Мен мұны неге білмегенмін, ә?!

– Білмеймін дейсің, ә?! Ал, мен болсам мені өзіңнің кабинетіңе алып келіп тергегенінде Тельман мен анау... ауданның бастығы Әмірдің өз терезелерінен сығалап қарап отыратындықтарын да білемін. Тергеуіңді аяқтасымен менің бар айтқанымды соларға барып жеткізетінін де білемін... Кешке үшеуің отырып алып өздеріңнің алғашқы жеңістеріңді тойлағандықтарыңды да білемін...

– Білгіш болсаң айта қойшы, біздікі ол не қылған же-ніс?!.

– Ол ма, ол – арсыздық пен заңсыздықтың жеңісі!..

– Айттың-ау сен де, білгішім! Мұнан әрі отыруға дәті шыдамаған Ыдырыс орнынан тұрып, Жанаттың қарсы алдына келді. Жүзінде ешбір қобалжудың ізі байқалмайтын Жанаттың дидарына тесіле қарап тұрып қалды.

– Ал, мен не істеуім керек енді? – деді сәл-пәл үнсіздіктен кейін Ыдырыс торыққан үнмен.

– Сен бе, сен... Әрине, – деді Жанат жігерленіп, – райкомың және оның біріншісі тапсырма бергеннен соң мойындауың керек бәрін де маған. Кешегі сорлыны да сағымды сындырайын, мойытайын деген ниетпен менің жаныма салып қойған жоқсындар ма?!.

Ыдырыс Жанаттың осы айтқандарын үнсіз тыңдаумен болды.

– Ал, ол дегеніңнің адамгершілігі сен үшеуіңнен әлдеқайда жоғары болды. Дорбасына салып берген ақ нандарың мен шұжықтарыңа дейін түні бойы менің аузыма тыққылаумен болды. Бүгін сенімен тың сөйлесіп тұрғаным да соның арқасы. Құдай өлтірмейді мені!..

Жанат ауыр күрсінді. Милиция бастығының кабинетін өлі тыныштық жайлады. Ыдырыс болса кең кабинетіне күн сәулесін мольнан түсіріп тұрған терезе алдына келді. Біраздан бері жарық күн нұрын көруден қалып, тіршілік әлеміне ақ сәулесін мәңгілік шашып тұрар сол бір күнге ұмтылған. Жанаттың да орнынан тұрып, өзінің жанына келгеніне де еш мән бермеген Ыдырыс тұрған жерінен тапжылмады. Мөлдір шуақ болып төгіліп тұрған күн сәулесін қос уысына қондырғысы келген бейкүнә оймен қос алақанын терезе әйнегіне салған. Әлдебір жылылықты сезінді. Қос алақанынан сезіне бастаған сол бір жылылық әлгіндей болмай жайылып тұла бойын шарпып өтті. Тіршіліктің ақ сәулесімен шағылысып жапалақтап жауып тұрған ақ қардың ақ ұлпасы қиықтай келіп терезе әйнегіне қонады. Әлгіндей болмай жатып, ерін кетіп... еріп кетіп жатқан сол ақ ұлпаның көз жасындай бір тамшы жас Жанаттың да жанарынан жылт еткен. Қаталдық пен жылылықтың түйіскен тұсынан тамшылап тұрған сол бір тамшы көз жасы адам баласының тұтас бір тағдыры еді. Мұны ұғар жүрек бар ма?!. Сезінер сезім қалды ма?!. Адам баласының жан дүниесіндегі қуанышын, мұны мен сағынышын, қайғысы мен қасыретін кең әлемге жайып салар тек сол бір тамшы көз жасы ғой!..

Жанаттың жанарындағы сол бір тамшы тағдыр жас та үлкен түсіп... үзіліп түсіп, екі қолын артына ұстап алып, ерсілі-қирсылы жүре бастаған милиция бастығы аяғының астында басылып жатты.

Бейона мұнсыз тіршіліктің мұнсыз бір күйін билеп, асқан түшпіннен мың сан ырғақпен жапалақтап түсіп жатқан ақ үлкен қардың ар жағынан Раузасы қол бұлғаған. Елес болса да көз алдына көлбең берген Раузасы Жанатына қолын бұлғап, оны өзіне... шауа түпсіз тұңғиық әлемге шақырған. Ақ ұлпа қармен оранып алған сол әппақ әлемнің тереңіне

сіңіп көз алдынан ғайып болған Раузасы кеткен кеңістіктен жас сәбидің шырылдаған үні келген құлағына...

– Әй, Ыдырыс! Сенің де көңілің жай тапсын және де кезекті бір атағыңның өсуі үшін де жасамаған қылмысымды маған мойындатуың қажет болып тұрған шығар. Әкел, андағы қағазыңды, қолымды қойып бере салайын!

– Жанаттан әсте де мұны күтпеген милиция бастығы жалма-жан қолындағы қағазын ұсына берген. Ақ қағаздың соңғы бір беттеріне қолын қойып жатқан Жанатқа:

– Тым болмаса оқып шықсаңшы андағыны, – деуге ғана шамасы келген Ыдырыстың

– Несі бар дейсің оқитын. Сендерден сөз қалған жоқ шығар?! Таққан айыптарыңды андағы ақ қағаз көтеріп тұр ғой, мен де мойныммен көтерермін...

Жанат осыны айтты да үнсіз қалды. Сол бір үнсіздікті пайдаланған Ыдырыс орнына келіп, қарауыл бастығын шақыртты.

– Азамат Арқатовтың ендігі ісін сот қарағанша еш жаққа кетіп қалмаймын деген колхат алып, үйіне босатыңыз, – деген Ыдырыстың тапсырмасын қаздырып тұрған қарауыл бастығы екі еткен жоқ, Жанатты алдына салып кабинеттен шыға берді.

... Жайлы төсегінде біраз жатып көңілі орныққан Тельман басын көтеріп, алдына алып келген кешкі асын сүйсіне жеді. Қан қысымы да орнына түсіп, қарны да қампайып тойғаннан кейін қарсы алдында тұрған теледидарын іске қосты. «Хабардың» соңғы жаңалықтары жүріп жатыр екен. – Ертең – деді диктор қыз өзінің сүйкімді үнімен, – біздің елімізге Сауд Арабиясы Корольдігінің королі келеді. Осыған орай «Хабар» жаңалықтарынан кейін Қазақстанның осы Корольдіктегі елшілігінің жауапты қызметкері Ерұлан Жанатұлы «Бетпе-бет» студиясының қонағы болады...

Диктор қыздың айтқанына сенерін де, сенбесін де білмей дал болған Тельман теледидарға тесірейіп, телмірді де

қалды. – Апыр-ау, сол ма? Жанатұлы дейді. Сол... сол ғой!..

Осы бір ой санасынан қылаң бергені сол еді, ас үйде жүрген Зүлфиясын шақырды.

· Зүлфия!.. Зүлфия!..

– Қазір... қазір... Не болып қалды?!

Ас үйден қолындағы майлығымен жанұшыра жеткен Зүлфия Тельманның тағы да қан қысымын өлшеуге үмтылған.

– Қоя түр онынды, – деді Тельман жайлы үнмен.

– Қараш, ананы қараш... Қазір... қазір...

Оң қолының салалы сұқ саусағымен теледидарды нұсқаған Тельман бар мән-жайдың өзін Зүлфияға шешіп айта алмады.

– Сол ма?!. Сол ма?!. Сол бала ма бұл?!. Миын солқылдатып соғып тұрған білеудей қан тамырынан көтерілген ыстық жалын тұла бойын өртеп бара жатқандай болды. Әлі де өжім түсе қоймаған екі беті қызарып шыға келді. Күйеуіне бір, телдидарға бір, екеуіне алма-кезек қарап тұрған Зүлфия оңи өзгеріп бара жатқан Тельманын көріп, жанына отыра қи-лын тамырын ұстаған. Жиі соққан қан тамырынан Тельман-ның аласұрып жатқан жүрегінің дүрсілін сезгендей болды. Бұл жүрек аласұрар, – тынши алмас енді... Бұл жүрек осы бір ала-сұра соққан екпінімен мәңгілік тоқтап қалғанынша оның ие-сіне де маза бермес бұдан былай. Қуанышты да, қайғың мен қасыретіңді де көтеріп ала алатын қайран жүрек тіршілігінде жасаған қиянатың үшін де тар кеудесе сыя алмай дәл осылай қиналады екен...

Сол қиналған жүректің терең түпкірінде тығылып жатқан қиянатшыл өмірің көз алдыңнан ғайып та болар. Күні ертең жоғалар ол да! Өшерсің... өтерсің... Ғайып болар ғұмырыңның соңынан қалып бара жатқан қиянатың өзге бір жан иесінің жүрегіндегі мәңгілік... тіпті мәңгілікке біте қоймас, жазылмас жара болып сыздаса қайтерсің?! Өзгенің кеудесінде жүріп, сол сыздаған жаралы жүректің сызын сезіп қалтырарсың осылайша. Қалтыраған қалпыңмен қалдырарсың дүниені...

Тельман ауыр күрсінді. Жалын атқан жанының ыстық демін бір шығарып алды да, тілшінің қойған сауалдарына жауап беріп, теледидардан сөйлеп отырған жігіттің сөзіне бар ынтасын салып, тыңдай бастады.

Беріліп жатқан хабардың соңын ала тілші: – Ал, енді Ерулан Жанатұлы, сізге соңғы бір сұрағымызды қойғым келіп отыр, – деді.

– Іркілменіз, сұрағыңыз болса қоя беріңіз, – деп жымыып ықылас білдірген жас жігіттің жан мерейі күлімсіреген қос жанарында түр еді. Сөндеп қойған қою қара мұрты да қонырқай өңін аша түскендей.

– Араб тілін қалай меңгеріп алғансыз және алға қойған мақсатыңыз қандай?

Тілші қыздың бұл сұрағын аса бір зейінмен тыңдап алған Ерулан сәл-пәл ойланыңқырап барып жауап берді.

– Араб тілін әкем Жанат бала күнімнен үйретті. Мен Көкшетау қаласындағы жетім балалар оқитын пансионда тәрбиелендім де, жазғы каникул кездерінде ғана ауылдағы әкемнің жанында болып жүрдім. Сол бір каникул кездерінде әкем есікті іштен жауып алып, сандықтың түбінде тығулы жататын араб тіліндегі ескі бір кітаптарды, құрандарды шығарып маған үйретумен болатын. Ал, енді алдағы мақсатыма келетін болсақ, өзінің бар ғұмырын менің тілеуімді тілеумен жалғыз өткізіп жатқан әкемді осы жолы, Алла жазса, өзіммен бірге ала кетпекшімін. Бұған Үкіметтен арнайы рұқсат та алдым. Әкемді Мұхаммед Пайғамбарымыздың табаны тиген қасиетті жерге алып бармақшымын. Ата-бабамның туған жеріне араб достарымның көмегімен мешіт салып бермекшімін. Осы келген сапарымда бұл істі де пысықтап қайттым...

Теледидардан сөйлеп отырған Еруланның бұл айтқандарын Тельман да, Зұлфия да үнсіз тыңдады. Хабар аяқталғаннан кейін де біразға жалғасқан сол үнсіздік екеуінің де жүрек-терін бір өткір өкінішпен тырналап жатқан. Өкіндің не, өкін-бедің не енді?! Тіршілігінде тірі жан иесіне қиянат жасау үшін тіршілік кештің бе? Мәңгілік тіршіліктің бір

демін сен тоқтатып, соғып тұрған бір тамырын қансыратқаныңмен ол өлген жоқ мінекей!.. Сол тіршілік, міне, өмір болып жалғасып жатыр. Өмір жалғасар әлі де... Жалғасқан да жылаған, жыла-ғанда да сен жылатқан пенделеріңнің құрғамай кеткен көз жасын қайтерсің?!. Тельман-ау, өртеніп кеткен шошқа фермасының өзін жапқан жаласымен істі болып жүргенінде Жанаттың түн ішінде үйіңе келіп ер басымен еңірегені есінде ме?!. Онда да ол сенің аяғыңа өзін түрмеден алып қал деп жығылған жоқ еді. Толғағы қысып, жанын қоярға жер таба алмай жатқан Раузасын аудан орталығындағы ауруханаға жеткізуге өзіннен машина сұрап келіп еді ғой... Есінде ме... есінде ме?!. Есінде болса, басына іс түсіп күйзеліп жүрген Жанатқа машинанды бермек түгілі, өзегінен теуіп үйіңнен қуып шығып едің ғой. Сөйтіп, сен жанталасып дүниеге келе жатқан періште өміріне де обалдық жасағансың... Үзіліп кеткен ана өмірінің кіндігі-мен жалғасып қала берген сәби ғұмырдың аралығындағы Адам тағдыры да, сен үшін ойыншыққа айналған сол жолы...

– Сол, сол бала бұл! Жанаттың баласы бұл! Осы бір жайды ерлі-зайыпты екеуі де үнсіз мойындады. Мынау Жанаттың баласы ғой десе болды-ақ Тельманның жүрегі жарылып кетердей сезімде болған Зүлфия үн-түнсіз ас бөлмесіне кетіп қалды. Жұмсақ орнынан тұрмаған қалпы Тельман да өз ойы-мен өзі арпалысқа түсті.

Сол, сол бала бұл! Жанаттың соңынан ерген жалғыз ұлы, асылдың соңғы тұяғы бұл! Бораны ұлып, аязы қақыраған сол бір қыс ішінде, қараңғы түннің мүлгіп тұрған тыныштығын шар еткен сәби үнімен селт еткізіп, шананың үстінде туған бала бұл!

Бұл жарық дүниеге келер түні аяқ астынан толғағы қысқан Раузаны аудан орталығындағы ауруханаға жеткізуге Тельман көлігін бермегеннен кейін не амал жасарын білмей сасқалақтаған Жанат қорасында тұрған кер биесін шанаға жегіп, “а, құдайлап” жолға шыққан. Жыландай ирелендеп сырғып жатқан ақ қардың сумандаған суық тілінің өн бо-

йыңды жалап өтер ызғарын Жанат бірден сезіп еді. Тұла бойы сол ызғардан қалтырамағанымен, тай теріден тігілген үлкен тұлыпқа орап, шананың үстіне шалқасынан жатқызып қойған Раузасын ауруханаға тез жеткізе аламын ба деген хауіп пен үрейден өн бойы мұздап сала берді. Обалы нешік, біраздан бері иығына қамыт кимеген кер бие тынайып қалса керек, ақ қарды оппылап тартып-ақ келе жатыр еді, жануар Қызылшіліктің тар қылтасынан өтер тұста болдыруға айналды. Алдына салған жемі мен шөбін күні бойы емін-еркін жеп тойынған әрі көктемгі көк салымда айғырдан шығып кеткен буаз биенің жеткен жері осы болып еді. Жанат қолындағы қамшысын үйіргенімен де, шанадан түсе салып жетектегенімен де қара терге малшынып, қос бүйірін соғып тұрып алған кер бие ілгері баса қоймады.

– Жануардың жанын қинадың-ау, обал болды-ау! Ұрмашы енді! Құлын тастап кетіп жүрмесе жарар еді?!

Ішінің бүріп ауырғаны күшейіп, қара тері шығып, қиналып, азапқа түсіп жатқандығын сездіргісі келмеген Рауза бар құшін жинап осы бір ауыз сөзді әрең айтты.

Құлын тастамақ түгілі зорығып өліп қалса да кер бие Раузасынан, оның жанынан садақа! Адамның ауыртпащылығын мал көтереді деуші еді, қос бүйірін соғып тұрған мына кер бие Раузасының, сол кер биенің құрсағында жатып тынысы тарылып, демі кеңіп сала беретін кең дүниеге ытқып шығып кеткісі келіп аласұрып жатқан құлыны мұның мынау әне-міне ... әне міне... қараңғы түннің, ызғарлы түннің аспанын ащы бір дауысымен селт еткізіп дүниеге келейін деп жатқан шаранасының жанын аман алып қалар құрбандыққа жараса, жаратқан иесінің көз жасын игені мұның. Болдырып, әбден арындап алған кер биені жалмажан доғара салып, қамытты өз мойнына іліп алған Жанат ат-шананы өзі сүйрепек болды. Түстіктен соққан ызғарлы желмен бірге ұйытқып, борай көтерілген ақ қар қойны-қонышына тығылып, бетін қарып барады. Аспан мен жерді тұтастырып жіберген ақ түтек ақ боран ысылдаған ызбарлы үнімен есінен тандырмақшы. Шолақ жеңінің етек-жеңін

жұлмалап, бірде қою қара аспан әлеміне көтеріп әкетпекші болып, бірде қара жерге қадалып жабысып алған ақ қардың үстіне алып ұрмақшы болып алысқан есер жел мен еспе бораңға да есі мен күшін алғызбай Жанат шананы орнынан қозғады. Ілби басқан Жанаттың ізімен ілгері жылжыған тұлдыр шананың үстінде жатқан Раузаның да өн бойынан қара тер саулап жатқан еді. Қос бүйірін бүріп әкетіп бара жатқан әлдебір жараның аузы ашылып кетер сыздауын сезінбейін, сездірмейін десе де, анда-санда ыңырысып қояды.

Жаным-ай, – деді әлден уақытта талықсыған үнмен. – Тынысым тарылып, тұншығып бара жатқанымды қарашы. Ашып таста денемді!

– Сабыр, сабыр! Сәл шыдашы! Оранған денеңді ашып тастауға болмайды ғой. Өзіңе де... ана...

– Ана балаға да салқын тиеді ғой, – деген Жанаттың енгігіп тұрып айтқан сөзін Рауза ести де алмай талықси берген еді.

Қамыттан босағаннан кейін солығын басқан кер бие Жанат сүйреген шананың соңынан бір елі қалмай, еріп келеді. Есті жануар иесіне шананы итерісуге көмектескісі келгендей шабақты қалқанды тұмсығымен анда-санда нұқып, нұқып қояды. Сол сәтте сәл де болса шананың ілгері жылжуы жеңілдеп сала беретіндігін Жанат анық сезеді. Миңдайынан сорғалаған ащы тер екі көзін ашқызбай қойды. Сорғалаған сол терінің кірпігіне қырау болып бір қатып, бір жібірін қайтерсің. Өн бойының ақ жалыны шүмелектеп аққан терімен су болып сыртқа шығып, шолақ тонға ол да мұз болып қатып жатыр. Қаудырап қатып бара жатқан тонының жылуы кетіп, арқасын аяз қарып, әлі кете бастаған өлімді нүктеге ұйығып жүрген үйірлі қасқырдың қоршауына тап болды. Біраз жылдардан бері күтім көрмей қараусыз қалған бұрынғы айнала егістікті қурай басқалы бұл төңіректі, соның ішінде Қызылшіліктің тал мен терегі ұйыса біткен қалың жынысын дала бөрілері үйірсектеп алғанды. Онсыз да аяусыз бұрқан тұрған ақ қардың ақ көбігін аласұра шашып бұларды қуып келсе жатқан бөрілер тобын сезген кер бие

болды. Жануар кісінеп жіберді де, шананың қос жетегін құлақбауына байланған қамытынан мойнына іліп алып, маңдайы жерге тиердей болып, еңкейіп, бар күшімен тартып келе жатқан Жанаттың алдына шықты. Біресе осқырынып, біресе кісінеп, әлдебір хауіп пен қатерді сезген кер биенің екі қолтығы дір-дір етіп, мына жан иесінен пана іздегендей аласұрады. Әлгіндей болмай жатып бөрілер шанадағыларды жан-жағынан айнала қоршап алып, ақ көбік қардың түте-түтесін шығарып, бұларға қарай боратсын-ай келіп. Манағы ақ боран мұның жанында боран болмай қалды. Үйірлі қасқырдың өткір тырнағының арасынан атылған ақ қар Жанат пен кер биенің танауларына дейін жабысып, тыныстарын тарылтып барады. Шана үстінде бірде есі кіріп, бірде есі шығып толғақпен жатқан Рауза да ақ қарға көміліп барады. Ессіз далада аш бөрілерге жем боламыз ба деген ауыр бір ойдан өн бойы қалтырап кеткен Жанат қасқырға қарсы тұрар амал таппай дағдарды. Біратар мылтығын да өткен жолы өзін түрмеге қамар алдында үйін тінтіп жүрген милициядағылар тауып алып кеткен. Жалма жан шұрқырап тұрған кер биені нұқтасымен шанасына байлай салды да, жетектің біреуін ағытып алып, бар күшін жинап, топ қасқырға оңды-солды сілтей бастады. Есі кеткен еркектің мына қауқарынан сескенді ме, жоқ әлі де байқап көре тұрайық деген айламен бе, үйірлі қасқыр бұларды қамаудан босатты да, сырық сілтер жерге барып шоқиып отыра қалды да, ұлысын-ай келіп. Үйірлі қас-қырлардың ұлыған үнінен түн қараңғылығының қара түндігін жамылып алған аспан асты да қорқыныш пен үрейден қалтырап кеткендей болды. Сол бір қорқыныштың қара қақпаны мен сол бір үрейдің үңгірінен құтыла алмай дағдарған үмітсіз үшеудің тағдырын ұлыған боран мен ұлыған қасқыр азапқа салып-ақ бақты.

Манадан бері кіресілі-шығасылы есі бар Рауза әлден уақытта бар дауысымен ышқына айқай салды. “Аллам-ай, жаным-ай” деген әйелдің қиналған жан дауысы ұлып отырған үйірлі қасқырларға оқыстан атылған оқтан кем тимеді. Ұлы-

ғанын бір сәтте қоя қойған түз бөрілері от шашқан отты көздерімен бұларға қарап қалған. Әйелінің шырқырап шыққан жан дауысынан Жанат та қатты шошынды. Қолындағы бар қаруы қайыңнан жасалған жетекті сүйреткен қалпы Раузаға ұмтылды. Салқын тимесін деп орап тастаған үлкен тұлыптың омырауынан қос танауынан шыққан ыстық демі ғана білінетін Раузаға: – Шыдашы, бір кішкене шыдашы, – деумен болды.

– Жүрегім... жүрегім қысып барады. Шешіп тасташы үстімдегілерді, бастырылып қалдым ғой!..

Раузасының еміс-еміс естілген үнінен әлі құрып бара жатқанын сезген Жанат тынысы жеңілдесінші деген оймен тұлыптың орауын босатты. Өн бойынан ағылған қара терге малшынып жатқан сорлы әйел дүниеге әкелер сәбиінің мына тылсым дүниенің қараңғылығына тұншығып қалмасыншы деген аналық сезімімен тоғыз ай бойы құрсағында көтерген ұрпағын жарық дүниенің суық қолына беретін мезгілінің келгенін сезіп жатыр.

– Бәкің болмаса балтаң бар ма еді? – деді Рауза өзіне үніле қарап отырған Жанатқа.

– Бар, бар ғой...

– Бар болса, қазір мына туайын деп жатқан баланың кіндігін балтаңмен кес өзің! Қорқақтап қалып жүрме, кіндігінің түбін нығыздап түй...

– Не дейсің?! Не дейсің, жаным-ау?!.

– Үрей мен суықтан қалтыраған Жанаттың бұл айтқандарын Рауза еміс-еміс естіп еді.

– Балтамен кес... Кіндігін балтамен кескен бала тұрып қалады деуші еді...

Рауза соңғы бар күшін жиғандай. Үнінен ешбір қиналған азабы сезілмеген жандай еркін сөйлеп жатыр. Тыңдап ал...

– Кіндігін кескеннен кейін, мынаған орап ал да, баланы қойныңа тығып өлсең де, талсаң да ауруханаға жеткіз. Маған алаңдама. Ешнәрседен қорқушы болма! Мына қоршап тұрған қасқырлар саған да, маған да тимейді. Ал, жаным, ие бол балаға!..

Қойнына тығып алған жып-жылы ақ матаны Рауза дiрiлдеген қолымен Жанатқа ұстата бердi. Осы сәтте ғазиз ана-ның тар құрсағын керiп барып, кең дүниеге шар етiп ұмтылған сәби үнi тылсым тыныштықты тiлiп түстi.

Бiраздан берi жатыры тартып, iш қызуы есiн шығарып мазасызданып жүрген күлгiн қаншық қасқыр қос бүйiрiн кезек-кезек жалап, бiресе алдын орап, бiресе желкесiне асылып iшi-бауырына кiрiп бара жатқан арланға арс еттi де, адам баласының беймәлiм, бiр нәзiк үнiмен шырылдаған дауысы шыққан жаққа жалт қарады да, шоқиып отыра қалып ұзақ ұлыды. Күлгiн қаншыққа қосылып үйiрлi қасқырлардың бәрi де ұлыды. Шырылдаған жас сәби мен ұлыған қасқырлардың әлдиiнен түнгi даланың шар аспаны жыртылып айырылғандай, осы сәтте құланиектенiп ақ таңның нәзiк бiр сәулесi де көрiне бастап едi.

Раузаның айтқанындай, дүниеге келген жас сәбидiң кiндiгiн қара балтаның өткiр жүзiмен кестi де, жалма-жан жылылап орады да, жерден көтерiп алған баласын Жанат қойнына тықты. Ессiз-түссiз жатқан Раузаның үстiн қымтап жапты да, кер биесiне жайдақ мiне салып, әлгiнде ғана басылған ала құйын бораннан кейiн көз ұшында жарығы көрiнiп тұрған аудан орталығына жетуге асықты. Қара термен бусанған денесiн түнгi суық сорып, қалтырап тұрған кер бие бiр осқырынды да, үрей құрсауынан құтылғысы келгендей иесiнiң тебiнiп қалуы мұң екен, бауырын жазып, шаба жөнелдi. Манадан берi күлгiн қасқырдың ыңғайымен болған арлан осы сәтте өзiнiң тағылық мiнезiне басып кер биенiң iзiне түсiп қуып бердi. Бiраздан берi үйiрлi қасқырды бастап жүрген арланның соңы-нан өзге көкжалдар да дүрлiге шапты. Жанаттың шолақ тонының iшiне тығып алған бейкүнә сәби жарық дүниеге әкелген тәңiрiнен араша сұрағандай шырылдап келедi. Осы сәтте араны ашылған арланның соңынан құйрық тiстем аралықта ғана көсiлiп келе жатқан күлгiн қаншық көкжалдың алдын орай бердi де, сұр арланның алқымына ауыз салды. Арлан мен қаншықтың ырылдасып алысқанын көрген өзге көкжалдар да бiр-бiрiне

тістерін ақситып, ырылдасып, бірімен бірі алысып тыптыныш жатқан тылсым даланың жер басып жатқан ақ қарының ұйпа-түйпасын шығарды. Тап өзі үшін болған талай бір азу қайраған айқастарда басқа ешбір көкжалға дес бермеген арланның алапат күшіне қарсы тұрар қайраны қалмаған күлгін қаншық қыңсылаған қалпы, арланның алдына жонымен сырғанап барып жығыла берді. Азу тісін ақситып бас салып, тағы да талағысы келіп төніп қалған арлан біраздан бері ырқына көнбей жүрген қаншықтың өн бойынан өлдебір жағымды иісті сезді. Сол бір иіс тұз тағысының жылына бір селт етер аталық құмарын оятып жібергені анық еді. Күлгін қаншықтың қос бүйіріне қара түмсығын сұғып жіберіп, күлгін қаншықтың иісін алып тұрған арланның алданған осы бір сәтін тосқан үйірдегі өзге қасқырлар да төрт аяғы төлтіректен әрең жортақтап бара жатқан, қойнында шырылдаған сәбиі бар кер биенің үстіндегі бейбақты қуғанды қойып, аспанға қарап ұли бастады. Күлгін қаншықта ұлыды. Біресе ана болып, біресе сәби болып ұлыған күлгін қаншық жылаған сол өз үнімен көк бөрілердің талауынан қорғап, аман алып қалған бейопа дүниенің есігін енді ғана ашқан адам өмірі де шырылдап барып ажал-дың тырнағына ілінбей сау қалған еді...

Тайталасы мол ажалды өмір шанасының үстінде алай-дүлей соққан ақ боран мен қасқырлар ұлыған түні туған сол шаранасын Жанат араға сегіз жыл салып барып көрді. Жол үстінде босанып қалған әйелді құтқаруға шыққан аурухананың жедел жәрдемі қалың қарға бір батып, бір шығып жеткенінше Рауза да ажалмен алысып бақты. Денесінің қызуы біресе көтеріліп, біресе қалтырап, сандырақтауға көшті. Баланың ұя-сынан тоқтамай ағып жатқан жылымшы қанмен бірге әл-дәрмені де құри бастаған сорлы әйелдің жүрегі соғуын бә-сеңсітуге айналды. Соңғы демін жиып, көзін бір ашқанда Жанаты тұрған жанарына ілініп.

– Тi-рi-ме бала?! Тi-рi-ме?..

– Тiрi!.. Тiрi!.. Ер бала, ер бала!..

Қуанғаны мен қорыққаны бірдей Жанат осы бір екі ауыз сөзді айтып қана үлгерді. Қос дәрігер қансырап қалған әйелді зембілге салып алды да, жедел жәрдемге ұмтылды. Қыстың ұзақ түнінің мың сан құбылар райының әдетімен манағы асау боранның ашуынан із де қалмағандай. Енді түнгі ай да бабына келіп толысып, ұлпа қармен көмкеріліп жазылып жатқан кең даланың момақан үстінен шырағын жағып, төңіректі сүттей ұйытып, мөлдіретіп тұр еді. Шала жансар Раузасының қаны қашып, қуарып қалған, тіпті ... ұлпа қардай ағарып кеткен ақ жүзін Жанат анық көрді. Бас жағында Жанаттың келе жатқанын сезді ме, кірпігін қағып, көзін ашқанда жанарына үйіріле берген бір тамшы жас іркілмей домалап түсті.

– Ер... ер... Ерұлан қой атын, – деді Рауза естілер-естілмес бәсең үнмен. Ана болу үшін жаралған, соны аңсаған, бесік тербетуді көксеген, төңірі жан салған ұрпағын тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібітіп көкжалдар қоршаған кең дүниенің суық ит көйлегін кигізіп шырылдатып тастап кетіп бара жатқан сорлы әйелдің өз ұлының Ерұлан деген есімін әрі тұңғыш, әрі соңғы рет атап, соңғы рет еміренгені еді.

Сол түні сүттей жарық айға қарап күлгін қаншық ұз-а-а-ақ ұлыды...

Өртеліп кеткен шошқа қорасының залалынан келген зардабын арқалап кете барған жазасын Жанат Атыраудың мұ-найлы қаласында өтеді. Көкшетаудағы жетім балалардың пана үйінде қалған жалғыз ұлының өліп қалмай, аман-сау өсіп жетілуін тіледі. Таң сәріден тұрғанда да нар үстіне отырып, ең әуелі сол жалғыздың амандығын сұрайтын жаратқан иесінен. Жатар орынға келіп, көз шырымын алар сәтте де сол тілеуін қайталайтын. Көңіліне демеу болған бір жай: балалар үйінің директоры Ольга Петровна

Красновская Жанаттың айына бір рет жазуға ғана құқы бар хатына жауап беріп тұрды. Соғыс жылдары құрсауда қалған Ленинград қаласынан Қазақстанға әкелінген панасыз балалардың бірі болатын ол да. Қазақ жерін мекендеп, жетімдік пен жоқшылықтың зардабын бір кісідей-ақ тартқан Ольга да әкелі-балалы Жанат пен Ерұланның қа-сіретті тағдырларына бей-жай қарай алмады. Жанатқа жазған хатында Ерұланы дені сау болып өсіп келе жатқандығын айтатын. Қапаста қамығып жүрген көңілі көтерілсін дей ме екен, кейде Ерұланның тіпті бір сәбилік қылықтары мен тентектігін де баяндап тұратын. Өз басына өзінің еркі жоқ жан иесінің тар қапаста жүріп, есі шыға айқайлап қуанғанын көргеніңіз бар ма еді?!. Міне, сондай бір қуанышты сәттің тәтті бір шуағына Жанат та малынды. Кезекті бір хатында балалар үйінің директоры Жанатқа ұлының суретін салып жіберіпті. “Мынау сіздің ұлыңыз Ерұлан” деген сыртындағы жазуды оқыды да жалғызының суретін әуелі кеудесіне басты. Сол бір кеудесіне сыймай аласұрып жатқан жүрегінің ыстық шуағы мен мейіріміне жалғызының суреттегі жансыз бейнесін қандырды да, қос жанарынан парлап тұрған көз жасына ие бола алмай Ерұланына, оның суретіне қарап тұра берген.

– Құлыным, – деген еміреніп. – Құлыным, омыртқадағы жұлыным, жалғызым менің! Сен тезірек өс, тезірек үлкен бол. Е, Тәңірім, – деп жалбарынды Жанат жаратқанына. Заманы-ның зобалаңын тартқан бір әулеттің соңғы бір тұяғы осы бір сәбиің сенің. Өкінбеймін өткеніме, тек осы бір... осы бір тұяғымды аман сақтай көр!

– Тәңір иесі естисің бе? – деген қапалы көңілінің түкпірінде жатқан жан айқайын сыртқа шығармағанымен, өз қо-лымен шаранасынан шырылдатып тағдырының қолына тастап кеткен жалғызының тілеуін тізерлеп отырып, тұңғиық түпсіз терең көк аспаннан қолын жайып тілеген.

Жетім балалар үйінен айына бір рет орыс әйелі жазып тұратын хаттан басқа ел, ағайын тіршілігінен өзге ешбір хабар ала алмай жүрген шағын айтпаңыз! “Қарағай өзін

кессең түбі қалар, екеудің біреуі өлсе бірі қалар, жалғыздың өзі өлсе кімі қалар?” – деген Мәди ақынның жан толғанысы мен көңіл наласын ұғарлық күйді кешіп, қапаланып жүрген күндердің бір күні Көкшетаудан тағы да бір хат келген. Ақ конверттің сыртындағы Ольга Петровнаның сол бір баяғы қолын жазбай таныды. Конвертті желімдеген тұсынан еппен ашып, ішіндегі бір парақ қағазды алып, оқи бастағанда өз көзіне өзі сенбеді. “Көке, сағындым сені! Қайда жүрсің? Мамам қайда менің? Мен қазір мектепте оқып жүрмін. Оқуым жақсы. Хатты саған енді өзім жазып тұрамын. Балаңыз Ерұлан” деген хат жолдарын оқығанда басы айналып, тұрған орнынан шайқалып кетті.

Жер айналды. Жел тұрды. Құмды даланың апшысын қуырып бара жатқан аптап ыстықтың лебінен де Жанаттың ішкі жан толқынысының ыстық демі тиген жеріңді күлдіретіп күйдіріп түсірер еді дәл қазір. Мүсәпір көңілдің қамығып жүріп апылған түпкір сарайында бір үміттің ошақтағы өшіп қалған оты қайра бір лапылдап тұтанып жанып жүре берген. Жанының әлдебір қуат көзін ашқан Ерұланның пәк көңілімен, адал саусақтарымен ұстаған қаламының ұшымен жазылған сол бір тұңғыш хатымен байланысқан әке мен бала тағдыры өлмес өмірдің мәңгілік құшағында сонан бері бірге тербеліп келе жатыр...

– Еріккен екенсіңдер осы сендер, – деді қашан болсын тойымсыз көңілінің қыжылын баса алмай әбігерленіп жүретін Құлқожа. – Қаңғырып кеткен осы ауылдың иттерін жинаймыз деп, күнде ел ішін дүрліктіргенше, қыс келе жатыр, отын, шөптеріңді жинап алсандаршы!

– Күлеке, жөн, жөн сіздікі! Орақ болса егінге жаңа салынып жатыр, шөп-сабаннан құр қалмаспыз, – деп Жанат ақсақал біріне бірі сөз бермей дауласа жөнелер ауылдастарын сабырға шақырды.

– Аларсың атаңның басын!..

– Күлеке, қой деймін енді!

– Ал, қоймасам ше?! Әй, Оспанның алқаш баласы, қоймасам сен мені жағамнан аламысың?!

– Құлеке, қой деймін енді...

– Ал, қоймаймын, не қыларың бар маған?!

Бет-аузы ісіңкіреп, қою қара шашы көптен бері ұстара тимегендей жалбырап өсіп кеткен Жұмабек отырған орнынан атып тұрып, Құлқожаны өңменінен итеріп қалды. Өзінің ба-ласымен жасты Жұмабектен тап мұны күтпеген Құлқожа шал-қалақтап құлап бара жатып: – Тап әкеңнің аузын... Сені ме, сені түрмеде шірітейін, алқаш, – деп айбат шегуге ғана мұр-шасы келіп, мұрттай түсті. Құлап жатып, сыпыртып боқтап жатқан Құлқожаға ұмтыла берген Жұмабекті екі-үш қарулы жігіттер ұстап қалды.

– Құлқожа дұрыс айтады осы! Биыл малдың жемі мен шөбі де қиын болады-ау осы! “Осы, осымен” сөзін аяқтап отырған ел ішінде жыбыр атанып кеткен Самиғолла, бұрын осы елдің партия ұйымының хатшысы болған тік бақайлау, кірпияз жан.

– Қаншама достасқанымызбен Әмериканың қастандығы қалушы ма еді, – деді Самиғолла.

Бүгінгі жиыны шағын жанжалға ұласып бара жатқан аралағаштықтарды бұрынғы парторгтың Американың тағы бір қастандығы жайлы айта бастаған әңгімесі сабасына түсірді. Елең еткен ауылдастарының бар назары өзіне ауғанын сезген Самиғолла Америка жайлы, оның жасап отырған қастандығы жайлы ыңырана отырып сөзін онан әрі сабақтады.

– Әлгі біздің осы ауылды жекешелендіріп ие болып қалған жаңа қожайындар, ту-ту Әмерикадан астық оратын бір комбайн сатып алыпты, – деп бір қойды Самиғолла.

Жұрт тым-тырыс. Сол комбайнның ішіне американдықтар атом бомбасын салып жібергендей үрейленген аралағаш-тықтар осы араға не мәселемен жиналғандықтарын да әбден ұмытып, естен танар күйге түсті. Самиғолла да үнсіз. Аса бір қауіпті, болмаса қатерлі бір жағдайды баяндайтын шығар деген оймен сабыр сақтап, әліптің артын

бағып отырған жас-тар жағының шыдамдары таусылуға айналды.

– Сәке, айтсаңшы енді әлгі Американың қастандығын!..

– Тұра тұрсаңшы, біреу қуып бара ма, асығып. Айтады ғой қазір.

Екеу ара дауласуға айналған Көбетей мен Нұрланның бір-біріне қораздай қоқилана қалған түрлеріне қарап, тамаша-лап отырған жұрттың назарын өзіне аударған Самифолла қар-лығыңқы дауысын қырнап барып:

– Ал, айтайын енді, болмадыңдар ғой осы, – деді.

– Әмериканың қастандығы қалушы ма еді осы, – деген сөзге мән беріп сөйледі. – Әлгі біздің қожайындар әкелген Әмериканың “Жын-дир” деген комбайны бар ғой...

– Сәке, “Жын-дир” емес, “Джон-дир” деңіз. Ой, ол өзі бір керемет ғажап комбайн ғой, – деп Самифоланың сөзін әлдекім бөліп жіберді.

– Иә, иә... сол Әмериканың комбайны бар ғой, – деп Самифолла ешкімге назарын салмастан әңгімесін онан әрі жалғастырып алып кетті: – Егіннің сабанын түгін қоймай үп-ұсақ етіп майдалап турап, үгітіп, шашып кетіп отырады екен. Бұрынғы советтің комбайндарының соңынан көпене-көпене болып қалып жататын сабан жоқ енді бізге. Малымыз аштан қырылмағанда қайтсін осы?!.

Отырған жұрт ду күлді. – Бар уайымың сабан ба сенің? – деді Жанат ақсақал жақтырмай. – Иә, тағы не жаңалығың бар?..

– Айтайын ба?

– Е, айта ғой! Тыңдап отырған жоқпыз ба, бәріміз де бір сені, – деді Жанат сабырлы үнмен.

– Айтсам бар ғой осы...

Самифолла мұрнының астынан бір мінгірлеп алды да: – Әлгі біздің ауданда баяғыда бірінші хатшы болған... әлгі орыс қатыны бар, кім еді әлгі... әй, әлгі... Әмір Қалиевич ше, сол қайтыс болыпты, – деді.

– Е, жарықтық иманды болсын!

Жанат іштей дұға қылып, бетін сыйпады.

– Әй, оның өзі Қазақстаннан көшіп кеткен жоқ па еді?!
Қызу қанды Көбетей Самиғоллаға алара қарады.

– Әй, неменеге осы сен адырая қаласың? Ал көшіп кеткен... Немене, Қазақстаннан көшіп кеткендерге өлім жоқ деп пе едің?

Самиғолла шарт кетті.

– Ту, Сәке-ай, жай сұрап жатқаным ғой! Жараңызға түз сепкендей осыншалықты ыршып түскеніңіз не? – деп Көбетей кейіп қалды.

Тап алдарында тұрған коммунизмге жетеміз деп ұзақ жылдар бойы алашапқын болып, ақыр соңында ішер ас пен киер киімге жарымай, тауы шағылып, еңсесі түскен елдің енді бұрынғы жасағандары мен замандарын қайта құру қажеттілігі жайлы Мәскеу жақтан нұсқау түскенді. Бәрін де қайта құрамыз деп жүріп бұрынғы құралғанның өзіне ие бола алмай қалған кезеңдерде Әмір Қалиевич басқарып отырған аудан да түгелімен сол заманның қысқарту атты қырсығының қайшысымен қиылып кете барған. Заманның зауалына орайлас жүрген қайта құру мен қысқартудан жапа шегіп, басынан билігі, қолынан қызметі кеткен осы бір өліара тұста жалғыз қызы Натальясы да неміс жігітімен көңілін жарастырып, тұрмыс құрған болатын. Алайда көп ұзамай күйеу балаға ата жұрты Германиясынан шақырту келіп еді, ол болса қазақ елі туып-өскен жерім еді деп алды-артына қарап жатпастан, көшіп кетті. Маңдайына жазған қызметінің қызығынан да, жан дегенде жалғыз қызынан да бір сәтте айрылып қалған Әмір енді өз үйіне өзі сыймауға айналды. Электр қуаты бір үзілмей беріліп тұрған шақта, тіпті түннің бір уағына дейін теледидар көруді арман қылатын. Енді электр жарығы да шектеліп, тәулігіне бір-екі сағат қана беріле бастағалы бұл ермегі де ертегіге айналғандай еді. Май шамның жарығымен әйелі екеуі үн-түнсіз отырып, кешкі тамақтарын ішіп бола берген сәтте Мария Васильевна өксіп-өксіп жылсын-ай келіп. Жан күйзелісінен көптен бері құса болып қалған сорлы әйелін Әмір не деп жұбатарын біле алмай дағдарды. Бір ауданның халқына билік айтып келген

басы бір әйелінің көз жасын қойғыза алмай әңкі-тәңкісі шықты.

– Болды енді! Төзімім әбден таусылды! Қажыдым! Тезірек бұл арадан басқа жаққа кетуіміз керек!

Өксігін баса алмай отырып айтқан әйелінің түптің түбінде осы бір сөзді қоңырсытатынан Әмірдің іші сезетін. Қашан болсын ер адамның ығында емес, жел жағында жүріп тізгін ұстауды ғадет етіп алған әйелінің бұл бір жай байбаламы емес, кесімді ойы екенін ұққан Әмір басымды мінезіне басып, үндемей құтылған.

Әмірі тіс жарып үндемесе болғаны, енді өзінің дегенін істеуге ақырындап кірісе беретін Мария Васильевна тез арада басы артық-ау деген дүние-мүліктерін сатып, қоныс аударудың қамын жасады. Бастан кеткен дәуреннің қызығы мен сайраны түгесіліп, сәулесі қалмаған қара көлеңкелі ғұмырынан түңіліп те отырған келер күндерінің көмескі келешегінен Әмір үшін ендігі арада жер шарының қай қиырына қоныс тепсе де бәрібір болатын. Әмірді осы бір үзілгелі тұрған үмітімен поезға отырғызып алып Мария Васильевна Мәскеу түбіндегі өзі туған Иванова қаласына көшіріп алып келген-ді.

– Сорлыны табытқа салып орыс зиратына жерлепті. Тағдыр дегенің міне осы!

Самиғолла осыны айтты да ауыр күрсінді. Қашан болсын бөтен дінге, оның ғұрпына үрке қарайтын қазақы көңіл бұл жолы да шошына қалды. Әркімнің сол бір шошынған жан дүниесінде іштей тынған ой әлемінің үнсіздігін Көбетейдің мырс-мырс күлгені бөліп жіберді. Отырған жұрттың назары Көбетейге ауды да, ол күлкісін басып:

– Сәке-ай, кешегі күні бастығым деп жалпандағанда сондай едіңіз, сол Әмірдің жаназасын өзіңіз барып шығарып, арулап көміп келмедіңіз бе? – деді.

– Тәйт әрі, бұл да күлетін, бұл да сөз қылатын жай ма екен? Топырақ кімге қайдан, қалай бұйырарын бір Алла ғана біледі. Аузыңа келгенді оттамай, жайыңа отыр!

Жанат осылай деп Көбетейді тиып тастады. Сөзге сөз

жалғағысы келіп, тілі қшып отырғандар да бар еді, бөрі де отты көздерімен алара қараған Жанаттан ығынып, тиыла қалды. Тына қалған осы бір тылсым дүниенің опа бермес тіршілігі көз алдарынан Әмір болып үнсіз өтіп жатқан жандарды қалың ойдан Жанат болды оятқан.

– Ал, ағайын! Бүгін осы елге жан-жақтан өз бауырларымыз, өз балаларымыз жиналады, – деді Жанат тебіренген үн-мен. – Олар өздерінің туған топырағын, кір жуып, кіндік кес-кен ата жұрттарын сағынып, аңсап келе жатыр. Жыл құсын-дай қанаттары талып өз ауылдарына жетуге асығып жолдан шаршап-шалдығып келген ауылдастарымызды дұрыстап күтіп алайық, көңілдеріне кірбің түсірмейік, әйтеуір! Ел ішінің бөк әңгімесін бықсыта бермеңдер, түге!..

Естінің есін кіргізіп, есерді сабасына түсіріп сөйлеген Жанаттың бұл айтқандарын ауылдастары ұйып тыңдады. Әр-қайсысы өздеріне бөліп берілген шаруаны ойша пысықтауға кіріскендей, үнсіз қалды. Дабыра болмай тұрған мына топтың тыныштығын пайдаланған Жанат тағы бір істі пысықтады.

– Қонақасыға сойысқа мал іздеп бастарынды қатырып, әуре болмаңдар, – деді өктемдеу сөйлеп. – Анау менің қорама жуырда өздеріңнің апарып байлап берген қызыл қашар қысыр әрі семіз көрінеді өзі, соны жұмсаңдар! Менің құрбандығым сол болсын!

Осы ауылдың бұған дейін ортақ болып келген мал-мүлкін жекешелендіру басталғанда Жанаттың үлесі бір қашардан аспады. Бесікте жатқан баладан бастап, еңкейген кәрі-құртаңға дейін үлестері қатталып-шотталып есепке түскенде, осы елді он бес жыл басқарғандығын алға тартып жіліктің майлы басына ең әуелі Тельман жармасқан болатын. Көгілдіртау облысының партия комитетіне хатшы болудың тізгіні бұйырып, басына қона қалған мына баққа масайрап жүрген шағында орыс патшасы Ельцин дегенің өз елінде коммунистер партиясының жұмыс істеуіне тиым салған жарлыққа қол қоймасы бар емес пе?! Қашан болсын Мәскеу жаққа қарап алып барып түшкіруді әдетке айналдырған

өзгелер де бірінен соң бірі коммунисттер партиясының іс-өрекетіне тыйым салып, өлемде бұрын-соңды болып көрмеген не бір қызықтар болып, дүние атаулының астанкестені шыға бастаған шыжымды бір шақ еді. Сол шақта бұрын ортақ болып келген мал мен мүлікті, жалпы дүние атаулыны тезірек бөліп алмаса жел көтеріп алып кететіндей өбігерге түскен өуелі Тельман сияқтылар болды. Ұзақ жылдардан бері көптің маңдай тері, ақ адал еңбегімен құралған дүние атаулыға қол салуға елі мен жұртынан үялғандар да бар еді. Ондайлар әліптің артын бағып отырғандарында аяқ астынан пайда бола кеткен пысықтар мен алаяқтар ешкімнің де, ешнәрсенің де обал-сауабынан ығынбады. Кейіннен арлылар бармақтарын тістеп, сандарын соғып өкініп қала берген заман келді зауылдап...

Облыстың дүние-мүлікті жекешелендіретін мекемесінен ала келген мамандары мен соңынан еріп жүрген милиция қыз-меткерлері бар Тельман өзімнің үлесім деген малды ауыр машиналарға тиетіп жатты. Соның алдында ғана іске татиды-ау деген су жаңа тракторлар мен жүк машиналарын, бір-екі астық оратын комбайндарды да Көкшетауға жөнелтіп жібергені де бар еді. Сол мал-мүлікті жөнелтісіп жүрген ауыл жігіттерінің зықын дәу қара бұқа шығарды. Мүйізін ерсілік-қарсылы шайқап, арқанмен жетелегендерге ырық бермей-ақ қойды. Ауыл жігіттерінің ақ тер, көк терлері шығып әбден қалжыраған бір сәттерінде Жұмабек келе қалсын қаңғалақтап.

– Әй, – деді жеңіл машинаның жанында тұрып, зекіріп бұйрық беріп жатқан Тельманның жанына келіп, – андағы бұқаны қайда апарасың? Әлгі татар қатынына апарып салайын деп пе едің?!

Қапелінде мұндай сөзді ести қоямын деп ойламаған болар, Тельман үнсіз қалды. Жанындағы милицияның біреуі барып, Жұмабектің бұл маңнан жүрмеуіне кеңес беріп еді, ол тіпті өршеленіп кетті.

– Сен кім едің анау итті қорып жүргеннің бірі сенбісің? Тапқан екенсің адамға опа беретін ізгі жанды. Анау ма, анау бар ғой, – деп Жұмабек оң қолының сұқ саусағымен

ьман-ды нұсқап, – барып тұрған қанішер ғой ол. Оның
на қара жерді басып жүруге ешбір хақысы жоқ. Сен соны
әсің бе?!

– Тельманға қарай ұмтыла берген Жұмабекті екі мили-
нер ұстап қалды. Қанша ышқынса да қарулы екі жігіттің
ынан шыға алмаған Жұмабек сөйленіп тұр.

– Әй, оңбаған, осы ауылды тонағаның, жұтатқаның, хал-
зар илеткенің аз ба еді сенің?!. Обкомға хатшы болып
ілгенің осы ма, билігің өз ауылыңды тонаудан аспай
ған жетесіз немене, көрейін де өлейін деп пе едің бар
-мүлікті тасып әкетіп...

– Кет, маскүнем, сен едің маған ақыл айтатын, – деп ма-
ан бері сабыр сақтап, Жұмабектің бір сөзін естіп, бірін
імеген күйде тұрған Тельман мұнан әрі шыдай алмады.
ө-зін құртыңдар анау маскүнемнің!..

– Әй, найсап, сенің көзін құртпағаның енді мен едім осы
лда аман қалған. Құртқан, жылатқан жандарың аз ба еді-
сенің?!. Жіберіңдерші, жіберші қане, ана антұрғанның
шін жұлып алайын...

Тельманға қарай ұмтылып, бас салуға ұмтылған Жұма-
тің отты көздеріндегі кек отынан сескенбеген жан баласы
еді осы арада. Ыза мен кекке булыққан сорлы неме екі
тығынан ұстап алған екі жігіттің өзін сүйрей жөнелді. Тап
ір сол екеуінің қолынан бір босап шығып кетсе болды,
ьманды жүндей түтіп тастамақшы. Милиционер екі жігітті
із жерге дейін сүйреткен Жұмабектің күші таусылды ма,
ен уақытта сүрініп барып, етпетінен құлады. Сол құлап
тып, екі жұдырығымен қара жерді соққылап, булығып
тасып-ай келіп. Ара-арасында сөйленіп қойып жылап жатқан
бақтың жанына бір тірі пенде жоласайшы, тым болмаса
еу табылса етті араша түсетін. Біреудің қайғысы
ықтырмайтын, өзгенің көз жасы жабырқата қоймайтын
керең заманның зарлы уын татып, жылаған пенделер
ейген сайын адам атаулының бойындағы аяушылық
мдерінің түп-тамыры қиылып қалған ба деп те ойлайсың.
– Мені... мені... мас... мас... күнем деді-ау анау оңбаған! ..

Булығып барып осы бір сөздерді әзер айтқан Жұмабек жер соққылаған қалпымен ұзақ сөйленді. – Мен... мен ішсем, әй, оңбаған Тельман, жаныма сенің салған жараңды жазайын деп ішемін... Өмірімнің сен улаған уытын қайтарайын деп ішемін мен... Сен жұтатқан жанымды жұбатайын деп ішемін мен... Шерлі көңілімнің қалың қайғысының қара бұлтын тар-қатайын деп ішемін мен... Әй, әй... оңбаған сен соны білесің бе?! Білесің бе?!.

Күні бойы ішкен арақтың уытынан аш өзегі талып, әлсіреп барып Жұмабек сол жатқан орнында ұйықтап қалған болатын. Сонан кейін мұнда ешкімнің шаруасы болған жоқ еді. Құлаған жерінде ұйықтап жатып қалатындығы күндегі дағдысына айналғандықтан да өркім өзінің күйбең тіршілігінің қамымен кете барды. Түнгі салқыннан денесі қалтырап, дірдектеп барып оянған Жұмабек есін жиғанда, біраз малды тиетіп алған Тельманның керуені Көкшетаудағы ет комбинатының алдына келіп ат басын тіреп те жатқан болтын...

Арлыға арсыздың күле қарайтын күні де туып, адам баласының ары да, қолындағы бары да базардағы саудаға түсіп жүре берген кезеңдерде көптің игілігін иемденіп кеткендер кеудесімен көк тіреп шыға келген. Жанына да барғызбайтын, жонынан да ұстатпайтын сол көкіректерілдердің бітеліп қалған көкірек көздері ашылар ма екен, шіркін?!. Ашыла қалса ше?!. Онда олар ең әуелі билік пен байлық атаулыны бір өзінің уысына ғана жинап алудың қамымен жүріп, қаншама бейбақты жылатып кетіп жатқандарын байқар еді-ау! Адамның араны ашылып кеткен замана дүниесінің адалын да, арамын да қылғытып жұтып жатқан қомағай жандар бір тояр күн де туар ма екен, шіркін?!

Биік төбенің басында жалғыз өзі ғана отырған Жанат осы бір түпсіз терең ой әлемінің шылауына шырматылып, жанына келген Жұмабекті де аңдамады.

– Аға, – дегенде барып селт еткен.

– Әу, жаратқаным, не дейсің?..

– Аға, мен тағы да іштім. Аға, мен тағы да маспын! Күйіп барамын! Күйдірді ғой бұлар мені!

– Қой, қой, айналайын! Сабыр... сабыр. Күйетіндей, жарқыным-ау, не болып қалды осы саған?

– Маған ба?.. Е, аға, сіз білмейсіз. Ғой, білмейсіз... Сіз онда ана жақта жүргенсіз әлі... Түрмеде болатынсыз... Сіз білмейсіз ғой, – дегенді масандау үнмен қайталаумен болған Жұмабек біресе қыстығып, біресе еңіреп жыласын-ай келіп...

– Қой, айналайын, бәрі де бір Алланың ісі де!

Бейшара жанды сабырға шақырған Жанатқа ол болса, өңменіңді тесіп жіберердей өткір көздерімен қараған.

– Алланың ісі дейсіз бе?! Сіздің әйеліңіздің қыс ішінде жол үстінде босанып, қансырап өлгені де Алланың ісі ме, ә?! Сол жолы туған жалғыз ұлыңыздың тілеуін тілеп, осы жасыңыздың біразын түрмеде, ендігісін бір үйде бір өзіңіз жалғыз өткізіп жатқаныңыз да Алланың ісі ме?! Алла неге қатал болды мына сіз бен маған?! Айтыңызшы, айтыңызшы, аға!

– Қой, қой айналайын, жарылқаймын десе Алланың рахымы мол ғой! Сабыр... сабыр... шырағым!

Ботадай боздап жылаған Жұмабектің тап қазір жан дүниесін арақтың уыты емес, өмірдің өз уы ойып бара жатқан болатын. Және де сол уды да сол бейбақтың тағдыр талқанына аяусыз сепкен пенденің жер басып тірі жүргені-ақ күйдіреді.

Тұзы ыққан тағдырының кермек дәмін татып жүрген Жұмабектің басынан өткен жайды Жанат түрмеден босап ыққаннан соң осы елден еміс-еміс естіп еді.

Ол жылдары ауыл үйдің іргесіне дейін жыртылып, тұқым салынған егістікке жаз жауынды болып, астық бітік ықса болды, басшылар жағынан Мәскеуден алатын жаңа ордендерін қадау үшін күздің қара басынан-ақ бір-бірден жаңа костюм-шалбар сатып алып қоюлары айнымайтын дағдыларына айналған еді. Науқаннан қолы босай қалған қалтарыс бір сәтте Тельман да іргедегі Көкшетауға машинамен жүгіртіп барып, қаланың көп дүкендерінің

бірінен жап-жаңа сұр костюм-шалбар сатып алып, облыс орталығынан шыға бергенінде, тас жолдың айрығында тұрған бір әйел қол көтерген. Тани кетті. Өз совхозының комбайншысы Жұмабектің әйелі Шолпан екен. Директордың “Уазигіне” міне беріп, машинаның жүргізушісі бастықтың өзі екенін байқап қалған жас келін-шектің екі беті ду ете түскен.

– Аға, кешіріңіз, тоқтатқаным! Қалаға дөрігерге көрінуге келіп едім, автобустан қалып қойыппын. Елден біреу-міреу жолығар деп жолға шығып едім...

– Оқасы жоқ! Жолымда тап сіздей әдемі әрі сұлу, өзі жас келіншектер кездесе берсе, менің де ісімнің оңғарылғаны!

Жеңіл машинаның артқы орындығында үріккен еліктей болып отырған Шолпанға Тельман мойнын бұрып, күлімсірей жауап берді. Көңілі көл болып, масайрап келе жатқан дирек-тордың жанына бір желік кіргені анық еді. Жымындап қояды, біресе ыңылдап әндетіп, маңдай тұсындағы айнадан Шолпан-ның ұялғаны мен сасқанынан алабұртып, қызара түскен жүзі-нен көзін алмай келе жатқан Тельманды бір құмарлық биледі. Бойындағы нәпсі құмарлығымен бірге Жұмабекке деген кеу-десінде біраздан бері бұғып жатқан кек оты бірге тұтанып ала жөнелді.

– Сенің қаншығыңды мен бір көрейін!

Бір тал қылға ілініп жаратылған адам тағдырын үзіп түсер осы бір ойға бекінген Тельман қанын ішіне тартып ала қойды.

– Сенің қаншығыңды мен бір көрейін!..

Осы бір қиянатқа жетелеген сайтан ойымен алысып, қаны қарайған Тельман машинаның жүрісін де үдете түсті. Жолындағы барлық машина атаулыны басып озып, ерсілік-қарсылы ағылған сан түрлі көліктердің ара-арасымен зулап келеді. Біріне болмаса біріне қақтығысып қаламын-ау деген ой болсайшы өзінде. Тельманның біртоға момын Жұмабекке осыншалықты кектенуінің әріде жатқан'сырын айтуға айтар ауыз киналар еді. Бәрі де директордың үйіндегі ақ қаншық

итінен басталған болатын. Тельманның қазір Алматыда тұрып жатқан жалғыз ұлының туған күніне деп іргедегі Омбы қаласынан орыс жолдастары салпаңдаған екі кұлағы жерге тиюге сөл-ақ қалған сүп-сүйкімді ақ күшікті сыйлаған. Тельман мен Зүлфия ұлына ат мінгізгеннен бетер қуанған бұл сыйлыққа.

– Бұл анау-мынау күшік емес! Соны біліп қойындар, – деді қолындағы арақ толы стақанын ерсілі-қарсылы шайқап сөйлеп тұрған ұзынтыра Николай. – Бұл тек ағылшын аристократтары мен Ұлыбританияның ханзадасы ғана ұстайтын иттің тұқымынан... Несін айтасыз, ұзынтыра орыс жаңағы ақ күшіктің жаралған сідігінің ата-тегін тізбелеп, олардың қай елдің көрмелерінде болып, қандай медаль, алқа алғандарын айт-қанда, дастархан басында отырғандардың аузынан сілекейлері шұбырған. Мұндай текті итке және де кім көрінгеннің қолдары жете бермейтіндігі бар екен. Тіпті бөлен мыңдаған ақшаңды санап беріп те қолға түсіре алмайтыны бар екендігін айтып, Николай Тельманның қолына сол ақ күшіктің ата-тегі тіркелген кітапшаны да ұстатқан.

– Бірақ, байқаңыз, Тельман Ерденович! Сіздей ұлы адамның баласына сыйлап тұрған бұл текті күшікті... қазақтардың көшеде қаңғырып жүрген бұралқы жаман иттері не-тіп... өлгі ұйлықтырып кетіп жүрмесін. Мұның ұйлығытын кезінде өзіміз Омбыға алып барып, текті бір асыл тұқымды итті таңдап отырып, ұйлықтырып береміз...

Сол ақ күшік Тельманның отбасының бір мүшесіндей болып кеткен еді. Шаруашылықтың өзінің шұжық цехында күн сайын жасалып жататын дәмді шұжыққа екінің бірінің қолы жете бермесе де, директордың ақ күшігінің күн сайынғы сыбағасын бас зоотехниктің өзі әкеліп, тастап кетіп жүретін. Соны жеп қыс бойы жылы үйде, жылы төсек үстінде жатып бой алып өскен ақ күшік көктем шыға, далаға шыққысы келіп, босағаны тырмалап қыңсылап тұрып алатынды шығарды. Мұның енді күшік емес, жаратылыстың күйіне түсіп қаншық болып қыңсылап жүргенін ұққан

болатын Тельман. Егіс жұмыстарын бірыңғайлап алысымен ақ қаншықты Омбыға алып барып, Николай досының текті төбеттеріне қосып келмекші болды. Ауылдың шаруасы біткен бе? Тельман өне-мінемен жүргенде ақ қаншық жай жабыла салған үй есігін тырналап ашып, далаға босап шығып кеткен. Аяғының астынан жылымшылап аққан қар суын еппен басып, есік алдындағы көрінген ағаш бұтағын иіскелеп тұрған ақ қаншықтың жанына дәу төбет келе қалған. Табиғаты тілеп тұрғанынан бас тарта қоймаған ақ қаншықты бұл осы ауылдың директорының және мұның асыл тұқымды бір тұқымнан жаралғанын да, мұндайды тек ағылшынның ақсүйектері мен ханзадасы ғана ұстайтын тектілігін қыс бойы ауыл үйдің сойып жеген соғым етінің сүйегін кеміріп шыққан Жұмабектің қазақы сарыала төбеті ғана елеген жоқ..

Сол күннің кешінде егіс басынан кеш келген Жұмабекті Тельман кеңсесіне шақыртып алған.

– Әкеңнің аузын... сенің жаман төбетің менің породистый қаншығыма артылатындай сен кім едің өзің?..

– Ойбай-ау, таксыр-ау, итгің аты ит емес пе енді, менің жазығым не? – деген Жұмабек әуелде сабыр сақтап.

Екі көзі қанталап кеткен Тельманның ашуы жуыр маңда басылар емес.

– Бұл мені қорлауың, әрбірден соң менің бүкіл семьямды қорлауың, – деді Тельман аптығып. – Итіңді де, соған қоса өзінді де атып тастаймын қазір...

– Ойбай-ау, таксыр-ау, енді бір ит үшін атып тастасаңыз, көндік оныңызға да...

– Атамын... атамын!.. Ал, не қыласың маған, – деп өбден есіріп алған Тельман кабинеттің бұрышында тұрған темір сейфті ашып жіберіп, қос ауыз мылтықты суырып алды да, қарсы алдында тұрған Жұмабекке кезенген.

– А-ата-мын!.. А-ата-мын қазір!

Үні дірілдеп, қолы қалтырап, ашудан булыққан Тельманның қолындағы қос ауыз мылтыққа Жұмабек мысықша атылып барып, жармаса кетті. Жандәрменде мұндайды күтпеген директор сасқалақтап, абдырап қалды. Соны

пайдаланған Жұмабек Тельманның қолындағы қос ауыз мылтықты жұлып алды. Жалма-жан ұңғысындағы жалғыз оқты суырып алып Тельманға жіберіп қалды да, қос ауызды сденге бір салып, ор-тасынан қақ бөлді де Жұмабек есікке ұмтылды. Ашуға мінген ол да жай кете қоймады.

– Директордың қаншығы қалай болады екен, соны көргісі келген ғой біздікі!..., деп мырс-мырс етіп Тельманның жан-ды жеріне шоқ тастай пықты.

– Сенің қаншығыңды мен бір көрейін!..

Хайуан санасын осы бір ой ғана билеген Тельман әлден уақытта зулаған машинасын кілт бұрды да, үлкен тас жолдан шығып, даланың сүрлеу жолымен жүріп барып қайыңды шоқ-қа кіріп барып тоқтаған.

– Аға! Аға, не болды? Қайда келдіңіз? Бұл араға неге тоқтадыңыз?

Қорқыныштан қалтырап, жүрегі аузына тығылған Шолпан бір сұмдықтың қармағына түскенін сезіп, жылап жіберді.

– Аға, аға, деймін...

Машинасының артқы есігін ашып жіберіп, өн бойы үрейден дірілдеп,қыстығып жылап отырған Шолпанды қарулы қолдарымен машинадан жұлып алған Тельман оның шырылдағанына да ешбір қараған жоқ. Жас келіншекті бүріп әкетіп барады.

– Аға, аға деймін... Менің аяғым ауыр! Естисіз бе, аға, менің аяғым ауыр!.. Қойыңызшы, құдай үшін, қойыңызшы!.. Аяғым ауыр... аяғым ауыр... Жан дауысы шығып пыңғырыпта, қол-аяғын сермеп те арын қорғаған Шолпан өзінің үстіне қара терге малшынған қара жүректің төніп, иі қанбай былжыраған көн терідей қолдарымен үстіндегі жұқа көйлегінің омы-рауын дыр еткізіп айырып, жыртып жіберген сәтте талькси берген еді...

Денесі қалтырап тоңып жатып көзін ашқанда, тылсым бір қою қараңғылық арасынан сақ-сақ етіп күлген әлде біреу-лердің дауысын құлағы шалды. Жалма-жан дал-дүл болған көйлегінің етегін жауып, ашық қалған омырауын қос қолымен бүркемелей берген сорлы әйел жатқан орнынан

атып тұрып, жан дауысы шыға шыңғырып, қаша жөнелді. Біресе еңіреп, біресе шырылдап жылаған бейшараның зар үнін естуге дөті шыдамағандай ай да қою қара бұлттын арасына қорғаланып барып жасырына берді. Сол бір түннің жабылып қалған түн-дігіндей болып Шолпан қайрадан өз ақыл-есін жия алмады.

Келесі күні таң сібірлеп атқан шақта үсті-басы алба-жұлба әлдебір әйелдің тас жолмен өтіп бара жатқан көрінген машинаға тас атып, соларды біресе қуып, біресе қашып, біресе жылап, біресе жан дауысы шығып шыңғырып жүргенін көрген болатын талайлар. Құдайға қараған біреулері сорлы әйелдің қуып жүріп, ұстап алып жындыханаға тапсырып кеткен. Бұл – Шолпан еді.

– Аяғым ауыр... аяғым ауыр...

Осы бір екі ауыз сөзді ғана қайталаумен жындыхананың тар бөлмесінің бір бұрышына тығылып, бүрісіп отырған қалпы жан күйзелісінен ол да күйіп кетті...

– Алланың ісі дейсіз бе?! Аға, рас,бөрі де Алланың ісі ме?!.

– Иә, шырағым, Алланың мейірімі де, шапағаты да, қарнары да жетеді ғой өз пенделеріне. Сабыр... сабыр, қарғам...

Адам баласынан қиянат көрсе де ғұмыры мен үміті қиылмаған Жанат өзегін өртеген өкініші, қайғысы мен ызасы-ның отын заманының зәр суымен өшіргісі келіп жүрген Жұма-бек бейбаққа ауыл шетіндегі биік төбе басында ұзақ отырып бұл дүние мен ол дүниенің растығы мен жалғандығы туралы ұзақ бір әңгіме бастаған. Сол ақиқат пен жалғандықтың ара жігін көрсетіп берейін дегендей күні бойы ең даланы ыстық аптабымен қуырып, жарық та нұрлы сәулесіне шомылдырған күн көзі де жер өлемнің бір жиегіне батып барып, көзден ға-йып болды. Қос бейбақты қара көлеңкелі құшағына қалды-рып кетіп бара жатқан күннің қызыл жалқынды шапағаты тарасымен

Жанат орнынан тұрып: – Қой, ұзақ отырып қалыппыз-ау зі! Мен дәретімді алып құтпан намазын оқиын, – деп олындағы жез құманын ұстап төбенің етегіне түсе берді.

– Қорылыңа болайын сенің!..

Сүт пісірім уақыт болар-болмастан қорылға басып, қа-ның ұйқыға кеткен Жұмабекке Жанат мейірлене қарады. Цыр айналған жер жиегінің күн батқан жақ қарама-қарсы еткейі-нен көтеріліп келе жатқан сүттей мөлдір ай сәулесі үсіп тұрған Жұмабектің қоңырқай өңінен қайғы салған қара ақ өшіп кеткендей нұрлы жүзінде сәбиге ғана төн төтті ір пәктіктің жылы бір табы бар еді.

– Е, жаратқан ием! Жарылқай гөр өз пенделеріңді, – еп терең бір күрсінді де, сол бір тілеуімен намазына тұрып, зан шақырды.

Сүттей аппақ дүние өлемінің ұйып бара жатқан мына ырайын ұйықтап жатқан Жұмабектің жан-ұшыра ыңғырып оянғаны бұзып жіберді.

Намазын оқып болып, жайнамазын енді ғана жинай бер-ен Жанаттың өн бойы қалтырап, тітіркеніп жүре берді.

– Бисмиллаһи, бисмиллаһи! Жын қағып кетті ме сорлы-ы?!.

Еппеп басып, құбыла бетке барып қалған айға қарап, азан тақырғандай болып, қос қолын көтеріп тұрған Жұма-бекке аяған.

– О не, жарқыным?! Шошып ояның ғой өзің...

– ?!

– Аға, құманыңызды беріңізші, мен де дәретімді алайын. Құтпан намазын тағы бір қайырайықшы!

– Е, жарқыным, жарайды... жарайды... Құтпан намазын амырт үйірілгеннен бастап таң арайланғанға дейін оқи еруге болады, – деуге ғана шамасы келген Жанат жаратқан есінің мына бір күдіретті амалын көріп, тағы бір тәубесіне елген-ді. Аспан астының тұтасып жатқан қараңғылығы мен жарық сәулесінің ара жігі айырылғанша құтпан намазын үш-әрт мәрте қайырған төңірінің қос пендесі сол биік төбенің асына қайра қисайған.

– Ертеде... сонау бір жылдары осы төбенің үстінде не болғанын білесің бе? – деді Жанат жанында үнсіз жатқан Жұмабекке.

– Жоқ, аға, білмеймін ғой оны!

– Біліп қой, балам, бұл арада менің атам, Жаңабатыр қажының көк мешіті тұрған.

– Иә... иә... есіме жаңа түсіп жатыр, Ақәжем көзіне жас алып айтып отыратын соны.

– Сенің Ақәжең жарықтық, иманды болғай, бір қасиетті адам еді ғой. Білесің бе, сен соны?!

– Жоқ, аға, білмеймін... білмеймін.

– Біліп қой, балам, сенің Ақәжең Марал ишанның қызы еді ғой!..

– Марал ишан дейсіз бе?..

– Осы төбенің басындағы менің әкемнің көк мешітінің күмбезін жаңа үкімет құрған дінсіздер балталап құлатқан заман болған... Сол заманның сорынан қашқан Марал ишан Сырдарияның бойына қашып барып, жан сауғалаған. Жарықтыққа топырақ та сол арадан бұйырды. Қазір сол бабамыздың басына түнеп, тілек тілеп, тағзым ететіндерден бейіт басы арылмайды дейді. Жарықтығым-ай!..

Үнсіз қалған екеудің онан әргі әңгімесін енді-енді атар ақ таңның хабаршысы, даланың бозторғайлары жалғастырған.

– Аға, ұйықтаған жоқсыз ба?

Әлден уақытта Жұмабек тағы да әңгіме бастаған.

– Балам-ау, бүгін маған ұйқы қайдан келсін?!

– Мана неге шошып оянғанымды айтайын ба сізге?!

– Е, айтқың келсе айта ғой, шырағым!

– Мана деймін, үсті-басы аппақ ұзын бойлы бір қария келіп, қол-аяғымды тырп еткізбей басып отырып, аузыма ыс-тық бір дем салды. Оттай шарпыған сол ыстық демнен түн-шығып бара жатып оянып кеттім. Намазға түр қазір, – деді де өзі көз алдымнан ғайып болып кетті. Соны Марал ишан ба деймін!

– Е, жарықтығым-ай, болса болар, балам! Сені айықты-

рып, кеудене құйып кеткен екен ғой бәрін... Жолың оңғарылар енді, тәңір жазса!

Жанында ояу жатқан Жұмабекке Жанат біраз аманат іс тапсырды.

– Есің бар баласың ғой, – деді ол әуелі. – Мына араға менің атам Жаңабатыр қажының көк мешітін әлгі балам, Ер-ұланымды айтамын ... сол қайра тұрғызбақшы. Ертен ол да келеді Алла жазса! Жанында бір араб досы бар дей ме, сол мол қаржы бөліп бермекші екен. Сол мешітке сен ие бол, айна-лайын! Өзім-ақ ие болып отырар едім, әлгі бала өмір бойы жалғыз отырғаның жетеді енді деп болар емес. Мені өзі қыз-мет істеп жүрген қазіргі жері Мекке-Мәдинаға алып кетпекші осы жолы.

– Барыңыз, аға, барыңыз!

– Өзім де бармақшымын. Ендігі қалған ғұмырым өз әулетімнің соңғы бір тұяғының тілеуін тілеумен, соның жанында өтсін деп отырмын. Таң шығымен қайра тазарып, қайра шығып келе жатқан жаңа бір күн шапағына нұрлана малынып оянып келе жатқан дүние базардың сайранды тағы бір тірші-лігі басталды. Сол тіршіліктің әр қиырынан тарам-тарам тар-тылған жолдармен Аралағашқа сол елдің ұл-қыздары келген улап-шулап. Жанаттың Ерұланы да жанында араб досы бар, ата жұртымен, әкесімен сағына қауышқан. Иіріліп, өздерін тосып тұрған елінің кәрі-жасына сәлемін берді де, Ерұлан барлық аралағаштықтарды бастап алып барып, ауыл шетіндегі қорымдағы аруақтарға арнап құран оқыды. Өзіне мына жарық дүниені қиып, өмір беріп кеткен анасы Раузаның да басына келіп, ана қабірінің бір уыс топырағын иіскеп, бұл ел бұрын-сонды ести қоймаған адам баласының сай-сүйегін сырқыра-тар мақаммен құранның ұзақ бір сүресін оқып, ғазиз анасы-ның рухына бағыштай отырып, жүрегіндегі мұң мен наланың салмағын көтере алмай бірде жұмылып, бірде ашылып дір-дір етіп тұрған кірпіктерінің арасынан үзіліп түсіп... үзіліп түсіп отырған көз жасына ие бола алмаған. Күнәсінен арылып жатқан пенделері басып жүрген жер ананы да бір тазартып

алайыншы дегендей осы сәтте ақ жауын да бүркіп өтті. Көп дайындық жасап, ұзақ тосқан бұл кездесуге осы ауылдың бір тумасы – Тельман ғана қатыса алмады. Туған ауылына келмейін деген ниеті жоқ еді, бар жақсыларын үстеріне киіп, бар асылдарын тағынып жолға шыққан Тельман мен Зүлфияны тәңір иесі жетер жерлеріне жеткізбеді. Көтеріліп барып піскен көңілінің тоқмейіл күйімен үлкен шапшаңдықпен зулатып келе жатқан шет елдік машина кенеттен Тельманның басқаруына ырық бермей, ерсілік-қарсылы жыландай ирелендеп тас жолдан шығып кетіп, бір аунап, бір төңікеріліп барып шоқ қайыңға соғылған. Бет-аузын қан жауып жатып көзін ашқан Тельман сол шоқ қайыңның арасынан «Аға, қойыңызшы, құдай үшін қойыңызшы! Аяғым ауыр... аяғым ауыр» деп бірде жылап, бірде шыңғырып зар илеген Шолпанның аянышты үнін құлағы шалғанды.

... Тельман мен Зүлфияның жол үстінде апаттан қаза болғандарын аралағаштықтар тойлары тарқаған күннің ертісіне естіді.

БҰЛТТЫ ТҮНГІ ТОЛҒАН АЙ

ТРАГЕДИЯЛЫҚ ХИКАЯТ

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Бибіжан – қарт ана.

Байбек Жұмажанов – Бибіжанның ұлы.

Үміт – Бибіжанның келіні.

Майқы Әлиев – ауыл Совет төрағасы.

Бәтжан – Майқының әйелі.

Ерқасым Рахманов – колхоз басқармасы.

Бұғыбай Шалабаев – соғыстан жараланып оралған
жауынгер.

Төлеубай Наркенов – аудандық сот төрағасы.

Жексенбай Қарасартов – НКВД тергеушісі.

Манақ Зәкіров – милиция қызметкері.

Бесіктегі бала.

Ауыл адамдары, қарттар, әйелдер.

I көрініс

Жұпыны үй. Жүдеу тіршілік. Төрде төсек тартып қарт ана жатыр. Бұл – Бибіжан. Ұлы Отан соғысы аяқталғанына біраз болса да, қарт ананың майданға кеткен бес ұлының біреуі ғана оралған. Төртеуінен әзірге еш хабар жоқ. Ыңырсып, сөйленіп жатыр. Қолындағы таяғымен төсегінің бас жағында тұрған бесікті тербетіп қояды.

Бибіжан: Әй, бармысың біреуің?! Қайсың барсындар?! Жолға шығып қарап келіндерші! Барындаршы енді, құлындарымның біреуі келе жатқан жоқ па екен?! (Үнсіздік).

Әй, бардыңдар ма? Қарадыңдар ма, көрінбей ме екен, құлындарым?! Қайғы басып, жатып қалмасам, сендерге жалынар ма едім шіркін?! (Басын көтеріп, отырады).

Уһ... А, құдайым-ай! Бір көруге зарықтырып қойғанын не құлындарымды?!

Соғыс бітті ғой! Құлындарым-ай, қайдасындар, қайда жүрсіндер?! *(Азаланған жан күйігімен)*.

Шалқыған шалқар дүние-ай... суалайын десең шөл екенсің! Жайнаған жарық дүние-ай... тартылайын десең көл екенсің! Бастағы бақ... үркейін десең пырақтай, сөнейін десең шырақтай екенсің!.. *(Үйге Бұғыбай кіреді)*.

Бибіжан: *(елеңдеп)* – Бұл қайсың, әй?! Мұқатпысың?.. Нұрғалимысың?! Нәбікенбісің?! Қинаятпысың?! Құлындарым -ай, қайсың келіп қалдыңдар?!

Бұғыбай: Бұл – мен, Бұғыбаймын ғой апа!

Бибіжан: Е, сенсің бе, шырағым?! Құлындарымның біреуі болмаса біреуі келіп қалды ма десем... *(Үнсіздік)* Айналайын-ай, жараң жазылып келе ме әйтеуір?! Анада қатты бір сырқаттанып қалды деп еді өзінді. Шүкір болдың ба?

Бұғыбай: Шүкірмін, апа, шүкірмін! Үйде жалғызсыз ба, апа? Әлгі Байбек пен Үміт қайда?

Бибіжан: Неге жалғыз болайын? Ананы көрмейсің бе, пысылдап ұйықтап жатқанды? *(Бесікті нұсқайды)* Келін мен бала егістікке астық соғуға кеткен. Оларды үйде отырғыза ма, колхозыңның бастықтары?

Бұғыбай: Апа, үйде жалғызсыз ба?

Бибіжан: Ой, құлыным-ай, жалғызбын... жалғызбын ... Қайра-қайра сұрай бердің ғой...жалғызбын... Ана бесікте жатқан сөби болмаса жалғызбын, айналайын...

Бұғыбай: Апа! Апа-ау, мен неге соғыста өліп қана қалмадым екен!..

Бибіжан: Астапыралла! Тек, күнім, олай деме? Амансау оралғаныңның өзі бақыт қой. Жараң күні ертең-ақ жазылып кетеді айналайын...

Бұғыбай: Жоқ, апа! Мен сол соғыста өліп қалуым керек еді. *(Егіліп жылайды)*.

Бибіжан: Тек, айналайын, осыншама қиналып, күйзелетіндей не болды?!

Бұғыбай: Жоқ, апа! Жоқ!.. Кеудесіне қорғасын оқ қа-

далып, жан тәсілім еткен талайлардан мен артық па едім! Немістің қаңғыған бір оғы келіп, мына жүрегіме келіп қадалғанда бар ғой, мен күнде бір қазіргі мына азапты көрмес едім-ау! Мына аяғымды қара саннан жұлып әкеткен, атаңа нәлет, сол снаряд мына менің иығымдағы сорлы басымды неге ғана жұлып әкетпеді екен?!

(Егіс басынан Майбек пен Үміт оралады).

Байбек: А, Бұғыбай, сенбісің, бой қалай?

Үміт: Қайным-ау, тәуір болдың ба, әйтеуір? Қабағында кірбің тұрғаны несі? Уайымдай берме. Күні ертең-ақ тәуір болып кетесің.

Бибіжан: Бұл айналайынға мен де соны айтып отырмын. Қайтсін-ай, байғұс, ана-мынаны ойлап қиялданады да... Тән жарасы жазылар-ау, жан жарасының азабын тартқызбасын де...

Үміт: Қойшы, апа! Сіз тағы да сары уайымға салынайын деп отырсыз ғой...

Бибіжан: Е, қарағым-ай, соғыстан әлі оралмаған ана төр-теуінің, төрт ұлымның қайғысынан сарғаймақ түгілі, солып бара жатырмын ғой... солып... Тек соларды бір сәт қана көріп, “Апа” деген бір ауыз сөздерін естіп барып, өліп кетсем жарар еді!..

Үміт: Қойшы, апа! Біз қойын-қоншымызға тығып бір азырақ бидай әкелдік! Онан да соны қуырып, шәй ішіп, бір жайланайықшы! Мына қайным да шәй ішіп кетсін.

(Байбек пен Үміт етіктерінің қоныштарына, қалталарына, қойындарына тығып әкелген бидайларын ыдысқа төге бастайды)...

Бұғыбай: *(Орнынан тұрады)* Әй, Байбек! Әй, Үміт! Сендер мына бидайды бекер әкелдіңдер! Әй, бекер... бекер әкелдіңдер! *(жылайды)*. Бекер...бекер...әкелдіңдер!

Үміт: *(таңданған үнмен)* Қайным-ау, не болған саған осыншама бордай егіліп?! Бар болғаны бір шелек толар-толмас, суы ағып тұрған осы бір қара бидай үшін бізді айдаттырып жіберер деймісің?! Қазір-ақ тыға саламын ғой... Қой, не тұрыс бар. Мен қазандыққа от жағайын. Шай қайнаған

кезде әлгі келіншектер де келіп қалар. Бәрі де егіс басынан қалжы-рап қайтты ғой, белдерін бір жазып, қуырған бидай жеп отыр-мақпы едік... *(Шығып кетеді)*.

Байбек: Бұғыбай, осы сені ауданға жиі шақырады деп естимін. Жайшылық па?

Бұғыбай: *(кекесінді, ашынған үнмен)* Жай шақыра ма екен бұлар? Мына ауданның шаруасы қараң қалып барады... Соны түзе, сол үшін ауданның райкомына хатшы бол деп жатыр маған...

Байбек: *(аңқылдап)* Әп, бәрекелді! Райкомға хатшы бол десе несі бар?! Бұрынғы хатшылар сенен артық болды дейсің бе?

Бұғыбай: Кеммін ғой мен, кеммін ғой олардан!.. Бұрынғы хатшылардың өзгесі кем болса да, әйтеуір аяқтары түгел болатын... Бір аяғы жоқ маған аудандарыңды басқартып қойсаңдар, талай-талай екі аяқты хатшыларың басқарғанда оңға баспаған істерің, сыңар аяқпен жүріп мен басқарғаннан кейін оңалып, шаруаларың төрт аяғынан тік тұрып кетер деймісің?! Жай шақыртады да...

II көрініс

Аудандық НКВД-ның кеңсесі. Төрде – Сталиннің портреті. Кеңседе отырғандардың қабақтары қатулы, бойларында үрей бар. Жеке орындықта Бұғыбай отыр.

Жексенбай: Так, жолдас Бұғыбай Шалабаев!.. Сіз бар ғой өткендегі бір жауабыңызда: “мен Отан үшін, Сталин жолдас үшін адал соғысып қайттым”, – демеп пе едіңіз?..

Бұғыбай: Иә, солай дегенмін... Ақиқаты да сол ғой енді, жолдас тергеуші! Міне, бір аяғымды да беріп кеттім емес пе?!

Жексенбай: Кімге беріп кеттің соңда ол аяғыңды?

Бұғыбай: *(абдырап)* Енді Отанға... Сталин жолдасқа...
(Бәрі күледі де, тез ширыға қалады)

Бұғыбай: *(әбден сасқалақтап)* Қайдан білейін енді?! Қалды ғой Сталинград майданында...

Жексенбай: *(ақырып)* Сен Отан мен Сталин жолдасты снді осылай мазақ еткің келді ғой, ә! Не, сонда, Отан сенің аяғыңды отқа жағып жылынды дейсің бе? Әлде Сталин жолдас... *(сәл үнсіздік)*.

Көне, сот төрағасы, Төлеубай Наркенович, Сіз айтыңызшы, мынаның *(Бұғыбайдың маңдайына сұқ саусағын қадап)* мына сөзі үшін-ақ бұған неше жыл беруге болар еді?

Төлеубай: РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-ші статьясы бойынша ату жазасы, болмаса, 25 жылға бас еркінен айырып, соттауға әбден болар еді.

Манақ: *(орнынан атып тұрып)* Абақтыға апарып жауып қоя тұрайын ба өзін?!

Жексенбай: Па, шіркін! Жасасын Совет милициясы! Сендер, әйтеуір, қамауға келгенде қатырасыңдар! О жағынан молодецсіңдер енді! Ал, маған мұны қамаудан бұрын...бұған анау аяғын жау снарядының жүлмағандығын... өйтеуір, жа-ным аман қалса болды деген арам ниетпен... өз аяғын танкінің астына өзі салғанын мойындатуым керек...

Бұғыбай: Әй, Жексенбай! *(отырған орнынан тұрады)* Жабар жалаң жағар күйең енді осы ма еді?! Талай дананы да, талай баланы да, талай қатынды да Совет үкіметінің жауы деп жазықсыз айдатып, жазықсыз атқызып, талайларының обалына қалғаның аз ба еді сенің? Совет үкіметінің ел ішіндегі жау-лары елдің жылы-жұмсағын жей жүріп, әлі жойып бітіре алмап па едің?! Ал, мен сол Совет үкіметінің жауларын қан кешіп жүріп, жеңіп келген жауынгермін! Сен сияқты қотанда жүріп, елдегі қатын-қалашқа қоқандап, біресе алты атармен қорқытып, біресе айдатамын деп қорқытып, біреудің қан жылаған жесірінің қойнына барып, дүниені арамдаған жоқпын. Көкейінде қандай арам ой, арам пиғыл жатқанын білмеймін мен. Әйтеуір, өзіме аян, қара саннан жұлынып түскен... қызыл қаны шапшыған аяғымның жығылмай... жау жақ бетке қарай жүгіріп бара жатқанын

еміс-еміс көріп, есімнен танып түскенім бар еді. Әй, Жексенбай, күйдірдің-ау! Төнімнен ажыраса да, үзіліп түссе де жүгіріп бара жатқан сол сыңар аяғымның, шапшыған қызыл қанымның киесі атсын сені!

Ал, нені мойындайын? Жаз енді андағы қағазыңа! Иә, мен қайтсем жанымды аман алып қаламын деп өз аяғымды өзім кестім. Кесуден қорқатын мен емес. Бала кезімде бір жерімді қожа кескенінде де қыңқ еткен жоқ едім, сол қыңқ етпестен аяғымды да өзім кесіп алып, сол арадағы иттерге тастап кеткенмін...

Жексенбай: *(ашулы, қатулы үнімен)* Қысқарт, тарт тілінді! Иттерің кім сенің сондағы айтып отырған?! Мана ғана аяғымды Отан үшін, Сталин жолдас үшін беріп кеттім деп едің?! Сонда сен Отанымызды, Сталин жолдасты итке теңеп отырсың ғой!

Бұғыбай: Қалай ойласаң, олай ойла! Кескенім бар, айтқаным бар, статьяңа сай келіп жатса... не атқызып, не айдағып жіберсеңші тезірек!

Жексенбай: *(бір бұрышта бұғып, зәшелері кетіп отырған колхоз басқармасы мен ауыл Совет төрағасының алдына келеді. Олар орындарынан ұшып тұрады).* Так, жолдас колхоз басқармасы мен ауыл Совет!

Майқы, Ерқасым: *(екеуі қосарланып)* Иә...иә...сізді тыңдап тұрмыз...

Жексенбай: *(кекшіл әрі зілді үнмен)* Иә, кәне, қай жерлеріңмен тыңдап тұрсыңдар.

Майқы: *(сасқалақтаған үнмен)* Енді...әлгі қай жермен тыңдаушы еді... сол жермен тыңдап тұрмыз да...

Ерқасым: О не дегеніңіз! Құлағымызбен, міне мына құлағымызбен тыңдап тұрмыз!

Жексенбай: Жарайды, біреуің құлағыңмен, біреуің ана жеріңмен тыңдап тұрсаңдар, бұлай енді... мынаның *(Бұғыбайды нұсқайды)* жаңағы сөзі үшін де, соғыста жасаған ісі үшін де екеуің де жауапқа тартыласыңдар. Понимаешь, бұл бір аяғың бұлдап, әңгір таяқ орнатып отыр. Бұл, біле білсе, Советтік Отан үшін, Сталин жолдас үшін аяғың емес... жанын беріп келуі керек еді ғой, а!

Майқы, Ерқасым: *(тағы да жарыса)* Дұрыс айтасыз... өте дұрыс айтасыз... Тауып айттыңыз... Бұл шын отаншыл, шын сталиншіл болса, жанын беріп қайтуы керек еді, әрине!..

Бұғыбай: Әй, әлі де кеш емес! Отаншыл екендіктерің рас болса, осы тұрған өздерің сол Сталин жолдасқа кеуделеріңдегі жандарыңды қолдарыңнан өздерің-ақ неге апарып бермейсіңдер?!

Ерқасым, Майқы: *(Бұғыбай тап береді)* А, атаңа нәлет, құрттың ғой бізді! Құрттың-ау, құрттың-ау!..

Бұғыбай: *(алысып жатып)* Әлі құрымассыңдар сендер! Басқа шығып алған балақтағы биттер... сендер көпсіңдер ғой, тым көпсіңдер! Арам жеп әбден тойынып алдыңдар ғой... Әзірге құрымассыңдар! Тойынып алған сендерді әзірге сорлы бастан түсіру де оңай болмас!..

Жексенбай: *(алты атарын қолына ұстап)* Хватит сволочи! Қазір бәріңді де жайратып саламын!

(Шошып кеткен Ерқасым мен Майқы тік тұра қалады, Бұғыбай балдағына қарай еңбектейді. Сол арада Жексенбай аяғымен Бұғыбайдың басын жерге тұқыртады. Колхоз басқармасы мен ауыл Совет төрағасына ақырады).

– Совет үкіметі орнаған 29 жылдың ішінде, Ленин-Сталин идеясына адал колхозшы тәрбиелей алмаған сен екеуіңді қазір-ақ атып тастаса еш обалы болмас еді...

Ерқасым, Майқы: *(қосарланып)* Дұрыс айтасыз, дұрыс айтасыз! Енді бір жолға кешіріңіз, ғафулық өтінеміз...

Төлеубай: *(маңғазданып)* Әрине, бұл үшеуін де ешбір сотсыз-ақ, ешбір тергеусіз-ақ атып тастауға, немесе колонияға, не Сібірге айдатып жіберуге болар еді. Мына басқарма мен ауылсоветті бір жолға кешірейік. Ал, мына оңбағанның ісін онан әрі зерттейік.

Майқы, Ерқасым: – *(қосарланып, жарамсақтана)* Е, бәсе! Иә, иә, сөйтсеңіздерші! Зәреміздің кеткені соншалықты... бұтымызға жіберіп қоймасақ та...соған жақын тұрмыз...

Бұғыбай: – *(кекесінді үнмен)* Әй, бұттарына жібермей-ақ сасып, мұңкіп тұрған жоқсыңдар ма?! Бәріңнен жүрегім айнап, құсқым келіп тұр...

Майқы, Ерқасым: – *(Бұғыбайға ұмтылады)* Қап, мына-ны-ай!

Жексенбай: – *(қолын көтеріп бөгейді)* Жә, болды енді! Мынау жатқан... *(Бұғыбайды нұсқап)* сволочь өз аяғын танкінің астына өзі әдейілеп салғанын мойындамаса, мойындамай-ақ қойсын! Оны біз кешіре де саламыз... Ал енді бұл өзімен Аралағаштың даласында бірге өсіп, бірге ер жеткен, тіпті Сталинград үшін болған шайқаста да бір окопта жатып соғысқан қызыл әскер Нұрғали Жұмажановтың не өлілердің, не тірілердің есебінде не себепті болмай шыққандығын... не-месе жау қолына өз еркімен түсті деген біздің күдігімізді қуат-тайтын болса... не болмаса, сол Жұмажанов дезертирство жасап соғыстан қашып кетіп, осы төңіректе тығылып жүрсе... соны ұстап берсе болды бізге. Бұл онда ақталады... судан таза, сүттен ақ болып шығады.

Бұғыбай: *(басын көтеріп)* Әй, имансыздар... *(ашу ызадан қалшылдап кетеді. Егіліп жылайды. Үнсіздік)* – Сорлы... сорлы... басым *(маңдайын жұдырығымен соғып)* сол жолы сен неге ғана жұлынып қалмадың екен?! Әй, сыңар аяқ *(балдағымен аяғын қағып)* неге ғана мені тірі алып келдің екен сен мыналардың арасына?! *(жігерленіп).*

Шыбын жанымды аман алып қалайын деп өз аяғымды өзім танкінің астына салған қылмысымды мойындаймын... Ал, енді еркек тоқты құрбандық деген, мені атып-ақ тастай берің-дер... Тек Нұрғалидың... атын қорлап, аруағын қозғағанда-рыңды қойсаңдар болды. Қайтып қана жүректерің қарайды екен сендердің?! Нұрғали ол кешегі... ессіз кезде елімізге ес болған, ашыққандарға ас берген... дүниеден озған әкелерің мен аталарыңның намазын шығарып, иман айтқан қажының баласы еді ғой. Сол қажы атаның аруағынан қорықсаңдар етті тым болмаса... *(көзіне жас алып, тебіренген үнмен).*

Шыбын жанымды аман алып қалайын деп өз аяғымды танкінің астына өзім салған қылмысымды мойындаймын...

Нұрғалидың аруағын мазаламаңдар!... Бір құдай, онан кейін мен куә! Біз бір окопта жатқан едік. Пулеметімен

жауға қарсы оқ жаудырып жатқан Нұрғалидың дәл үстінен келіп бомба түскенін көзіммен көрдім... Нұрғалидың “Апа” деген жан дауысының шыққанын өз құлағыммен естідім... Нұрғалидың сол дауысы... сол үні... сол жан айқайы құлағымның түбінен күні бүгінге кетпейді... Түн баласы оның “Апалаған” жан даусы ұйқы да бермейді маған... *(Бұғыбай талықсып кетеді. Сахнада сарт-сұрт етіп атылған оқ жарқылы, ызыңдаған мина, бомба жаңғырығы, “Апа” деген шырқараған жан даусы тұрып алады).*

Жексенбай: Так, сен екеуің... сендер...

Майқы, Ерқасым: *(қосарланып)* Иә, иә... біз...

Жексенбай: *(маңгаздана)* Колхозға барғаннан кейін, әлгі қажының үйін... Оның кемпірі әлі де тірі ме еді?

Майқы, Ерқасым: *(қосарланып)* Иә, иә, тірі. Өлген жоқ әлі ол қақбас!..

Жексенбай: Сол үйді, әлгі соғыстан аман келген баласын, келінін көзден таса қылмай бақылаңдар. Не деп сөйлеседі, не дейді, не ішіп, не жейді, міне, соған дейін бақылап, аңдып біліп отырыңдар. Ұқтыңдар ма, ей?!.

Майқы, Ерқасым: Ұқтық, ұқтық, тақсыр!

Жексенбай: Так! Онан кейін, мына басқарма мен ауыл Советті алып ауылдың маңын тағы да шолып шығыңдар. Ескі қорымдарды, зираттарды байқандар. Тіпті әлгі қажының зиратын қазып та көріңдер.

Майқы, Ерқасым: *(шошып кетеді)* Астапыралла!

Жексенбай: – “Астапыралла” дегендерің үшін-ақ сендерді, “ан-на, ан-на” жаққа *(саусақтарымен тор көз жасап сығырайды)* жіберуге болар еді?

Майқы: Ойбай, кешіріңіз! Құп болады, бәрін де істейміз. Қажының зиратын да қазамыз. Айтқаныңыз болады.

Ерқасым: *(жасқана)* Аруақ атып жүрмей ме?!

Жексенбай: Әй, сен не деп міңгірлеп тұрсың мұрныңның астынан?!

Ерқасым: Аруақ атып жүрмей ме деп сескеніп тұрмын да!

Жексенбай: Жолдас милиционер! Мынаны көзін жылтыратып абақтыға қазір-ақ апарып қамап тастасаңыз. Н...

К... В... Д... нің тапсырмасын тәлкек етіп тұрған кәкой-то колхоз басқармасын қарай көр, ә!..

Әй, бала... Совнаркомның председателі болған Сәкеннің де халық жауы екендігін әшкерелеген біз екенімізді білемісің ей?! Бейімбет... Илияс... Тұрар Рысқұлов... тағы кім еді әлгі... Мағжан... Байтұрсынов... сияқты халық жауларын да біз... әшкерелегенбіз. Шәкәрім Құдайбердиевті де... құлан жығылар құдыққа да құлақтан Н...К...В...Д...і екенін білемісің ей, сен?!.

Ерқасым: – *(үреймен)* Білем ғой, білемін. Әрине, НКВД-ңыз халықтың жауы солардың бәріне де дұрыс істегенсіздер, дұрыс құртқансыздар, соларды!..

Жексенбай: *(рахаттанған күймен)* Е, бәсе, солай деп жөнге кел, үйреншікті көлге қон, біз илеген көнге көн, шырақ! Әйтпесе... Әлгі қажының зиратын қазатын күні маған хабар жіберіндер. Қазуымыз керек! Мүмкін соғыстан қашып кеткен Нұрғали өз әкесінің көріне кіріп алып, жасырынып жатқан шығар?! Ал, әлгі... аруақ атады деп қорыққанды қойындар... Мына мен *(тапаншасын қолына алап)* мына тапаншаммен-ақ аруақты... өзім атып, өзім-ақ жайратып салайын!.. *(қарқылдап күледі)*.

Төлеубай: Бұл екі жігіттің енді екеуі де коммунистер, ел басқарып жүр дегендей... Өзіңіз істің партиялық мән-маны-зын әбден ұқтырдыңыз ғой бұларға. Елдеріне тезірек қайтып, сол сіз тапсырған істі дөңгелетсін енді...

Жексенбай: Барындар! Онсыз да видет не хочу сендерді... *(НКВД тергеушісі орнында отырып қалады. Төлеубай, Майқы, Ерқасым сыртқа шығады)*.

Майқы: *(жарамсақтанып)* Апыр-ай, Төке-ай! Қысқа күн-де біздің жанымызды екі рет аман алып қалдыңыз-ау! Рахмет, рахмет! Бала-шағаңыздың қызығын көріңіз!

Ерқасым: Иә, иә... Арандалайын деп тұрған жерімізден арашалап қалдыңыз. Бүгін кешке атқосшыман үйдегі жеңгейге бір қой, бір қап ұн, бір қарын май беріп жіберемін. Та-ғысы, тағы да бола жатады ғой...

Төлеубай: – Енді біз советтік халық соты дегенін... өз-

дерің сияқты халықтың өздерің беріп жатқан нанын жегеннен кейін де, сол халықтың қамын ойлаймыз да...

Бұғыбай: – *(балдағына сүйеніп, сахнада жалғыз қалады).* Әй, шіркіндер-ай! Сендер халықтың нанын ғана жеп жай жатсаңдар бір сәрі ғой. Сорлы халықтың, жанын да бірге жеп, қанын да қасықтап ішіп жатқан жоқсындар ма?!

III-көрініс

Бибіжанның үйі. Қарт ана төсек тартып жатыр. Дастарқан жайылған. Біраз ауыл адамдары қуырған бидай жеп, шай ішіп отыр. Жүздерінде мұң бар.

Бибіжан: *(сандырақтап)* Әй...бармысың біреуің?! Қайсың барсындар?! Қарап келсендерші! Барсаңдаршы енді! Құлындарымның біреуі келе жатқан жоқ па екен?!

Үміт: *(орнынан тұрып Бибіжанның жанына келеді).* Апау, жаңа ғана қарап келдім. Күн болса кешкіріп кетті ғой, енді ешкім де келе қоймас бүгін. Қызылжардан Тайынша стансасына поезд енді ертең түске қарай келеді. Құдай жазса, сонымен келіп қалар. Шай ішесіз бе?

Бибіжан: *(басын көтеріп).* ішпеймін шайынды! Мені қаталап өлер деймісің?! Мен өлсем төрт құлынымды сағынып, сарғайып өлермін. Нәбікенімнің майданнан жазған өлеңін көптен бері айтпай қойдың ғой осы сен... Құлыным-ай, зарық-тырдың-ау әбден...

Әйелдер: *(бәрі жамырап)* Иә-иә...апам дұрыс айтады. Бәрін қой да, Нәбікеннің өлеңін айтшы. Көңіліміз бір жұбансын!..

Үміт: *(көз жасын сүртіп)* Қазір...қазір.

(Үміт Нәбікеннің соғыстан жазған ән сәлемін айта бастайды. Әйелдердің біреуі жылайды, біреулері сол әнге қосылады).

Туған ел, жаздым сәлем өскен елге,
Талпынып талай аяқ басқан жерге.

Жаз болса жан-жануар саялайтын,
Бағалы біздің колхоз берік жерде.
Ақсақал елдің құты үлкендерге,
Жалғанда жасты аяйтын шешейлерге.
Қаталық ісім болса ғапулық қып,
Салатын талай жасты бейбіт жөнге.

Жасы үлкен қадырласқан, аға-жеңге,
Замандас ойнап-күлген бейбіт күнде.
Жалпыңа еске алатын менен сәлем,
Кейінгі бала-шаға, інілерге.

Қадірлі ел ішінің жастарына,
Әр түрлі мекеменің бастарына.
Сәлемім – барлығыңа аманатым,
Алыңдар біздің үйді естеріңе.

Уа, көңілім, жақсылықтан күдер үзбе,
Жекелеп хат жазар ем әрбіріңе.
Кіші іні, үлкен аға, естеріңе ал.
Уақыт жоқ – түгел жазып үлгеруге.

(Ән аяқталады. Бәрі де үнсіз, әйелдер жағы сыңсып жылап отырады).

Бибіжан: *(қайғылы үнмен)* Құлыным-ау, жетемін деп, жете алмай жүрсің-ау еліңе. Көремін деп, көре алмай жүрсің-ау жеріңді. Қайтейін енді, бір құдайға тапсырдым.

4-әйел: Келгенде қандай! Әлі осы үйде той да болады, сол тойда талай бір әнге де саламыз әлі...

Бибіжан: *(жадыран)* Айтқандарың келсін!.. Көне, тағы да бір ән бастандаршы!..

4-әйел: Осы Бұғыбай да баяғыда төп-тәуір әнші еді. Көне, қайным, бір ән салып берші.

Бұғыбай: *(күрсініп)* Е, бізде не ән, не сән қалды дейсіңдер?! Айтайын, айтайын. Көңілдегі қай-қайдағы бір жайды қозғап, жүрек түкпірінде жатқан мұзды жібітіп отырсыңдар-ау. Айтайын, айтайын. *(Ән бастайды).*

Бұл дүние – жеткізбейтін арман дүние,
Бұрынғы бабалардан қалған дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бізден де өте шығар жалған-дүние.

Дүние – ойлап тұрсам, терең теңіз,
Жақсылық жамандықпен болады егіз.
Басқайсың аяғынды аңдап-аңдап,
Болғанда досың біреу, дұшпан сегіз.

Дүние—ойлап тұрсам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қызығы бұл жалғанның сол-ақ екен.

(Әйелдер жағы бәрі бірдей сүйсініп, Бұғыбайға риза болып жатады).

1-әйел: Ой, пәлі-ай, десеңші! Дүние жайлы айтқан мына әніңіз қандай тамаша еді. Шіркін, дүние-ай!..

2-әйел: “Шіркін, дүние-ай” деп күрсінетіндей не бо-лып қалды саған?! Соғыс болса бітті. Күні ертең-ақ бәрі бірдей ұмытылар әлі.

1-әйел: Әй, қайдам! Кешегі күні осы ауылдың қотаны-на сыймай жүрген арыстай-арыстай азаматтардың біразы бол-са жоқ арамызда. Соларды қалай ғана ұмыта аларсың?! Көз ал-дыңнан кетер ме екен сол бейнелер?!

2-әйел: Иә... Иә...соғыстан оралмай жатқан сол ағалар көңілден кете қояр ма екен?! Айтпақшы, Үміт сенің осы майдандағы ағаларға арнап анада бір жазған өлеңін бар еді ғой. Көне, соны тағы да бір айтшы!

(Үміт ән бастайды)

Сағат бес тұратұғын уақытымыз,
Ащылар қай уақытта бақытымыз.
Ағалар армиядан аман келіп,
Көретін күн болар ма шаттықты біз.

Ертемен даласынан егін жақтың
Таң салқын, аз жатқанда жаурап қаппын.
Өгізім айданғанға жүрмеген соң,
Сиырын кіші апамның жегіп жаттым.

Соқамыз жеңіл жүрді сиыр тартқан,
Ауылдан көлік шықты тұқым артқан.
Обалы көп сиырдың фашистерге,
Қан төгіп, бейбіт елді зар жылатқан.

Ағалар, осынау жайды жаздым хатқа,
Бой түзеп, дем алу жоқ қарындаста.
Көзде жас, көңілде мұң, зат күтеміз,
“Жеңіс бер” деп тілейміз майдан жаққа.

Майданнан батыр боп қайт, ағаларым,
Осымен тәмамдаймын сөз аяғын.
Кегін ал, қас батыр боп қаймықпайтын,
Туған ел, Отан ана, сүйген жардың!..

(Ән аяқтала бере қолында ұршығы бар Бәтжан кіреді)

Бәтжан: Әй, өздерің шай ішіп, қуырған бидай жеп, қызара бөртіп, желпініп, ән салып, сайрандап та, жайрандап отырсындар ғой.

Үміт: Кел, жоғары шық! Біздікі не қылған сайран дейсің. Жайрандап не көрініпті бізге, қайрандап қалған көңілі-мізді бір көтерейік дегеніміз ғой! Кел, шайға кел!..

(Бәтжан дастархан басына отырады)

Бәтжан: Осы мен жаңа ғана басқарманың үйінен шай ішіп шықтым. Әй, бар ғой, сол басқарманың үйі дәл осындай қуырған бидай жеп отырған жоқ. Сендерге бұл қайдан келе қалған?!

Үміт: Мұны бізге құдайдың өзі берген. Немене, басқарманың үйі мына сияқты қуырған қара бидайды ғана талғажу етіп отыр деп пе едің. Басқарманың ана қатпа қара қатыны бар жылы-жұмсағын сенің аузыңа тоса қойды деп пе едің?

Байбек: Осы бір уыс қуырған бидайды сөз қылып не қылайын деп едіңдер. Еңбек күніме берген бидай ғой. Мен әкелдім.

Бәтжан: Қайдам... Колхоз әлі еңбек күнге бидай үлестіре қойған жоқ еді.

Байбек: *(ұнатпаған кейіппен)* Үйінде отырып-ақ, сен осы колхоздың шаруасын қайдан біліп отырасың?!

Бәтжан: *(шаптығып)* Үйімде отырсам да осы ауылдың не істеп, не қойып жүргендерін, не дейтіндеріне дейін бәрін де біліп отырамын мен.

Бұғыбай: *(әзілмен)* Әй, осы сені соғысқа ала кетіп, разведчик қылмаған екенмін. Фәшистердің не істеп, не қойып жатқанын біле алмай, не тіл ала алмай, талай бір азапты көріп едік. Сен енді бұл жағын қатыратын едің. Тыңшылық жағынан сен әлдеқашан Герой болар едің-ау!..

Бәтжан: *(кектеніп)* Көрерміз, әлі кімнің Герой болғанын! *(кетіп қалады).*

(Дастархан басында отырғандар орындарынан тұра бастайды).

І-әйел: Қой, біраз отырып қалыппыз-ау. Жұмысқа баратын да уақыт жақын қалды. Ұйықтап қалып жүрмейік, әлгі бригадир тағы да әңгір таяғын ойнатып жүрер.

Үміт: Қазір мына баланы емізген соң мен де барып қалармын. Сендер, бара беріңдер енді.

(Үйде қарт ана, Байбек пен Үміт, Бұғыбай ғана қалады)

Бұғыбай: *(ойланып)* Әлгі Бәтжанның сұрланып, кегін ішіне түйіп кеткенін көрдіңдер ме? Бір нәрсені бүлдіріп жүрмесе жарар еді. Әй, осы сендер, осы бидайды бекер...бекер әкелдіңдер!..

Байбек: Е, не қылар дейсің. Әкелген мен...Басымда шауып алар деймісің?!

Үміт: *(бесікке баланы бөлеп жатып)* Мына бидайды мен әкелдім деп айтайын. Емшектегі алты айлық мына бала барда маған түк қыла қоймас. Тек, сен әкелдім деуші болма, құртады сені бұлар. Сені ұстатып, айдатып жіберсе, онсыз да қайғы кеміріп жатқан сорлы апам өліп қалып жүрер. *(көзіне жас алады)* Мен...мен әкелдім дейін.

IV көрініс

Үйге Бәтжан кіреді. Біреудің қайғысынан қызық қуып, әлдекімен ала алмай жүрген кегі бардай ширғып алған.

Бәтжан: Апа! Апа-ау!.. Әлгі екі ортада ұйықтап қала қойдың ба?!

Бибіжан: *(басын көтеріп)* Е, менде не ұйқы бар дейсің. Не болып қалды осынша? Ақырын... мына баланы шошытасың. Не айтайын деп едің? Бәтжан-ау, не болып қалды? Ала құйындатып жүрсің ғой.

Бәтжан: Апа, мен сіздің балаларыңыздың хабарын өкелдім.

Бибіжан: Не дейсің жарығым-ау?! Сүйінші сұрамайсың ба? Уа, құдай, ақсарбас, ақсарбас! Құлындарым аман-сау көзіме көрінсе бәрін де... бәрін де... ал осы үйден сүйіншіңе!

Бәтжан: Түктерің де керек жоқ сендердің Аулақ... Бүлінгеннен бүлдіргі алма деген. Сендерден бірдене алып... ба-сыма пәле тілеп алар жайым жоқ...

Бибіжан: Аллам-ай! Бүлініп не болып қалыпты бізге ... Бізден не пәле жұғар дейсің... Сөзді қой да, онан да әлгі менің құлындарым жайында өкелген хабарыңды айтшы, айна-лайын. Құлың болып кетейін...

Бәтжан: *(қалтасынан қаралы қағазды алып)* міне, мынау үш бірдей қара қағаз, сенің ұлдарыңнан келгелі қашан...

Бибіжан: *(жүресінен отыра кетеді)* Не дейт! Шырағым ау, не деп тұрсың?! Рас па... шыныңды айтшы. Андағыларың *(қолын созып)* расында да менің үш бірдей ұлымнан келген қаралы қағазың ба?! Сен рас қаралы хабар өкеліп тұрмысың?! Құдай-ау, ол сұмдық хабарың қашан келіп еді?! Қайсы... *(үні дірілдеп)* қайсы... оққа ұшты екен құлындарымның?!

Бәтжан: Бұл қара қағаздың келгеніне де үш жылдай болып қалған...

Бибіжан: Өзім де сезгенмін... Құдай-ау, құдай... қаралы қайғыны жеткізген сол бір тарақ қағазыңды келісімен

неге ғана әкеп бермедің Бәтжан-ау?! Осы ауылдың бар хат-хаба-рын жеткізіп, күн сайын зыр жүгіріп жүруші едің ғой... Тап бір іргеде отырған мына мен бейбаққа жете алмадың ба сен?!

Бәтжан: Енді қайт дейсің?! Әлгі сельсовет байым бергізбеді. Қара қағаз келген сайын қажысымақтың үйі бүкіл елді жинап, құран оқытып, дұға жасап, колхоздың шаруасын бөгейді, соғыс біткен соң апарып берерсің деген...

Бибіжан: Апыр-ай, ә!.. *(еңіреп жылайды)* Менің оққа ұшқан... үш бірдей ұлымнан да... сендердің колхоздарыңның шаруасы қымбат болған екен-ау!..

Қалай... қалай ғана... шыдадыңдар! Төрт бірдей құлындарымнан бір хабар ала алмай... не өлісін... не тірісін... біле алмай, зар илеп отырған... мен бейбақты күн сайын көріп жүріп мына қаралы қағазды бөлен жылдан бері жасырып, бермеуге дәттерің қалай ғана жетті екен сендердің?! *(үнсіздік)* Бәтжан-ау, сен осы мені қинай түсейін деген оймен, жалған айтып тұрған жоқсың ба?! Бәлкім, қара қағаз келген де жоқ шығар... ойнап айтып тұрған жоқсың ба?! Кәне, рас болса, көрсетші соларыңды!..

Бәтжан: Тапқан екенсің ойнайтын адамды! Қара жүрегіңді қақ айырар, шаңырағыңды ортасына түсірер қара қаға-зың, міне...қолымда тұр...

Бибіжан: *(селк ете түседі)* Әй, пәтшағар! Не деп тұрсың?! Қажы атаңның шаңырағы ортасына түссе, есептерің түгенделер ме еді сендердің Қара жүрек дедің-ау мені. Бұл шаңырақтың басынан бағы тайған соң ғана босағасын сен сияқты қара жүректілер аттайтын, ауыздарына келгенді оттайтын болды ғой. Бұл шаңырақтың ісі де, дастарханындағы асы да, азаматының басы да ақ... адал болатұғын... Қара ниеттерің өздеріңмен кетсін!

Бәтжан: Қаңсырап жатсаң да тектімін деп тепсініп тұрсың-ау?! Жаңағы... сендердің колхоздарың деп тантығаның не, ей, сенің!.. Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды деуші еді... Совет үкіметіне әлі де тосырқап қарайсындар-ау сендер...

Бибіжан: Әй, сенің үкіметінде не шаруам бар дейсің?! Тосырқап қарайын... емешем үзіліп, емірене қарайын, содан сол үкіметіңе келіп-кетері бар ма кәні?!

Бәтжан: Неге сенің үкіметің дейсің? Сонда бұл үкімет сенікі емес пе?

Бибіжан: Әрине, сенікі... әрине, сендердікі. Бүйірін тойып тамақ ішпеген қу кедейлер... Тойынып алып, міне төске шауып... басқа секіріп тұрған жоқсыңдар ма?!

Бәтжан: Бүйірім тойса, үкіметімнің бергені де! Ау, сендердің сыйынған құдайларыңның жарылқағаны, бергені осы ма?

Бибіжан: Кет, сайтан! Құдайға тіліңді тигізбе!

Бәтжан: Әй, әлі де құдай... құдай дейсің. Бес уақыт намаздарыңды оқып, арып-ашып оразаларыңды ұстап... тіпті се-нің байыңның жаяулап-жалпылап Мекке-Мәдинаға қажыға барғанда... құдайларыңның жарылқағаны осы ма? Қара басын сауғалап Совет үкіметінен қашып, іш жаққа өтіп кетіп, жанын аман алып қалған қажыны жарылқағаны осы ма, сол құдайың-ның?

Бибіжан: Бәтжан-ау, қажы атаңның аруағын қозғап қайтесің енді. іш жаққа өтіп кетсе сендер сияқты кедей-кепшіктің қорлығын көрмейін деді ғой. *(Үнсіздік. Әлдене есіне түскендей болады)* Бәтжан, сен осы сол қажы атаңның сенің әкеңе не айтқанын білесің бе?!

Бәтжан: *(елең ете түседі)* Жоқ, білмеймін? Естіген жоқпын. Не деп еді?!

Бибіжан: Е, ол бір ұзақ әңгіме ғой. Жарықтық қажы атаң шешен еді ғой. Әлгі қызылдардың үкіметі орнап, осы қотандағы мұрнын сүрте алмай жүрген бар кедей-кепшік жап-пай көмменіст болып шыға келген жоқ па шікірейіп! Сол бір заманда сенің көмменіс әкең мал біргәдірі болып шыға келді ғой. Ғұмыр бойы біздің үйдің жылқысын баққан әкең қанша айтқанымен, мал таниды ғой... Қажы атаңның кара айғырын ұстап мініп алыпты. Малының құты болған кара айғырды мініп, жарықтық қажыға қыр көрсеткісі келді ме, әкең біздің үйге шауып жетіп келмесі бар емес пе?! Жау

шапты ма деп тысқа атып-атып шықсақ, желігіп алған сенің өкең екен... “Қажы, қажы, міне, мен де адам болдым” деп ыржиып тұр... Е басынан бағы, астынан тағы тайған соң не десін оған...

Шырағым, өкең сенің пақыр еді,
Ол да бір түк бітпеген тақыр еді.
Алдыма ат ойнатып кеп тұрғаның

Бұл да бір заманның ақыры енді, – деп қажы атаң үйге кіріп, теріс қарап жатып алып еді, сол жатқаннан оңбады ғой, әйтеуір...

Бәтжан: Әй, не айтқың келіп тұр сонда сенің? Не сонда, сенің қажыңнан... менің көмменіс әкем кем болып па?!

Бибіжан: Артық па, кем бе, оны енді өзің біл, айналайын. Сен оқыған адамсың... сен де көмменіссің... Бәрін оқып, біліп жүрсің... Қой, айналайын, тереңге барып қайтеміз енді. Сен әлгі... менің құлындарымнан келген қара қағазың рас болса да, онан да, көне, соларды оқып берші. Өзі қай тілде жазылды екен?!

Бәтжан: Немене... қажының қатыны орысша оқи алмайды деп... арабша жазып жіберді деп пе едің.

Бибіжан: Жарайды енді. Жай бір сөзге ілінісе бермей, оқышы қағазыңды.

Бәтжан: *(қара қағазды оқи бастайды)*. Қызыләскер Жұмажанов Мұқат... 1941 жылдың желтоқсан айының 2 күні Москва түбіндегі шайқаста хабар-ошарсыз кетті... Не өлілердің... не тірілердің... тізімінде болмай шықты... Қызыләскер Жұмажанов Қинаят 1943 жылдың 15 наурызында Курск майданында хабар-ошарсыз кетті... Қызыләскер Жұмажанов Нәбікен 1943 жылдың қараша айында Волхов майданында хабар-ошарсыз кетті...

(Үнсіздік)

Бибіжан: *(үні дірілден)* Бәтжан-ау, Нұрғалиымның қағазы қайда?.. Осы үйден... осы шаңырақтан менің бес бірдей ұлдарым соғысқа кеткенін білесің ғой сен! Төртеуі... ана төртеуі... қайда деймін?! Бәтжан-ау, Мұқатым... Қияна-тым... Нәбікенім, Нұрғалиым... қайда... қайда деймін...

Бәтжан: “Қайда, қайда” деп менен сұрайды ғой... Не, менің малымды бағып, шөбімді шауып келуге жіберіп пе едің? О несі, әй... Үшеуінің бірдей соғыста хабар-ошарсыз кеткенін, міне, мына қара қағаздан оқып бердім ғой мен саған...

Бибіжан: Хабарсыз кетті дегені несі? Аты бар... Анасы бар... Туған елі... Өскен жері бар адам баласы қалай ғана хабар-ошарсыз... іс-түссіз жоғалып кетеді, ө?!

Бәтжан: Е, соғыста не болмайды? Соғыста көрген талай бір сұмдықтарды әлгі Бұғыбай да айтып жүрген жоқ па?! Бәлкім, тас төбелерінен бомба түсіп, бір тал шаштары да қалмай, өртеніп, жанып кеткен шығар...

Бибіжан: Тәйт, әрі! Аузыңа келгенді сандалмай...

Бәтжан: Ә... кемпір! Балаларың өлді дегенге әлі де сенбейсің, ө... сенгің келмейді... ө!

Бибіжан: Айналайын-ай! Өлді демеші... мүрделерін өз көзіммен көрмей... арулап, ақ жауып, қолыммен қара жердің қойнына бермеген соң... қалай ғана өлді дермін... Құлындарым-ай...

Бәтжан: Ал, енді... бәлкім, сенің ұлдарың расында да... тірі шығар!

Бибіжан: Е, айналайын! Бір мезгіл осылай бір жақсы да сөз сөйлеші! Сенің де көрер қызығың бар ғой алда... тірі болса, тірі де шығар менің ұлдарым... Кеуделеріндегі шыбын жаны аман болса... бір келіп қалар, әйтеуір...

Бәтжан: Рас... рас... тірі болса, тірі де шығар сенің ұлдарың... Бәлкім, олар Герман жақта жүрген шығар...

Бибіжан: *(таңданып)* “Герман жақта жүр” дегені несі мұның тағы?! Ол жақта қай ағайыны бар деп едің олардың?

Бәтжан: А... бәлкім... олар елін сатып... немістерге беріліп кетіп... қазір совет үкіметіне қарсы әрекеттер жүргізіп жатқан да шығар...

Бибіжан: Бәтжан-ау, не деп отырсың өзің?! Елін сатар менің ұлдарым деп пе едің?! Бұл қай сұрқиялығың енді. Қара аспанды қай жағымыздан жаудырайын деп тұрсындар енді...

Бәтжан: Қара аспанның қай жағынан жауғанын көре-сің әлі. Сен соны көрмей өлмессің де... Ал жарайды енді... үшеуі бірдей өйтіп-бүйтіп... енді... хабарсыз кетті дейік. Ал, әлгі төртінші ұлың... Нұрғалиың қайда сенің? Не өлілердің, не тірілердің... не хабар-шарсыз кеткендердің есебінде жоқ...

Бибіжан: Иә... иә... Бәтжан-ау, Нұрғалиым қайда, ра-сында да...

Бәтжан: Нұрғалидың қайда екенін... мен сенен сұрайын да онан да... Соңғы екі-үш жыл бойы үйінді, қора-қоп-сыңды... онан қалды, зиратқа дейін тінтіп жүрген НКВД-нің сенің үйіңнен алтын іздеп жүр деп пе едің. Олар із-түссіз жоқ... сенің Нұрғалиыңды іздеп жүр. Немістерге беріліп кетті деген күдік бар...

Бибіжан: Жауға беріліп кетті дегенің не сұмдық?! Нұрғалиымның қалай опат болғанын әлгі Бұғыбай айтып жүрген жоқ па осында?! Соның айтқанын естімеп пе ең, әлде ұмыт-тың ба сен...

Бәтжан: Ұмытқан жоқпын! Біздің еш нәрсені де ұмытуға хақымыз жоқ. Сендердің күні кешегі совет үкіметінің жаулары екендерінді де ұмытуға болмайды.

Бибіжан: Е, баяғы “жау-жау” деген өндерінді әлі қой-мап па едіңдер? Сенің үкіметіне жаулық қылатындай бізде не дәрмен, не қауқар қалды дейсің?!

Бәтжан: А, неге болмасын?! Мәселен, сенің жаңағы із-түссіз жоғалып кеткен Нұрғалиыңды немістер тапсырма беріп, бізге қарай өткізіп жіберіп, ол қазір астыртын әрекет етіп, қастандық жасап жатқан болар. Ал, біз оны қайдан білеміз, ө...

Мәселен, анада найзағай оты түсіп өртеніп кетті деп жүрген колхоз маясындағы шөпті сол жандырып жіберген шығар, а?!

Бибіжан: Алла! Алла! Тауығың ақсап қалса да біз сор-лыдан көретін болдыңдар-ау осы! Жабар кінәлерің жағар күйелерің бітер күн болар ма екен, шіркін?!

Бәтжан: Болмайды ондай күн, болмайды... Ешқашан болмайды... ешқашан...

Бибіжан: Е, неге болмасын, айналайын! Құдай ондаса, туар ол күн де. Қашанғы жылата берер дерсің бізді...

Бәтжан: Жылайтын күндерің әлі алда сендердің...

Бибіжан: Не деп тұрсың осы сен? Тағы да не пәленді жапқалы тұрсың, айналайын?! Тағы да не білгенің бар еді?!

Бәтжан: Білгенім дейсің бе?! Кеше сендердің... қырман басынан бір шелек қара бидай әкелгендерінді де біліп отырмыз... Оны біз түгілі аудан да біліп отыр қазір...

(Үйге, Бұғыбай, Байбек пен Үміт, әйелдер кіреді)

Үміт: Апа-ау, не боп қалды? Жан даусыңыз шығып жатыр ғой!

Бибіжан: Жан дауысым шыққанша сол жанымның өзі неге шығып кетпейді екен мына кеудемнен?! Мұқатымнан да... Нәбікенімнен де... Қинаятымнан да... қара қағаз келіпті.

(Суыт хабарды естіп, әйелдер жағы сыңсып жылай бастайды. Жоқтау айтады)

1-әйел:

– Дүние жылдан-жылға өзгеріп тұр,
Не сұмдық қасіретті көз көріп тұр.
Ағалар оққа ұшты деген хабар
Жанымды қайғы болып езгілеп тұр...

2-әйел:

– Қай ғапыл, мына ғапыл, дүние ғапыл,
Басасың аяғыңды апыл-тапыл.
Ағалар, енді қайтып келмейсің бе,
Туған ел, туған жерге адыр-адыр...

3-әйел:

– Күш-қуат қайдан келсін аш адамға,
Қуатсыз аяғымды баса алам ба?!
Ағалар қан майданда опат болса,
Несімен жақпады екен жасағанға?!
(Жоқтауды Үміт жалғастырады)

– Ұшады аққу көлден ұзай алмай,
Айрылдым ағалардан құдай алмай.
Күйігі бұл қайғының жаман екен
Түйіліп қалдым тынып, жылай алмай.

Терең көл шым тастасаң шымырлайды,
Ағалар, бастан біздің бақыт тайды.
Дұшпаның басынып тұр, кіл есерлер,
Кім білер ендігісін біздің жайды.

Жоқ еді артымда іні, алдымда аға,
Асқар тау ағаларым, болдың пана.
Тағдырға не жазып ем зар түтқызып,
Қалдырды-ау қасіретпен жеке дара.

Тұрмайтын жайнамаздан қайран атам,
Болмады-ау ешбір қабыл еткен батаң.
Апажан, ақ тілеуден шыға алам ба,
Тілекті бермес тағдыр неткен қатаң...

Ауылым Қарағаштың қойнауында,
Қаларсың қайран басым қай дауыңа?!
Ағалар, өздеріңсіз қиын болар,
Отырмын дұшпанымның қамауында.

Желмая, қайыра енді желермісің,
Кеудемді қайғы мен мұң кернермісің.
Туған жұрт, туған үйге қайыра оралып,
Ағалар, енді қайтып келермісің?!
Құсмұрын, төбең биік өрлейміз де,
Біз сорлы, толған айды көрмейміз бе?!
Ағалар, біз сіздерді, сіз біздерді
Сұм жалған қайтып енді көрмейміз бе?!

Бибіжан: *(жан дауысы шығады).* Не дейсіңдер?! Құдайым-ау, не дейсіңдер осы сендер?! (зар еңіреп жылайды).

Құлындарым-ай!.. Құлындарым-ай!.. Енді өздерінді қайырып көре алмайтыным, енді қайыра өз үйлеріңе келмейтін-дерің рас па, рас па, құлындарым-ау?!

Менің Мұқатым... Нұрғалиым... Нәбікенім... Қиянатым... Жоқ, жоқ!.. *(жан дауысы шығады)*. Өлген жоқ, өлмейді олар. Олар тірі... тірі олар... *(үні дірілден)* Айтыңдаршы... тірі ғой олар, ә... тірі ғой, ә...

Неге үндемейсің, сұм дүние! Ботасын алдырған аруанадай аңырап тұрған мына менің... зар үнімді неге естімейсің, сұм дүние!.. *(зарланады)*.

Құлындарым!.. Құлындарым!.. Мен өліп қалып, сендер аман-сау өз үйлеріңе оралып, мен өздерінді қайра бір көре алмайтын күн болса... мына сорлы аналарың... ақ сүтін... кешті деп ойлаңдар... кештім... ақ сүтімді, құлындарым, кештім...

О... мен сендердің бәрінді де қалай жақсы көрем десеңдерші... Қазір... дәл қазір жанымда болсаңдар ғой... сендерді аналық құшағыма алғанда бар ғой... жүрегімдегі сағыныштың отымен күйдіріп те алар едім-ау деп қорқамын...

Өздерінді сағындым... сарғайдым... зарықтым... құлындарым!..

Айтыңдаршы... келеді ғой... келеді ғой... менің құлындарым?! Тірі ғой. ә... тірі ғой... құлындарым... *(үнсіздік)*.

Неге үндемейсің, сұм дүние?! Керең, мылқау-саңырау болып қалдың ба, неге үндемейсің, сұм дүние?! *(зарланады)*.

Сұм дүниені неге жауықтырып, неге тарықтырып қойдың, жаратқан ием?!

Өзің жаратқан пенделерің – Адам баласын бір-бірімен неге жауластырып қойдың, жаратқан ием?!

Сол жауласқан дүниенің... сол жауласқан Адамдардың кек оғының құрбаны болсын деп ұрпақ әкеліппін бе, дүниеге?!

Мен – Ана... сорлы Ана... зарлы Ана... Ей, Тіршілік... сен өлмесін, сен менің ұрпағыммен жалғассын... ей, жарық күн... сен сөнбесін деп ұрпақ әкеліп едім ғой мына жарық дүниеге!..

Ей, дүние! Жарық күнді сөндіргің келмесе... тіршілікті түншықтырғың келмесе... тимендер... тимендер менің ұрпағыма!

Ей, жауласқан, сүм дүние!.. Бір-біріңнен кектеріңді алғыларың келсе... бірінді-бірің... дүние атаулыны жойғыларың келсе... мына... мына... жарық күнді сөндіргілерің келсе... заманақыр орнатқыларың келсе... мына мені... Ананы құр-тындар әуелі... мені құртындар!

Бәріннің... бәріннің де құрбандарың мен... мен болайын, құлындарым!..

Тоғыз ай көтеріп, ақ сүтімді беріп асырап, өсірген, Адамзаттың баласы-ау, бір-біріңмен жауласып... соғыс ашып... бірінді-бірің құрта берсеңдер ақ сүтімнің киесі атпай ма сендерді!..

Өмір – Ана!.. Дүние – Ана!.. Тіршілік-ана!.. Жарық күн де – Ана!.. Бақыт та – Ана!.. Байлық та – Ана!..

Мен сияқты аңыраған сорлы Ананың жалғыз ғана бақыты... жалғыз ғана байлығы... баласын оққа байлап неге ғана зарлаттың, сүм дүние!

Ананың зарын тыңдай алмасаң – керек боларсың, сүм дүние...

Ананың жүрегін жаралап, зар илетсең – қатал боларсың, сүм дүние...

Ананың бауырындағы баласын ала берсең – тасбауыр боларсың, сүм дүние...

Ананың бауырындағы ұрпағының қанын төге берсең – тажал боларсың, сүм дүние...

Анаңды зарлатып өтсең – зар дүниеге тап боларсың...

Анаңды тарықтырып өтсең – тар дүниеге тап боларсың...

Нақақтан-нақақ көз жасымды төксең – тозарсың...

Ақ сүтімді... аяққа бассаң – соларсың...

(Үнсіздік)

Әй... әй... естисіңдер ме?! Әне... әне... апалап менің құлындарым келе жатыр... *(сахна "Ана" деген дауыспен жаң-ғырып кетеді)*

Әне... әне... көріп тұрсындар ма, ей. *(Үнсіздік, сәлден)*

соң аңырап жылаган ана, қайғылы үнмен) Неге үндемейсің, сұм дүние!.. Ботасын алдырған аруанадай аңырап тұрған мына менің... зарымды, неге естімейсің, сұм дүние!..

V-көрініс

Колхоз басқармасының кеңсесі. Аудандық халық сотының көшпелі мәжілісі өтіп жатыр. Айыпталушы – Үміт. Сотқа қатысып отырған колхозшылар үрейлі. Көз жастарын сүртіп отырған әйелдер де бар.

Төлеубай: Айыпталушы, азаматша Үміт Жұмажанова! Сіз өзіңіздің колхоз қырманынан он килограмм, понимаешь, бақандай он килограмм... бидай ұрлап, соны үйіңізге алып келген қылмысыңызды мойындайсыз ба?!

Үміт: – *(орнынан тұрып)* Жолдас сот! Енді бір кішкене бидайды, бас орамалыма түйіп алып, үйге әкелгенім рас. Қыр-маннан бір де бір түйір дән алған жоқпын. Бұйырмасын!.. Егістік үстінде және жол бойы шашылып жатқан бидайды жи-нап, біраз масақ теріп алғаным рас енді... нансаңыз сол күні үйде бір таба нан салатын үн қалмап еді. Үйімде қарт анам бар... Күйеуім де соғыстан арып-ашып келді... Емшекте алты айлық балам бар... Солар талғажу қылсын деп әкелгенім рас еді... Сол күні бір дорба бидайды әкелмесем кәрі шешем.. күйеуім... жалпы үй-ішіміз ашығып та қалар едік. Тап сол күні үйімізде аш өзегімізді жалғайтын бір үзім нан болмай қалып, жолдас сот... Оның үстіне, білесіз... біздің шаңырақтың төрт бірдей азаматы әлі соғыстан орала да қойған жоқ. Солар түгел болып, төрт құбыламызды түгендеп тұрса (көзіне жас алады) даладағы шашылып жатқан бидайды жинап алып, үйге әкелер ме едім, мен сорлы?!

Манақ: Жолдас сот! Айыпталушының астық ұрлаған қылмысына ғана емес, үй-ішімізбен ашығып қалар едік деген сөзіне де назар аударуыңызды сұраймын. Бұл не деген мас-қара! Біз сияқты қой бағып... мал соңында жүріп мал болып кеткен халықтың қолын теңдікке жеткізген Совет үкіметінде

аштан өлер едік деуінің өзі үлкен айып! Бұл осы сөзімен тұтастай бір... Совет системасын қаралап отырған жоқ па? Мен коммунист ретінде мынаның бұл сөзін айыптамай тұра алмаймын...

Үміт: *(ширығын)* Әй, Манақ! “Ашықтық” деген сөзден неге шоши қалдың?! Не, әкеңнің ана бір жылы қыс ішінде аштықтан бұратылып айдалада өліп қалғанын... сүйегін менің атам жинап әкеліп, өзіне деп алып қойған ақыретіне орап көмгенін де ұмыттың ба?!

Манақ: *(Үмітке тұра ұмтылады)* Қап, бәлем, сен қатынды ма! Көзіңді тұздай құрттырмасам ба?!

Жексенбай: *(қолындағы нағанын кезеніп Манақты бөгейді)* Тоқта! Тоқта деймін... Бұл не қылған бассыздық... Ор-ныңнан қозғалсаң... жайратып саламын...

Төлеубай: *(айқай салады)* Сволочи! Хватить!.. Бұл не қылған масқаралық, ө!.. Халық сотын сыйламағанды көрсетемін бәріңе де... көне, тынышталып, орындарыңа отырыңдар...

(Тыныштық орнайды. Үнсіздік. Сотқа қатысып отырған әйелдер жаулықтарының ұшымен көздерін сүртіп, үнсіз жылап отыр)

Так!.. айыпталушы жолдас! Сіз менің ғана сұрақтарыма жауап беруге тиіссіз. Сот тәртібін бұзбауыңызды ескертемін...

Үміт: Кешіріңіз, жолдас сот! Енді қайтейін. Шыдай алмай кеттім. Отызыншы жылы әкесі аштан өліп, өзі біздің үйдің кебегін жеп, аман қалса да көкіп тұрғанына шыдай алмай, қанымның қайнап кеткені де...

Манақ: *(кектеніп)* Көзіңді құртамын... құртамын мен сені...

Үміт: Е, дүниенің әділдігі мен адалдығы бір саған тіреліп қалды деп пе едің? Сол әділдік пен адам тағдырының үкімін саған айтқызбасын де... *(жігерленіп)* Әй, Манақ! Әй, Әлиевтің баласы!

Етегі көйлегімнің бәсең деймін,

Баласы Әлиевтің есер деймін.

Қаралап сен ісімді бергенменен,
Әділ сот бұл ісімді шешер деймін...

Қарғыс атсын сені! Көрем деген қызығыңды көрсетпесін
бұл құдай!.. (өксіп жылайды).

Төлеубай: (даусын көтеріп) Так, жолдас айыпталушы!
Бұл ара сіздің өлең айтатын әйелдерің бастаңғысы емес...
қыс-қартыңыз анау-мынау деп тақпақтағанды...
қарғағанды... Так, ал енді осы іс бойынша куәлерді
тындаймыз. Көне, куәлерді бір-бірден шақырыңыздар...
(Сырттан Бәтжан кіреді. Қобалжитыны сезіліп тұр).
Жолдас, азаматша Бәтжан Әлиева, егер сіз жалған куәлік
беретін болсаңыз, өзіңіздің жауапқа тартылатыныңызды
білесіз бе?

Бәтжан: (абдырап) Қайын аға, ол не дегеніңіз! Жалған
куә болып, үкіметті, болмаса, сотты алдайды деп пе едіңіз?
Көрген-білгенімді... анық-қанығын айтып беремін де...

Төлеубай: (түсін суытып) Жолдас куәгер! Во первых
... бұл арада мен сізге ешбір қайын аға емеспін өзирге...
Мен қазір... халық сотымын... сотпын... соны біліп
қойныңыз...

Бәтжан: (сасқалақтап) Иә, иә... кешіріңіз, сот қайын
аға!

Төлеубай: “Жолдас сот” деңіз... Так куәгер! Сіз аза-
матша Үміт Жұмажанованың колхоз астығын ұрлап, үйіне
өкелгенін растай аласыз ба?.. Және де қалай растайсыз?!

Бәтжан: (әбден сасқалақтап) Қайын аға!.. ойбай көтек
... жоқ-жоқ, қайын аға емес... сот, сот... айтайын... ай-
тайын... Осы бір екі кештің арасында бұлардың үйлерінен
ән салған дауыстар естілді. Содан е, бұлар неменесіне
жетісіп ән салып отыр деп сол үйге бара қалсам...
дастарханның үстінде қуырылған бидай... өздері қызара
бөртеп отыр екен...

Төлеубай: Иә, бұл қайдан келген бидай екен?

Бәтжан: “Бұл сендерге қайдан келді” деп мен де сұра-
дым дәл осылай. “Онда не шаруаң бар, бізге құдай берген
бидай бұл” деді мына Үміт.

Төлеубай: Сонда сіз қуырып жеп отырған бидайды... ұрлаған деп санайсыз ба?

Бәтжан: Иә... иә... Әрине... ұрланған астық... әйтпесе егін орылып жатқан сол тұста тіпті өз үйімізде де бұйырмасын бір түйір бидай жоқ болатын.

Төлеубай: Жарайды! Мұның ұрланған бидай екендігіне көзіңіз жетсе, сіз коммунист ретінде айыпталушыға, бұл бидай – социалистік меншік... оған қол соғуға борлмайтынын... оны колхоз қоймасына апарып, өткіздіруге неге әрекет жасамадыңыз?

Және де Сталин жолдастың өзі қол қойып, “Социалистік меншікті талан-таражға салуға қарсы күрес” туралы 1936 жылдың 7 августында шығарған заңы да бар екендігін бұлардың естеріне неге салмадыңыз?!

Бәтжан: Айттым! Құдай ақына, айттым! Көп болса бір тостаған бидай қуырып жеген шығарсындар, қалғанын қоймаға өткізіндер деп айттым... Сталин жолдас тіпті есімнен шығып кетіпті... Жо-жоқ, Сталин емес... ол есімде... әлгі заңы да есімнен шығып кеткені... Бұлар бет бақтырмаған соң, үйге келіп... әлгі ағаңа... әлгі... әлгі ауылсәбет байыма... Майқыға айттым. Ол тез киініп, қорадағы атын ерттей салып, ауданға шауып, мына милиция қайным Манақты алып келді ғой... *(маңдайындағы терін сүртеді)*

Төлеубай: Куәгер Майқы Әлиевті шақырындар! *(Майқы кіреді)*.

– Так, Майқы Әлиев! Бұл іске куә болудың заң алдындағы жауапкершілігін білесіз ғой?!

Майқы: *(сәл-пәл тұтығыңқырап)* Бі-білемін!

Төлеубай: Сіз мынау айыпталушы Үміт Жұмажанованың колхоз бидайын ұрланғандығын қалай растайсыз?!

Майқы: Ме...мен...бе?! Әйелім айтып келді ғой енді. Сосын атқа міне салып, түн болса да шауып отырып аудан орталығына барып, милицияны аяғынан тік тұрғыздым ғой. Мына Манақты ертіп әкеліп... осындағы колхоз басқармасы Ерқасым Рахмановты алып, бірден үйлерін тінттік... Содан бидай тауып алдық... Кірге салып өлшесек тура жеті келі

тартты. Бір кесе қуырған бидай да бар екен... Жаңағы табылғаны бар... қуырып жегендері бар... енді он келі бидай ұрланды деп протоколдадық қой...

(Сотқа қатысып отырған ауыл адамдары бір-бірімен сыбырласып, гуілдесіп кетеді. "Ә...жауыз... Ә...қара жүрек" деген сөздер естіліп қалады)

Үміт: Әй, Майқы! *(жұрт елең ете қалады)*

Мен бүгін айдалармын, сор кешермін,

Бұл жолдан не қайтпаспын, не келермін.

Өзінді көрінде де қарғап өтем,

Қызығын жалғызыңның көрсетпесін...

(Әйелдер жағы күрсініп, дауыс шығарып жылай бастайды)

Төлеубай: Жолдас, колхозшылар! Тынышталыңдар! Бұл сот!

Тыныштықты сақтамасаңыздар бәріңді де осы арадан тырқыратып қуып шығуға правом бар.

(Тыныштық орнайды)

Так, келесі куә... Ерқасым Рахманов кірсін!.. (Ерқасым кіреді)

Сіз...жолдас Рахманов сот ісіне куәгер болудың заң алдындағы жауапкершілігін білесіз ғой, ә...

Ерқасым: Білемін...білемін...

Төлеубай: *(кекетін)* так, тағы да не білесіз?.. Өзіңіз басқарып отырған колхоздың меншігін талан-таражға салғызып қойған сізге де іс қозғалатындығын да білесіз бе?!

Ерқасым: *(батылдау)* Оныңызды білмеймін енді. Менің не жазығым бар? Бұлар бидай ұрлайды екен... ал мен оған жа-уап беруім керек...ә!..

Төлеубай: *(шамданып)* Жолдас, басқарма! Ақырын... ақырын... Қазір осы жерден-ақ қолыңызға кісен салғызып... айдағып жібере алатын құдіретім бар екендігін білесіз бе...ә?!.

Ерқасым: *(жүні жығылып)* Білемін... білемін! Енді қайтейін... күйіп кетемін де... Қай қатынның қайсы бидай ұрлап бара жатыр деп... қайсысының қойнына қолымды салып тексеріп жүремін...

Төлеубай: *(масаттанып күлді)* Ха-ха-ха!.. Тап мұның ... өз қатынынан басқа қатынның қойнына қол салмай жүргендей мүләйімсінуін қарашы... Әй... басқарма... біз... мына біз ... сенің талай қатынның қойнына қол салмақ түгілі... ышқырына қол салып жүргеніңді білмейді деп ойлайсың ба?! Ха-ха-ха!..

Так... НКВД-шник... Жексенбай Қарасартович!

Жексенбай: *(орнынан ұшып тұрады)* Мен, жолдас сот!

Төлеубай: Сенде... мына басқарманың қолына салатын кісенің бар ма дәл қазір?!

Жексенбай: Бар... бар болғанда қандай... Айтсаңыз болды, мұның қолы түгілі аяғын да кісендеп тастай аламын... тіпті осы арада отырған халықтың тең жартысын да кісендеп тастаса жетерлік кісендерім бар...

Міне... міне... *(кісен алып шығады)*.

Төлеубай: Жарады, Жексенбайым! Жарадың! Наганың-да оқ бар ма? Оқтаулы ма наганың?!

Жексенбай: Оғы бар, бар!.. Оқтаулы! Оқтаулы! Шүріппесін бассам болды. Жайратып саламын...

Төлеубай: Жарадың Жексенбайым! Жарадың!.. Қатырдың Қарасартовым! Қатырдың!.. Так... куәгер Ерқасым Рахманов! Айтыңызшы... Мына айыпталушының бидай ұрлагандығын сіз қалай растай аласыз?

Әлде, жоққа шығара аласыз ба?

Ерқасым: Мұның *(Үмітті нұсқайды)* колхоз бидайын ұрлаганы рас. Енді мына ауылсовет Әлиев, мына милиция Манақ Әлиев бар... үйлерін тінтіп едік, жеті келі қара бидай екен... Үш келідейін қуырып жегендері бар... он келі бидайды ұрлап отыр ғой бұл қатын... *(үнсіздік)*.

Айтпақшы, сот жолдас! Осы бидайды мына Үміт емес, соның күйеуі колхоздан ұрлап әкелді деген де сөз бар...

Төлеубай: *(Елең ете түседі)* Так... так... міне, қызық! Айтыңыз... айтыңыз... ол қайда, кәне?! Мына арада... айыпталушының мына орындығында неге Байбек Жұмажанов отырмайды, ә?!

(Халық шуылдап кетеді. "Бүлдірді-ау мынау... аузынан қағынып" – деген сөздер естіліп қалады).

Төлеубай: Так... тынышталыңыздар... тынышталыңыздар!..

(Халық тына қалады)

Үміт: *(орнынан тұрып, жан даусы шығады)* Жоқ! Жо-жо-жоқ! Бұл – жалған... Бидайды мен... мен әкелдім үйге... наныңыздаршы маған... мен... мен... айыптымын...

Төлеубай: Так... Басқарманың жаңағы айтқанын да тексере жатармыз... Бізде уақыт бар... Біз анықтаймыз... Тексеру... тергеу... соттау... ол – біздің көсібіміз... жұмысымыз... Сол үшін бізге үкімет ақша да төлейді... Әгерда, Байбек Жұмажанов өз қылмысын... яғни... он келі бидайды әйелі емес... өзі ұрлап әкелгенін өзі мойындаса... әлемдегі ең әділ советтік сот оған кешірім де жасауы мүмкін... Қарасартов солай ма?..

Жексенбай: *(орнынан ұшып тұрып)* Солай... солай...

Төлеубай: Жарадың, Жексенбай! Жарадың! Қатырдың, Қарасартов! Қатырдың!..

Байбек: *(баяу орнынан көтеріліп)* Жолдас, сот! Мен күні кеше ғана қан майданнан оралған жауынгер едім. Совет үкіметінің қас жауы – пәшістерге қарсы аянбай соғыстым... Бас қолбасшы Сталин жолдастың алғысын да алдым... Оның үстіне... екі бірдей ағам... екі бірдей інім соғыстан қайтпай қалды... Мына менің әйелімнің түк те жазығы жоқ. Бидайды ұрлаған мен едім... *(Үнсіздік. Үміт жылап отырады)* Ұя бұз-баған... обал болады деп тіпті қасқырдың бауырындағы кү-шігін де алмайтын халық едік қой... бауырымда мына *(ал-дындағы бесікті көрсетіп)* сәбиім бар... мына мені соттамас ... айыптамас деген оймен менің қылмысымды мына сорлы әйелім өз мойнына-алып отыр...

(Халық шулап кетеді. Жылап-сықтаған дауыстар)

Үміт: *(көз жасын сүртіп, орнынан шапшаң көтеріліп)* Жоқ! Жо-жоқ! Мен айыптымын! Мен... мен ұрладым бидайды... Бұл қанша айтқанмен ер-азамат қой, мәрттік жасап, ме-нің қылмысымды өзі арқалағысы келіп тұр да!..

Төлеубай: Так... міне... мәселе қайда жатыр, ә?!

Сот бұл жағдайды да тексеріп, тергеп, анық-қанығына

жетеді әлі. Ал, өзiрге айыпталушы Үмiт Жұмажанованың iсiн тыңдау осымен аяқталды. Қазiр сот өз үкiмiн шығаруға үзiлiс жариялайды! Айыпталушы, Сiзге соңғы сөз берiледi. Сөйлей-сiз бе?!

Үмiт: Сөйлеймiн!.. Бiрақ та мен ақталып жатпаймын. Қылмысымды мойындаймын... Баяғыда хан қылышы басын қиып түсейiн деп тұрған сәтте де, жазаланушыдан: “Не тiлегiң бар, ақырғы үш тiлегiңдi айт” дейдi екен. Жұмыс басты адамсыздар ғой... мен үш бiрдей тiлегiмдi айтып... бастарыңызды қатырмай-ақ қояйын... Менiң екi-ақ тiлегiм бар... Сол екi тiлегiмдi берiңiздер...

Бiрiншi тiлегiм... *(үнсiздiк)* Бiздiң үйден бес бiрдей... бес бiрдей... азамат соғысқа кетiп едi... солардың... *(үнi дiрiлден)* төртеуi... төртеуi бiрдей майданда мерт болды деген суық хабар бар... Бiрде-бiреуiнiң соңынан ұрпақ ермедi... тым болмаса... сыңар тұяқ та қалмады... Анау отырған... Байбек... кешегi өздерiң көзiн көрiп... қасиетiн таныған... елiңе иманын айтқан қажы аталарыңнан қалған соңғы бiр ұрпағы едi... Құдай тiлеулерiңдi берсiн... Сол қасиеттi қара шаңырақтың түндiгi жабылып қалмасын.. десеңдер Байбекке... Байбекке тимеңiздер... Он келi қара бидайдың **қара** қасiретiн мен-ақ тартайын... *(үнсiздiк)*

Екiншi тiлегiм *(үнi дiрiлден)* мына арман дүниенiң... мына жалған дүниенiң... қулық-сұмдығын, опасыздығы мен сатқындығын сезбей... тал бесiкте пысылдап ұйықтап жатқан анау кiп-кiшкентай ботақанымды... соңғы рет... соңғы рет... емiзiп, ақ сүтiме соңғы рет тойдырып кетуiме... рұқсат берiңiздер!..

Төлеубай: Жә... емiзсiн баласын... Сот өз үкiмiн шығаруға үзiлiс жариялайды....

(Төлеубай, Ерқасым шығып кетедi. Үмiт бесiкке сүйенiп, баласын емiзе бастайды. Жексенбай мен Манақ күзетiн тұрады. Бәрi үнсiз)

Үмiт: *(Қайғылы ананың көкiрегiнен сүт шықпай, бала жылай бастайды. Ызалы үнмен)* Неменеге жұлмайсың?! Неменеге тiстелейсiң?! Неменеге жылайсың?!

Сүт шықпай қойса мен бе екен жазықты?!

Жарытпай қойған мен бе сені?!

Жылайтын күнің алда... алда әлі сенің!..

(Бесікті итеріп жібереді де, ащы зарын төгіп аңырап жылайды).

Құдайым-ау!.. Құдайым-ау... Зар еңіретіп жылататындай, айыптап... айдататындай не жазып едім?! Жазығым не, айыбым не, құдайым-ау!.. Мені... мені болмаса да... төрт... төрт бірдей боздағынан айырылып қан жылап... қан құсып отырған сорлы апамды аясаңдар етті... Қара жүректеріңе осыншалықты қалай ғана қан қатты екен сендердің?!

Замана зардабын тартып жылағаның аз ба еді, халқым-ау?! Бірінді-бірің дұшпан санап, бірінді-бірің орға жығып, оққа байлап жылатқаның да, құлатқаның да аз болып па еді, халқым-ау?!

Жылап қалған, боздап қалған, тентіреп кеткен жетімдерің аз ба еді?! Құдайым-ау... *(бесікті көрсетіп)* ананы... анау жарық дүниеге келгеннен басқа ешбір айыбы жоқ... ешбір жазығы жоқ... анау сәбиді шырылдататындай не жазып едім, халқым-ау?! *(зар еңіреді)* *(Бесіктегі баланы шешіп, Үміттің қолына әкеліп береді)*

Құлыным!.. *(тебіренген, еміренген үнмен)* титтей ғана, қарғам-ау, менің!

Арқамды аяз қарып, табанымнан суық өтіп, талай бір ызғардан тұла бойым қалтыраса да... сені ойласам болды... тұла бойымды ысытып сала беретін періштем-ау... Енді, міне, ақ сүтімді иіп бере алмай... мына елімнің залымдығынан қалтырап... дірілдеп... өз тағдырымның үкімін күтіп тұрған мына менде не ақыл... не ес қалды дейсің құлыным-ау?!

(Баланы қос қолымен жоғары көтереді).

Халқым-ау, мына қараңдаршы... мені соттатып, құртақандай мына сәбиді анасынан, мені бауырымдағы сәбиімнен айырып, шырылдатуға қалай ғана дөттерің барады екен?! О, құлыным, жыларсың әлі! О, құлыным, зарларсың әлі!.. О, құлыным, тарығарсың, сағынарсың... іздерсің анаңды!

О, құлыным! Сорлы анаң да... сені ойлап сарғаяр... баяны да жоқ... аяры да жоқ... аяны да жоқ... көрсоқырлардың

қамауында сен де... сен де... қалып барасың! Бидай ұрлап сотталған жауыздың баласы деп көзге де түртер бұл ел...
(өксіп жылайды)

Халқым-ау, мына сөби жазықсыз ғой, айыбы жоқ қой мұның! Өздеріңе аманат, жалғызым, туған жұрт, ағайыным! Ей, Күн мен ай, ел мен жел, көк аспан, сендерге аманат жалғызым! Сақтай көріңдер менің жалғызымды! Сақтай көр Төңірім, жалғызымды!..

(Баланы бесікке бөлейді “Бесік жырын” айтып, емізе бастайды)

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Сорлы анаңды қинама!

Әлди, әлди, әлди-ай!..
Әлди, әлди, аппағым,
Жылама, менің жүрегім!
Айдалып барад сорлы анаң,
Бір құдай болсын тірегің!

Әлди, әлди, әлди-ай!..
Жылаған біздей зарлыға,

Қуғын көрген жарлыға.
Жаным, менің ер жетіп
Көсем болар ма екенсің?!

Әлди, әлди, әлди-ай!??
Әлди, әлди, бөбегім,
Ақ бесікке бөледім...
Тезірек еміп, бір тойшы,
Анаңды қамап қойғанша
Әлди... әлди... әлди-ай!??

(Әлденеге абыржыған әйелдің біреуі, дауыс салып жылап кіреді).

Әйел: Ой-бай!.. Сорлы апам... сорлы апам... Екі көзі төрт болып, көкірегін дерт билеп өтіп кетті-ау өмірден... Апам -ау... апам-ау!..

Үміт: *(орнынан ұшып тұрып)* Ойбайламай айтсаңшы енді, не болып қалды?! Апам жүріп кеткен жоқ па о дүниеге...

Әйел: Иә...иә... Басында күзетіп отырдым тапжылмастан. Әлден уақытта қимылдап... көзін ашты да, “бар, қарап келші, құлындарымның біреуі болмаса біреуі келе жатқан жоқ па екен” деген соң тысқа шығып, лезде қайтып келдім. “Келді ме, құлындарым” деді де иегін бір қағып жүре берді... Сорлы апам-ау... екі көзі төрт болып, зарығып өткен, апам-ау!

Байбек: Үміт, жаным! Бір құдайға тапсырдым сені! Әділдік біз жақта ғой! Әйтеуір, соған көңілім сенеді. Сот қа-зір-ақ өз үкімімен ақтап, осы арадан босатып қоя берер... Еш нәрсені уайымдама! О дүниелік болған анам бір үйде иесіз жатып қалды-ау... барып бетін жаба берейін... өйтіп-бүйт-кенше сен де келіп қаларсың...

Үміт: *(көзіне жас алып)* Бар, бар енді тезірек. Апаммен бақылдыққа да келе алмадым-ау!..

(Төлеубай, Жексенбай, Майқы мен Ерқасым кіреді. Халық іштен тына қалады).

Төлеубай: Халық сотының үкімін тыңдаңыздар! Азаматша Үміт Жұмажанованың он келі колхоз астығын ұрлаған қылмысы толығынан анықталып, мойнына қойылды. Халық соты Үміт Жұмажанованы он жылға бас еркінен айырып... соттауға өз үкімін шығарады *(үнсіздік)*.

Бұғыбай: *(ашудан түтігін)* Не дейсіндер, оңбағандар?! Он жыл... обал емес пе мына сорлыға! Әй, жетесіздер, далада шаңылып, іріп-шіріп, көр тышқан жеп жатқан бір шелек қара бидай үшін он жыл кескендерің пәшістердің қаталдығынан да асып кетті-ау. Қап, өттеген-ай, қолдарыңда өлейін... *(сыңар балдағын судья Төлеубайға жіберіп қалады да, атылып барып Жексенбайдың қолындағы қаруына жармасады. Алыс-жұлыс басталады)*

Қап, өттеген-ай, ә!.. Бір оқтың болмағанын қарашы. Түр-

ған жерлерінде жайратып салар едім. Сендер де бір... пәшісгер де бірдей екен-ау... Талай пәшістерді жайратып едім... сендерді де обалсынбай атар едім... Әй, Жексенбай, андағы пағаныңа қолым бір жетсе бар ғой...

Жексенбай: Тыныштал, жауыз! Әйтпесе қазір жайратып саламын!..

Бұғыбай: *(еңбектеп Жексенбайға жақындай береді)* Ат, ат!.. Жақындапы көне бір... мен жаралы арыстан... алысқан да... жұлысқан... жақындапы көні?

Жексенбай: Кері қайт, жолама! Атамын!.. Атамын қазір!.. *(атып салады. Әйелдер улап-шулап жылайды. Баланың шырылдаған жан дауысы шығады).*

Лагерь. Темір тордың аргы бетінде сотталған бір топ әйелдер сап түзеп кетіп барады. Солардың соңында – Үміт те бар. Тоқтап, темір торға таяу келіп, мұңды да ойлы жүзбен қарап тұрады...

Дауыс: Басқа салғанды, тағдырыма жазғанды көріп, тар жерде жүріп жатырмын. Ешкімнің басына бермесін де мұны... Бесігінде шырылдап қалған құлынымды күні-түні ойлаумен, жылаумен, кесілген мерзімнің әр күні тезірек өтсе екен деп тілеумен жүріп жатырмын. Зарықтым... Сарғайдым... Сары уайым мүжіп жеп барады... Көптен бері ешкімнен де хат ала алмай қойдым... Апыр-ау, құлыншағым аман ба екен?! Әлде, ұмытты ма бұлар мені?..

Гудегі айқайлайды сағат сайын,
Әрдәйім барып тұрам, почта дайын.
Поштада бір мыңдаған хат жатады,
Оқимын соның бәрін, шықпайды атым.

Анадан жетім қалған мен бір мұңды,
Жүремін жалғыз басым сары уайым.
Сіздермен хат арқылы сөйлескенмен,
Іштегі тарқамайды қалың қайғы.

Жаралған сорлы болып, қу маңдаймын,
Жүремін жалғыз басым сары уайым.
Құдай-ау, мұныға да көнбек үшін,
Тәуба қып ақылыма ой саламын.

Қар жауып жердің жүзі ағарады,
Дария сулар мұз болып көгереді.
Сіздерді көрмеген соң көптен бері,
Сағынып менің жаным сарғаяды.

Хат жазам амандықтың түгел бәрін,
Тұрмысың қандай, қандай жағдайларың.
Денім сау, аман есен жүрмін әзір,
Жалғыз-ақ бар уайымым балапаным!

Тордан ұстап тұрған Үміт талықсып, тізерлеп отыра береді. Бала шырылдайды. Бір сәтте темір тор көрінбей кетеді де, тербетілген ақ бесік қана қалады. Бұлттар көшіп, сол көшкен бұлттың ара-арасынан толған ай сәулесі тал бесікке түсіп тұрады. Бесік тербеліп, бала жылап жатады.

Шымылдық.

ҚҰЛПЫТАСТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДРАМА

Қатысушылар:

Әбіл

Аужан

Әлім

Тәкен *бір ауылдың адамдары*

Қалима

Әйелдер

Ержан – *үлкен бір шенеунік*

Жамал – *Ержанның әйелі*

Құдияр – *жас шенеуніктер және солармен бірге*

Арғын – *демалуға келген қыз-жігіттер*

Сәкен – *Ержанға бағынышты мекеме бастығы*

Ербол (*от жағушы*) – *жазасын өтеп келген жас жігіт*

Оққағарлар

Адам баласы ендігі арада тұрып та, онан соң туып та өмір сүруге болмайды деген кесіммен қотаны жүздеп қалған шағын ауылдың бес-алты қаралы үйінің біреуінде ас берудің қамы жасалып жатыр. Бір шаңырақта жалғыз отырған аурулы - сырқаулы, уайым мен қайғы жеген Әлима кемпірдің қайтыс болғанына да қырық күн толмақшы. Осы ауылдан көше алмай қалғандар жалғыз кемпірді жер қойнына беріп, кейуананың шаңырағының шамын қырқы өткенше сөндірмейік деген ниетпен марқұмның үйіне кезектесе түнеп, енді, міне бәрі жабылып ертеңгі асқа да әзірленуде. Үлкендер жағы намаз оқып болып, дастархан басына жиналып, әңгіме бастап жатыр.

Әбіл: Е, марқұмның аруағы шат болсын де! Апыр-ай, ә! . Зымырап өтіп бара жатқан уақытты қарашы, ә! Жарықтықтың қырқы да болып қалды.

Аужан: Осы, Әбесі, мына көрші ауылдарға да хабар берген дұрыс-ау деймін. Ас-су жетеді. Ол жағынан ұялмаспыз.

Әбіл: Енді бар шаруаны өзің қолға алып, соның басықасында жүрсің ғой. Айтамын, шақырам, хабар берем деген мәселенің бәрін өзің-ақ ойластырып шешсейші.

Аужан: Айтқаныңыз-ақ болсын!.. Әбе, осы марқұм Әлиманьң жалғыз ұлы бар еді ғой, әлгі Алматыда оқып жүріп, сотталып кететін.

Әбіл: Е, сорлы бала! Несін айтасың, тектінің бір ұрпағы еді ғой ол да! Сайтан адастырайын десе, ол да оңай көрінеді ғой. “Кебенек киген келер” деген бар ғой, жазасын өтеген соң аман-сау келсе болар.

Аужан: “По моему” соның “срогы” биыл бітетін жыл. Әлгі қай жер еді, “аспанда құдай, астында мұнай, ортасында адай” дейтін бір жер бар ғой, әлгі қара май шығатын, сол арада деуші еді.

Әбіл: О, жазған құдай, әлгі қалай еді, Гуриіп пе еді?

Аужан: Иә...иә...Гуриіп...бірақ қазір сол әлгі Атырау деп аталады ғой. Сол Ербол босапты, Алматыға келіпті, әлгі оқуының дипломын аламын, сосын ауылға келемін деп хабар айтыпты. Соны марқұм Әлима осыдан бірер ай бұрын шама-сында қуанып, үй-үйді аралап айтып шыққанын құлағым естіп еді. Сорлы бала бүгінді – ертеңді келіп қалса жарар еді. Анасына топырақ салу бұйырмаса да, тым болмаса бір дұғасында бетін сипар еді-ау!

(Қарттар ақыл қосып отырған шақта бірін-бірі қолтықтаған масаңдау Әлім мен Тәкен әндеіп келе жатады).

Көшкенде жылқы айдаймын... а-хау... даламенен,
Ауылыңа барушы едім-ай аламенен!..
Әрида-дай... Әрида-дай-ау!

Аужан: Мына екеуі түс болмай жатып тағы да тойып алғандарын қарашы, ө! Осылар оразасын арақпен ашатын болған ба осы? Енді қазір... келе салып, соқтығысады!..

Әбіл: Несін айтасың? Енді не істесін бұл сорлылар?!

Арақ ішуден басқа не шаруа қалды дейсің бұларға?! (ауыр күрсінеді).

(Бірін-бірі қолтықтап сүйеген Әлім мен Тәкен қарттар отырған жерге келеді).

Әлім: Привет, аксакали!

Тәкен: Ас-са-ас-са, мәлейкум!

Әбіл: Бар болыңдар, шырақтарым!

Әлім: Бармыз, біз бармыз, аға!

Әбіл: Осы сендер не бітіріп жүрсіндер?

Тәкен: Біз бе... біз...біз мына Қаратай қараудың қорасында отырып алып, осы ауылдың жинап өткізетін бар бөтел-кесін жуамыз... Сол үшін... бізге оның ана қатқан қара қаты-ны күні бойғы еңбектерің деп... жүз бөтелке жусақ жүз грамм... екі жүз бөтелке жусақ екі жүз грамм спирт береді атаңа нәлет!

Аужан: Ау, сол қытайдың сасық спиртің ішпесеңдер нелерің кетеді осы сендердің?!

Әлім: Вот даешь, Аужан аға! Сасық дейсің! Ана Қаратай сол сасық спиртіңе тас құдықтың қара суын араластырып жіберіп-ақ, қорасында отырып алып арақ жасап, соны сатып байып отырған жоқ па? Біз ішіп баймыз... ол сатып бай!..

Әбіл: Е, құдай, өзің сақтай гөр! Арамнан жиған дүние байлығы не болар дейсің?! Құдай естімесін! Алла...Алла!..

Тәкен: Ау, моллеке, құдай... құдай дейсің...Құдай естімесін дейді ғой... ау, қытай естімесін де! Құдайды айтады ғой ... қытай... қытай естімесін де!

Аужан: Шырағым-ау, неменені қытай естімесін деп отырсың осы сен?!

Тәкен: Жаңағы Аужекеңнің қытайдың спиртің сасық дегенін естіп қалып жүрмесін!

Аужан: *(шарт кетеді)*. Әй, қырт, кет әрі! Қытайдың сасық спирті дедім... ал айттым! Естісе не, қытай келіп шауып алар дейсің бе?

Әлім: Вот, сендер саяси сауатсызсыңдар! Саясатты білмейсіңдер бәрің де! Біз өз еліміздегі тыныштықты сақтау үшін не істемей жатырмыз осы күні, ө!

Аужан: Өй, өзін езбей, сауатты болсаң айтшы соны, көне!

Әлім: Постой, постой, старик! Кәпір тоқ... орыс тыныш болсын деп бүкіл қазақ өз тілімізді қоя тұрып, сол орыстың тілінде сөйлеп жүріп жатқан жоқпыз ба? Ал енді тап қазір қытай қырын қарап кетпесін деп осы елдің темір-терсегіне дейін соларға жинап беріп, сасық та болса солардың спиртін елге өткізіп, жаппай ішіп жатқан жоқпыз ба? Ал, енді сендер осы ауылдың шалдары... бәрің отырып алып, сонау Абылай заманынан бері қалыптасқан... орыспен орныққан... қытаймен күтайған қарым-қатынастың шырқын бұзғыларың келеді. Вот... этого не будет! Не будет никогда!..

Тәкен: (*селк ете түсіп*). Чего не будет? А что, қытай спирт бермейтін болды ма?

Аужан: (*кекесінмен*) Иә... иә... бізге өкпелеп... сасық деп айттыңдар деп спиртін бермейтін болыпты!

Тәкен: Құрыдық онда! Құрыдық... құртты мына шалдар! Енді не ішеміз?!. Горбачевтың сухой законы кезіндегідей етік майлайтын кремді нанға жағып жейтін болдық-ау! Тух, жүрегімнің айнып кеткені-ай! Көрдік қой арақ ішкізбейміз... енді қайтып бірде-біріміз арақты аузымызға алмаймыз, “сухой закон” орнатамыз деп коммунистердің де сандалғанын! Ел шетіне енді қайтып арақ... шарап... сыра деген пәлені кіргізбейміз, тірі жаны арақты аузына татып алмайтын салауатты ауыл боламыз деп жерден жеті қоян тапқандай қуанып, жар салған да осы ауыл сендер едіңдер ғой! Ал, соларыңнан бірдеме шықты ма?!

Әлім: Вот, көрдіңдер ме, шалдар, давай көрші мемлекетке тиіспей, тыныш отырыңдар. Сасық... сасық... деп екі елдің арасын бүлдіресіңдер әлі осы сендер!

Тәкен: Правильно! Очень правильно говоришь, Алик! Ал, вот, сол қытай... мына сендердің солардың спирттерін са-сық деп айбаттағандарыңды естіп қалса... бізге ерегісіп... бетін аулақ қылсын бар заводтарындағы спирттерін Қара Ертіске ағызып жіберсе не қылар едіңдер ә?!. Былтыр күкірт қышқылын Амурға ағызып жіберіп... бүкіл Қиыр Шығыстың халқы су іше алмай улап-шулап қалған жоқ па еді?!

Әлім: Міне, айттым ғой мен! Қара Ертіске ағызып жіберсе ол спирт біздің Ертіске... сосын мына Есіл мен Нұраға... біздің Қылшақтыға келіп құйылады. Сонда онсыз да суы тартылып бара жатқан қазақтың бүкіл өзен-көлінің арнасы спиртке толып кетсе қайтеміз?! Бұл қауіп пе! Әрине... қауіп!.. Қауіп болғанда қандай! Так что мемелектімізге қауіп төндір-мей, жайларыңа отырыңдар!

Тәкен: А, между прочем спирттерін Ертіс пен Есілге ағызып жіберсе тіпті жақсы! Ағызып жіберсе, жібере берсін! Ой, хой, шіркін, мен онда ана Қаратайға жүз грамм спирт үшін жалданғанша... Есілдің жағасына жатып алып, спирт көлден іше берер едім... іше берер едім... іше берер едім!.. Ауа жетпей тынысы тарылып, көлдің бетіне мас болып қалқып шыға берген балығын ұстап алып... сорпасын сораптап жатар едім-ау бір рахаттанып!

Аужан: Ой, мына шіркіннің арманының түріне болайын! Шырағым-ау, осы сенде сонан басқа қиял... сонан басқа ой қалмаған ба? Осы телевизор дегенің қазақ енді біз де әлем халқымен бәсекеге түсе алатындай қабілетті болайық деп күн сайын қақсап жатқан жоқ па? Онан да сол бәсекеге қабілетті болуды ойламайсыңдар ма осы сендер?!

Әлім: Вот, старик! Ал, осы бізді ешкіммен бәсекеге түсе алмайды, ешқандай қабілеті жоқ деп кім айта алады, көне? Ал, көне, бәстесейік!.. Мына менің өзім бір жартыны аузынан тоқтамай-ақ, бір дем алмастан қылғыта саламын. Ол жағына келгенде орысыңның өзін орнында отырғызып кетемін. Бұл қабілеттілік емес пе? Қабілеттілік әрине! Еще как! Ал енді... сыра ішу жағынан немісіңнің өзін төменге сырғытып жібере аламыз. Өркөкірек француздың өзін шарап ішуден шалып жығамыз. Көне, көрсін, солар бізбен бәсекеге түсіп. Ішкен жерлерінен мәңгіріп не тұра алмай, не жүре алмай қалсын!

Тәкен: Да, ты прав, Алик! Әлім өте дұрыс айтады. Біз қазір сол арағың мен сыра ішу жағынан хальқаралық жарыс бола қалса, немесе чемпионат ұйымдастырылса да... ешкімнен кем түспейміз! Тіпті, асып түсеміз! Ешкімнен

ұялмаймыз да! Я в этом уверень! Ой-бай, анада облыс орталығына барсам, сонда Тәуелсіздік деген бір алаң бар екен. Құдай сақтасын, сол алаңға ақ шатыр... көк шатыр дейсің бе, қатар-қатар... сам-сатып тігіп тастапты. Бұл не қылған көп шатыр деп біреуінің ішіне енсем, ой-бой... іші толған халық. Құдай сақтасын, көз тоқтатып қарасам... қазақтың өңкей бір әп-әдемі, жап-жас сұлу қыздары! Әй, бір он төрт пен он бестің арасындағылар ма деп шамаладым. Ауыздарында темекі, ауылдан Тәкен келді-ау, мынау Тәкен-ау деп қымсынатын емес, бұрқыратып отыр. Тап бір шөлден қаталап келгендей сыраны сіміріп отырғандарын қайтерсің?!

Әлім: Тәкен, ау, Тәкен... сен кім едің?!. Сені қойып, әй, солар Тәкен түгіл әкелерінен де ығынар ма екен осы күні? Туһ, сыраны айтып аузымнан сілекейімді шұбырттың-ау? Ме-нің де сусап кеткенім. Шіркін, сап-салқын бір саптыаяқ сыра болар ма еді?

Тәкен: Ну, подожди, Алик! Қызығын айтайын! Мен де бір боқал сыра алғыздым емес пе?! Ой, рахат! Әлден уақытта жаныма үріп ауызға салғандай бір жап-жас қыз келіп: “Старик, қыз керек пе?” – деп қылмындап тұр.

Әлім: Иә!.. Мәссаған! Керек демедің бе? Ала келсең ғой, күнде байыған сайын “мен жас тоқал аламын... тоқал аламын” деп өзеуреп, есімізді шығаратын Серәліға бере салатын едік қой. Әй, соны әкеп берген күні бір тоятын!..

Тәкен: Әй, қойшы, сол Серәлінің әйелі Мәриямның өзі де жаман қатын емес. Құтырады да байыған сайын! Вот, да-ешь өзің! Әй, ол қыз мына ессіз қалған ауылға келіп, оның арақтан ауыздары бір құрғамайтын сен сияқтыларына байға тиюші ме еді? Мен де қайдан білейін, керек дедім! Сөйтсем, ол әлгі бір ... ну енді... бір неткенге... ну, енді былай... жаны-на бір жатып тұрғанға жүз доллар сұрайды беті күймей!

Әлім: Да, ты что! Масқара ғой!

Тәкен: Конечно масқара! Жүз доллар беріп неткенше... ондай ақшам болса, онан да сол жүз долларға жүз бөтелке

арақ алып, күнде соның біреуін құшақтап жатпаймын ба ра-хаттанып! Қаланың қыздары ауылдың жігіттерін ақымақ са-най ма екен осы! Вот... сол сыраханада отырып бар ғой, ой-бой дерсің... қыздардың неше түрлісінің неше бір мықынын, неше түрлі төстерін... прямо емшектеріне дейін... әй, тіпті кіндіктеріне дейін көріп... әй, бір рахаттандым-ау!

Тәкен: Қап... сол жолы мас болып ұйықтап қалмағанымда сенімен ерө барып, сол қызықты мен де көретін едім, ә!

Әлім: Тұра тұр енді! Оны айтасың, әлгі қыздарың... кәдімгі маржан бар ғой... сол маржандарынды кіндіктеріне тағып алыпты!

Тәкен: Әй, қойшы, мұның енді қисынға келмейтін нәрсе! Әй, маржанды мойынға тақпаушы ма еді, кіндікке таққаны несі?! Оны ол жерге қалай қадап, қалай тағады?

Әлім: *(ашуланып)* Ей, мынау қалай... қалай дейді ғой? Не, мен біреудің мойнына, болмаса кіндігіне маржан тағып көрді деп пе едің? Білгің келсе қалаға бар да көр, сұрап біл соны! Сұра, соны сол қыздардың өздерінен!

Тәкен: Қызық екен! Ғажап екен!

Әлім: Саған қызық, саған ғажап шығар! Ал мен сол арада отырып не ойламады дейсің?

Тәкен: Иә, не ойладың? Сен енді қыз, қырқынмен ойнауға жарамасаң да... ойлауға шеберсің!..

Әлім: Мен бе?! Баяғыда... біздің бала кезімізде үлкендер ой-бай, қыздардың көйлегінің етегі тізесін жаппай тұр деп байбалам салып, соны масқарадай көріп жатушы еді. Енді сол шалдар тіріліп келіп, қазіргінің қыздарын көрсе ғой! Жалпы, дүние атаулы түгел жалаңаштанып барады!.. Міне, бейбақ сол сыраханада отырып, соны ойладым ғой!

Тәкен: Вот, даешь! Әй, жалаңаштанғысы келгендері бар... жалаңаштана берсін! Оған сенің басың несіне қатады?.. Бір кездегі бақайдың басына түскен көйлектің етегі қысқара-қысқара тізеге жетсе... ол кесіле, кесіле келіп кіндікке барып тірелсе!.. Ал, енді оның ар жағында не

қалды?! Әй, онан да осы адамдардың бәрі... үстеріндегісінің бәрін... киетін киім-дерін біресе олай, біресе былай қысқартып, шолтайтқанша онан да бәрін бірдей шешіп тастап, тыр жалаңаш жүрсе бол-май ма, ә?! Өзі бар көрсететінімізді көрсетіп... көріп, ұстататынымызды ұстатып... ұстап... бәріміз бір құмардан шығар едік те, сол құмаркұрт күндердің күнінде әйтеуір бір басылар да еді! Жан-жануардың бәрі бірдей ашық-шашық жүрген жоқ па? Солар бар ғой біріне-бірі үзіле де, сүзіле де қарамайды, тіпті көз қысып, көз алартып қызықпайды да... оны айтасың... тіпті зорламайды да ғой!.. Вот, может бәріміз жалаңаш жүрсек... адам баласы сонда барып құмарынан шығып “успокоется” ететін шығармыз!

Әбіл: Әй, қойындар енді қай-қайдағыны айтпай! Дұғаға арақ ішіп келгендеріңді қойып, ауыздарыңа келгенін сөйлеп отырғандарың не осы? Небір сұмдықты айтып... тіпті де болар емессіңдер ғой! Аруақ сыйласандар етті!

Тәкен: Ол не қылған аруақ! Өлген кемпірді апарып көмген жоқ па едіңдер? Енді не... бәріміз жоқтау айтып, қара жамылып отыруымыз керек пе? Аңда – санда басымыз осылай бір қосылып қалғанда естігенімізді, көргенімізді, білгенімізді айтқанның не жөнсіздігі бар? Дұғаға келген құдайшыл шалдарың да “ет піскенше” деп карт ойнап, дауласып, даурығып отырған жоқ па, әне?! Ата сақалдары ауыздарына түскен солар сенің шарифатыңды тыңдап отыр ма?

Әлім: Ну, мулла, не обижайся на нас! Дастархан басында қаншама арақ ішіп отырсақ та, осы біз батамызды бермей, бетімізді сыйпамай тұрып кетіп қалып жүрген жоқпыз! Біз “истинный”, нағыз мұсылманбыз! Араққа осы бар ғой қаншалықты тойып алсақ та “ал көне стақандарыңды, бөтелкелеріңді жинап алып кетіңдер”, – дейміз де... бата беріп, “ей, Алла, өзің кешір, өзін жарылқа”, – деп бет сипаймыз да, соңынан аят та оқып жібереміз. Алланың алды кең дейтін!.. Кешіріп жатыр... әлі де кешіреді қазақты!

Аужан: (күлкі қысқан қалпымен) Ой ... Әлім-ай, әй, Әлім, өлтірдің-ау! Ой, өлтірдің-ау! Рас... рас осы айтқаның-ның бір өтірігі жоқ енді. Әй, осы баяғыда дүниенің ақиқаты мен әділдігін от ауыз, орақ тілді, қара қылды қақ жарған билер мен шешендер айтады деуші еді. Енді осы заманның шындығын шырқыратып тұрып, осы алқаштар ғана айтатын болып жүр!

Әлім: Да, очень правильно! Адалдықты, әділдікті алқаштар біз айтпағанда, кім айтады енді? Кім қалды? Қызмет істеп жүрген шенеуніктерің бе... олар қорқады... жегенімізді желкемізден шығарады деп қорқады олар. Әу, Аужеке, адал-дықты, бүгінгі күннің ақиқатын сен неге айтпайсың? Сайрап, жеркөктегі законды соққанда аттылыға жол, ауыздыға сөз бермейсің!.. Ә, сен де айта алмайсың сен де қорқасың шын-дықты айтуға! Өйткені, қызмет істеп жүрген балаң бар! “По-пробуй”, айтып көр, қызметкер балаң ертең кім болып кетер екен?! “Так что” түбінде... осы мен білсем... түбінде бар адалдық, бар әділдік осы алқаштарда қалады! Тіпті, түбінде... дүниені түзейтін де... дүниеге адалдық пен әділдік орнататын да... осы алқаштар болады әлі!

Әбіл: Пай-пай-ай!.. Шіркін, дүние-ай, алқаштың қолында қалған! Түзерсің... түзерсің! Бәрі де бір Алланың қолындағы дүние ғой! Ей, Алла бір өзің жарылқа!

Әлім: Вот, старик, сендер осы өздерің істей алмайтынды, өздерің айта алмайтынды, өздерің түзей алмайтын істің бәрін бір Алланың қолында ғой деп, соған жүктейсіңдер де, қарайсыңдар да, отырасыңдар! Сөйтесіңдер де, бар кінәдән оңай құтылып кетесіңдер. Үндемей тірі жүріп... айламен... алдаумен кінәден бүгін құтылып жүргеніңмен, ертеңгі күні... ақыретте күнә... күнә деген де бар екенін білгейсің!

Әбіл: (шамданып) Е, неменеден құтылып кетіп жүр екенбіз? Не күнәміз бар екен о дүниеге арқалап алып бара жатқан?!.

Әлім: Вот, енді ашуланады өзі! Аана, былтыр күзде... ана Мақтымның жалғыз ұлы қаза тапқанда... зират басында:

“давай” енді бүгіннен бастап, өлік жөнелткенде жыртқыс, ақша, дүние таратқанды қояйық” деп соған осы ел түгел пәтуаласып, тіпті, қол көтеріп те “решение” шығарған жоқ па едіңдер? Ал енді сол решениелеріңді осы үйдің байғұс кемпірін көмген күні неге орындамадыңдар ә!? Айтшы көне, соны! Ал, айтарың ба ма осыған?! Түрмеде жатқан жалғыз ұлым босанып келсе, сатып пұл қылып, соның керек-жарағына жұмсаймын ба деп бағып отырған... табында жүрген жалғыз биесін де алғызып, сойғызған жоқсың ба? Сойғыздың... Сандығын ашып қойып... сорлы кемпірдің жиған-тергенін жұртқа таратып, шаштың ба? Шаштың!.. Енді, міне, дұғасын өткіземін деп соң-ғы қалған қойын да сойып, енді соның да басын мүжиін деп отырсың! Осының бәрі кім үшін, не үшін? Құдай үшін бе? По моему, соның бірде-біреуінің құдайға да қажеті жоқ болар!

Аужан: *(абыржып)* Ой-бай-ау, мынау көмусіз қала жаздаған байғұс кемпірдің мүрдесіне ие болып, о дүниеге адам сияқты жөнелткенімді де күстәләп, күнә ғып алдыма тартты-ау!

Әлім: Күстәлә...пістәләңды... білмеймін! “Вот” бисмиллә , бисмиллә! Сол құдайдың өзі сақтасын! Осы күні біз тіпті өлікті де... өлген адамды да, қара жамылып отырған қаралы жандарды да сыйламайтын күйге түстік!

Аужан: Әй, қой деймін енді, бәрімізді де былғап біттің-ау! Немене, таң атпай ішкен қытай спиртінің қызуы мен қытығы басылмай отыр ма әлі де!

Әлім: Ә, менің айтқаным өз қытығына тиейін деді ме? Өтің жарылып кетсе де айтайын! “Вот”, тыңда! “Раз” айтады екенмін, ішіме жиналғанның бәрін “до конца” айтамын!..

Аужан: Айт, ал, айт енді!.. Сенің айтқаныңмен дүние өзгеріп сала берер деймісің?!

Әлім: Әрине, өзгеруі керек! Ал, неге өзгермеуі керек?! Қабыр басына барар алдында дәрет алмақ түгілі... зират ішін-де тұрып алып... аузыңнан будақтаған темекісін тастамайтынның бірі... әуелі өзің емессің бе? Вот, міне, өзгеріс сенен басталуы керек! Бір үйдің оң жағында өлік

жатады, жанында өздерің отырып алып... ешкім өлмегендей, ешкім қайғы жұтып отырмағандай... ет жеп... сорпа ішіп, ауыздарыңа келгендеріңді сөйлеп, тіпті анекдот айтып, жырқ-жырқ күліп отыратындар да өздерің емессіңдер ме? Әне, *(карта ойнап отырғандарды нұсқап)* дұғаға келгендердің сыйқы аналар ма... қарт ойнап дауласып жатқан!

Әбіл: Әлім, шырақ, мұның жөн, жөн енді!

(Үнсіз отырып қалады)

(Әбіл қарт осыны айтуы мұң екен "Ағатай!", "Ағатай-лаған" әйел дауысы шығады. Әңгіме сап тиылады. Қазан-ошақтың жанындағы әйелдер дауыс шыққан жаққа қарай үрейлене қарап, аңтарылып тұрып қалады. Бұл ауылдың шеткі үйінде тұратын Қалима кемпір болатын).

Әйелдер: Ойбай-ау, мынау Қалима ғой! Екі өкпесін қолына алып жүгіріп келе жатқаны несі?! Не ғана болып қалды екен? Бойым ауырлап тұр деп төсек тартып жатыр еді мана.

Қалима: *(ентігіп, әлденеге абыржыған қалпы үйге кіреді, Әйелдер де соңынан ереді).* – Ағатай!.. Ағатай!.. Ух... ох... ах... Ағатай!..Ағатай!..

Әбіл: Шырағым келін, тыныштық па, әйтеуір! Не болып қалды? Айтсаңшы енді ентігіңді басып, жүрегіңді орнына түсіріп...

Қалима: Ағатай!.. Ағатай!.. Қазір... қазір айтамын. Тух, мына жаман жүрегім аузыма тығылып, орнына келмей тұрғанын қарашы! Қазір...қазір...Ауыл шетіне... ана жерге... *(қлымен қара жол жақты нұсқайды)* бір мәшине келіп тоқтады... өзі такси мә деймін.

Аужан: Иә, Қалимаш, сонан кейін деймін...

Қалима: Тұра тұршы! Жан алқымнан алмай! Ағатайға айтып жатырмын ғой енді.

Әбіл: Сөзін бөлмеңдерші енді! Тындасаңдаршы сабыр сақтап! Келін шырақ, айта бер!

Қалима: Соны айтам-ау! Сол әлгі мәшинеден біреу түсіп жатқан соң терезеден үңіліп қарап тұрсам... шырамығтым, сол әлгі осы үйдің Ерболынан аумайтын біреу. Құдай

ақы, көз алдымызда өскен бала еді ғой, бейшара неме, құдды Ербол! Сол... сол, ағатай! Ербол келе жатыр. Қазір өзі де осында, үйіне кіріп келер.

Әбіл: Келін шырақ! Мынауың тосын да болса... жақсы хабар екен. Ал, енді келе қалса, бірден жылап-сықтап ала жө-нелмей, сабырмен, байыпты қарсы алайық. Алып-ұшып келе жатқан жүрегін шошытып ала көрмейік. Естірту жағын маған қалдырыңдар.

(Үйге қолында жол сөмкесі бар Ербол кіріп келеді).

Ербол: *(сәл-пәл тосырқап тұрып қалады).* Ассалаумағалейкум!

Әбіл: Уағаликумассалам! Бар бол, балам! Кел... кел... айналайын, құрдасымның баласысың ғой, келе ғой, маңдайыңнан иіскейін! Орнымнан тұрып барып, өзім-ақ құшағыма алар едім, мына аяқ құрғыр басқызбайды.

(Ербол Әбіл қартпен, үйде отырғандармен қол беріп амандасады).

Ербол: Аға, апам қайда?

Әбіл: Балам... балам, әуелі өзің менің қасыма келіп, мына араға отыршы. Келші...

Ербол: Апам қайда? Апам қайда жүр? *(Қарттың жанына келіп жайғасады).*

Әбіл: Ал, көне, шәйлеріңді әкеліндер! Көне, наннан ауыз ти! Е, балам ендігі татар дәмінді адалынан татқыза көрсін!

Ербол: Аға, апам қайда деймін?

Аужан: *(Әбілге қарап)* Ербол шырақ, апан манағы бір кезде мына көрші ауылдағы бір жамағайындарының жайын біліп келемін деп сонда кетіп еді. Осы қазір-ақ келіп қалар...

(Әйелдер жағы көздерін жаулықпен басып сыңсып жылайды).

Ербол: Аға, апам қайда деймін?

Әбіл: Ербол, айналайын! Мына жалған дүние кімге опа берген дейсің?! Есің бар азаматсың сен де! Ер азаматтың ба-сына не түспес, ол не көрмес, неге қөнбес!.. “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”, – демеп пе еді баяғылар. Сенің де ендігі алдың жөн, Ербол шырақ! Адасқан боларсың!

Шатасқан боларсың! Мына тұрлауы жоқ дүние шіркінде кімнің сүрінбегені, кімнің күрсінбегені бар?! Ендігі қалған ғұмырыңда айың оңыннан тусын! Берік бол! Мықты бол! Анаң Әлима дүниеден озып кеткен, ақ жуып, арулап қойғанымызға да міне, ертең қырық күн болады. Жазу солай болды, айналайын!

Әйелдер: *(дауыс шығарып)* Сорлы апам-ау! Ерболым деп өтті ғой!.. Бір көре алмай өзінді, зарығумен кетті ғой!

(Ерболдың көзінде жас. Орнынан тұрып келіп, екі бетін қос қолымен басқан қалпы, тізерлеп отырған бойы, үнсіз қалады).

Ербол: *(жан даусы шырқыраған күймен)* Апа-а-а-а!

(Тағы да сәл үнсіздік, сол отырған қалпынан қозғалмайды).

Ербол: *(сол жан даусы шырқыраған күймен)* Апа-а-а-а! Апа-а-а-а!.. Апа-а-а-а!..

(Үнсіздік. Сәлден соң Ербол орнынан тұрып екі көзінен жасы парлай жүріп жан азабымен ерсілі-қарсылы сенделген қалпы назын айтады).

Ербол: Апа! Апа деймін! Білесің бе, мені естисің бе, апа!.. Мен... мен кінәлі емес едім ғой. Ешнәрсеге жазықты емес едім ғой, апа-ау!..

Ешкімге...ешкімге де зорлық жасаған жоқпын, апа! Апа... апа... естисің бе?! Тым болмаса сен естіші, сен тыңдашы! Жазықты емеспін деп шырылдаған жан дауысымды тірі пендеге жеткізе алмай, айыпталып кете барды сорлы ұлың, апа-ау! Енді... енді мен өзімнің жазықсыздығымды да, жанымның жазылмас жарасын да ешкімге айтып жатбаспын да! Апа... апа-ау, соны бір сен... менің жазықсыз екендігімді бір сен ғана білсең болды! Енді өзге ешкімнің де алдында ақ-талып жатпаймын! Апа... апа... а... а...а!...

Әбіл: *(Ерболдың жанына келеді, басу айтады)* – Қой... қой, балам! Сабыр қыл, айналайын!.. Әлима жарықтық та сенің жазықсыз істі болғаныңды өзі де айтып өтті ғой! Білді... білді... апаң!

Ербол: Аға... аға... әлгінде сіз де маған адасқан болар-

сың дедіңіз-ау! Аға... аға-ау, мына дүниеде ... мына өмірде адасып жүрген жалғыз мен ғана ма екенмін?! Мен де... сіз де... бәріміз де адасып жүрміз! Дүниеден тұрақ таба алмай барлық адам баласы адасып жүр қазір!

Біrese ана қоғам... біресе мына қоғам... біресе социализм... біресе коммунизм... толып жатқан бір реформалар жасаймыз деп сандалып, барлық адамзат адасып барады. Ей, адамзат, қайырып енді пыға алмайтын қалың тұманға еніп, беймәлім бір тұңғиыққа батып бара жатырсың! Естисің бе?! Естисің бе?! Сен адасып... адасып жүрсің! Естисің бе... естисің бе?!

Шымылдық

Ақ қайыңы мен көк қарағайы ұшар басына дейін жарыса өскен Көкше таудың етегін шайып жатқан Әуликөлдің жағасындағы “Найзажетпес” шағын мейрамханасында көңілді бір топ дем алып жатыр. Көл жағасында біріне-бірі еркелеп, серуендеп келе жатқан Ержан мен Жамалға сол көңілді топтың дастархан басындағы дуылдаған әңгімелері анық естіліп тұр.

Құдияр: (дастархан басында қалта телефонмен әлде кіммен сөйлесіп отыр) Өлә!..Өлә!.. Өлә, көке!.. Рахмет, рахмет сізге! Жүдә жақсы болды ғой! Алматыдан кейін Астанаға үйрене алмай, кеудемді шаң қауып жүргенде Швейцарияға жіберетініңіз маған тап құдайдың өзі жібергендей сыйлық болды ғой! Көке, рахмет! Сіздің бұл жақсылығыңызды қайтару үшін мен өзіңізге өмір бойы қарыздар болып өтермін! Өмір бойы... өзіңізге адал қызмет етермін. (Сөйлесіп болып, шаттанған көңілмен) – Құйындар, көне! Не ішкілерің, не жегілерің, не істегілерің келеді... бүгін бәрі де менің есебімнен болады! Мен кеттім... кеттім деймін! Кеттім... жеттім... кеттім ... жеттім!

Арғын: (таңырқан) Бауырым-ау, қайда кеттің? Кеткенің не, жеткенің не, айтсайшы, былай жұмбақтамай!

Құдияр: Мен бе ... мен дегеніңіз Швейцарияға кеттім! Мақсатыма жеттім!

Арғын: О, Швейцария ма? Сол Швейцарияға қай ша-
руамен барғалы жатырсың?

Құдияр: Көкем... менің алтын көкем... бүгін менің жи-
ырма жасқа толған туған күнімнің құрметіне маған сыйлық
ретінде үлкен бір қызмет сыйлады. Мен Швейцариядағы ел-
шілікке консул болып кеткелі жатырмын...

Арғын: *(қызбаланып)* Әй, АЗВИ-ді ... Алматының зоо-
ветін әзер-әзер бітірген сен Швейцарияға не бетіңмен, не
бі-ліміңмен, не білгеніңмен консул болып барайын деп
жатыр-сың?! Мына мен МГУ-ді... Москваның Университетін
қызыл дипломмен бітіріп келіп, әлі сенің орынбасарың болып,
бүкіл “отделдің” ісін реттеп, қағазыңды жазып, не істеу, не
керегінді күнбе-күн сызып, көрсетіп беріп отырған жоқпын
ба? Соның өзінде ілегіп, салағып қызметінді әзер алып жүрген
жоқсың ба?

Құдияр: Ну что, онда тұрған не бар? Менің нені қалай
істеп, қалай сөйлеу керектігімді жазып беру... функциональ-
ный обязанносыңыз!.. Міндетіңіз... міндетіңіз, Арғын аға!

Арғын: *(қызбаланып)* Сен айтпай-ақ білемін міндетімді!
Ал енді мен неге өспеймін, бірнеше шет тілін білетін мен
неге шет елге қызметке жіберілмеймін?

Құдияр: Көке... енді ол бұлай ғой өзі!

Арғын: Неменесі былай?! Немене былжырап отырсың?
Не, сол баяғы биографияң келсе де, географияң келмейді
де-генді айтқың келіп отыр ма?

Құдияр: Көке... көке! Енді бәрін де өзіңіз біліп тұрсыз
ғой! Сіз білмейтін дүниенің сыры жоқ бұл ғаламда!
Біліміңізге де... білетініңізге де шек келтіре алмаймын.
(орнынан тұрып) Көне, бәріңіз де қазақ елінің
Швейцариядағы консулы, мына менімен қағысып бір рюмке
коньяк алып қойыңыздар!

(Бәрі Құдиярды құттықтап, мәз-майрам. Арғын шығып кетеді).

Сәкен: *(орнынан тұрып)* – Мен үшін бүгін бір сәтті күн
болды! Апыр-ау, министрліктен келетіндер шіреніп-шіреніп
келетін бір дәйлер ме десем, оу, айналайындар бәрің де бір

тамаша азаматтар екенсіңдер-ау! Тіпті кейбіреулерің баламдайсыңдар! Аптаның басында Ержан Төлеуович жолдастарыммен барамын, қарсы аласыз ба дегелі, шынымды айтсам, сонан бері не ұйқы, не күлкі көрген жоқпын.

Әйтеуір, білетіндерден сұрай жүріп... қарсы алып жатқан жай осы, бауырлар! Осыған риза болыңдар! Бауырым... Құдияр, сенің жаңа қызметің де құтты болсын! Ал, көне, Ержан Төлеуовичтің де өсе беруі үшін!.. Бәрің де өсіндер, айналайыңдар! Ал, көне... алып қоялық!

(Дастархан басындағылар гуілдеп орындарынан тұрып, ағынан жарылған Сәкенге риза болып жатады. Дуылдап жатқандардың үстіне Ержан мен Жамал кіреді. Сәкен өз тілегін жалғастырып жатады).

Ержан Төлеуович! Сізге өз ризалығымды қалай білдірерімді, тіпті бар ғой, осы не айтарымды білмей тұрғаным! Мың да бір рахмет сізге! Алыста... қалың орманның ішінде жатқан бір ағамыз бар деп ескеріп... мынандай тамаша... тамаша азаматтарды алып келгеніңіз қандай ғанибет болды! Бір жасап қалдым өзім! Оның үстіне мына Құдияр бауырымыз елшілікке қызметке баратын болып жатыр. Соның хабары жаңа ғана жеткеніне де қуанып отырмын! Менің үйім, менің шаңырағым құтты болды-ау деймін! Ал енді Ержан Төлеуович, мен білсем Сіз енді Министрдің орынбасарлығынан... вицеликтен осы таяу арада Министрдің өзі болып кетесіз! Сіз дегеніңіз дап-дайын Министрсіз ғой! Көне, бәріміз болашақ Министр үшін алып қоялық!

Құдияр: *(орнынан ұшып тұрып)* – О, Сәке айтқаныңыз келсін, аузыңызға май! Дұрыс айтасыз, біліп айтасыз! Біздің Ержан көкеміз баяғыда-ақ Министр болып отыратын адам ғой, шіркін! Енді сәтін салар!

Ержан: Жарайды... жарайды енді! Тілектеріңізге, ниеттеріңізге разымын! Туһ, маңдайымнан тер бүрқ ете түсті ғой өзі! Ал, інім, сенің шет елге... шет ел болғанда қандай... Еуропаның ең бір сұлу... және ең бір тыныш мемлекетіне консул болып баратын бұйрыққа бүгін қол қойылатынын

мен білгенмін... Мен ол бұйрықты дәкей көкемнің алдына өзім апарып тастадым ғой! Ал, құтты болсын! Кәне Құдияр деген күдіретті консулдың... болашақ елшінің құрметіне... туған күнінің құрметіне... алып қоялық! Оу, әлгі Арғын батыр қайда кеткен? Ол қайда жүр өзі?!

Құдияр: Жоқ, кетіп қалған, көке! Ол менің Швейцарияға консул болып баратанымды естіп, осы арада талағы тас айрылып... қыр көрсетіп... ашу шақырды! МГУ-ді қызыл дипломға бітіріп келген мен неге өспеймін деп сонысын менен сұрап туталақайымды шығарды. Мен сабыр сақтап... үндемей құтылдым!

Ержан: Дұрыс істегенсің! Өте дұрыс... өте дұрыс! Арғынның шіркін, білімі де, сауаты да жетіп жатыр ғой, осы бір мінезінің орыс сияқты тіктеулігі болмаса! Ол өзі бір Жекебатыр ғой!.. Жекебатыр ғой! Онымен естерінде болсын, айтысып, тартысып, ілінісіп жатудың еш қажеті жоқ. Мақтап қойып... ішкізе беріңдер, ішкізе беріңдер!.. Өзгелерден білімі асып түссе де, қызмет ала алмай жүргені бар... тік мінезі бар... білімі кеудесіне сыймай бара жатқан соның күйігі бар... сосын өзі де ішіп... ақыры алқаш болып кетеді түбінде. Оны соған жеткізу керек. Алқаш дегеніңіз, мәңгүрттену! Ал сосын сол мәңгүртіңе сендер бар ғой, бір саптыаяқ сыра беріп те бар шаруаларыңды істетіп ала беретін боласыңдар. Мәңгірген басын жазу үшін: “кәне, нелерің бар істеп беретін... кәне, нелерің бар жазып беретін”, – деп алдарыңа өзі келіп тұратын болады.

Жамал: *(көңілсіз әрі наразы үнмен)* Қой, обал емес пе?! Қандай бір азаматты көз алдарыңда аздырып, тоздырып жібергілерің келіп тұр-ау, осы?! Қойыңдар, обал болады! Ол да өздерің сияқты азамат емес пе?! Біреуді жардан құлатып... біреуді орға жыққанмен ешкім де бұл дүниеден опа таба қоймас! Мына Ержан ағаларыңның айтқанын істейміз деп біреудің обалына қалып жүмендер! Обал...обал болады!

Ержан: *(шаптығып)* Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа деген! Сенің ақылың ғана жетпей тұр еді осы арада! Әй,

осы сендер осы бір дастархан басында жайындай жайылып отыра-отыра шаршаған жоқсындар ма?! Манадан бері жеп жатырмыз... ішіп жатырмыз... ішіп жатырмыз... Мына Сәкен Бөрібаевичтің бар тапқан-таянғанын бір күнде ішіп-жеп кететін болды-ау! Ұят тағы! Кәне, қояйық...қояйық та тұрайық! Мына орман ішін серуендеп қайтайық та!..

Сәкен: Ержан Төлеуович!.. Күнде келіп жатқан жоқсындар ғой. Айына-жылына бір келгендеріңізде тік көтеріліп, жиған-тергендерімізді алдарыңызға тосып күтіп ала-алмасақ не болғанымыз? Ішіңіздер... жеңіздер! Осының бәрі өздеріңізге бұйырған ақ адал асымыз. Ал енді, орман ішін аралап, таутасты кезіп, демаламыз десеңіздер, ол да болады... Моншаны да жағып, саунаны да дайындап қойды. Қазір моншаға түсіп, буланып, денемізді... қанымызды қыздырып, сонан соң орман ішіндегі бұлақ басына барып, серуендеп қайтуға да әбден болады. Бәрі де дайын... бәрін де өзірлеп қойғанбыз өздеріңізге.

Ержан: Енді, о не дегеніңіз? Қонақ қойдан жуас демеуші ме еді?! Бізде ерік бар ма, май берсең де жей береміз ғой... Әй, бәрін де дайындап қойдым дейсің бе? Сауна... о... ғажап... әй, қыз да бар ма, ей?!

Сәкен: О, ол не дегеніңіз... әрине қыз да бар, қымыз да бар дегендей. Сіз үшін бәрі де әзір... бәрін де алдыңызға әкеле аламыз.

Жамал: Әбекесі!.. Ау, Әбекесі! Сылаңдап көз алдыңызда мен тұрғанда құмартып іздеп тұрғаныңыз ол не қылған қыз!.. Әбе...ке!.. Қыздың қызығын көргеніңіз аз да емес еді ғой?!.

Ержан: Жамалчик!.. Ну, Жамалчик! Болмашы жерден қызғаныш шақырмай, шағын жанжал шығармай отырыңыз. Ұмытып кеттіңіз бе, сіз бен біз қалай келісіп едік? Мен дегенің түз тағысымын дегендей... Түзде не кездеспейді... соның бәрінің дәмін татуым керек, қолыммен ұстап көруім керек... қызықтауым керек... Мен еркекпін ғой! Оның үстіне маған қызықпайтын... маған құмартпайтын... мені сыйламайтын... тіпті мені ойлап төсегінде аунақшып түн

баласы ұйықтай алмайтын қыз-келіншектер қанша а? Міне, мыналардың бәрі де жік-жапар болып, қолдарын қусырып, мені сыйлап отырған жоқ па? Ішіңіз дейді... жеңіз дейді... мына дүниенің қызығын көріңіз дейді, қызықтаңыз дейді. Сен де бір қызығым емес пе едің, көріп жүрмін ғой сені де! Бір сен... бір сенің ғана қызығың қазір аз маған. Біле білсең бәрі де...бәрі де аз маған осы күні. Так что... сол аз дүниенің қызығынан мені қаға көрме, қарашығым!

Жамал: Аз дейсіз бе?! Он екімде бір гүлім ашылмаған пәк жаныма жара салғаныңыз да аз ба еді? Менен басқа жылатқандарыңыз да аз ба еді?!

Ержан: Жамалчик... ау, Жамалчик!.. Мына жұрттан ұят тағы... өзіңіз масайып қалғанның қай жағындасыз? Баяғыда...а... біздің ауылда өткен бір той-томалақта бір ағамыздың әйелі қызыл шарапты құмарта сіміре берсе керек. Сонысын ұнатпаған ағамыз анда-санда жеңгемізге: “байқап ішсеңші” деп қоятын көрінеді. Қаны қызып алған жеңгеміз де бой бермей: “қайтер дейсің бұл қызыл арақ қой” – деп сіміре... сіміре берсе керек. Тойдың соңында орнынан тұра алмай қалған әйелінің масайрағанына намысы келген ағамыз: “Айттым ғой саған! Ойнайсың, қатын, қызыл арақпен!”, – десе керек... Сол сияқты қызыл шарап сенің де буыныңды алып қалғанның қай жағы?!.

Жамал: Мастығым әлдеқашан тараған менің.. Есіңізде ме... профессор деген дардай атағыңызбен екі жыл бойы маған бір пәннен зачет қоймай әуреге салғаныңыз... Солай уы-сыңызға түсіргенсіз! Мен ақымақпын, шын ақымақпын! Уни-верситеттегі оқуымнан шығып кетсем де пәктігімді көрі теке- тап саған алдырмауым керек еді...

Ержан: Міне, айттым ғой!.. Айттым ғой!.. Сен массың!.. Масайып қалдың!.. Қай-қайдағыны айтып, сандырақтай бастадыңыз!..

Жамал: Сорлы қызды зорлаған қылмысыңның ізін жасыру үшін не істемедің сен? Не бір зұлымдыққа бармадың сен?!.

Ержан: О... мемлекеттік, айыптаушым! Айтыңыз... ай-

ыңыз... айта түсініз! Қазір әркімнің өз аузына келгенін отайтын заман!.. Демократия... бостандық ... Байыңа да, патшаңа да не айтам десең де... оларды қалай қаралаймын десең де болатын заман...өз еркің!.. Ау, не?.. Не?.. Не стөппін мен осыншалықты?! Айтсаңшы тірідей өлтірмей!

Жамал: Айтамын, Әбекесі! Мен айтсам аузыма келгенді емес, көкірегіме кек болып қатқан... жаныма қайғы мен сары қайым салған зарымды айтамын...

Не істедім деп енді мүләйімсімей-ақ қойсаң да болатын еді ғой. Мүләйімсіген, мүсәпірім! Не... сенің театрдағы жасар кешінен мені жатақханама цығарып салған Ерболды дәл ілінің алдында ұстатқызып, бейбақтың қалтасына наркотик салғыза қойып... онан кейін оны нашақор саудалаушы... онан кейін өзің зорлаған қыздың ажалына себепкер ретінде айыптатып... көзін жойып... мені алдап-арбап, қорқытып-дүркітіп... уысыңа түсіргенің есіңнен кете қойған жоқ цығар әлі!..Енді, міне, мазағына да айналдыра бастадың!

Ержан: Жамалчик!.. Оу, Жамалчик, қойсаңшы енді, ұят тағы мына жұрттан. Болды!.. Ал, болды... бояуы сінді... Қал-ғыз сен дейсің бе маған зачет тапсырған. Талай... талай қылы бар, қызы бар дегендей... Талайлардың... біреуінің біліміне... біреуінің көркіне қарап зачет қойып оқытып... білім беріп, ұшырып жіберіп жаттық қой, әйтеуір. Солардың қалада жылап қалған ешқайсысы да жоқ, әйтеуір. Қазір сол балдардың бәрі де бір-бір қыздың байы, сол қыздардың бәрі де бір-бір еркектің қатыны... бір-бір үйдің иесі болып жүріп катыр, әйтеуір. Мен сүйенгендердің, маған сүйкенгендердің еш нәрсесі кеткен жоқ әйтеуір. За то... оқуларын бітіріп, дипломдарын алып... бәрі де адам болып кетті. Солардың арасынан...ау, мың қыздың арасынан... сені ғана алақаныма қондырып, уысымда ұстап қалған жоқпын ба? Не өкпеңіз бар? Ау, жарығым, айтсаңшы, не өкпең, не назың бар?

Жамал: Өкпем көп! Көңілім қалды бәрінен де... Тойдым бәріне де...тойдым әбден...

Ержан: Тойдым деменіз... тойыңды деңіз!

Жамал: Иә... иә... тойыңдырдыңыз!.. Тойыңдырдыңыз

Ержан: Так...мыналар...бөрің де шыға тұрындар! Мен өз әйелімнің маған деген қара қазандай өкпесін жападан жалғыз отырып, өзім ғана рахаттана тыңдағым келіп тұр.

Сәкен, Сәкен шырақ Сен де... сен де бара тұр! Ана “Вискиіңнен” өз қолыңмен мына рюмкеге шүпілдетіп бір құй-ып кетші.

Иә...Жамалчик...ал енді сөйлеңіз, айтыңыз! Сүйіктім-ау, өзінді осы кеш бойы тыңдауға әзірмін. Сен... бірдей бір Министрліктің мен сияқты бірдей бір Вицесін, бірдей бір ірі тұлғасын мына төмәм елдің алдында масқаралағың келді ме? Ау, жаңағыңыз не?! Атым ел аузында жүрген... ертен Пар-ламентке депутаттыққа дауысқа түскелі отырған мен сияқты азаматты қорлағың келді ме? Ал, айтыңыз... айтыңыз көне! Тыңдайын!..

Жамал: Айтамын... Айтар болсам...ең әуелі бөріне де өкінетінімді айтамын. Сенің үлде мен бүлдеге бөлеп, тойдыр-ған бар арам дүниенің бәрін де құсып тастағым... құса ал-мағанымды тап қазір отқа жағып жібергім келеді. Сенің жы-латып тастап кеткен өз әйелің мен екі балаңның көз жасы... Сонан соң әлгі... өзің зорлап, сол қорлыққа шыдай алмай жа-тақханасының жоғары қабатынан секіріп кетіп, жұлыны үзіліп өлген сенің мойнындағы жас қыздың көз жасы...

Ержан: Енді қайт дейсіз?! Бәрі де бір сіз үшін. Қатыным мен баламды тастап кетсем, ол да мына сіз үшін... Бірақ өзіңіз білесіз... Мен оларды ренжітіп де жүрген жоқпын ғой... Енді қазір Алматыда бас қатын, Астанада жас қатын ұстайтын заман ғой. Так что, сіз ол үшін уайымдамаңыз! Ақшаларын беріп тұрмын, жағдайларын жасап тұрмын... Олардың маған деген еш өкпелері, тіпті еш іреніштері де жоқ. Соны біліп қойыңыз!..

Жамал: Маған ше? Біреудің ұясын бұзған мені... сенің сол әйеліңнің күнде қарғап отырмасына кепіл бола аласың ба?

Ержан: Енді... қарғаса қарғайтын... айтса айтатын бо-

лар. Әйелдің қарғысы әйелге дарымайтын дейтін. Қамықпаңыз, Жамалчик!..

Жамал: Сен қорықпасаң да, мен қорқуға айналдым. Мен қорқамын!.. Қорқамын!.. Бірге оқып студенттік кезеңнің дәу-ренін бірге өткізген маған деген мөлдір махаббаты мен кір-шіксіз сүйіспеншілігін аяғыма басып, таптап кеткен Ербол-дың шынайы көңілінің киесінен де қорқатын болдым. Ербол жаным! Кешір мені! *(Ағыл-тегіл жылайды)*. Адастым... адастырды мына адамдар! Жаңылдым... жаңсақ бастым. Сүріндім, тұзағына түстім мына күзғынның! Масайрадым... Мына жалғанның қызылды-жасылды алдамшы дүниесі есімнен тандырды, мас қылды. Міне, ішемін... ішемін қазір де. Мен мынаның арқасында қымбат шарап ішіп, масайрап жүрген жоқпын, Ербол! Бұл... бұл...мына тостағаным шүпілдеп толып тұрған сенің көз жасың... қанды жасың... Сен білесің бе, Ер-бол, мен қазір күн сайын не бір жазықсыз жандардың көз жастарын ішіп жүрмін ғой... Сен соны білесің бе, Ербол!

Әй, *(Ержанға ұмтылады)* уың бар ма? Оны да ішемін... уланбаған нем қалды? Арамдалмаған не қалды? Әкел көне, уың бар ма?!. Уың бар ма деймін?!. Күй... күй мынаған!

Бәріне де сен... сен кінәлісің! Сен... сен...

Ержан: Әй... Жамалчик! Әй... өй! Не болды саған?!. Не?!. Не?!. Жынданғанның қай жағындасың өзің?!

Жамал: Жоқ!.. Әзірге жынданған жоқпын! Жындансам екен тезірек! Есі кетіп есірген мына дүниенің сен сияқты ес-сіздерінің етегінен ұстап өмір сүргенше... енді өлгенім жақ-сы. Өле қоймасам... сол сен айтқандай жынданып кеткенім тіпті де жақсы! Еркегі сайқалданып кеткен мына дүниеде не ақыл, не ес қалды дейсің?!. Некелі әйелінен ұрлана жүріп, кө-рінген жерге ұрығын шашып, ұрпағын аздырған еркектің мы-на дүниеге жасаған қиянатын мына, қара жер,... қалай ... қалай ғана көтеріп тұр екенсің?!. Ей, қара жер! Қалай ... қалай ғана көтеріп тұрсың деймін?!

Ержан: Жамалчик! Ау, Жамалчик, айналайын қойсаңызшы енді! Бүкіл еркек атаулыны ессіз қылғаныңыз жетер

енді. Ал енді біз...біз мына еркектер кәне, нені... кәне, кімді аздырып, нені арамдап біттік? Әйел мына сендердің де азғандарың мен азғындағандарың аз ба еді, ей?!

Жамал: Ей, дүние! Сорлы дүние!.. Рас...рас айтасың! Соры қайнаған сол сорлы дүниеде әйелдің азғаны да, азғындағаны да аз емес. Иә... иә... аз емес! Сәби дүниені... пәк те таза дүниені аздырған да... тоздырған да мына сендерсіңдер!..

Ержан: Қойшы, ей, ақылманым! Қалайша,ей?!

Жамал: Былайша, ей! Осы күннің еркек атаулысының бәрі бірдей аңшы болып кеткен жоқ па? Еркек болып атқа мінбек түгілі... сол атыңды ерттей де алмайтын... қолдарына шокпар, сойыл ұстамақ түгілі... боққа толған қарындарын ырсылдап, көтере алмайтын сен сияқты еркектер ғой обалсауабына қарамай осы даланың үркек елігінің бәрін де атып алып, қырып жатқан. Біз де... мына әйел біз де... сол елік емес пе едік?! Қорғансыз, панасыз... Мына дүниенің бәрінен қорқып ... бәрінен үркіп... бәрінен үрейленіп жүрген біз сияқтыларды сендер емессіңдер ме қан жылатып, аяусыз атқан... әлі де аяусыз атып алып жатқан. Сен де мені... Оқуымды бітіре алмай, дипломымды ала алмай қалам ба деп үркіп жүрген мені... сен... сен де атып алғансың. Мен де бір күнәсіз, үркек елік едім ғой...

Ержан: Елігім-ау! Жарайды енді, атып алған екенмін... ал енді содан өлген жоқсың ғой!

Жамал: Пәктігім үзілген сол түні-ақ, сол төсекте өліп-ақ кетуім керек еді... Өлмедім ғой мен сорлы! Бірден өлмей қалғаным несіне керек енді?! Енді міне...күн сайын өліп бара жатырмын. Сол күн сайынғы ажалымның азабын өзім ғана күн сайын тартып келемін. Менің жанымның созылмалы ажалын ешкімнің басына бермесін де!

Ержан: Жарайды...жарайды!.. Ал, ақылманым, сен енді мынаны айтшы! Әйел азбаса... әлгі қыздардың өздері тапқан өз балаларын емізбестен де... шырылдатып босанған жер-леріне тастап кетіп жататындықтарына... мына еркектер тағы да біз кінәліміз бе?! Ал, кәне, айтарыңыз бар ма осыған?!

Жамал: Сөз жоқ, біз кінәліміз! Иә..иә...бәріне де әйел біз кінәліміз! Өзің жасаған қиянат атаулының кінәсін де, күнәсін де біреудің мойнына жүктеуге келгенде ешкімге дес бермей, еселерінді жібермей, жалынан ұстатпас асау да тәкап-пар... паң да асқақ болып шыға келесіңдер ғой әйтеуір сендер!.. Өйткені... сендер... еркектер жаңбыр жаумай жер қуарып кетсе де, көк аспанды кінәлап, құдайға қарғыс айтып үйренген жансыңдар. Әрине... баласын шырылдатып тастап кетіп жатса, сөз жоқ, оған әйел кінәлі! Бірақ... сол баланы сол әйел кімнен тапты екен?!. Әйелдің жанымен бірге ұрпағы үшін сол әйелімен бірге сол еркегінің жаны неге бірге пырқырамайды? Мына жарық дүниеге іңгөлөп, шырылдап келген сәбимен бірге оның әкесінің жаны да неге бірге шырылдамайды?!

Хайуан... хайуансыңдар!

Ержан: Жамалчик, қойшы енді. Хайуан... хайуан дейсің ғой тіпті өзің!.. Біздің әзірге сол хайуаннан көп артықшылықтарымыз да... біраз айырмашылықтарымыз да бар ғой...

Жамал: Білем... білем... ол артықшылықтарыңды! Менің қолымда дүниені қайра жарататын күдірет болса ендігінің еркегін ұрғашы атаулымен сол хайуандар сияқты жылына бірақ рет жанасатын қылар едім.

Ержан: Әй, вот это идея! Әй, дұрыс айтасың!.. Тіпті дұрыс айтасың!.. Осы біз адам баласының ендігі еркегі де бар ғой... сен айтқандай сол хайуандар... яғни, барлық жан-жануарлар сияқты... сендермен бар ғой... әйелдермен жылына бір-ақ рет шағылысып тұратын болсақ бар ғой... онда мына дүниеде тастанды балалар дегеніңіз атымен болмас та еді!.. Мына қарашы! Жылына бір-ақ рет шағылысып, табатын өз баласын жылқы малы тастай ма?!. Ит те тастамайды ғой! Сиыр да... қой да... шошқа да тастамайды ғой! О, ғажап!.. Міне ғажап!..

Жамал: Сорлы... ақылың жаңа кіргендей мәз болдың-ау! Алла тағала нәпсісін тиып ұстасын деп саған берген ақыл мен ой-сананы сол хайуандарға қимағанын қайтерсің?! Хай-уан болғысы келген сорлым-ай... Сен онсыз да... өзің

де хай-уансың!.. Соны да білмей келгенсің-ау!.. Бар ... бар... басты-ғымыз келеді деп саунасын жағып.. суын жылытып, қыз-дырып... қыз-қырқынын жинап, өзіңді тосып отырғандарға бөгелмей бар енді!.. Араларында пәктігі үзілмеген үркек елік-тері де бар шығар! Бар, атып ала ғой!

Ержан: Жамалчик!.. Атып алу... атып алатын дегеніңіздің қалғалы қай заман?! Қазір атып емес, Жамалчик, сатып алатын ... сатып алатын заман!..

Жамал: Бар... бар!.. Ұрлап-қарлап жинап алған байлығың жетеді ғой... бар да сатып ал! Арамнан келген дүние байлығының арамға шашыларына көзім баяғыда жеткен менің!..

(Қалта телефонын алып әлдекіммен сөйлеседі). Нұрлан, айналайын, машинаңды әкелші есік алдына. Мені тезірек қалаға жеткізіп тасташы! Шаршап кеттім...

Жо-жоқ, ағаң қалады осында! Ол аңға ... аңға шығамын дей ме?! Тез келе қойшы енді, айналайын!..

(Жамал далаға шығады. Кетіп бара жатып Сәкенге жолығысып қалады. Ол Жамалды байқамай өтіп барып, кері бұрылады).

Сәкен: Жамал, айналайын-ау, қара басып, өзіңді көрмей өтіп кете жаздағанымды қайтерсің?! Ғафу ет, айналайын! Сізді қалаға қайтқалы жатыр дей ме?! Несіне асықтыңыз?!

Жамал: Оқасы жоқ, аға! Қайтпасам болмас, шаршаңқырап кеттім. Көрмей өтіп кете жаздағаныңыздың да еш айыбы жоқ. Ағасы-ау, біз көруден... көруден қалғалы қашан?! Бәрі-міз де көрсоқырмыз осы күні!..

Сәкен: Айналайын-ау, осыншалықты несіне қамығып, неменеге күйініп кеттіңіз?! Көңіліңізден шыға алмай, ренжітіп алған жоқпыз ба?

Жамал: Жоқ, аға, сіздің еш айыбыңыз жоқ! Оған қысылмаңыз! Бәріміз көруден қалған көрсоқырмыз деген сөзіме ренжи көрмеңізші, аға! Менің жан дүниемде не болып жатқанын кім біліп, кім көре алар дейсіз?! Адам баласы бірін-бірі көруден қалды ғой!.. Көруден қалды ғой, аға!.. Соны білесіз бе?! Басты қайғы да осы ғой...осы ғой, аға!

Шымылдық

Ұзақты күн, онан қалды түн баласы құрылысы бір тоқтап көрмеген үлкен шаһардың әр тұсына бірер жылдың ішінде салынып қалған не бір сәулетті де дәулетті жеке үйлер кім-кімді болмасын сүйсіндіргендей. Сол қаладан не бір тұрақ, не бір баспана таба алмай жүрген бір қаңғыбас әр үйдің тан-баланған белгілеріне жете көз салып келеді. Шаршаған, өңі де, түрі де жүдеу. Қолындағы шағын бір қапшығынан уқаланып, жыртылуға айналған газетті алып, соған шұқшияды. Сәлден соң ол әлдебір үйдің қоңырауын басады.

Қаңғыбас: Сейфуллин көшесіндегі 45-ші үй осы болды ма екен, ханым?!

Жамал: Па, шіркін! Ханым деп сызылып тұрғаныңызға қарағанда хан сарайынан шыққан біреу болдыңыз-ау деймін, мырзам?!

Қаңғыбас: О, ханым! Мырзам деген бір ауыз сөзіңіз жан жүйемді босатып жіберді-ау! Үніңіз қандай майда еді! Мен дегеніңіз жолым болмай жүрген бір бейбақ едім, енді сәтін салар. О, төңірім, сәтін сала гөр! Менің де айымды оны-нан тудыра гөр!

Жамал: О, мырзам! Жаныңыз да, бойыңыз да босамасын. Сіз босағанмен бос жатқан жан мен емес. Еміренуіңді қоя тұрып, онан да не шаруамен келіп тұрсыз, соны айтыңыз. Қазір не көп, кім көп, үй-үйді аралап, қайыр-садақа сұрап, болмаса қоқыс теріп жүрген көп! Солардың бірі ме десем, сөзің ірі, етің тірі біреу көрінесің! Үсті-басыңның жүдеулігі болмаса.

Қаңғыбас: Қазіргінің адамынан қайыр-садақа сұрап жүр-ген солардың есі бүтін емес-ау деймін. Қайырымдылықтың қанаты қайырылып, мейрімділіктің сағы мүжілгелі қай заман, ханым-ау?! Меселімді енді Сіз қайтара көрмеңізші! Осы үйге от жағушы қажет болып тұр деген құлақтандыруды мына бір газеттен оқып келіп тұрмын. Сол оттарыңызды осы мен-ақ жағып тұрайың.

(Үйден Ержан шығады)

Ержан: Әй, ханым... ханым деп қақсап тұрған андағын

кім өзі? Кісінің жүрегі айнығандай өзінің түрін қарашы. Азған біреу ме!

Жамал: Қайдан білейін, кім екенін?! От жағушылыққа сұранып тұр. Сол от жағушыны іздеп жарнамалап, жар салып жүрген де өзіңсің ғой. Ал енді өзің сөйлес!

Ержан: Иә... айта ғой, сөйленіз енді!

Қаңғыбас: Мына газеттен осы үйге от жағушы қажет дегенді оқып, келіп тұрғаным ғой. Біреу-міреуді алып қойма-сыңыз мен-ақ от жағушыларыңыз болайын.

Ержан: Иә... от жағушы қажеті, қажет бізге! Ал енді, мына түріңе қарағанда сенің қолыңнан сол от жағу дегеніңнің өзі келе қояр ма екен деп күмәнданып тұрғаным. Мұншама азып кеткен не қылған жансың?

Қаңғыбас: Мен бе? Мен де ... мына азған заманның бір азғынымын да! Оны айтасыз... менің мамандығымның өзі осы от жағушылық. Тіпті өзімді сол от жағуға жаралған жандай сезінемін.

Ержан: Болды енді! Жақындамай әрі тұршы, иің шығып, жидіп кеткеннің қай жағындасың?

Қаңғыбас: Енді үйі-күйі жоқ мен сияқты қаңғып жүрген адамнан қақ иісі шықпағанда жұпар иісі шығуы керек пе?!

Ержан: Болды енді! Анау көк есікті кішкене сарайды көрдің бе? Бар...бар...соған кір де андағы үсті-басындағы алба-жұлба шоқпыттарыңды таста да, сол арадағы пешке салып, жағып жібер. Сол арада жуынатын жер бар, жуын, қырын, жөнге келіп алшы. Мен қазір саған жөні түзу киім әкелткізіп берейін. От жағатын да ... жататын да жерің сол арада, білдің бе, ей?!

Қаңғыбас: Білдім...білдім! Құдай жарылқасын! Барайын... барайын.

Ержан: Әй, от жаққаныңа қанша ақы сұрайсың?! Қанша айлық төлеп тұрайын?

Қаңғыбас: Қажеті жоқ сол айлық дегеніңіздің! Оны айтпасаңыз да болады. Сосын кейін... кейін бір реті келгенде есеп айрысармыз өзіңізбен.

Жамал жасанған жарасымды үйіне кіреді де, әлде бір

тәтті де мұңлы музыканы жібереді. Өзі сол саздың әлділеуімен терең ойға беріледі.

Жамал: *(ішкі ойы).* – Апыр-ау, кім болды екен әлгі бейбақ! Апыр-ау, кім болды екен? Жатсам түсімнен, тұрсам есім-нен бір кетпей қойған Ерболымның қос жанарының ұшқынын сезгендей болдым ба әлгінде?! Менің бетіме тура қарамағаны несі! Ербол!.. Ербол!.. Бірақ сен осыншалықты азып, осынша-лықты жүдеп кете қойдың ба екен? Мені сүйген алаулап жан-ған жүрегін қайда? Жалындай жарқылдап жүрер жаның қай-да? Сөнген бе?.. Сөнген бе бәрі де! Маған деген жүрегіндегі тәтті бір сезімнің сол отын сөндіріп, жан жүрегіндегі маған деген аяулы сүйіспеншілігіңді жоғалтып алсаң... оған мен... мен... бір мен ғана жазықтымын!

(Үйге Ержан кіреді)

Ержан: Туһ, әлгі бір бичтің үсті-басының сасып кеткені-ай! Сол шоқпытын үстінен әзер тастатып, зорға дегенде отқа салғызып жібердім. Тап бір француздың модельерлері тігіп берген киімдей тастағысы келмейді өзі!

Ау, Жамалчик, сен неге томсырая қалғансың? Жай ма, әйтеуір?!

Жамал: Жай, әшейін! Басымның ауырыңқырап тұрғаны. Қазір дәрімді ішсем, басылады!..

Ержан: Дәрігерге көрін, болмаса үйге шақырайық!

Жамал: Жоқ, қажеті жоқ! Бір бүгін ауырған, бір бүгін қақсаған бас дейсің бе? Дәрі ішсем басылар!

Ержан: Ал, бопты онда! Мен жұмысқа кетемін. Бүгін кештеу келетін шығармын. «Важный» бір кеңес болады деп отырған.

Жамал: Қашаннан бері сенің ерте келгенінді есептеп, кеш келгенінді шотқа қағып күтіп отырушы едім. Бар, жолығың болсын!

(Қолында дипломаты бар Ержан үйден шығып кетеді. Ізінше қолында түрлі құрал-жабдықтары бар қаңғыбас от жағушы кіреді).

От жағушы: Ханым, кіруге болар ма екен?! Өзімнің от

жағушылық қызметіме кіріспес бұрын, әуелі үйдің ішіне жылу жүйелері қалай тартылды екен, су ағызатын шүмегі, бу шыға-ратын тетігі қай арада, соның бәрін өз көзіммен көріп, қолым-мен ұстауым керек. Бетін аулақ қылсын, қыс ішінде жылу жүйесі қатып, жарылып жатсақ қиын болар. Сақтықта қорлық жоқ деген, бәрін көріп алайын деп едім.

Жамал: Кіріңіз, көріңіз! Осы үйдің несін көргіңіз келсе де еркіңізде!

От жағушы: Жо-жоқ! Сіз дұрыс түсініңіз! Маған хан сарайының да қызығы жоқ. Қызарған қызыл дүниеден көңіл шіркін қалған соң сол енді көзіме қызыл шоқ болып басыл-масын деп, міне, осы үйге де қара көзілдірік киіп алып, кіріп тұрмын.

Жамал: Па, шіркін! Байлығың тасып, сол тасыған байлықтың кемесінен түсіп қалған жандай сөйлейсің-ау өзің?

От жағушы: О, ханым, имандай шынымды айтайын! Мен дегінің шексіз бай едім ғой! Тіпті сол байлығымның шегі де, шеті де болмайтын.

Жамал: Е, сол байлығыңды қай араға шашып кетіп, қай жерде жоғалтып жүрсің? Біреудің отын жағып, күлін шыға-руға мәжбүрлеп, дәрменді еткен, оның үстіне бір шашылғанда жоқ болып, адыра қалған ол не қылған байлық?

От жағушы: Ол ма?! О... мен оны ешкімге де, тірі пендеге айта алмаймын! Ал, енді мен мына бір суы тамшылап тұрған шүмекті бекіткенше (*әлдебір тетікті бұрай бастайды*) сізге бір сауал қояйын, соған жауап беріп көріңізші!

Жамал: Енді сен қалып едің маған сұрақ қоймаған?

От жағушы: Талай бір төрелер мен талай бір мырзалардың алдында небір сауалдарға жауап берген боларсыз?! Енді мен сияқты да бір міскіннің бір сауалын тыңдаңыз!

Жамал: Ал, тыңдалық! Ал, құлағымыз сізде!

От жағушы: Е, бәсе! Ханым деген солай болар? Ал, енді осы байлық дегеніміз не? Сізден соны сұрайын деп едім.

Жамал: Байлық дегеніңіз бе... ол не дейсіз бе?!.

От жағушы: Иә...иә... байлық дегеніміз не?

Жамал: Енді ол... Қалай десем екен?!

От жағушы: Қалай десеңіз де... байлық дегеніңіз не екенін айтып берсеңіз болғаны!

Жамал: Денсаулықты байлық дейді. Сосын...

От жағушы: Дұрыс! Денсаулық – басты байлық! Сосын ...

Жамал: Өзіңіз мені тергеудің астына алдыңыз ғой. Онсыз да басым сынып ауырып тұрғаны! Білмеймін... ойлап көр-меппін байлық дегеннің не екенін?!

От жағушы: «Вот», міне, көрдіңіз бе? Жалғыз сіз ғана емес, осыны бірде-бір адам білмейді!

Бірде-бір адам білмейді! Ал... мен... мен... білемін!..

Жамал: – Ал, енді соны сен өзің ғана білсең, әй, қаңғыбас, айтсайшы кәне! О, менің ендігі сырласарым да, ермегім де өзің ғана болып қалмасаң қайтсін осы?!

От жағушы: Болсақ, болармыз? Несі бар? Мен де ермегі болғанмын сіз сияқты еркелердің!.. Мені не, осылай... азып, тозып, қаңғыбас болып туды деп ойлайсыз ба?!

Жамал: Жо-жоқ!.. Қалай болып туғаныңызды ойлап, басымды қатырып нем бар?! Онсыз да басым қаңғып отыр.

От жағушы: Ауырып қаңғыған бас ешнәрсе емес-ау, түймедей-ақ бір дәрімен жазылар! Адасып, жаралы болып қаңғыған бастың күнін кеше көрмеңіз! Оның дәрісі түгіл, дәруін де таба алмайсыз. Жоқ ол... жоқ!..жоқ!..

Жамал: Иә, сосын әлгі байлық дегенің не болды өзі? Қысыр әңгіменді қой да, білсең соны айтшы!

От жағушы: Білемін дедім ғой! Білемін! Сабыр сақтаңыз, айтамын қазір. Сіз...осы бар ғой қазір, міне... мынау үш қабатты коттеджіңізді...құлағыңыздағы андағы гауһар сырғаңызды, тағы неңіз бар еді?..

Жамал: Көгілдір құндыз ішігім... “Джипім” бар!

От жағушы: Иә, сол құндыз ішігіңізді...сол “Джипіңізді”... соның бәрін... бәрін өз байлығыңыз деп санайсыз, ә?!

Жамал: Енді ше? Байлық емей немене ол! Байлық болғанда қандай? Ал, сол сенде неге жоқ?!

От жағушы: Мен де – баймын!

Жамал: Қойшы, ей!.. *(қарқылдап күледі)*. Әй, ол байлығың қайда? Көрінбейді ғой!

От жағушы: Көрінетін байлық бар, көрінбейтін байлық бар! Менікі сол... көрінбейтін байлық!

Жамал: Көрінбей қалған, болмаса көрініп, көзге түскісі келмейтін ол не қылған байлық?! Пұлым жетеді! Мүмкін, мырзалығыңыз ұстап, сол көрінбейтін байлығыңызды маған сатарсыз, ә?!

От жағушы: О, бәрін де... дүниенің бәрін де... тіпті адамның арын да саудалап жүрген өздеріңіз-ақ өзге дүниені өзгелерден сатып-ақ ала берсеңіздерші! Менімен саудаласпай-ақ қойыңыз! Мен сата алмаймын! Жо-жок... сата аламаймын!..

(От жағушы жақындап Жамалдың жанына келеді де, стол үстінде тұрған арақ-шараптың ішінен бір шыны сыраны қолына алады).

От жағушы: – О, жарықтық сыра! Ханым, борша-боршам шығып, әбден терлеп, сусап кеткенім. Мына бір бөтелке сыраны ішуге рұқсат па екен?

Жамал: Ішіңіз!*(Зілсіз кекесінмен)*. Көрінбейтін байлығыңызбен түбінде бір өтей жатарсыз?!

(От жағушы сыраны аузынан сіміріп салады).

От жағушы: О-о-о... шіркін! *(қолындағы бос бөтелкені ұстап тұрып)* Ханым, міне, менің байлығым!.. Және де көзге анда-санда болса да бір көрініп қалатын байлығым осы, міне! Ал, мен дегенің бір бөтелке сыра ішкен күні баймын! Бай бол-ғанда да қандай, мына жалпақ дүниеге сыймай кетемін!

Жамал: *(Орнынан тұрып, арақ құйып ұсынады)*. - Ау, сорлы бір бөтелке сыра ішкен күні байығаныңнан жалпақ дүниеге сыймай кетесің... тойып арақ іссең байлығың қай жағыңнан шығар екен? Мә, ішші мынаны, көрейік байлығыңның сыйқын!..

Ербол: *(масайыңқыраған күймен, бос бөтелкені көтеріп)*. Менің байлығым мынау, міне! Сіздің байлығыңыз мынау хан сарайындай үйіңіз!.. Сіз де байсыз, мен де баймын!..

Сонда екеуіміз де теңбіз! Нөл де нөл!.. Сонда байлық дегенің – нөл!.. Иә... иә... нөл... нөл!.. Түк те емес ол... нөл... нөл!.. Сол нөлді қуып барады ақымақтар... *(қарқылдап күледі)* Әй, не-менені қуып бара жатырсындар? Нөлді ме?! Ха-ха-ха!.. Нөлді ме?! Ха-ха-ха!..Нөлді қуып барасындар, ақымақтар! Әй, қайтындар бері!.. Ол нөл ғой...нөл!.. Нөл дегенің түк те емес... ол нөл... нөл! Сол нөлге тең байлықты қуған өмірлерің де нөл! Нөлден түк қалмайтынын білмейді сол ақымақтар! Өне, қуып барады! Әй, қайтындар... қайтындар бері!.. *(Сәл үнсіздік. От жағушы сабасына түскен кейпімен)*.

Нөл!.. Нөл!... Өл!.. Өл!..

Ханым, деймін! Уа, ханым! Байлық дегеніңіз осы, міне ... нөл... нөл!.. Ал, қазіргінің байларымен мен сияқты қаңғы-бас бичтерінің арасында қандай айырмашылық барын білесіз бе?

Жамал: О, сенің білгеніңді бізге білу қайда? Айта беріңіз! Ең әуелі өз қолымнан құйып берген андағы арақты алып қойыңызшы! Сосын айтыңыз!

От жағушы: *(арақты ішіп қояды)*. О... шіркін! Ал, енді... мысалы мен өлсем, осы маңдағы өңкей БИЧ-тер жиналып көмер де, әзер болса сол бейшаралар екі бөтелке арақ ішер сол күні! Ал енді... сіз кешіріңіз... осы үйдегі бай мырза өлсе... сіздер... ал, әзер болса екі жылқы соярсыздар сол күні... Міне...ха... ха... ха... қазіргінің байы мен сөрлысының арасындағы айырмашылық осы! Екі бөтелке... екі жылқы!.. Екі бөтелке... екі жылқы!.. Ха... ха... ха!.. Екі бөтелке, екі жылқы!.. *(масайыңқыраған қалпы, орындыққа отырып қала-ды)*.

Жамал: Ау, кеш болды! Осы байыған қалпыңызбен барыңыз енді жатар орныңызға!

От жағушы: Қазір...қазір... Мен осы сізге көрінеді-ау дейтін байлық атаулыны көзіңізге көрсетіп, қолыңызға ұстаттым ғой деймін. Енді не қалды?!.

Жамал: Енді ме, әлгі көзге көрінбейтін... ешкімге сатпаймын деп бұлдап отырған байлығыңыз қалды. Көрінбесе көрінбесін, тым болмаса соның не екенін айтып қалыңызшы!

От жағушы: Көзге көрінбейтін бе?.. Көрінбейтін байлығым ба?!.. Ол... ол ма... ол, менің жан-дүнием! Ол – менің жү-регім... сезімім... сүйіспеншілігім... махаббатым!.. *(Жамал шошынған күймен орнынан тұрып кетеді. Сол сәтте от жағушы қара көзілдірігін шешіп, ерекше бір толғаныс, тебіреніс үстінде).*

Жамал! Жамалым!.. Менің жан дүнием сен едің ғой! Жүрегім де... сезімім де... сүйіспеншілігім де, махаббатым да сен едің ғой! Сен едің ғой бәрі де мен үшін!... Байлық та... бақыт та! Азсам да, тозсам да, жүдесем де мен осы... саған деген жан дүниемді... аяулы бір махаббатымды ғана сақтап қала алдым!.. Сақтадым... сатқан жоқпын... сата да алмаймын!.. Мен...мен бір кездегі өзіңнің Ерболыңмың ғой! Ерболмын мен! Жамал, мен Ерболмын!..

Жамал: *(Жан даусы шығып)* Ер-бол! Ер-бол! Бұл сенсің бе, жаным?! Ербол, рас бұл сенсің бе? Рас па... рас па?!.. Ербол!.. Ербол! Бұл сенсің бе, жаным?! Айтшы... айтшы... бұл сенсің бе, Ербол?!.

Ербол: *(шаршаған, қажыған үнмен)* Жамал, иә, бұл менмін! Менмін, жаным! Іздеп, таптым сені! Менмін... менмін, жаным!

Жамал: *(Көзінде жас. Қос тізерлеп отыра қалады).* Қос жанарымнан сорғалаған көз жасыммен күн сайын мен өзіңнен кешірім сұраумен болдым десем... оған не иланарсың, не иланбассың! Өз зарыммен, өз мұңыммен өлмей тірі жүрсем өзіңді бір кездестірермін... іздермін... табармын... әйтеуір бір жолығармын... сол сәтте аяғыңа жығылып тұрып кешірім сұрармын деуші едім. Соның сәті енді келді! Ақталмаймын алдыңда! Тек қана кешір! Кешіре біл мені! Сенің маған деген жаныңның пәк те мөлдір сезімін, ғашық болған жүрегіңнің іңкәрлігінің жан даусын шығарып, шырылдатып тастап кеткенім менің опасыздығым да болар. Мынау опасыз дүние ең әуелі жаны да, жүрегі де нәзік әйел затын алдап, жалмайды екен. Опасыз дүние! Қайда... қайда жетелеп, желіктіріп әкетіп бара жатырсың әйел жанын?! Қайда... қайда деймін?! Сол опасыз сорлы дүниенің сорлы

әйелі менмін... менмін! Әй, дүние, неге... неге ғана сорлатасың әйелді, неге... неге ғана жылата-сың әйелді! Есерліктен кекірік атып жатқан есер дүниенің ермегіне айналу үшін жаратылып па едік?! Аппақ пәк дүниені... бәріңді... бәріңді... ақ сүтімен ауыздандырған әйел ананың жаны мен тәнін неге... неге саудаға салып қойдындар?!

Кешір, дүние!.. Кешір, Ербол! Зарланып замананың ащы запыранын ішкен жалғыз мен дейсің бе?!

Кешір... кешір мені!

Ербол: Менің алдыма келіп басыңды июдiң де, зар иленiп кешiрiм сұрауыңның да ешбiр қажетi жоқ ендi! *(Үнсіздік)*.

Мен үшін еш нәрсенің де қажеті жоқ ендігі арада. Жалынан ұстатпай кеткен жалған дүниенің жазасын тарттым, көңілім қалды бәрінен де! Суындым... өмір алдамшы екен! Соны ұғыну арқылы... мына өмірде адам баласына бір ажалдың барлығына қуанатын болдым. Мен де... сен де... бәріміз де... әйтеуір бір өлеміз! Міне, мен қазір осыған ғана қуанамын! Дүниенің әділдігі – ажал екен! Ешбір байдың да, ешбір әміршінің де дүниеге әділдік, теңдік орнатуға әлмисақтан бері құзыры жүрмей, құдіреті жетпей келсе, сол әділдікті ажал... ажал ғана орната алады екен! Сен соны білесің бе! Жасасын өлім! Жасасын ажал!..

Жамал: Не дейсің?! Не деп кеттің сен?! Бір кездері өмірге құштар болған көңілінді өлім әлдилеп, ажал аужарын айтып тұр ма тап қазір саған? Мен де... мен де өзіме өлім тілеп, өз ажалыма асығып, өз ажалымды аңсап күн кештім, түн қаттым! Сенсіз өткен менің өмірімнің әр күні өлген өмір! Сен-сіз жүрген жарық дүниенің әр күні сөнген өмір! *(Солқылдап жылайды)*. Мен әлдеқашан өлгенмін! Мен баяғыда өлгенмін, Ербол, сен соны білесің бе?!

Ербол: Өлген өмірімнің соғып тұрған мына ғазиз жүрегімнің саған... бір өзіңе ... бір өзіңе деген аяулы да тәтті сезімі ғана мені айдаһар ажалдың аузына түсірмей, өзіңнің алдына алып келіп тұр, міне! Шаршасам да, шалдықсам да... жүдеп жадасам да сол бір сезім... өзіңе деген осы бір сүйіспеншілігім сүріндірмеді... от болып жанған сол сезім

өзің болып әддилеп, аялады, өзің болып тербетіп, тебіrentті... жанымды жылытты, қуат құйды бойыма, әл берді... сағыныш болып өртеді.. Сәулесі мол жарық күнге асықтырды! Сол сезім менің өмірім екен! Өмір дегеніңнің өзі білесің бе, сезім... сезім екен! Сезімі барлар ғана сүйе алады... Сезімі барлар ғана ғашық бола алады. Мен – бақыттымын! Жан дүниемде сол сезімнің бол-ғандығы үшін, сол сезіммен мына өмірдің ләззатын сезініп, сүйе білгенім үшін, сол сезіммен өзіңе ғашық бола алғаным үшін бақыттымын! Ол сезім... сол сезімнің иесі де.. киесі де... құдіреті де... қасиеті де сенсің ... сенсің, Жамал!

Менен... ешқашан кешірім сұрамай-ақ қой, жаным! Ынтыққан ынтызар қос көңілдің бірі-біріне асық та, ғашық та болған қос жүректің жаныммен ғана сезіне алған аппақ қардай кіршіксіз ақ сезімнің бір-бірінің алдындағы еш айыбы да, еш жазығы да жоқ. Сені мен менің бір-бірімізге деген сол бір сырлы сезімдердің ешбір айыбы жоқ еді ғой?!

Жамал: Сенің сол құдіретті сезіміңнің алдында басымды иемін! Сезімсіз қалып семіп бара жатқан дүние ақиқатын айтайын ба саған! Айтар болсам, сезімі жоқтардың алдына бара көрме, күйзелесің жаның жаралы болады! Сезімі жоқ өлі жүректің жанына жата көрме, дүниенің нәзіктігін сезіне алмай қапаланасың! Сезімі жоқ ерінді сүйе көрме, дүниенің бал ләззатын тата алмайсың! Сезімі жоқ құшаққа құлшынбай-ақ қой, ондайлар сенің жаныңды жылыта алмайды, жұбата да алмайды! Арам жеп, семіріп май басқан жүректердің өліп қалған осы өлі сезімдері қауіпті бір дерттей таралып... ол аппақ дүниені лайлап... жалмап бара жатқандығынан шошынамын, қорқамын мен! Мені... өз сезіміңмен мына сезімсіз қалған дүниеден құтқара көр, жаным! Әддилеші... аялашы... еркелетші... тербетші... жан ләззатына бөлеші... сүйші, сүйші мені!

Шымылдық

Ержан қаһарлы. Кең үйді ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Жанындағы түр-түстері сұсты оққағарлары үнсіз.

Ержан: (қолындағы суреттерді қарап отырып, таңырқаған кейіппен) Әй, мынау фотоларды кім... кім әкеліп, беріп жүр! Кім... кім берді деймін сендерге!

Оққағар: Ержан Төлеуович, бұл фотолар кімнің ісі екендігін де, кімнің әкеп тастап кеткенін де құдайақы бірде-біреуіміз білмейміз! Таңертең келсек, он шақты осы фото офистің алдында шашылып жатыр екен! Бұл не қылған шашы-лып қалған фотолар деп жинап алып көрсек, сіздің әйеліңіз Жамал мен әлгі бичтің суреттері...

Ержан: Жетеді енді! Немене! Менің қатынымның өз бичіммен күшқатасып, сүйісіп, аймаласып, бір төсекте жатқанын мына неше түрлі суреттерден көріп сендердің де айыздарың бір қанды ма, ей?! Білемін... онсыз да... бұл фотосыз да... білемін бәрін! Сендер бүгін біліп отырсыңдар... мен бұрын... бұрын білгенмін! Ана бичті қолына кісен салғызып, мойнына қарғы бау тағып, шатқалға апарып, үйшікке қаматып қойғанымның сырын енді ұқтыңдар ма, ей?! Маған қазір ол бич емес, мынаны, мынаны кім түсірді, сол... сол керек! Кім фото-ға түсірген мұны? Кім аңдыған? Кім осыншалықты менен кек алғысы келген? Қатындыкі ерунда!.. Басын шауып тастаймын! Әлгі мені мұқатқысы келіп, осы суретті түсіртіп, далаға шашып кетіп жүрген кім өзі? Соны табыңдар!.. Жердің астынан болсын тауып алып, соны алдыма алып келіңдер! Кім жау, сол ... сол керек маған!

Оққағар: Енді, Ержан Төлеуович, сізде жау аз ба осы күні?! Байлығыңызды... бағыңызды... билігіңізді... ел алдында күн сайын өсіп бара жатқан беделіңізді осы күні екінің бірі көре алмайды! Дұшпан аз ба сізде?!.

Ержан: Ах, сайқал! Ах, сайқал! Тірідей қанын ішермін қазір!

Әй, сен (бір оққағарын иегінен көтеріп) бар ғой... бәрін де білдің... Біліп жүрдің бәрін де! Бәрін біліп жүріп... маған неге айтпадың, ә! Қақ маңдайыңа бір оқты жібере салайын

ба? Ал, сен ше!.. *(екіншісін құлағынан жұлқылайды)*.
Бөлкім... менің әлгі бедеу қатынымның қойнына сен де
барған шығар-сың?!

Оққағар: Құдай сақтасын!

Ержан: Құдай!.. Құдай! Білем сендердің құдайшылық-
тарыңды! Анау бич-от жағушы қойнына барғанда... біз де
күр қалмаспыз деп қутыңдаған шығарсыңдар, ө!.. Әй..
сендердің әрқайсыларыңа ай сайын... әй... ай сайын бөлен
жүз доллардан төлеп... басымды қорғатқаным құрысын! Әй,
төсегімді... төсегімді неге бірге қорғамадыңдар!
Қорладыңдар-ау!.. Өлтірдіңдер-ау! Алып келіңдер ана
сайқалды!

*(Үнсіздік. Лып еткен екі оққағар Жамалды алып кіреді.
Жүзінде ешбір абыржу, қорқу, үрку байқалмайды. Ажарлы.
Жүкті екендігі сезіледі. Ержан жағынан тартып жібереді)*.

Жамал: Жағымнан тартпақ түгілі, жанымды суырып ал-
саң да, бәрібір маған енді!

Ержан: Ах, сайқал! *(қалшылдап кетеді)*. Сайқал! Сай-
қал! Тұрған жеріңде буындырып тастайын ба өз қолыммен!

Жамал: Мейліңіз! Еркіңіз білсін!

Ержан: Қызығыңды көрген алғашқы түннен бері... өт-
кен оншақты жылдан бері... бала көтермей келе жатыр едің,
андағың қайдан пайда бола қалды?

Жамал: Құдайдың бергені!

Ержан: Құдай атсын! *(Тағы да жағынан тартып жі-
береді)*. Ах, салдақы! *(Ашуга мініп)* Мен... мен елдің сөзіне
сенбедім ғой. Қатының өзіңнің “бичіңмен” өуейі болып
алып-ты дегенді айтқандардың жағасынан алып... қой, бұлар
ішіп отырып, мас болған соң ауыздарына келгендерін айта
салған шығар дейтінмін. Көзім жетті! Мынаны *(фотоларды
жыртып, Жамалдың бетіне лақтырып)* көріп, бәріне де
өзімнің көзім жетті! Әй, анау қаңғыбас бичпен, ана қара
шаласы шыққан от жағатын жердегі қақ төсекке жатып та
ләззат таптың ба, ей?!

(Жамалды тағы да тартып жібереді).

Жамал: Болды, енді! Жетер сенікі! Сенің үрлық-қар-

лықпен, алдап-арбаумен салған үйіңнен де... сонау Араб Әмір-лігінен “самолет” жалдап алғызған арабтың былқылдаған ақ төсегінен де... ана бичтің қара шаласы шыққан қақ төсегінің ләззәті есімді алғанын несіне жасырайын?!. Мә... кесіп ал басымды! Мына бала да ... соныкі!.. Арам сенен зұлым туар, ол да адал дүниені былғар деп... бәрін байлатып тастап, тап сенен бала көтермей келгенім де рас! Қайда ол? Мына жендет-терің ол сорлыны қай жерге апарып көзін жойды? (*Жамалдың көзінде жас*) Қайда... қайда деймін ол!

Ержан: Ох... оңбаған... емешең үзіліп, бүйірің бүлкілдеп тұр екен әлі де! Қанбағансың-ау деймін, қаншық неме? Кім ол? Кім?.. Кім?!. Кім ол?!

Жамал: Иә... иә... оның ыстық құшағына мейірімімнің қанбай қалғаны да бар, оны несіне жасырайын? Мен деп соққан жүрегінің лүпілін де естіп тұрмын тап қазір! Білмейсің бе?... Ол – Ербол ғой! Ербол! Ербол!.. Менің Ерболым!..

Ержан: (*Ыршып түседі*). Ер-бол! Ербол дейсің бе? Болса несі бар? Болсын... ал болсын! Ендеше мен оған итаяқ-тан ас ішкізіп, мойнына қарғы бау тағып, үйшікке қамап қойдым! Итше ұлытып, қыңсылатамын мен оны! Ит өліммен өледі ол әлі!

Жамал: (*кектеніп*). Ол сорлыға көрсеткен азабың аз ба еді? Аз ба еді, ей?! Ең әуелі жүрегіндегі мені жұлып алып... онан соң жаламен бас еркінен айырып... сағын сындырып ... бағын қаққаның да аз ба еді?.. Өтінемін... көрсет маған Ерболды! Мені де соның жанына апарып бірге байлап қой. Енді өлтірсең де бірге... бірге өлтір! Өтінемін... өтінемін се-нен!..

Ержан: Қаншығы болып әлі де бірге қыңсылағың келеді ме, ей?! Әкетіңдер... андағыны көзіме көрсетпей... Мен ана шатқалға бара берем. Өшім бар... өшім!.. Кегім... кегім бар! Андағыны сендер сол араға түс ауа алып келіңдер!.. Көрсін көзімен!

Шымылдық

Өзінің сәнді жатын бөлмесіндегі төсегіне келіп сұлқ түсе құлаған Жамал солқылдап ұзақ жылайды. Әбден шаршап барып, басын көтереді. Қол сөмкесін алып, әлдебір қағаздарды, түрлі бір заттарды салып алады. Сонан соң қалта телефонмен сөйлеседі.

Жамал: Алло... бұл полицияның кезекшісі ме? Маған бастық керек еді. Жамал десеңіз біледі өзі. Тезірек қосыңызшы! *(Үнсіздік).*

Алло... аға, мен ғой! Аанада біздің үйдің бір от жағушы “бичі” жоғалып кетті деп сізге арыз беріп едім ғой. Сол күйеуімнен болды-ау деймін. Қазір мені от жағушыны тұтқын-дап, азаптап ұстап отырған сол жерге алып бармақшы!

(Есік ашылып, оққағар кіреді. Жамал жалма-жан әңгімесін қоя қояды).

Оққағар: Жүріңіз! Есік алдына шығыңыз да машинаға отырыңыз! Кетеміз! Тез жиналыңыз!

(Тау шатқалына келеді).

Ержан: О... даланың аруы... таудың сұлу маралы... шатқалдың шаттығы... қаңғыбастың қатыны келдің бе, ей?!

Жамал: Келдік, алдыңызға! Ербол қайда? Ербол!.. Ербол!..

Ержан: А... а... а!.. Сізге Ербол керек пе? Көресіз... көресіз қазір!.. Көресіз!.. Шыдамай бара жатырсыз ба?!.. *(Оққағарға ыммен бұйрық бергендей болады).*

Сәл шыдаңыз... сәл ғана!.. Сәл ғана!..

(Әлгіндей болмай оққағар аузы буулы, қаргы баумен байланған Ерболды алып келеді).

Жамал: Ербол! *(ағыл-тегіл жылайды).* Ендігі көрмегенің... жо-жоқ мына менің саған көрсетпегенім осы еді енді! Күдай-ай!.. Күдай-ай!.. Бәрін де... өмірдің азабын да... мына сүмның мазағын да бір мен үшін... бір мен үшін ғана тарттың-ау! Қайтейін?! Қайтейін енді?! Кешір, жаным! Кешір мені! *(Ержанға бұрылады)* Аяғыңа жығылайын, табаныңды сүйейін, босатшы... босатшы! Тар қапасқа каматқаның аз ба еді? Енді мына қамағаныңа жол болсын! Күдайым-ай!.. Күдайым-ай!..

Ержан: *(кекті ызғармен)* Ол... ол ма... ол осылай өледі! Өледі ол!.. Қалған ғұмырыңда сосын сені ит қыламын... Андағы бүгін-ертең табамын деп отырған балаңды да үйшікке қамап өсіремін. Мені ит қылғандардың бәрі де... бәрі де... ит болады... ит қыламын мен оларды!..

Андағы иттің *(Ерболды нұқсап)* аузын шешіндер де, қарғы бауымен төрт аяқтатып жетелеп әкеліп, ана иттің алдындағы ана итаяққа ас құйып беріндер...соны жалап ішсін! Көрсін мына қыңсылап тұрған қаншығы!

(Оққағарлар төрт аяқтаған Ерболды жетектеп әкеліп, аузын босатады).

Ербол: *(шынжырмен байлаулы қалпы бұлқынып, ащы дауыспен айқай салады)* Әй, Ержан!.. Ал... ал енді қыларыңды қыл! Төсегіңе жатып, төсіңе шаптым! Қылып ал... қылып ал енді! Ха... ха!.. Қатып қалған көңіңді жібіттім!

Жамал: *(бетін басып отыра қалады)* Ер-бол! Не ... не деп кеттің сен?! Әлде сен де ақылыңнан адастың ба? Ербол, не дедің?! Не дедің сен?! *(жылайды).*

Ербол: Жамал! Жамал! Жамалым менің! Кешір... кешір... мен сорлыны! Жанымды жаралаған оқ едің ғой сен! Кеудеме кек болып қадалған сол оқты жұлып алып... анаған атып жатқаным ғой! Маған деген үзілмеген үмітіңнің... суымаған жүрегіңнің... ешкім де... мынау да... *(Ержанды нұсқайды)* ешбір байлығымен лаулатып, маздата алмаған маған деген ыстық сезімің алдында басымды иемін! Қазір тап осы арада... тап осы сәтте өліп кетсем де арманым жоқ менің! Андағы... қос бүйірінді солқылдата тепкілеп жатқан ұрпағым!.. Әй,.. *(Ержанға алая қарайды)* менің ұрпағымның... өз ұрпағымның алдындағы бар айыбынды кештім, жаным! Сен де.. сен де... кеш... кеш мені!

Ержан: – Әй!.. *(оққағарлар селт ете түседі).* Мына Қозы мен Баянның жырын маған әлі де естірте бермекшісіңдер ме, ей! Не қылып тұрсындар, өңкей малғұндар! Әкел!.. Әкел.. анау итаяқты! Сол итаяқтан өз ғашығының ас ішкенін көрсін мынау!

(Ержанның оққағарлары өздерімен алысып болмаған

Ерболды жығып салып, басып отырып, зорлап итаяқтан ас ішкізе бастайды).

Ержан: Тұмсығын тығып тұрып ішкізіндер! Әй... соған енді шамаларың келмей ме, ей, өңшең бөз өкпелер! Ішкізіндер... ішкізіндер!.. Кәне!..кәне!.. Ап, бөлем!Ал іш!.. Ал іш.. Ал, іш!..

(Жамал екі бетін басып отырған орнынан ұшып тұрып, қол сөмкесінен әлденені алып шығады).

Жамал: Әй, Ержан! (бәрі жалт қарайды). Тұра тұр! Міне... міне... мен ішейін, мынаны! Әйтеуір бір ішетін уым болған соң... сақтап-ақ жүр едім, реті енді келді! *(Қолындағы кішкене шишаны көрсетіп, жылап тұрады).* Мынау... міне... мынадағы менің ащы жасым... улы жасым! Барша жылаған... жылап жүрген... сен... сен... сияқтылар *(Ержанға бұрылады)* жылатқан әйел затының көз жасы бұл! Ішемін соны! Ербол жаным, қызыл дүниеге қызығып сен сияқты өзінің аяулы жа-нын, бақытын танып ала алмай өкінген... опық жеген... мен сияқты бақытсыз да... бақытты да әйелдердің көз жасы бұл! Ішейін... ішемін соны!

Ержан: Іш!.. Іш!.. Ал, іш! Несіне тұрсың? Бақытты да бақытсыз бүкіл әйелдің жолында бір өзінді құрбан еткің келіп тұр ма, ей?! Іш!.. іш!

Ербол: Жа-мал! Жа-мал! Жамал!.. Мен десең... Ертең... ертең-ақ дүние есігін ашқалы тұрған сәбиіміз үшін... іш-пеші... ішпеші...андағыны!..

Жамал: Жоқ... жоқ... Ішемін... ішемін!.. Бұл у емес мен үшін... *(күледі).* Бұл менің өз өмірімнің өзім ғана татар уы ғой!.. Ішемін!..

(Уды ішіп салады, “Ербол” деген жан даусы шығып, құлап түседі. Сол сәтте қаруланған полиция нөкерлері келіп Ержанның және оның оққағарларының қолдарына кісен салып тұтқындай бастайды. Тау аңғарын жаңа туған жас сәбидің ащы даусы тіліп түседі. Жамалдың “Жаным... ботам... күнім... деген үш ауыз сөзі естіледі).

Шымылдық

Сахна қайра ашылғанда әсем бір мұңлы күй ойнап тұрады. Жарасымды киінген жігіт ағасы мен бүлдіршін қыз бала қолдарына гүл ұстап келе жатады. Анадай бір тұста, Жамалдың құлпытастағы бейне суреті байқалады. Қыз бала өкесінің қолынан сытылып шығып, құлпытастың алдына келіп тұрады.

Қыз бала: Ма-ма! .. Ма-ма!.. Біз папам екеуіміз келіп тұрмыз саған! Ма-ма... ма-ма!.. Естисің бе? Естисің бе! Мама! Мама!

Ербол: *(көзінде жас)* Жанарым! *(қыз баланы құшағына басып)* Жанарым! Мамаң естіп тұр, бізді! Көріп тұр бізді!.. Жамал! Жаным, естисің бе, бізді! Келіп тұрмыз саған! Жанарым... Жанарым келіп тұр саған!

(Әкелі-балалы құлпытастың алдына келіп, тізе бүгеді. Сол сәтте түнгі түскен шықтың тамшылары ма, жоқ өлгінде ғана бүркіп өткен ақ жауынның тамшылары ма, өйтеуір құлпытастағы Жамалдың суреттегі жансыз жанарынан жас саугалап тұрады).

Шымылдық

ТҰТҚЫН

Бұл өмір абақты ғой саналыға...

Мағжан.

Тағдырының өз табасына салып, талай бір қуырған ғұмырының тағы бір көрер таңын көзін ілмей күтіп жатыр. Е, жалғыз бүгін дейсің бе, мұндай күйге түскені. Талай да, талай бір қараңғы түндердің қақпанына түскен не бір ойлардың қос шаппасынан босана алмай, азап шеккені аз болмағандай еді. Қай жерде, қай төсекте жатпасын жалғыз ғана серігі болып келе жатқан сол ойлардан өзге көңіл жұбатар да ешкімі жоқ бұл байғұстың. Түн баласы санасында сарнар зарын да өзінен басқа ұғынар жан иесі табыла қойған жоқ әлі де. Ондайдың енді табылмасы да анық! Азабы да, тіпті... мазағы да молдау болған өмірінің түгесілер сәтінің таяп келе жатқанын біліп те жатыр. Соны біліп, сезген сайын өз өмірінің енді бір таңын көріп қалуға соншалықты құмартқан көңіл шіркіннің босаға-нын қайтерсің!..

Қарттар үйінің көңіл құлазытар тіршілігіне қаншалықты көндігіп қалғанымен, осы бір түннің қатерінен құтыла алмасын сезіп жатқан жүрегі алқына соғып, тынысын тарылтып бара жатыр.

– Уһ дүние-ай!.. Жаным-ай!..

Осы бір-екі ауыз сөздің жалын атып жатқан аузынан ышқына шыққанын Қали қарттың өзі де сезген жоқ.

– Аға, не болды? Қара терге түсіп жатырсыз ғой?.. Не болды?..

Керуетінің жанына келіп, қара көлеңке сәуле түсіретін түнгі шамның жарығымен қарттың бетіне үңілген Шәкібайдың бас жағында тұрғанын сезген болатын. Бір бөлмеде біраздан бері бірге тұрып жатқан төрт бейбақтың біреуі осы – Шәкібай. Бұл да осы қарттар үйіне биыл екі қайыра қыстап отыр. Байғұстың кемпірі дүние салғаннан кейінгі күні келіні

мен баласына қарап қалған. Арақ деген ащы судың зардабын тартқан жалғыз ұлы мас күйінде машина жүргізіп, жол үстіндегі апаттан опат болды да, келіні күйеуінің жылын тоспастан жалғыз қызын ертіп алып, төркінін тапқан. Жалғызынан айы-рылып, үміті үзіліп, талай жыл өз шаңырағында жалғыз өзі-ақ отырып бақты. Ер адамға, оның үстіне қайғымен қайысқан қартқа сиыр сауып, от жағып, күл шығару сияқты үй шаруасы оңайға соқпады. “Құдай салды, мен көндім”, – дей жүріп, жылай-жылай осы бір қарттар үйін паналағаны бар еді.

– Шәкібай, сенбісің?..

– Иә...иә... аға менмін! Шәкібаймын!..

– Ә, шырағым, жанымда болғаның жақсы болды-ау!

Тыңдап ал да ұғып алшы, жарқыным, айтқандарымды...

Қара терге түсіп жатқан Қали қарттың онан әрі сөйлеуге өлі жетпеді. “Кел, мына жерге отыр” дегенді ымдап қана жеткізді.

Қарттың керуетінің бас жағында тұрған орындыққа отырған Шәкібайға қос жанарын бір ашып қарады да, Қали қарт ауыр дем алған қалпы біршама үнсіз жатып алды.

– Мені...мені...мындағылар орыс моласына апарып жерлеп жүрмесін... Шәкібай селт ете түсті.

– Аға, не деп жатырсыз? – деген бір ауыз сөзді айтуға ғана мұршасы жеткен Шәкібайдың білегін уысынан босатпаған қалпы біршама уақыттан кейін тағы да тіл қатты.

– Мына...жастығымның астында жиған біраз ақша бар. Соны жұмса... Ақирет алғыз... Мешіттегі молдаларға хабар айтып, жаназамды шығарт. Ұғып ал... Өз атым – Қалижан, әкем – Уақбай... Уақбай баласымын... Топырағым жермен жексен болып кетіп жүрмесін, басыма бір белгі тас қойғыза сал!..

Адамның да, онан қалды санасын сан-саққа жүгіртетін ойлардың да тұтқынынан қаншама құтылып көргенімен де, осы жолғы аламын деп келген ажалдың құрығына ілінерін, енді сол тұтқыннан босана алмасын сезіп жатқан Қали қарт осы бір аманаттарын Шәкібайға ширақ жеткізді де, алқынып

барып тоқтады. Бұл оның тірі пендеге соңғы бір тіл қатуы болды...

Тілден қалғаны болмаса Қали қарттың санасы қалғи қойған жоқ еді. Сол баяғы өткен күндерінің өкініші өзегін өртеп, тұла бойы күйіп-жанып жатқан қарттың жұмулы жатқан көздерінің айқаса қалған кірпігінің арасынан сорғалап, тыйылмай ағып жатқан жас тамшылары іште жатқан қалың қайғының сыртқа тепкен бір белгісіндей еді.

Қайғының қара қазанында қайнаған бар ғұмырының солуынан жанарынан саулаған сол көз жастары ғана қалып бара жатыр. Басқа кімі, несі бар артынан ілесер?! Ұға білер жан иесіне қарттың қос жанарынан сорғалап ағып жатқан мы-на көз жастары осыны айтып жатқандай. Тілсіз қалған байғұс жанның мұңы мен сырын тірі пендеге ұқтыра алмай өтіп бара жатқан көңіл көзінің мөлдіреп төгіліп барып, діріл қағып тұрған сол бір жас тамшылары бүгінгінің адамына біткен ет жүректі селт еткізуге қауқары жетпегенімен де, жерде жатқан қара тасты ойып түсері анық нәрсе. Тасқа айналған тас жүректерден көрген азабы мен қиянатын ертең... ертеңдер өзімен бірге көрге көметіндердің бойы мен ой саналарында қалып бара жатқан жамандық, қиянат атаулының қара жерге түгелімен жерленбейтініне ғана өкінеді. Өзі өтер-ау, кетер-ау бұл дүниеден!

Жер бетінде қалып бара жатқан жамандықтан тамырланған зұлымдықтың зынданына түсер пенделерін аяйды.

Пендесі аямағанды тағдыры аяп не қылсын?! Қали қарттың мына көз жасы осыны айтады сіз бен бізге.

Қысырақ мініп жылқы бағып жүрген қыр қазағының біреуі – осы Қали қолындағы құрығын тастап, оның орнына қару ұстап соғысқа кіремін деп ойлап па еді?! Пендешілікпен басталған кешегі сол соғыс өрті небір тағдырларды күйдіріп, жандырып жіберді. Атылған оқтың құлақты тұндырған ызыңынан есалаң болып майдан шебінде жүріп немістерге қалай тұтқынға түсіп қалғанын қызыләскер Қали Уакбаевтың өзі де көпке дейін есіне түсіре алмай дал болған. Мең-зең болып басы айналып жатып, лоқсып құсқысы келіп барып көзін

ашқан. Қайда жатқанын есіне түсіре алмай, сөл-пөл үнсіз жатып тың тыңдап еді, түсініксіз тілмен сөйлескен адамдарың даусын естіген.

– Су...су...вода...вода...

Іш қызуының жалынынан кеберсіп, кеуіп қалған еріндерін жалап, қаталап жатып бір жұтым су сұраған. Қалайы күрешкенің жартысына жетер-жетпес суды қылғыта салып еді, маңдайынан суық тер бұрқ ете түсті. Бір жұтым қара сумен әлін жинады. Қали деген бір пенденің ғұмыр бойы татып өтер өз тұтқындығының алғашқы бір жұтым қара суы осы бола-тын...

Әуелде Флоссенбург қаласының маңындағы лагерьде қамалып ұсталған. Бәрі де өзі сияқты бұрынғы кеңес өскерінің жауынгерлері. Арып-апып, ауыр жұмыстан қалжырап барып жығылатын. Бәрінен бұрын, сапта келе жатып, сүрініп барып, құласаң болды, арсылдаған иттеріне талатарын қайтерсің?! Атып тастай салудың өзі де түкке тұрмайтын іс екен. Адам баласының жанын шыбын құрлы көрмейтін бұл не қылған қаныпезерлік?! Жан иесіне деген жан баласының дәл осын-шалықты өшпенділігі қайдан келген?!

Түсініп болмайтын тіршілігінің осы бір күйіне іштей наразы, қылар қайраны жоқ. Түн баласы түсіне туған ауылы кіріп шығатын. Әлдебір ақбоз атпен шауып жүріп Жуантөбенің басына шығып алып, ағыл-тегіл жылап жатып оянып кеткені бар еді. “Е, туған еліме аман-сау оралатын шығармын. Мынау бір тәуір түс болды-ау” деп тұтана қалған сол бір қуаныштың бір жарық сәулесі көңіл түкпіріне үміт болып орныққанды. Сол үмітпен жүріп бойы сергіп қалатын. Сондай күндердің бірінде лагерьдегі бүкіл тұтқын атаулыны сапқа тұрғызған. Әлгіндей болған жоқ қара былғарыдан тігілген ұзын плащтары сықырлап, бір топ әйдіктер сапты аралап, әр тұтқынның жүзіне көгілдір өткір көздерімен тесірөйе қараған. Тұтқындар сабының алдынан бір өтіп, екінші рет қайра өтіп бара жатып, көзіне киген көз әйнегі күннің көзіне жарқ еткен, ұзын бойлы, атжақты неміс Қалидың тұсына тоқтап:

– Азиат...азиат... – деп сұқ саусағымен мұны нұсқаған болатын.

Соңынан ерген көп нөкері бар сол ұзынтұра неміс мінген машинаға отырып Қали да әлде бір тоғай ішіне орналасқан үйге келген. Кейін білді, бұл жаңағы ұзынтұра немістің жеке имениесі екен. Тау аңғарын бойлай өскен көк шыршаның етегін ала созылып жатқан жазыққа салынған түрлі үйлерді көріп, мұндай да әсемдік болады екен-ау деп таңқалды. Жаңағы неміс Генрих Штумф дегенің болып шықты. Өзі әскери адам болмаса да, қолына біраз қаржы шоғырланған банкир екен. Мына тау аңғарындағы үй жайлар - Генрих мырзаның ат ұстап, сонымен серуендеп, демалатын мекені. Қорасындағы не бір асыл тұқымды аттарына күтім жасайтын адам керек болған екен де, сол жұмысқа жақын мандағы тұтқындардан кісі таңдапты. Азиаттар мал соңында жүретін халық деген ұғым әуелден қалыптасып қалған бұл немісін де мыңдаған тұтқындардың арасынан сахараның күн көзіне қақталып, шойындай шындалған қазақтың түртұлғасына қызыққан. Жасы болса жиырмаларға енді келген, туғанынан қымыз ішіп, ет жеп, ат үстінде өскен азиаттыңның соңғы төрт-бес айда тұтқындар лагерінде жүріп жүдегені болмаса, әуелден сүйегінің ірілігі бар өн бойының күші мен қуаты кете қойған жоқ еді. Бәрінен бұрын ботаның көздеріндей мөлдіреп тұратын қос жанарының қалың қас пен ұзын кірпіктерімен тұтаса біткен бет жүзіне қарасан әлдебір сұлулықты аңғарар едің.

Банкир немістің ат қорасындағы жұмыс лагерьдегіден көп оңайға түсті. Бәрінен бұрын сондарынан арсылдатып ит ертіп, қолдарындағы қаруларын кезеніп жүретін сақшының жоғын айтсайшы! Жат жерде жүрмін демесең, жатар орны, ішер асы дайын. Өмір бойы жылқы баққан Қали банкирдің ат қорасының шаруасын үйіріп-ақ алып кетті. Жайлы тұрмыстан көңілі орнығып, қарны тойынып, екі беті жылтырап шыға келген. Ат қорасының бұдан басқа да екі-үш қызметкерінің біреуі орыс тілін шала білетін еді. Көбінесе Қалиды сол жұмсап, сол билік айтатын болды. Әр

аптаның демалысы мен әлдебір мейрам күндері Штумф мырза табиғаттың ғажайып бір осы мүйісіне әйелі, балашағасы, соңынан еріп қолпаштаған нөкерлерімен келіп тынығып қайтады. Қожайын келетін күнді алдын-ала біліп отыратын ат қораның қызметкерлері де бұл демалысқа әбігерлері түсіп, өзірленіп бағатын. Аттарды сылап-сыйпап тарап, олардың ер-әбзелдерін, жеңіл доңғалақты сәнді арбаларды сүртіп, жалтыратып дайындап отыратын.

Өз қожайынының үш бірдей қыздарының Қалиды алғаш көргенде ауыздарын ашып, таңырқап тұрып қалғанын ұмыта алар емес. Тап бір адамды емес, әлдебір аюанды көргендей болған әп-әдемі, аппақ қыздар әуелде Қали жегіп алып келген арбаға мініп, серуендеуге шығуға да қорыққан болатын. Қыздардың анасы өз тілінде бірнәрселерді айтқаннан кейін барып, үшеуі де арбаға мінген. Ұзын сирак әдемі қос күреңді парлап жеккен арбаның алдыңғы орындығында отырған Қали делебені еппен қағып, серуендеуге бөлінген жолға түскен.

Көп ұзамай жаңағы үш қыздың үлкені Эльза дегенін Қалиды үйірсектеп алды. Тіпті мұны көрсе болды, өн бойын көк көздерімен ішіп-жеп, күлімсіреп, қылмындап қалатынды шығарды. Жасы сол он сегіз бен он тоғыздың аралығындағы Эльзаның сұлулығын аңғармай қалуға да болмас еді. Етжеңділеу келген қыздың қос анары үстіне киген жұқа көйлекті керіп жіберердей болып тысырайып тұратын. Күн сайын пісіп, енді болмаса үзіліп түсейін деп тұрған сол қос алмаға Қали да қара көздерін қадап қоятынды шығарды. Екі сіңлісі серуен жолды бір-екі айналып шыққаннан кейін-ақ, шаршадық деп, арбадан түсіп қалып, жайлы үйлеріне дем алуға кетіп қалып жүрсе де, Эльза арбадан түспейтін болды. Басында билігі жоқ ат айдаушы Қали болса Эльзаны онан әрі серуендететін. Серуен жолдың көзден тасалау бір тұсында Эльза келіп Қалидың жанына қатар отырып, аттарды өзі айдайтын да болды. Сол қылта тұста ат арбаны тоқтатып қойып, басын төмен салып отырған Қалидың қолдарын ұстап, екі бетін алақанымен сипалап, қоп-қою қара

шаштарынан тартып, бұрын-соңды қолға ұстап көрмеген әлдебір ойыншықты шұқылағандай қызықтай-тынды. Әу баста бойын әлдебір үрей билеп жүрсе де, кейін қыздың бұл қылығына да үйренді. Үйренгені былай тұрсын, тіпті оның бұл қылықтарын жаны жақсы да көре бастады. Кейде Эльза жұп-жұмсақ аппақ қолдарымен Қалидың жүн басқан апай төсінен сипағанда әлдебір құмарының оянатыны байқалды. Тұтқын болса басы тұтқын емес пе, сезім атаулыны ешқашан, ешкім де тұтқын етіп ұстай алмасын Қали сол жолы ұққан. Қалидың еркектік құмарлығын әбден қоздырып болған сол көк көз қызды тұла бойын кернеп алған әлдебір сезімнің күшімен арбаның үстінен тік көтеріп алып, қуатты қолдарымен қапсыра құшақтап, төсін төсіне басып қалай құмарлана сүйгенін өзі де аңдай алмай қалған сол жолы. Мына азиаттың осынысын көптен тосып жүрген Эльза да сол сәтте бойын билей алмай, талықсып жүре берді. Өн бойын әлдебір ыстық жалын шарпыған сұлу қыз өз ырқын да, еркін де билей алмай Қалидың мойнынан асылып тұрып, тұла бойын кернеп әкетіп бара жатқан еркектің қуатты сезімін аңғарған сайын былқ-сылқ етіп, сол сезімнен не де болса қанып бір ішуге әбден бекінгені анық болатын. Жан дүниесін билеген осы бір тәтті сезімнен бе, әлдебір үрейден бе алқына соққан жүрегін тоқтата алмаған тұтқын жігіт қолындағы қызды тік көтеріп әкеліп арбадағы орнына отырғызып, жан ұшыра делебені қағып жіберіп, аттарды айдай жөнелгені бар еді.

Әр кездескен сайын алаулап жүре беретін осы бір сезімнің ыстық жалынына шарпыла білген тұтқын жігіт пен нәзік жанды еркін де ерке қыздың бұл ойындары балқыған көңілдерінің бір-біріне деген ынтызарлықтарын арттыра түскен-ді. Алайда сол аймаласқан қос жүректің бірін-бірі құлай сүйе білген құштарлықтарының тар құшағынан құлап түсер тағдырлары бар еді әуелден жазылған...

Қыздардың үлкені Эльзасының әлдебір тұтқын азиатқа деген құмарлығын әкесі мен шешесінің аңғармауы мүмкін де емес еді. Мінезі де, қылығы да күрт өзгеріп шыға келген

Эльзаның бойындағы жаны мен тәнін билеп алған сезімі түн баласы төсегінде ұйықтатпайтын да болды. Эльзаның түні бойы қыстығып жылап шығатынын сіңлілері аналарына айтқан. Ол болса қызының қасарысып, қарсыласқанына да қарамастан қолынан жетелеп жүріп көрсетпеген дәрігері қалмады. Ешқайсысы ешқандай диагноз қоя алмаған Эльзаның дертін сезіп жүрген ең кіші сіңлісі Эльвира болатын.

– Мама, ол әлгі біздің имениедегі ат күтуші азиатка ғашық! Соны ойлап жылайды!..

Кіші қыздың мына сөзін естіген қыз аналары төбесінен әлдекім мұздай су құйып жібергендей баж ете үскен. Ерке-тотай Эльвирасының не нәрсені болсын, жасырмай айта сала-тын қылығын әбден білетін анасы Эльзаның екінші қабаттағы бөлмесіне көтерілген. Төсегінің үстінде етпетінен түсіп, жас-тығын құшақтап, қыстығып жылап жатқан қызын көрген қыз анасы да Эльзаның бойындағы дерт сырын ұққан болатын. Көңіліндегі күдігін орайы бір келгенде, жайлап отырып күйе-уіне айтуы мұң екен, ол дегенінің қаны басына теуіп, шаң-шұң етіп, әйеліне зекіп, ашудан булығып өліп кете жаздаған.

Сол әңгімеден кейін ол келесі күні қызметіне де бар-мастан, жеңіл көлігіне мініп алып, ертелетіп имениесіне келген. Қожайындары әдеттегі жұмыс күндері бұл араға келе бермейтінін білетін ат күтушілер аң-таң. Осындағы іс жүргізушімен сәл-пәл тілге келгеннен кейін, ол барып ат қорадағы шаруасымен айналысып жүрген Қалиды жуындырып, киіндіріп, қожайынның алдына алып келген болатын.

– Сұлуын-ай, мынау азиаттың!..

Генрих мырзаның өзі де мына жап-жас жігіттің түрі мен түсіне іштей болса да, таңырқанбай тұра алмады. Осы бір ойын жасырғысы келгендей ол жалма-жан машинасына беттеді. Іс жүргізуші Қалидың да мырзамен бірге қалаға бару қажеттігін түсіндіріп, мөлдіреген қос жанарын үрей билеген тұтқын жігітті машинаның артқы орындығына

отырғызды. Көп ұзамай әлдебір әскери госпитальдың ауласына келіп тоқтаған жеңіл машинадан түскен Генрих мырза Қалиға “сен де түс, менімен еріп жүр” дегенді ыммен білдірді. Машинадан жасқана түскен тұтқын жігітті соңынан ертіп алып, әлдебір дәрігердің алдына алып келді. Ол болса, орышаны сәл-пәл білетін біреу болып шықты.

– О, азиат, ештеңе етпейді, бізде бірер күн жатып емделіп, тынығып қайтатын боласың, – деп Қалиға қарап күлімсіреп қояды. Мынаның жылы сөзі мен жылы қабағы қорқынышын сейілткендей болды. Қалидың банкир қожайыны жаңағы дәрігерге немісшелеп әлдебір істі қадағалап тапсырды да, көп бөгелместен тұтқынды госпитальда қалдырып кете барды.

Бір-біріне қиянат жасауға келгенде адам баласының зұлымдығына құрық бойлай алған ба?! Ой тереңінің түкпірінде ғұламалық та, даналық та, сонымен бірге зұлымдық та бұғып жатары болмаса, бұл дүниенің жақсылығы мен жамандығы қатар өріліп, бірге өсіп, бірге көктеп тұрар ма еді?! Өмірі де, ажалы да бар тіршіліктің қуанышы мен қайғысының қос бұрымын бірге өріп, бірге тарқатар тағдырыңның уысынан шығып қайда барармын дейсің?!

Қали да сол өз тағдырының уысынан шыға алмады. Әскери госпитальға келген күннің кешінде екі шабының арасы ашып, күйдіріп әкетіп бара жатқан қалпы шошып оянған. Басы – мең-зең Қалай ұйықтап қалғанын, өзіне не болғанын да біле алмай дал болған ол шыңғырып жіберген. Палатаға ентелей жүгіре кірген қос дәрігер кереуетінен тұрмақшы болып ұмтыла берген Қалидың қол-аяғын басып, қайра жатқызған. Жамбасына ине салып еді, жаны тыныш тапты. Жер шарының біраз бөлігіне үстемдіктері жүріп тұрған неміс елінің өндірісі де қуатты болатын. Тіпті өздері басып алған елдердің қолға түскен мыңдаған, миллиондаған тұтқындарының көзін жою үшін оқтың өзін шығынсынған фашистер адам баласын өртейтін пеш, уландыратын камералар ойлап тапқандықтарын да қайтерсің?! Оны айтасыз адамның сойып алған терісінен қолға ұстайтын

әсем де бағалы әмияндар мен сөмкелер шығарудың өзін өндірістік жолға қоя білген немістер үшін әлдебір азиат Қалидың аталық қос безін сылып алып тастаудың өзі түкке тұрмайтын іс болды. Еркек тоқтыны піштіргенді ғана көріп өскен қыр қазағы Қали бейбақ немістердің госпиталынан осылайша піштіріліп шыққан еді.

Қызының абыройын ойлаған неміс әке сөйтіп, әлдебір пендесін жар құшып, бала сүю сияқты қос бақытынан бірдей айырған болатын. Міне, сол бір қиянаттың қайшысымен қиылған бақытты уысына түсіре алмай өтіп барады жалғаннан. Селт етер сезіміңнің есін жинап, басын көтере алмайтыны қиын екен бөрінен де. Көзің қызығып, жаныңа жағып тұрған сұлулық атаулыны өліп-өшіп сүю арқылы ләззат алуыңның өзі бойға біткен сол қос тамырдың күші мен қуатынан нәр алатынын кім білген?!

Азиат Қалидың госпиталға нендей жағдаймен жатып шыққандығын Эльза өз анасынан екеуара әңгіме арасында естіген сәтінде-ақ, қолындағы кітабын тастай салды да, үстіндегі бір киер жеңіл көйлегімен далаға атып шықты. Үнемі тұман басып, буланып, буалдырланып жататын Эльба өзенінің жағалауындағы қайық станциясын бетке алып, қос жанарынан парлаған ыстық жасы омырауын жауып, жүгіріп келеді. Батар ұясына қарай ақырын жылжып бара жатқан күн көзінің кешкі қызыл шапағымен сол нұрға малынған төңіректің жан алып, жан берісіп жатқан қырғын соғыстың қанына боялып жатқандай. Сол бір қызыл дүниенің қызығынан түңілген де, безінген қалпымен жүгіріп келе жатқан қыз жүрегі сол бір азиатты... тұтқын Қалиды көруге, соған жетуге аласұрып, асығып, жанталасып келеді. Біресе қайықшының біресе жолда кезіккен көлікшінің көмегімен су кешіп, жер басып имениеге жеткен сәтте қызылкөз дүниенің тағы бір таңы оянып келе жатқанды. Әр сәйгүлікті қолындағы ұзын арқанмен жетектеп алып шығып, бойын жаздырып жүрген Қали жеңіл көйлегінің етегі желпілдеп, өзіне қарай құстай ұшып келе жатқан қызды көргенде шошынып қалды әуелде. Сайтан ба, пері ме мынау деген бір ой санасында

қылаң беріп үлгергенше болған жоқ, өзіне таныс қыздың бейнесі көзіне оттай басыла берді. Қолындағы сәйгүлікті шұбатылған арқанымен қоя берді де, Қали да сол қызға қарай ет жүрегін ала жүгірді. Үрей де жоқ, қорқыныш та қалмаған тұла бойында. Біраз жылдардан бері қауышу мен табысудан ада болып, соны аңсап, соны көксеп жүрген кісендеулі көңілінің кілті ашылып, бұғаудан босаған бойын жазып, Қали да өзіне қарай жан ұшырып келе жатқан қыз ғұмырдың құшағына жетіп құлауға асықты. Санасынан азаттық алған тұтқын жігіттің қазіргі жан күйінің бар сезімін енді ешкімнің тұзаққа түсіріп, тоқтата алмасы анық жай. Алаулап жанып жатқан сол отты сезімнің мұңлы сағынышының жалынымен өрттелген тұтқын жігіттің анау... өзіне қарай екі өкпесін қолына алып жүгіріп келе жатқан азат қыз мұның алыста... қиырда қалған... бір көруге зар болып жүрген туған елі мен туған жерін, бар ағайыны мен дос-жарандарын, қыр үстінде қиқу салған еркін де ерке күндерін, бәрін...бәрін де өзімен бірге көтеріп алып келе жатқандай ессіз күйге түсті. Сол ессіз күйдің күйігімен айқаса қалған мына қос құшақты ажыратып алуға тірі пенденің күші де жетпесі анық еді. Ай-қаса бітіп, бүтінделіп, тұтасып бара жатқан қос жүректің мөп-мөлдiр осы бiр сезiмдерiне дәл қазiр оқ атып, найза түйресен де аққан қызыл қанның қайсысының екендiгiн де ажырата алмасың хақ. Қос мұңлық бiрге құлап, бiрге мұрттай ұшып, жандары да бiрге шығар едi сол сәтте. Қыз ернiн елiм деп сүйiп елтiген тұтқын жігіттің он екі мүшесінің бірі ет жүрегiнiң ғана аласұра соққаны болмаса, осындайда төттi бiр сезiмнiң күйiн келтiре, құмарландыра, құлшындыра түсiп, өзi болса асқақтап шыға келетiн өзге бiр ынтызар мүшесi жансыз күйiнде, жайбарақат жатқан едi. Жүрек тауының биiгiнен жөң-кiлген алапат сел сезiмнен есi кеткен қыз тұтқын жігіттің жалын атқан демiне тұншығып бара жатса да, семiп қалған сезiм шыбығының селт етпегендiгiне көзi жетiп, иланды да, ол ендi...тiптi...мәңгiлiкке солып, қуарып қалғандығын ұқты да, жiбектей жұмсақ құлын мүшесiн аймалап өбiп жатқан

Қалидың құшағынан сусып шығып кетті де, жұп-жұмсақ көк шөп-тің үстіне отыра қалып, ағыл да тегіл жыласын-ай келіп. Ғайыптан тұтанып алып, маздап жатқан жүрек ошағындағы екеуінің де сезім оттарының осылайша өшкені ме бұл?! Қали да егілді. Әбден құса болып қалған тұтқын көңілдің қасіретімін еңіреп отырған ол әлден уақытта “Халли...Халли...” деген қыз үнінен селт етіп, дауыс шыққан жаққа жалт қарады. Су жинағыш биік мұнараға шығатын баспалдақпен соның үш-ар басына көтеріліп алған Эльза сол арадан қанатын қомдап, аспанға ұшар құстай болып, екі қолын жайып қойып, біресе сөйленіп, біресе жылап тұр еді. Сол жылаған сезім әлгіндей болған жоқ көзінің жасын тыя алмаған қалпы, биік мұнараның басынан секіріп кетіп, адам баласының қолымен төселген қара тастың үстіне келіп томп ете түсті. Төмен қарай құлдырап құлап келе жатып “Халли...Халли...”– деп шырқыраған қыз сезімнің жан дауысы зеңбірегі атылып, қаны шашылып, оқ иісі қолқанды қауып, көк түтінге тұншығып жатқан кең өлем-нің қойнына сіңіп, әп-сәтте ол да тыныш тапты...

Бір басына жамалған осы бір қайғымен неміс жерінде жүрген шағында Қали сияқты тұтқындарды ағылшын мен американдықтардан тұратын екінші майдан жауынгерлері босатқан болатын. Неміс лагерлерінен азаттық алған бұларды, американдықтар үлкен кемелермен өз елдеріне алып келген. Қай жердің дәмін татарың да тәңіріңнің қолындағы іс қой. Тәңіріңнің маңдайыңа жазғанын көресің дегенің осы екен!

Соғыс аяқталғаннан кейін тұтқындағы кеңес адамдарын өз отандарына қайтару мәселесі қозғала бастаған шақта, бұл соғыста өз елінің жеңіске жеткендігіне іштей қуанса да, кө-ңілдерін күпті етіп алған бір ойдан күні-түні арылған емес. Америкадағы кеңестік әскери атташе өкілдері келіп: – Кеңес одағының абыройы аспандап тұр. Жолдас Сталин бастаған коммунистер партиясы ұлы жеңіске ие болды. Кеңес үкіметі енді әр мемлекетте тұтқында жүрген сіз сияқтыларды өз елі-мізге қайтарып алуға күш салып жатыр.

Жеңімпаз елдеріңіз бар. Сол елдеріңізге қайтыңыздар, – деп сайрағанда сай сүйе-гінді сырқыратып жүрді.

Кеңес үкіметінің насихатшы өкілдері келіп-кетісімен, тұтқындар лагеріне американдық шешендер келіп сайрайтын.

– Бәрі де өтірік! Қызылдар ешкімді де аямайды, Сталиннің қаһарына ұшырайсыздар. Елдеріңізге қайту, қайтпау өз еріктеріңізде! Қайтпаймын десеңіздер бұл арадан Сіздерді ешкім де күшпен зорлап алып кете алмайды...

Бір-бірімен аңдысқан екі елдің де сұрқиялығынан сескенгенімен, туған еліне қайту жайы ойынан бір шықпаған қалпы Қали да Кеңестер одағына оралушылар тізіміне жазылып, ақ кемеге келіп мінгенді. Мұхит арқылы ұзақ жүзген сол ақ кеме бұларды Балтық теңізі жағалауындағы үлкен бір айлаққа алып келіп, түсірген болатын. Кеменің жағаға түсер баспалдағынан бастап қатар-қатар сап түзеген солдаттарды, арсылдаған иттерді көрді. Бұл жай елім деп алаңдап келе жатқан тұтқындардың көңілін су сепкендей басып тастады. Тұтқынға басынан ауыр жарақат алып, ессіз-түссіз қалпында түскендігін жеңімпаз Кеңес елінің соты елеген де, ескерген де жоқ. Сот өз үкімімен тұтқын атын сатқын дейтін атқа алмастырып, жиырма бес жылғы ғұмырын абақтыда өткізуге кесіп, Сібірге айдатып қоя берген.

Сатқын атанғанша да тұтқын болып жүре бермеген екенмін деген қалың ойларға Тайганың орманынан ағаш даяр-лап жүрген шағында Қали сан-мәрте берілген де еді. Әйтеуір кеудесінде шықпай қалған тірі жаны бар демесең, осы ғұ-мырында жанына медет, қуат болар не тапты?! Дүниеге ұрық та шаша алмады, туған елінің топырағын да емін-еркін басып жүре алмады.

Тұтқындығы мен сатқындығы үшін сот кескен мерзімін өтеп, әке шаңырағына ие болып отырған інісі Бәридің үйіне келген. Шіркін, бауырдың аты бауыр емес пе, ағасының азап тартып, тар жерден аман-есен келгендігін көріп, қуанғанынан жылай жүріп, жалма-жан қойын сойып, ауыл үйдің кәрі-жа-сын жинап, кішігірім той жасады. Айлар өтіп

жатты. Қали да қарап жатпай інісінің шаруасының бір жағына шығысып, шаруашылықтың тиіп-қашпа жұмыстарына да араласып, алған айлығын да келінінің қолына ұстатып жүрді.

– Аға-ау, оныңыз не? Өз тапқан ақшаңызды өзіңіз ұстап жинай беріңіз. Таяуда ауылдан көшкелі жатқан бір ағайынның үйін сізге әпергелі жүрміз. Келісіп қойдық....

Бәридің бұл айтқанына Қали онша қуана қоймады. Інісі бөлек бір үй сатып әперіп, сонан соң ағасын үйлендіріп, алдына мал салып бергісі келетіндігін көптен бері айтып та жүр-ген болатын. Оның мұнысы жөн-ау тіпті. Ағайыншылық де-генің де міне осы ғой. Бірақ...қайтерсің?!

Тұтқын болғандығымды бетіме басып, көз түрткі болмайын және қиянат қолымен жасалған белсіздігімді сездіріп ал-майын деген ниетпен жан баласына айтпастан бір түнде жы-рақтағы қалаға кетіп қалып, соның әлдебір қазандығының өмір бойы от жағушысы болып жүрді де, сол арадан азын-ау-лақ зейнетке берер ақысын алып, осы қарттар үйін паналаған болатын.

Жалқы келіп, жалқы кетіп бара жатқан мына дүниеден алашағы да, берешегі де жоқ мұның Есебі тең. Өкпесі де, назы да жоқ айта қояр. Жарық дүниеге шырылдап келді, енді тіл-аузы байланып сол дүниеден үнсіз-түнсіз кетіп барады. Дәл қазір тілге келе қалар болса да, ол өзіне жан салған, жарық дүниені сыйлаған, осыншалықты ғұмыр қиған тәңірін сөкпесі анық. Тәңірін не деп сөксін, болса сол тәңірі жаратқан адамының тұтқыны болды. Жарық дүниенің азабын да, мазағын да өзі сияқты адамдар тартқызды. Соттаған да солар. Тәңірінің алдына барып, жауап берер қиямет күндері:

– Е, пендем, не ұқтың жарық дүниеден, – деген сауал қойылар болса, өмір – абақты, адам соның тұтқыны екендігін айтар еді әуелі.

Тіршілігінде тірі пендесі азапқа салған Қали қартты онан әрі қинағысы келмеген өз тәңірі өзі сыйлаған жанын ажалын жіберіп, оны өмір абақтысынан құтқарып алды. Жаратылыс пайда болғалы жан қадірін ұғына алмай келе жатқан

адамдарына сол төңірі Қалидың ет пен сүйектен тұратын төнін ғана қалдырып кетті. Жан мен оның иесін емес, әзірге... төнді ғана қадірлеуді үйренген пенделері Қали қарттың да сүйегін арулап, аққа орап, ардақтап апарып, қара жердің қойнына бер-ді.

ҚОШ БОЛ, ҚҰЛЫНЫМ

– Е, балам, жоғары шық! Кемпір, әй, кемпір, шәй әкел мына балаға!

Сералы қарт үйіне келген шаруашылықтың жас бас-шысы Еркінді осылай қарсы алды. Сәлем беріп, есік көзінде бөгеліп тұрып қалған жас жігіт үй иесінің қатулы қабағы мен қатқыл үнінен қобалжып қалғандай еді. Осы елге келгелі екі жыл болса да, алғаш бас сұғып тұрған қарттың шағын ғана аласа үйі еңсесін басқандай. Ен бойы қазандықпен ғана бөлінген қазақы үйдің қақ төріндегі түс киізде ілулі тұрған күмістелген жүген, тобылғы сапты ат және салт қамшылар “мені көр” дегендей көздің жауын алады. Қазандықтың мұржасының дәл түбінен сорғалаған жауынның салтақтанып сарғылт тартқан іздері жыландай ирелеңдеп белгі тастапты. Осыны көргенде жас директордың екі беті дуылдап кетті. Анада, ұмытпаса, күзде-ау деймін, осы қарттың өзінің алдына келгені бар. “Балалар болса жұмыста, кемпір екеуіміздің отырған үйіміздің төбесінен жауын жауса болды, су сорғалай жөнеледі. Шипырлатып жапқызып алайын деп едім. Не көмегің бар, балам?”– деген қарт өтініші есіне енді түсіп отыр. Бұл да ой-ланып жатпастан: “Ақсақал, сол шипырды совхоздың мал қоралары мен салып қойған үйлерінің төбелерін жапқызуға да таба алмай, басым қатып отыр”, – деп қартқа қамқор бейіл көрсете қоймаған-ды.

– Жоғары шық, балам! Орамамызды ашқалы жатыр ек, кел, шәй іш бізбен, – деп қария жас жігітке төрден орын ұсынды. Бұл жолы Еркіннің қарт тілегін аяқ асты етіп, шығып кетуге батылы жетпеді. Нұсқаған орынға үнсіз ғана жайға-судан өзге амалы қалмап еді.

Шәй үстінде әңгіме өз арнасын тауып, жүйесімен өрби қоймады. Қарт болса “іш, же” деуден артық ауыз сөзге бармады, түнерген қабағын ашпады. Еркін өзіне ұсынылған қызыл гүлді кеседегі қою шайды тезірек ішіп тауысуға асыққаны сондай, мұрнының ұшы шып-шып терлеп шыға келді. Осыны байқап, аңдап отырған зерек қарт:

– Балам, асығыссың-ау деймін, шаруаң болмаса біздікіне бас сұғуың да неғайбыл, дәм айдап келген шығар. Қысылма, бұйымтайыңды айта отыр, – деді. Қарттың бұл сөзі шаруашылықтың жас басшысының иығындағы ауыр жүкті жеңілдеткендей болды. Орнынан қозғалып, көптен бері жерде малдас құрып отырмағандықтан, құрыстанып, ұйи бастаған аяқтарын жазып алды.

– Ақсақал, – деді үніндегі жасқаншақтықты білдіргісі келмегендей, бір жөткірініп алып, – біздің ауылда қырықтық-шылардың кеңесі өткелі отыр. Бүкіл облыс аймағындағы қойлы ауылдардан өкілдер келеді. Аудан басшылары елге келетін сол қонақтарға қымыз беруді жөн көреді. Соған он шақты бие байлап, қымыз ашытатын кісіні кешеден бері таба алмай жүрмін.

Қарт “көкейіңді ұғындым” дегендей кейіп танытып, жауап беруге асықпады. Шыны-аяғын кемпіріне қарай ұсына түсіп, маңдайынан білінген терді алдында жатқан ақ сүлгімен асықпай сүртіп, қалайы қасықпен сары майдан пәйіне салып, баяу былғап қояды. Қартының аяқ астынан пандана қалғанына, алдына келген жас жігіттің өтінішіне әлі де мәнді жауап бермей бәлсінгеніне Меруерт әжей қысылып-ақ отыр. Бірақ, қырық жыл отасқан ерінің жайын өзі біледі, сосын да үндемейді. Шалының томырық мінезінің өктемдігі-ақ өзгелерден оны айбаттандырып тұрады. Бірақ, қарттың көңіліндегі зіл жоғын былайғы жұрт біле де бермейді. Бұл да адам, мұның да ет жүрегі, сезімі, ой түйсігі бар, мұның да адам сияқты шаттанатын, күлетін кездері болады. Бірақ, ішкі дүниесін қалың бір қй торлап алса болды, ашылмаған күздің қара бұлтындай көпке дейін түнереді де жүреді. Қазір ле ойының әлем-тапырығы шығып отырғанын

мына кемпірінен артық ешкім де сезе қоймас. Мұндайда оған бір ауыз сөз айттым дегенше бол-ды, ең әуелі анау қырғидың көзіндей шегірейген қос жанары өнменінді тесіп өтіп, “тәйт әрі, тантамай отыр, сенен жөн сұраған жоқпын әлі” деп бұлқан-талқанға түсетіні бар. Үндемесең, үйдей пәледен құтылғаның, сол қамалған көп ойлар өз шешімін тапқан соң жауыннан кейінгі даладай жадырап, шешілетіні бар, тек сабыр қылып артын күте біл.

– Ана жылқышысымақтарың он биені өздері-ақ байламады ма?!

Қарт дауысы тосыннан әрі зілді шықты. Еркін басын көтеріп алып, қартқа не деп жауап берсем дегендей ойланып қалды. Осы дүйім елден бие сауып, қымыз ашытатын жан иесін таба алмағанын айтса, таяқтың бір ұшы ең әуелі өз маңдайына тиерін сезгендей еді. Ақиқатына келетін болсақ, айналасындағы елдің жұмыс істеп, мал бағып, егін өсіргеніне мез болып жүре беріпті-ау өзі. Директор болып, ел басқара жүріп бірде бір үйдің ошақ басындағы тіршілік-тынысына құлақ түріп, көз салмаған екен. Тым болмаса осы елде кімнің бие байлап, қымыз ұстайтынын, кімнің іркіт жиып, құрт қайнататынын бұл білмейтін болып шықты.

Өткен күнге ой жүгіртсе, біраз үйдің дастарханынан небір дәм татып, арақ-шараптың алуан-түрі алдына қойылғанымен, бір аяқ қымыз, не болмаса бір кесе ақ айранның ұсынылмағаны енді есіне түсіп, бей-жай күйде отыр.

– Балам-ау, – деді қарт мұны онан әрі қинағысы келмегендей. – Ана жылқышыларыңды айтам, аттарымен мәгәзінге сабылып, ер үстінде теңселіп жүргенше бие байлап, сары қы-мызды сапыра ішіп, өздерін де, халқын да қарық етпеспе?! Мен болсам қартайдым, мына шешеннің де енді бие сауып күбі пісер қауқары шамалы. Бірақ алдыма келген екенсің, меселің қайтпасын, байла деген он биенді байлап, қонаққа деген қымызыңды ашытып, әзірлеп берейік. Жылқышыларыңа айт, түске қарай табынға өзім барамын, сауын биелерін таңдасып, асау құлындарды байласуға жәрдемдессін...

Кемпірінің қуатты кезінде ескен қыл арқаннан тартылған желіге байланған жас құлындар әуелгідей емес, ноқтаға үйреніп, жуасып, бастығайын деді. Ыстық сумен қайыра-қайыра жуғызып, ең әуелі қайыңның қабығымен, сонан соң торы тобылғының тәтті түтінімен ыстап, жылқының семіз қазысының сүр майымен сылаған қара сабадағы саумал үй ішіне хош иіс бергендей болды. Көптен бері сауылмай тағыланып кеткен биелердің аяғына өре салып, шошынғанына қарамастан, шал өзі де, кемпіріне де сауғызып, сауынды өткізіп алмауға тырысып жүр. Қарт жылқышы бар қайрат-күшіне мініп, дүр сілкініп алды, бұрындары – жастау кезінде колхоз жылқысын түнде өзі бағып, күндіз бие сауғызып, шаруа қамымен жүргендерді сусынсыз қалдырып көрген жоқ еді. Тақымынан небір жүйріктер өтпеді дейсің. Ой-хой, шіркін, талай аламан бәйгеден озып келген Балыққара мен Жайнардың шабысын бұл қартың тірі жүргенде ұмыта ала ма! Ойлап отырса шағын ғана Аралағаш ауылының атақ-даңқы сол кезде табысымен емес, аттарының бәйгедегі шабысымен дүрілдеп еді. Бәрі бірдей жабы болып кетті деймісің, ат десе алдындағы асын жерге қояр қарттардың тізесі қалтырап, жанарлары әлсіреп, күш-қуаты тайған соң, табын жылқының ішінен бәйгеге қосар қыл құйрық таба алмай жүрген бүгінгі аралағаштықтарға не айтарсың. “Ат аунаған жерде түк қалатын” демейтін бе еді. Жіті көзбен қарап отырса, сол Балыққара мен Жайнардың тұяқтары бүгін де бар ма деп көңілі алабұртады. Әне бір сүйкімді қоныр құлынды қарашы, түрі де, түсі де Балыққарадан аумайды. Желідегі құлындардың арасында “мен болашақ Жайнарыңмын” деп жер тарпып тұрғандары және бар. Жылқы малы дегенің ер азаматтың қанаты, қуаты емес пе.

Қарт жылқышы Сералы өзі пенсияға шығып үйінде отырғалы Аралағаш ауылының жылқысының бағы тайғандай еді... Талайдан бері үйірге түсіп, өзі сияқты сәйгүліктердің қатарын молайтқан Балыққараны өткен қыста жылқышылар аяусыз мініп, көтерем қалпында шаруашылық қорасына әкеп тастайды. Фермадағы моторшының өз ісін жете білмеуінен

бе, болмаса жауапсыздығынан ба, үзілген электр сымының ұшы науаға түсіп, су іше берген жануарды ток соғады. Қоңыр ай-ғыр шыңғырып барып мұрттай ұшады...

Е, айта берсең, болмаса өткен өміріңді еске алып, жаныңды тыныштандырсаң, қаймағы бұзылмаған дәуренді күндердің қызығы Сералы қарт үшін тек қана ат үстінде өткен екен. Шүкіршілік, әйтеуір қара кемпірі мұның тіршілігін күйт-теп, екі ұлы мен бір қызын өсіріп, қанаттандырды. Сол бол-маса, бұл өмірде жылқы тұрғанда бала керек деп ойлап көр-меген екен. Құтты орнына қонған жалғыз қыз бен қос ұлдың тілеуін тілеп отырған жайы бар әзірге. Ұлдары болса мұның жолын қуа қоймады. Үлкені Алматыда оқу оқып, сондағы бір бастықтың қызына үйленіп, еркетотай келіншегінің салған тұсауынан соң еліне қайта алмай, астанада қалып қойды. Қолындағы ұлы Берікбай біртоға, жуас. Отыздан асып барып осы ауылға мұғалім болып келген біреудің жас баласын алып қашып барып үйленіп тынды. Бұл келіні сүп-сүйкімді-ақ. бірақ қартпен тіл ашысып бір еркін сөйлесіп көрген жоқ. Өзі балаларға сабақты ағылшынша береді деген сыбыс қарттың да құлағына жеткен. Тегі өз тілін жетік білмейді-ау деп қарт өзінше топшылап, келінін ұялтпайын деп көбінесе кемпірін жұмсайды. Осыны ойлағанда қарт сәл жымыып қойды. Құрдасы Өскенбайдың басынан өткен бір хикая ойына орала кетті. Былтыр құрдасының да баласы үйленген болатын. Өсекең бір күні жас келінге: “Шырағым, бір аяқ шалап құйып берші, шөлдеп тұрмын” десе, ол жазған атасының айтқанына түсінбей, қарттың мәсі киген аяғына жәудіреп қарап тұрып қалыпты.

Күндер дегенің зулап-ақ өте пьқты. Шаруашылықта қой қырқушылардың жиыны өтетін күнге дейін жылқышы қарт бар шеберлігін салып, бал қымызын жеткілікті етіп әзірлеп қойды. Аудан басшылары тапсырған бұл ісінің оңға басқанына жас директор да ерекше қуанулы. Қарттың қажет шипырларын бөлгізіп, үйінің төбесін жедел жапқызып та тастады. Өз шаруасының оңай шешіле кеткеніне қарт та іштей қуанып, марқайып қалды. Абыройлы іс екеуіне де

қуаныш әкелгендей. Расында да, кеңеске жиналғандар осы шаруашылықтың қонақжайлылық көрсетіп, бал қымызбен сусындарын қандырғандарына әбден риза болды. Әр ауданнан келген басшылар Еркінді шақыртып алып, өз директорларына мұны үлгі ете сөйлеп, мадақтап жатты. Әйтеуір, қасиетті дәм Еркінге жаңа абырой, бедел әкелгендей еді. Күні бойы жас құлын, асау қулықтармен алысып, қымыз ашытқан қос қарттың есімі тағы да аталмай қалды. Тілдерін үйірген мына қымыз тап бір биенің желінінде өзі пісіп, өзі ашып жатқандай көреді-ау. Ең болмаса, ішіп отырған қымыздарының кімнің қолынан шыққандығын сұраған біреуі болсашы. Жиын тарқарда облыс орталығынан келген бір басшы Еркінді шақырып алып, биелерді бұдан былай ағытып жіберуші болма, қымызды аңсасақ ауылыңа келіп тұрамыз деп кетті.

Қарт көңсе, Еркін өз шаруашылығында қымызды ала жаздай өндіргісі-ақ келеді. “Ақыңызды төлеп отырайық, қысқы отын-шөп үшін де алаңдамаңыз, бәрін де совхоз есебінен дайындатып беремін” – деген директордың қолқа-өтінішіне қарт орынды дәлелін айтты:

– Балам, өзің айтқан соң дүйім жұрт алдында абыройың төгілмесін деп он биенді байлап, қымыз дайындап бердім. Естуімше жиналған халқың дәміңе риза болып аттаныпты. Ал, енді бұдан әрі биенің бұтына еңкейіп жататын шама мына кемпірде де, менде де жоқ. Сексеннің желкесіне шыққан біздерді әурелеме, жастар сауамыз десе үйретейін, бас-көз болайын, ал сол үшін мен сенен ақы-пұл сұрамай-ақ қояйын.

Бүкіл ел ішінен “бие сауып, қымыз ашытуға ниеттері болса, кез-келген жұмыстан босатып аламыз” деген хабарға ешбір жауап болмады. Басшылар мен мамандар сауыншы-ларға, үйде жай қарап отырған әйелдерге де әдейі барып, “бие сауыңыз” деп өтініп те, болмаған соң бұйырып та көріп еді, нәтиже шықпады. Тіпті, кейбіреуі шамданып, шаптығып, “аулақ жүр, ендігі көрмегенім бие сауу еді”, “бейнеттенгенше, шөлдесем шөлімді шампанмен-ақ баспаймын ба” десе, енді біреулері “өз әйелдеріне сауғызындар” деп ешкімді маңайлатпай-ақ қойды.

Осы өңгіме гулеп елге таралғаннан бері бұдан әрі бие байлап, қымыз ашыту ісінің қиюы қашып, түйыққа тірелетінін қарт та, директор да анық ұғынғандай еді.

– Бұл бір енді болмайтын іс. Бие сауып, қымыз ішіндер деп едіңдер, осы ауылдың қатын-қалапы ұлардай шулаған жоқ па?! Жас кезім болса, оның үстіне кемпірім дімкәстен-бесе, сол биелерді өзім-ақ сауар едім-ау, – деп Сералы қарт директордың кең бөлмесіндегі арқасы биік орындықта үнсіз отырып қалды. Әжімді жүзінен әлі де қайраты танылғанымен, қушыып, кішірейген дене бітімі кәрі бәйтеректің солып бара жатқандығынан белгі бергендей еді. Қарт бөгеліп отырып қалғанын сезінгендей ойын жинақтап, директорға өз бұйымтайын айтты.

– Балам, бір саба қымыз жинап қойдым. Биелерді ертең ағытамын. Ақысын төлейін, сол бір саба қымызды өзіме бер. Осы ел бие байлап қымыз ішпегелі біраз болды. Құрдастарым мен кәрі-құртаң қарттарды үйге шақырып, қымыз ауыз ти-гізейін деп едім. Сенен тілегім болсын, сол қымызды өзім сатып алайын, айналайын!

Әуелде Еркін бұған таңырқап қалса да, сәлден соң ой-санасын жинап алды да, қарсы отырған көне-көз қарияның дарқан көңілі тұла бойын билегендей болды. “Қайран қартым-ай, – деп ойлады Еркін. – Өмір бойы жылқы бағып, бәйгеден бір атың озып келсе, бөрігіңді аспанға атып, құла дүзге шаба жөнелетін жел көңілің әлі де өзінің сол дарқандығы мен кең-дігінен жаңылмаған екен-ау!”

– Жарайды ата, сол қымызды алыңыз, сіз де бізге тегін қызмет еттіңіз ғой, біз де тегін берейік, әрі-беріден соң бұл өз еңбегіңіз, өз қымызыңыз ғой.

– Рахмет, балам! Өзің де ертең қымыз ішуге кел.

Өзі мініп жүрген жуас торы атқа көршінің он жасар баласын мінгізіп, ауыл қарттарын қымыз ішуге үйіне түгел шақыртты. Қарттар жиналғанша шошалада жатқан киіз үйді есік алдына шығартып, өзі көрсетіп тұрып әлді жігіттерге құрғызып алды. Қара қостан қалған жалғыз белгі – осы киіз үй. Ерте туған жас бағланның біреуін сойғызып, қыстан қал-

ған жал-жаядан салғызып, кемпіріне қазан көтертті. Қымызға шақырылған қарттар түгел жиналған соң, көптен бері ұсталмай жүрген ағаш астауға етті түсіртіп, киіз үйге кіріп отырғандардың алдына тартты. Біраздан бері үйлерінен шықпай іштері пысқан қарттар әңгіме-дүкен құрып, жайлауға шыққандай желпініп бір жасап қалды. Әбден пісіліп, сапырылып қойылған бал қымызды сіміре отырып, олар кеш түскенше отырды. Қарт жылқышыға, совхоз басшысына деген алғыстарын айтып, қарттар разы көңілімен тарай бастады. Қонақтары әбден тарап кеткеннен кейін Сералы қарт кемпірі екеуі желі басына келіп, биенің кешкі сауынына кірісті. Енді өздерінің ноқтадан босап, түнгі жайылымға шығатынын сезгендей құлындар да тыпыршып, күміс үнімен кісінеп қояды. “Енді сен-дерді ноқталап қинамайтын боламын, құлындарым” – деді қарт күбірлеп.

Желідегі соңғы ақ бақай құлынның маңдайынан сипап, мойнынан құшақтап, қарт жылқышы ұзақ тұрып қалды. Кемпірі сауылған саумалды үлкен ыдысқа құйып болғанша жас құлынды құшақтаған қалпынан бір айныған жоқ. Ендігі бір сәтте қарт қолынан босаған ақ бақай құлын күннің кешкі шапағына малынған кең далаға шұбап бара жатқан жылқыға қарай құйрығын шаншып шаба жөнелді. Қолына күмістелген ноқтаны ұстап әлі де өз орнында тапжылмай тұрған қарт жылқышы өз өмірінің соңғы құлынын ағытып жібергенін сезгендей, көзіне келіп қалған ыстық жасты ірке алмады, Қош, құлыным, қош!..

КҮН БАТҚАН ШАҚТА

Көріп, естіп отырған құқайы жалғыз дейсің бе?! Алсын малын, алам десе! Артық мал дейтін мұнда корасына сыймай тұрған малы жөне жоқ. Бір биесі, бір сиыры, оған қоса қызыл қашары, он шақты уақ малы ғана бар. Солардың қайсысын артық деп тапса алсын, таласы жоқ!

Таңат осы ойлармен болып еді күні бойы. Кеше ауылдық Кеңестің хатшысы келіп, жоғарыдан артық малды үкі-

метке өткізу жөнінде жарлық келгенін айтып кеткен-ді.

– Ау, артық мал дегенді осы сендер қайдан тауып алдыңдар? Бұрынғыдай үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, жүздеп қой ұстап отыр деп пе едіңдер, – деген бұл наразылығын ашуға жеңдіріп.

– Ақсақал, мен үкіметтің айтқанын істеуге тиістімін! Сізде де артық мал бар. Бір бие, бір сиыр, соған қоса бес қой ұстауға ғана правоңыз бар! Не биеніз, не сиырларыңызды, өзіңіз білесіз, әйтеуір біреуін, сосын есептен артқан қой-ешкі-ңізді үкіметке тапсыратын боласыз!

– Не дейді, мынау?! Мен сонда биемді үкіметке беріп, жаяу қарап қалуым керек пе?!

Қарт үнінде дәрменсіздік бар еді. Шалының кіріптар күйге түскенін көріп тұрған Жамал әжей көзіне іркелген жасты жаулығының ұшымен сүрте берді.

– Сорлы-ау, үкімет айтса, алғанын алмайды деп тұрмысың, сол бие жаныңнан артық па, берем десейші енді! – деген кемпірінің сөзінен есін жиған қарт әлде не ойына түскендей:

– Үкіметке менің биемнің не қажеті болып қалыпты, балам, соны айтты ма саған – деді хатшыға.

– Ақсақал, сұрамайтынды сұрайды екенсіз. Хрущев жолдас айтты ғой, біз коммунизмге жақындап келеміз. Ал, сіздер болсаңыздар, мал-мал деп соның соңында жүріп қараңғы қалдыңыздар. Енді ет те, сүт те, не керектің бәрі де дүкендерде бос тұрады. Барасыз да алып, ішіп жей бересіз.

Ауыл Советтің хатшысы мұны лепіре айтты. Тіпті көңілінде күмән болсайшы. Коммунизм бір жерде орнап, соны өз көзімен көріп келгендей, ағыл-тегіл, бос әрі тегін дүние жөнінде айтқанда еріксіз ұйып қалғаныңды өзің де білмей қаласың.

– Әй, шырағым, көмөнезімінде сол дүние тегін әрі ағыл-тегіл, аста-төк болып жатса сол ырыздықтарыңа өлмелі мына кемпір, шалды ортақ қылып қайтейін деп едіңдер?! Соның игілігін өздерің-ақ көрмейсіндер ме?! Ал, менің биеме көз

алартпай-ақ қойсаңдар осы?! Біз өз күнімізді өзіміз көрейік те!

– Жоқ, ақсақал, бұл қулығыңыз іске аспайды, болмайды ол болмайды, – деді хатшы манағы қиялынан айыққандай.

– Кәне, тап қазір айтыңыз, үкіметке биенізді өткізесіз бе, әлде сиырыңызды бересіз бе? Мен ерігіп жүрген жокпын, осы ауылдағы жұрттың артық малын анықтап, қанша мал жиналатындығын ауданға айтуым керек. Болыңыз енді, көне, көне.

Төрт түлік малын жанына балаған Таңат сияқты қарттардың қайсысына болмасын бұл оңай соқпады. Ел ішін хауіп биледі. Қауесет, түрлі өсек те лапылдап ала жөнелді. Жұрттың басы артық малын үкіметке жинап алады екен деген сөз ғана ел ішінің аузында жүрді. Кең даланың белін қайыстырып шұбырған мал халықтың ырысы, қуанышы еді-ау. Заманның түрлі-түрлі өрі сан қилы жібімен көгенделген қазекем бір кездері малынан айырылып арып-ашып жүдегенін, сандаған ұрпағының сүйектерінің далада шашылып қалғанын қайдан ұмыта қойсын. Соңғы ашарлылық бүгінде ел үлкендерінің есіне қайта түсіп, мына жарлықтан шошына қалғандықтары да сол болатын.

Күннің қызыл жалқын сәулесі көкжиекке тартылып, ымырт үйірілген сәтте Таңат қарт ауыл шетіндегі Әбілдің қақпасын ашып, ішке енді. Кешкі шайларын алдарына алып отырған Әбілдің үй-іші мезгілсіз жүрген қартқа үрпиісе қарады.

– Таңатпысың?-деді Әбіл қарлығынқы үнмен.

– Мен ғой. Әбе, мен ғой кештетіп жүрген, – деп Таңат шал кебісін шешіп төрге шықты.

– Ә, жоғары шық, шайға кел, амансындар ма өздерің, – деп Әбіл де құрдасына жылы пейіл көрсетті.

Бұлар құйылған шайларын ұрттай бергендері сол еді, есік ашылып, осы ауылдың тағы да төрт, бес шалы сау етіп кіріп келді.

– Әу, өздерің жай жүрсеңдер етті! Жақсылық па әйтеуір?!

Манағыдай емес, үй иесі Әбілдің бойын үрей биледі. Қашан, қандай жағдай болмасын сабырлы қалпынан Әбекең де сасайын деді. Осы уақытта буын-буындарын сықырлатып, төсектеріне құлайтын мына құрдастарының кештетіп жүргендіктері, әйтеуір, тегін болмаса керек еді. Әбіл қарт осыны ұқты. Сыр бермегенсіп, меймандарын жайдары көңілмен төрге шығарып жатты.

– Өздерің бір қойлық болып жиналып келе қалған екен-сіндер, мал сойғызып, қазан көтертейін, – деді Әбіл құрдас-тары жайғасып болып тілге келген соң.

– Бұйырған дәмді татып жүрміз ғой, Әбе! Тап қазір ас ішіп отыратын уақыт емес және оған көңіл құрғыр да шабар емес.

– Иә, иә, Ахаң дұрысын айтып отыр. Жөні сол, өңгіме бар, өзіңмен ақылдаса келдік, – деп қарттар сақалын салалап Ахметтің сөзін қостап ала жөнелді.

– Өңгіме мынау, – деді Ахмет өзіне сөз тізгіні берілгенін ұққандай. – Үкіметке артық малды тапсырыңдар деп осы елдің белсенді балары ертелі-кеш шапқылап жүр. Оны өзін де естіп жатқан боларсың. Жалғыз биені өткізіп, бір сиырға, болмаса сиырды өткізіп, бір биеге қараған күніміз не болмақшы?! Не істейміз, не қайран қыламыз? Соны білейік, ақылдасайық, – деп келіп отырмыз.

Мына қарттардың тұнжыраған қабақтарындағы ауыр ойлар қараша үйдің еңсесін басқандай. Тым-тырыс, тыныштық әлемі қалғып кетер ме еді, қайтер еді, Әбіл қарт әлден уақытта саңқ ете түспегенде.

– Көтер бастарыңды! Еңселерің сиырдың жапасындай езіліп кеткені несі бұл! Жаугершілік, болмаса аштық заманы келеді деп пе едіңдер? Әлде малмен бірге жандарыңды да қоса алайын деп жатыр ма?!

Өз құрдастарын Әбіл осылай бір бастырмалатып алды. Бастарын төмен салбыратып өз ойларымен өздері мүлгіп отырған мыналардың әрқайсысына жеке-жеке көз тоқтатып еді, жүрагі шымыр ете түсті. Бұлардың әрқайсысы заманның бір, бір жылнамасы екен-ау, шіркін! Балдағын тізесінің

үстіне қойып отырған мына Зейнештің сыңар аяғы кешегі соғыста Мәскеудің түбінде қалды. Анау отырған Әбіш, әне! Шіркін, Әбішім-ай, көкірегіңнің зеректігін не қылайын! Маңдайыңды тайпақ қылған тәңіріңге не айтарсың! Әлі күнге дейін неміс-терде тұтқында болғаны бетіне шіркеудей жабысып, өз елінде бұғып жүрген жайы бар. Жанын аяп тұтқынға түсті дейсің бе, сол жаны құрғыр кеудесінен шықпай қалып шала-жансар, ессіз қалпында қолға түскені өзіне, одан бір тәңіріне ғана аян. Оған сене қойған ешкім болған жоқ бірақ. Жау қолында тұтқын болғаны аздай, өз еліне келген соң тағы да ұзақ жыл айдауда жүрді. Шіркін, заман-ай...

Әп-сәтте осы бір ойлар миын шарпып өткен Әбіл қарт күрсініп қалды. “Өзің ше, өзің не көрмедің бұл тірлігінде” – деген бір ой санасынан жылт еткендей болды. Е, өтті, кетті ғой бәрі де. Бірақ ұмыта алармысың соның бәрін. Әсіресе, әлгі Зәкер қайда? Соғыстан кейін емес пе еді, елге аман-сау орал-ғандар бір-бірімен жылап көрісіп табысқандары. Иә, сол жолы Зәкер екеуі бұрынғы ескі дағдымен дойбы ойнауға отырған еді-ау. Сол жай да күні бүгінге дейін есінде мұның.

– Сен Сталин болып ақ таспен ойна, ал, мен Гитлер болып қара таспен ойнап көрейікші бір, – деген Зәкер аңқылдаған көңілімен.

Оқ-дәрінің иісі кете қоймаған өскери киіммен қарсы отырған Зәкердің уылжыған бейнесі күні бүгінге дейін көз алдынан кетер емес. Сол ойында қара таспен ойнаған Зәкер-Гитлер ақ таспен Сталин болып ойнаған мұны ұтып кеткені. Ақырғы әрі соңғы ойындары екен бұл екеуінің де. Көп ұзамай екеуін де үндеместер тұтқындап түн ішінде алып кетті. Зәкерден күні бүгінде дейін хабар-ошар жоқ. Дойбы ойнап, Зәкер-Гитлерден Сталинді ұтқызып алған Әбіл он жыл Колы-маның мұзын жастанып қайтты.

Сөйткен Әбілден бастары мәңгірген мына тұстастары ақыл сұрап отыр енді, міне! Не дер екен, қай сөзі, қай ақылы жағар бұларға?! Осындай ой шырмауына түскен Әбіл қарт

тұйықтан жол іздеумен әуреленді. Басы артық малды халықтан жинап алу науқаншылдығы түптің түбінде жақсылыққа жеткізбесін де аңғарады. Бірақ саясатқа қарсы тұрар бел, білек қайда?!

– Қүрекеңе осы шалдардың атынан хат жазайық жайымызды баяндап, – деді үнсіз отыра беруге жалыққандай Таңат шал қарлығыңқы үнмен. Өзінің осы айтқанын тұстастары қалай көрер екен дегендей айналасындағыларға жауғандай қалды.

– Қүрекең дегенің кім өзі, тәңір-ау?!

– Хрущев жолдас ше, соны айтамын да, – деп Таңат оң жағында отырған Сәлменнің сұрағына үнін нығырлай жауап берді.

– Онымыздан түк шықпайды, – деді Әбіл сәлден соң. – Бұл тұтас ел бойынша жүріп жатқан науқан. Наразы болып жатқан жұрт жалғыз біз дейсің бе, жазып та жатқан болар. Одан да сауын малдарыңды алып қалындар да, басы артығын үкіметке табыс етіндер. Бірақ бүкіл тұяқты беріп қойып жүр-мейік. Дау-дамайды көбейтпей бірен-саран жылқыны, қой-ешкіні сойып, етін қақтап алсақ артықшылығы болмас. Қан-дай күн туарын болжап бола ма қазір...

Қарашанаң қоңыр салқыны тұрып Таңат шал құла биені қаншама қимаса да, сойып алуға мәжбүр болды. Оның өзінде де мұны кемпірі ғана иліктірді бұл іске.

– Қайтесің, үкіметтің шаруасына қарсы тұрып. Осы бар ғой сенің кесірің әлі баларға тиеді. Онан да қызыл қашарды үкіметке өткізіп, құла биені сойып ал. Етін, қақтап, суық түс-кенше бүлдірмей сақтармын. Құла биенің жирен қасқа кү-лынын қораға байлап, тығып таста. Жылқы баласы емес пе, ертең-ақ мінісіңе жарап кетеді, – деген кемпірінің ақылын құп көрген Таңат та елмен бірге, амалы жоқ, шарасыз іске кірісті.

Құла биеден қалған жирен қасқа құлынды бағу оңай іс болмады Таңат үшін. Шұрқырап енесін іздеп бірер күнде ар-ықтап, жүдеп сала берді. Жетім құлынның шұрқырап, кісіне-гені-ақ қарттың жүрегін сыздатып, жанын ауыртатын

болды. Содан да құлынның жем-суын беруге көбінесе кемпірін жұм-сайтын әдет тапты. Бүгін де сөйтіп төсегіне қисая бергені сол еді, кемпірі үйге абдырап, айғайлай кірді.

– Тұр, енді, ойбай! Құлын далаға шығып кетті! Бол,бол! Айнала маңайды дүрліктіріп шапқылап жүр, ұстататын емес, – дегенді ентіге айтқан Жамалдың сөзінен шошынып, ұшып тұрған қарт кебісін іле сала далаға атып шықты.

Ауыл иттері де елігіп, шапқылап жүрген жетім құлынды қуалап, есін шығарған еді әбден. Қарт үй алдындағы шарбаққа кіріп “қайт, қайт” деп бар дауысымен шақырып еді, иесінің үнін танып, төбеттерді шаңға көміп, құйрығын шаншып бері қарай желдей ақты. Өн бойынан саулаған тер көзін ашқызбады да, қасқа құлын күнде өзі кіріп жүрген шарбақтың ашық тұрған қақпасынан кірмей, сол аққан бойда омырауын тірейтін биік албардан бір-ақ қарғыды. Таңат қарт сол тұрған жеріне отыра кетті. Шұрқырған құлын үнінен ғана сәлден соң есін жиды. Шабына шарбақтың өткір қадасы қадалып, ынырсып, қып-қызыл қан болып жайрап жатқан қасқа құлынды көріп көзі қарауытып кетті.

Батып бара жатқан күн көзі қып-қызыл еді. Аспан көкжиегі де қызыл жалқын тартты. Қансырап бара жатқан құлын соңғы рет кісінеп жіберді.

ЗАРЫҒУ

Шоғы сөніп, қызуы қайтып бара жатқан өмірінің осы бір соңғы сәттері қарт ана Жүрсиланың жүрегін сығымдай езіп, қинап-ақ жатқаны. Қанша жыл төсек тартып жатып алса да, ақыл-есінен кейуана бір айныған жоқ. Қос жанарының нұры сөніп, жарық дүниені су қараңғылық меңдеп алса да, тырс еткен дыбысты зерек көңілінің сезімдері айнытпай танып-ақ береді. Көңілін сұрай келген жанды да аяқ басысы мен дем алысынан аңдай қояды. Шіркін, бәтуасыз тіршілік-ай! Мына жанында отырған буырыл сақалы омырауына түскен атжақты аққұба шал мұны сонау Есілдің бойындағы Қалқұтан елінен өз заманының келбетіне тән сән-

танатпен, қыз жасауымен осы елге келін қылып алып ген жоқ па еді?! Арманы жоқ бір елдің қолы ашық, дәм-ытатымды, дастарханы берекелі, сүйікті келіні бола білді. На қолынан күні бойы кітабы түспейтін шалы Жұмжұма уі біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей тұрмысып, тіршіліктің қара қазанын әлі күнге дейін қайнатып-келеді. Өмірдегі бар бақытының шыны деп білетін ана құрсағынан шыққан өзінің бес ұлының төртеуінен бірдей ыда айырылып, өзегі өртеніп аһ-ұрарын, төрт бірдей апанын сағына күтіп зарығатынын, жылай, жылай қос қарының суалып, су қараңғы соқыр болып қаларын білген с еді-ау!

Іштегі қызудың жалынынан ерні кезеріп, тұла бойы еніп жатқан қарт ана ауыр дем алып, әлсіз ғана үн қатты. – Келді ме, Қинаятжан, келді ме? Баршы, қарап келші, е жатыр ғой деймін. Өй, құлыным...

Соғысқа кетіп әлі күнге дейін оралмаған төрт ұлының пісі, сүт суалар кенжесін де ананың аландап іздеп қаны. Зіл-зала сұм соғыстың да лаңы басылып, талғанына да табаны күректей он жыл болса да қайран жүрегі өз ұлдарын бүгін-ертең келіп қалатындай елегізі еді.

– Келді ме, Қинаятжан келді ме?!

Қамшының сабындай келте ғұмырдың шолтаң етіп өте қар осы бір үзілмелі сәтінде қарт ананың ауызына кіші Қинаятының есімі ғана түседі де ана сезімі қашан сын айнымайтындығын паш еткендей. Өзге төрт ұл бір е, бір Қинаятжанның өзі бір асқар еді-ау бұл үшін! Ересек ары Мұхамедқали, Нұрғали, Берғали мен Нәбіғали осы шаңырақтың үлкендері Бабаназар мен Әушама аттардың ықпал-тәрбиесінде жүріп тез есейді, өзіне ырып, күні-түні жанын-да жүріп, бауырына басып, емін-ін иіскенгені де осы Қинаяты ғана еді. Әсіресе, ерке аның тілі қандай тәтті еді. Кейде бір айтқан сөздері әл інде жатқан ана санасынан демі үзілгенше өше қойған с Зейінді ана қазіргі сол бір алаңсыз да тыныш, қаймағы

бұзылмаған бейбіт өмірдің қызықтарының буалдыр сағымына еніп, балдәуреннің базарын оймен әлсін-әлсін шарлап қайтады.

Жаңабатыр ауылы ол кезде Бүйректалдың койнауында отыратын. Аққайың мен көк теректің, қызыл талдың жапырақтары сарғылт, күз айының лебі сезіле бастаған шағы еді. Бұл үйдің балаларының бәрі де ол кезде осы төңіректе тұңғыш ашылған Аймақ ауылындағы мектепке барып оқитынды. Мүйізі тұқылданып, әбден қартайған осы үйдің қызыл өгізін жегіп алып, бес-алты шақырым елдегі мектепке қатынап оқудың азабы мен қызығы да көп болушы еді балалар үшін. Көліктің қожасы баланың кішісі Қинаят болғандықтан бұған қалғандары жалынышты, дегенін екі қылмайды. Ерке де бұлаң қаққан өмірдің қайбір сәтін есіне алсын, қайран ана! Е, айтқандай, Қинаятжаны оқуға кеткелі жатқан мезгілде осы үйге сау етіп бір арба қонақ келіп қалғаны бар. Дәстүр бойынша қой сойылды, қазан көтерілді. Кеш түсе, қарны ашып оқуынан келген Қинаятжанына ет болмай қалып, оның лаң салғаны бар ғой.

– Апа, апа, қарным ашты, ет әкелші!

– Құлыным-ау, саған ет қалмады ғой!

Мұның сөйдеуі мұң екен, ауыз үйдегі қара текеметтің үстіне шалқасынан жатып алып жер тепкілеп, ерке ұл ал жыласын келіп, айтынып, айтынып қоярын қайтерсің.

– Ойбай-ай, бәрінен бұрын қой сойып, бір жілік жемегенім масқара болды-ау!

Төрт бірдей боздағынан әлі хабар ала алмай, өмір өзегін қайғы мүжіп, солуға айналған әлсіз ана күс жастықтан басын көтеріп алып, қос қолымен ауаны қармап, құшағын жайды. Манадан бері алдындағы кітабынан бас алмай оқып отырған Жүмжұма қарт та кемпірінің бұл қылығына секемдене қарап, селк ете түсті.

– Сабыр, сабыр ет! Жат енді, әлсіреп қаласың ғой, бай-ғұс!

– Тоқташы, Қинаятжаным келді ғой, есік ашылды ма, құлыным, келші маған!

Сорлы ананың үміті бұл жолы да үзіліп кетті. Бидай ақтап қырмандағы жұмыстарынан келген келіндері Бикен мен Үмітжан екенін сезе қойған ана жүрегі талмаусырап кетті. Сырт киімдерін босағаға іле салып, екеуі бірден қарт ананың жанынан келді. Әжімді жүзін жас айғыздаған қарт ананың мына бір қасіреті бұл екеуінің де жанын жегідей жеп барады. Әсіресе, осы үйдің үлкен келіні мына Бикеннің көңілінен бір ауыр ойдың бұлты сергімей-ақ қойды. Соғыс басталғаннан кейін көп ұзамай майданға кеткен ері Мұхамедқалидан күні бүгінге дейін хат-хабар жоқ. Жеңіс тойының тойланғанына да он жыл болса да, сол бір ұлы мейрамда жұрт қатарлы күліп, өз теңімен тізе қосып отыра алмай жүр. Ендігі анау пеш түбінде күпіге оранып қос құлыны Рахия мен Сарасы, әне! Сол екеуін адам қылып қатарға қоса алса арманы болмас еді. жәудіреп отырғандарын қарапшы, екеуі де әкелерін күте-күте әбден зарықты, ауыр ойдан бала жүректері қапа болып, көздеріне мұң түнғандай. Әйтеуір, шағын үйдің шаруасы жүдемей-ақ тұр. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңнің ендігі жүгінің бар салмағы майданнан дін аман-есен оралған мына Берғалидың иығына түсуде. Ел ішінде жете алмай жүрген төрт бауырының белгісіз тағдыры ерінің қабырғасын қайыстырып-ақ жүргенін сезетін Үмітжан осы үйдің тіршілігінің шырағын жағып, әйтеуір, төсек тартып жатқан байғұс ана мен қарт әкенің алдындағы келіндік парызын адал атқару үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, таңның атысынан, күннің батысына дейін зыр жүгіре-тін. Өйтпесе бола ма, қос абысын белді бекем буып алып, бір шаңырақтан соғысқа кеткен бес ұлдың көш, көлігін сүйретіп, қартайған ата-ананы, екі ортада жүрген қос сәбиді жүдетіп, жадатып, ас-суынан тарықтырып көрген жоқ, әйтеуір.

– Келді ме, Қинаятжан келді ме?

Қарт ананың әлсіз жүрегі тіршіліктің ақ демін үзгісі келмегендей өрекіп, тулай соғады. Кешкі үй тіршілігі қазанға су құйып, ас қамдаудан басталып кете барды. Екі иығынан алқына дем алған ақ самауыр да әлгіндей болған

жоқ өз орнын тапты. Өмір мен өлімнің тартысына түсіп жатқан қара кемпірдің жаны сәл-пәл тыныс алғанын пайдаланып, басына тақиясын киген шалды ортаға алып, бір үйлі жан шәй ішуге кірісті. Көргені көп зейінді, зиялы қарт мына қарсы алдында отырған ұлын соғыстан келгенде баурына басып өксіп-өксіп бір жылап еді-ау! Қайран қарт елі үшін қан майданға аттанған бес ұлының біреуі ғана бес жылдан соң көзіне тірі көрінгенінде қуанышын да, қасіретін де жасырып қала алмады.

– Қой, Жұмеке, көңілі алаң болып келген баланы босата берме, – деген Есім ақсақалдың сөзі ғана ауыр ойдан, бір қуаныш, бір қасіреттен қақырай бастаған мұның көңілін бекітіп, қайрадан орнықтырған еді.

– Балам, – деген Жұмжұма қарт шағын тойға ел адамдарына жайылған дастархан басында ұлын өзіне қаратып: Мынау төсек тартып жатқан сорлы анаң екеуіміз бесеуінді ел шетінен соғысқа аттандырарда бес рет қамықтық, бес рет жыладық. Тағдыр әзір біреуі үшін ғана той жасатуды бұйырып тұр. Ана қалған төртеуінен де күдерімді үзбеймін, кебін киіп кеткен жоқ қой, келер, олардың елге оралғанын көрмесек те сен көресің, үмітінді үзе көрме, күт! – деп қабағын түйіп үнсіз отырып қалды.

– Тойдың сәні ән емес пе, бір мезгіл ән айтайық та! Әй, әлгі Үмітжан қазан-ошақтан шыға алмай жүр ме, әлгі қайнысы Нәбіғалидың соғыстан жазып жіберген әнін шырқасыншы!

Адуынды әрі сыйлас жеңгесі Күлімжан қолқалаған соң Үмітжан дүйім жұрттың шетін ала отырып, ән бастады. Бастады демекші, ең әуелі көзіне жас алып, жан жүйесі босап, сәл-пәл үнсіз отырып алды да ашық дауысымен мұнды әрі сағыныш сазына толы әнді әуелетсін-ай келіп. “Туған ел, жаз-дым сәлем өскен елге, талпынып талай аяқ басқан жерге” Ән әуені осылай басталады. Уа, шіркін, туған жер-ай! Ер, азамат басына күн туып, оқ пен оттың арасында ажалмен сөт сайын тайталасып жүрсе де, туған топыраққа деген ыстық сезімін суыта алмаған екен-ау! Аңырап ән

болып қайран ерлердің теңіздей тулап соққан жұдырықтай ет жүректерінің туған жерге деген махаббаты бәсе, дәл мына әннің жырындағы жолдарындай нәзік те айбатты болмаса, құрсаулы лағнет фашист иттерді женер ме едік. Ән әуені сай-сүйекті сырқыратып, адам жанын толқытып, тебіреніп барады. Майданда жүрген боздақтың сағынышы, үміті мен қуанышы, зұлым жауға деген қаһар - бәрі-бәрі ән әуені болып төгіліп жатыр. Өзінің азаматтық борышын сезіне білген қайран ер қос жеңгесіне көп аманат айтқанын кайтерсің”. “Пана бол кемпір-шалға өле-өлгенше” – деп, елде қалған туған ата-ананың тағдыры үшін алаңдаған ақ көңілді, пәк сезімді ұрпақтың ақыл-ойы мен парасатына риза боласың. Әлі жар сүйіп, бесік тербетіп үлгермеген балғын жас үлкен жеңгесі Бикенге: “Ал, Бикен, саған айтам үлкен жеңгем, бет қақпа Рахия мен Саражанның”, – деп үлкен ағасының артта қалып бара жатқан қос балапанын да аманаттап тапсыруы, естір құлақтың есті сезімі болса, көзіңнен жас парлатып, тұң-ғиық ой өлемінің шыңырау тереңіне түсіп кеткен көңілің әб-ден бұзылып, жылағың-ақ келеді. Бірақ мына бір сүйкімді сұлу үннің тәтті әуенін бұзып алмас үшін кірпігіңді де сақтықпен қимылдатысың.

Майданнан жазған әнімен дүйім бір елдің еңсесін бекітіп, сезімін дір еткізген Нәбіғалиды мына отырған халқы жай ғана Нәбікен деуші еді. Оқыған дейтін, көзі ашық сауатты, елдің қамын жеген қайран ер осы елдің колхоз болып қалыпта-суына да аз еңбек сіңірген жоқ. Соғысқа да колхоз партия ұйымын басқарып жүрген жерінен аттанды. Енді тағдыры не болды екен азаматтың?! Мына отырған алқа-котан ел болып, соны ойлап әркім өзінше ой түйеді, тұжырым жасайды. Есті, ақылды еді-ау, қайран ер. Осы соғыстың ұзаққа созылатынын, жеңіске онайлықпен қол жетпейтіндігін айтып, енші алып бөлек отырған ағасы Мұхаметқалидың үйін өз қолымен кемпір-шал отырған осы қара шаңыраққа көшіріп, өз қолымен кіргізіп кетіп еді.

– Жеңеше, ренжи көрме маған, үлкен ағам болса майданда, бұл қай басынғаның деп тағы ойлама, кемпір-шалдың

жанында бол, балаларды солар қарайды ғой, ал сен ана Үміт-жан жеңгем екеуіңіз бірігіп, колхоз шаруасына араласындар. Бірігіп еңбек етіп, бірлесіп қажыр-қайрат көрсетпесендер, қи-налып, жүдеп қаласындар, – деген Нәбікеннің сөзі шындыққа айналғандығын ауыр соғыс жылдарының өзі-ақ көрсетіп берді. Расында да қасіреті мол болған сұм соғыс жылдарында қос абысын бір-бірін жұбата біліп, қарт ана солардың барына, күйбең тіршілігіне тәубе етіп, көңілдерінен тіршіліктің үміт шырағын сөндіргілері келмейтін.

Атар таңның ақ үмітінен қаншама күдерін үзбесе де қарт ананың соғыстан қайтпай қойған төрт бірдей ұлының қасіреті өзіз жанның жүрегі мен жүйке тамырына қара тырнағын салмай қойған жоқ. Ең әуелі уақыт табымен әлсіреп жүрген қос жанары сөнді де, айнала төңіректі түнек басты. Төсек тартып жатқаннан бергі қарт ананың бір уақ жүрегінің сыздаған жара-сын жазып, демалысын жеңілдетіп тастайтын дәрісі де осы ән еді. Күнде кешкісін айтқызады, күнде кешкісін төсекте ұзақ жатып, жылап жатып тыңдайды. Сонан соң ән аяқталып бітісімен қарт ана өзі де аңырайды-ау дерсің “Хат-хабарың әлі жоқ, қайда жүрсің төрт ботам”, – деп те, “Сендерді сағынған соң еңіреймін, сендерсіз күнім қараң меңіреумін” дей ме, не керек, әйтеуір ешбір ақын, небір жыршы, сүлей айтып жеткізе алмайтын ана жүрегінің қасіретті сыры ән болып қалықтап, шағын үйдің еңсесін басып, құлақ түбінен қалықтап ұзақ кетпей, бала біздердің санамызға да сіңе беріпті.

– Әй, қайсысың барсың, жолға шығып қарадыңдар ма, Қинаятжан көрінбей ме екен? Келді ме, құлыным, келді ме?!

Соғыстың қасіреті шөктірген қарт ана бүгін түн тағы да кірпік ілмей, үнемі осылай алаңдап, елегізіп жатты. Таң ата басын көтеріп, жастыққа сүйеніп отырды да, шалының қолын алып тарамыс саусақтарымен сипаған болды. Екі көздері ала-йып, үрпиісіп ұйықтамай отырған қос немересін жанына отырғызды да кезерген, бірақ салқын тарта бастаған ернімен әкелерін соғыс жалмаған бейкүнә қос сәбиді сүйген болды.

– Мені жайлап жатқызшы енді, – деп ол шалына соңғы рет тілегін айтты. – Өлгі Қинаятжан неге кешігіп жатыр екен, құлыным-ай, аман келсең еді!

Мынау айналып тұрған айналайын жер-ананың бейбіт тіршілігі үшін күресіп, әлі күнге кара шаңырағына қайтып келмеген төрт бірдей боздақтың, төрт бірдей жауынгердің қайран анасы таң ата дүниеден өтті. Тіршілік тамыры өз соғуын тоқтатқанша асыл ана жүрегі өз құлындарын іздеумен болды. Қайдасындар, қайдасындар, арыстарым!

АЛТЫНШЫ БАЛА

Кімнің аузына қақпақ боларсың! Айтқандары айта берсін, бәрі де рас, баласы да көп, шешесі де орыс мұның. Отыздың бесеуіне жаңа келген Кәрімнің әйелі кеше тағы да босанды. Ұл тапты. Шекесі торсықтай бұл ұл, Кәрімнің алтыншы баласы. Мұны өсек қылып, сыртынан күлер несі бар екен. Сол балаларын асырай алмай жатқан бұлар жоқ. Кәрімнің шешесі Варвара әжей жедел туған үш ұл мен екі қызды қашан болсын үйректің балапандарындай тізбектеп соңынан ертіп жүргенін көргенде, кімнің болмасын іші жылып сала беретін. Әрине, соңғы уақыттың әдетімен бір, болмаса екі, одан асып кетсе үш бала асырау бесеуіне қарағанда жеңілірегін Кәрім де, жолдасы Данаш та біледі. Бұлардың да әр неден хабары бар. Бойға біткенді сылып алғызып тастаудың да болатындығын Данаш бір әйелдей-ақ біледі. Тәңірі сақтасын, өз ұрпағына бұлайша қастандық жасау мұның ойына кірсе болды, төбе шашы тік тұрып, әбдісі ұшатын. Рас, көп баланы киіндіру, тамағын тауып берудің машақаты да көп. Өз құрбылары сияқты бұлар үйлерін мүлікке толтырып, үлде мен бұлдеге малынып отырған жоқ. Екеуінің табысы бір айлықтан бір айлыққа өзер жетіп, үнемдеп, барды ұқсатып ұстаумен жетіп келеді.

Кәрім осы шағын аудан орталығына да балаларының қамы үшін көшіп келді. Қаланың аты қанша айтқанмен қала ғой. Әсіресе, бұларды үй жайы қатты қинады. Облыс орталы-

ғынан әне пәтер аламын, міне аламынмен жүріп, балаларының үлкені Жанаттың мектепке баратын жасқа да келіп қалғанын сезбей қалды. Бірнеше жылдан бері пәтерін жалдап тұрған орыс кемпірі Варвара әжей, обалы нешік, бұларға аса қысас-тық көрсете қойған жоқ. Шағын ғана ағаш үйдің екі бөлмесін бұлар иемденді де, бір кішкенесінде кемпірдің өзі тұрды. “Жілік алмақ баланың мінезінен” дегендей Варвара да бұлар-дың балаларының туған анасындай болып кетті. Кәрім болса жалғыз басты кемпірдің үйін, қора-қопсысын жүдетпей ұста-ды. Жылына бір іші-сыртын Данаш екеуі сылап, жұмыртқадай жұтындырып әктеп қоятын. Ауладағы талдан тоқылған кең шарбақтың ішіне жаз болса түрлі жеміс-жидек өсіріп, бәрі қарқ болып жататын. Бір үйдің қысқы отын-суын да Кәрім өзі әзірлеп, Варвара әжесінің сеніміне әбден кіріп алғанды.

– Кәрім жақсы жігіт, – деп көрші кемпірлеріне мақтап отырғанын естігенде Данаштың ашаң жүзіне қан жүгіріп сала беретін. Жаздың сол бір кешінде бақшаны суарып жүрген Жанаттың бір ауыз сөзі бұлардың ішкі ой әлемін төңкеріп кеткендей болып еді.

– Папа, мен биыл оқуға ана мектепке барамын ба?, – деп үш қабатты қызыл түсті мектепті нұсқап көрсетіп тұрған Жанаттың қуанышты жүзін көргенде екеуі бір-біріне аңтарыла қарап тұрып қалғанды.

– Иә, сол мектептен оқитын боласың, – деп Данаш ұлының қуанышын құптағандай көңілді жауап берді.

– Мектепке барып оқу оқысам үйде сабақ қарайтын орын да жоқ қой. – Жанаттың сәби көңілінен шыққан бұл сөзі Кәрімнің жүрегін езгендей болды. Бұлардың әйелінің одан қалды бес баланың біреудің үйін үй қылып, аядай жерде сығылысып отырғанына өзін алғаш рет кінәлі сезінді. Кәрімнің көңіліндегі осы бір жандардың алдындағы айыбы күн сайын ұлғая түсті. Өзінікі деген бір баспанаға қолы жетпей жүрге-ніне қорланатынды цығарды. Сөйтіп, өз жанын өзі жеп еңсесі түсіп, көңілі жүдеп жүргенде институтты бірге бітірген Әбдіманның жолыға кеткенін

қайтерсің. Ол Кәріммен даурыға амандасып, жай-күйді сұрасып жатыр.

– Естідің бе, мен әлгі жаңадан құрылған аудан орталығындағы есептеу станциясының бір бастығы болдым ғой, – деп Әбдіман өзіне тән аңқылдаған көңілімен қызметінің өскенін де ақтарып салды. – Өзің ше, баяғы бір орыннан тап-жылмай қойдың ғой. Айтпақшы, Данаштың балалардың жай-күйі қалай? Өй, өзің үй алдың ба?

Әбдіманның соңғы сұрағы Кәрімнің көңіліндегі қуанышты су сепкендей басты. Бірақ жүрегіне тына қалған іреніштің табын сездіргісі келмеді. “Үй алудың реті әлі келмей тұр ғой”, – деп Әбдіманның соңғы сұрағына баяу ғана жауап берді.

– Ойбой, сорың құрыған екен әбден! Данаш пен бес балаңды аясаңшы. Біреудің қас-қабағына қарап отырғанша бізге көшіп кел. Дәл қазір біздің мекемеге бас бухгалтер ауадай қажет болып тұр. Данашқа да жұмыс табылады. Бір үйдің кілті, міне, қалтамда жүр, – деп қалтасынан қос кілтті алып, шығыршығынан ұстап қоңырау қаққандай сылдырлатпасы бар емес пе.

Досына өзінің жайынан, көңіл күйінен қаншама сыр бергісі келмесе де Кәрім қос кілттің мынау сылдырын естіп күліп жіберді.

– Ол құрғырың неше бөлме өзі? – деді Кәрім басқа ойды ұмытып.

– Әзірге саған жетіп жатыр, ас бөлмесінен басқа үш бөлмесі бар. Жылу жүйесі тартылған, мал ұстайтын болсаң шағын қора-қопсысы да әзір тұр. Жата-жастана жатып кең үйге де кірерсің. Кәне, бас бухгалтер болып келесің бе бізге, соны айтшы. Қалған шаруаны басшылармен өзім-ақ шеше беремін. Мен мұнда екі күн боламын, Данашпен ақылдаса та, таңертең жауабын беретін бол.

Кәрімнің баспанадан жүдеп жүргенін қазіргі көңіл күйінен жазбай таныған Әбдіман досының ойын әбден матап тастады. “Көшу керек, көшу керек” деген ой Кәрімнің есінен күні бойы бір шыққан жоқ. Құлағының түбінен досының қо-

лындағы қос кілтінің манағы сылдыры жаңғырып тұрып алды. Кешке жұмыстан Кәрім үйге ауыр оймен оралды. Күндегі дағдысынан да жаңылғандай, бақша суаруға да шықпады. Темір керуеттің үстіне шалқасынан түсіп жатып алды. Балаларының бақ ішінде бір-біріне су шашып мез болып ойнаған тәтті күлкілері де бойына дарыр емес.

Кешкі астарын ішіп, балалар орындарына жайғасып, тынышталған соң Кәрім ыдыс-аяқты жинастырып жүрген әйеліне қарап:

– Көшуіміз керек, кетуіміз керек бір жерге, – деді.

Әуелде мұның бұл сөзіне жете түсіне алмай қалған Данаш Кәрімге үрейлене қарады. Әйелінің істің мәніне бойлай алмай әбдісі ұшып кеткенін көрген Кәрім Данашты бұдан өрі кинағысы келмеді ме, Әбдіманмен болған әңгімені түгел ай-тып берді. Ас столына шынтағын таянып отыра қалған Данаш алжапқышының етегімен бетін басып, солқылдап жыласын келіп. Онысы несі екен?! Біреудің үйінің отын жағып, күлін пығарудан құтылғанына қуана ма, не өздерінікі болмаса да бес баласының алтын ұясындай болып кеткен осы бір ескі үйді қимай отыр ма екен?! Данаштың өзі тілге келгенше Кәрім бұл арасын ұға алмап еді.

– Мен саған баяғыда-ақ, мына балалар тумай тұрып қоныс табайық деп едім ғой, – Данаш солығын баса алмай өзер сөйледі. – Енді мынау құлайын деп тұрған жер үйге анау өлме-лі кемпірді қалай ғана жалғыз тастап кетерсің?! Балалар да, тіпті өзіміз де сол кемпірге бауыр басып кеттік қой. Енді қалай ғана қиып тастап кетерсің?!

Данаш осыны айтты да көзін сүртіп, аулаға шығып кетті. Бірақ “көшемін, кетемін” деген ойлар көңіл түкпіріне бойлай еніп алған Кәрімді әйелінің бұл көз жасы да ығындыра алмады. Сабасына түскен Данашқа бұл қызметтің де, жаңа пәтердің де үш ұйықтаса түсіне кірмейтін жақсылық екенін айтып ұғындырғандай болды. Қанша айтқанмен әйел заты ерінің қызметі жоғарылап, тұрмысының түзелгенін жек көруші ме еді. Кәрімнің “жаңа үйіміз болады, от жақпайсың, мал ұстап, жұрт қатарлы тұрмыс түзейміз” деген сөздері Данаштың да бойын ұйытқандай, көңілі орнына түсті.

– Варвара әжейге обал ғой, оны не қыламыз? – деген Данаштың сұрағына ғана Кәрім тосылып жауап бере алмай қалды.

– Бейшара кемпір мана қала аралап кетіп еді, – деді біраз үнсіздіктен соң Данаш, – балаларға біраз киім-кешек алып келіпті. “Әже-ау, Кәрім болса әлі айлығын алған жоқ, сізге бере қоятын ақша болмай тұр ғой менде”, – деп қатты састым. “Саспа, қызым, бұл менің балаларға әкелген сыйлығым” – деп мәз-мәйрам болған бесеуін шыттай жаңа киіндіріп, оны өзі қызықтап отырған кемпірмен бірге менің де көңілім босап кетті. Осыны айтты да Данаш қайырадан көзіне жас алды.

Бұлар өздерінің басқа жерге көшетіндіктерін қаншама жасырғанымен Варвара әжей ол ойларын сезіп қалған еді. Күнде жолығып, әңгіме-дүкен құрып жүретін кемпірлердің біреуінің қызы Кәріммен бір мекемеде жұмыс істейтін еді. Сол қыз айтқан ба, әйтеуір Варвара әжей Кәрімнің аудан орталығына көшейін деп қазіргі мекемесінен есеап айырысып жүргенін естіп, үйіне кейіп келді. Данаш жасап алдына қойған шәйді де зауықсыз ішіп, бүк түсіп жатып қалды. Сол жатқа-нынан күн кешкіргенше қарт ана орнынан қозғалған жоқ. Кәрім мен Данашты бақ ішінен балалардың біреуін жұмсап шақыртып алды.

Данаштың жүрегі аузына тығылып, Кәрімнің тасасына қарай ығыса берді. Қазір бәрі де бітпекші, бұлардың ұрлығы-ның беті ашылып, сорлы кемпірдің соңғы үмітінің жібі үзіл-мекші.

– Қорықпа, қызым, – деді Варвара әжей. – Сендер айтпағанмен бәрін де естідім. Өкпем жоқ сендерге, маған туған аналарыңдай қызмет еттіндер, әрине, сендерге үй керек, соғысқа дейін шалым салып беріп кеткен мынау үйді сендерге бергеннен бұл баспана болып жарытпайды ғой, оны өздерің де білесіндер. Көшулеріңе рұқсат, бара қойыңдар, айналайыңдар!

Варвара әжей үшін бұл сөздерді айтудың қаншалықты азабы болғандығын көріп отырған Кәрім мен Данаш

отырған орындарынан қыбыр ете алмай қалды. Қарт кемпір қолындағы ақ орамалмен көзіндегі қос тамшыны сұртті де буын-буыны сырқырап орнынан тұрып темір кереуеттің астындағы ескілеу қобдишаны алып, оның аузын ашты.

– Ех, менің Миколам міне, – деді ол үні дірілдеп. – Қолындағы әскери киімді жас жігіттің ескі бір суретіне карап отырған қарт ананың жүзіндегі әзірдегі мұң ізім-ғайым жоғалып кетті. – Миколам, балам, қайда жүрсің, келсеңші енді, – деп суретті сипап, оны кеудесіне басты да қарт ана ауыр күрсінді.

Қолы дірілдеген қарт ана демі үзілердей ауыр күрсініп қалды.

– Варвара апай, біз мұнда сізді тастап ешқайда кетпейміз, – деген Кәрімнің үні дірілдеп шықты. – Бізбен бірге боласыз. Сіз бәріміздің анамызсыз ғой, – дегенде Данаш шыдай алмай өкси жылап, кемпірді құшақтап алды. Айқаса кеткен қос құшақ арқылы ана мен баланың жүрегі табысқандай болған сол бір сәттегі бұлардың жан күйзелісінен ұғар сыр да мол еді. Қарт ананың көрі жүрегі өзі дүниеге әкелген ұрпағының қызығын көре алмағандығын айтқысы келсе, Данаш пен Кәрімнің қиын сәтте пана болған, қамқоршы ана болған осы бір орыс кемпіріне деген ет жүректеріндегі ыстық сезімдері көз жастары болып тұңғыш рет тысқа шыққан еді.

– Мә, мынаны ұста, – деп Варвара әжей ақ шүберекке оралған түйіншекті сандықтан алып Данашқа ұстатты.

– Бұл не, Варвара әжей?!

– Жаңа үй алсаңдар дүние-мүлік әперемін ғой деп жинап жүр едім, бұл сегіз жыл бойы өздеріңнің маған төлеп келген пәтерақыларыңның ақшасы ғой. Қанша екенін санаған жоқпын, жаңа жерге көшу үшін де қаражат керек. Сендер үшін жинап сақтап едім, айналайындар!

Данаш қолындағы түйіншекті ұстаған қалпы қимылсыз қатып қалды. Аузына сөз түссейші, мына шүйкедей ғана орыс кемпірінің мына қылығы Кәрімді де есінен тандырғандай ол да үн-түнсіз карап тұр еді.

– Варвара әжей, мұныңыз не?! – Данаштың үнін діріл

билеп ол қолындағы түйіншекті қарт кемпірге қарай ұсына берді.

– Жо-жоқ, қызым, шын ниетіммен сендердің игіліктерін үшін жинадым, ала ғой! Бұл ақша маған неменеге керек дейсің?!

– Ал енді ертеңнен бастап жаңа мекенімізге көшуге әзірленейік. Сен екеуің – деді Варвара әжей көрім мен Данашқа бұйыра сөйлеп, – балаларды алып бара беріндер, – маған Жанатикті тастап кетсеңдер болды. Мына үйді алатын біреулер болса сатып, сонан соң баламыз екеуміз сендерді өзіміз-ақ тауып аламыз.

Көрімнің шағын ғана аудан орталығының күнгеі жақ бетіне орналасқан қос қабатты кеңсе үйінің есігіндегі “Бас бухгалтер” деген жазуы бар есікті ашып, өз орнына жайғаса бергені сол еді, бір топ адам сау етіп кіріп келді. Бөрінің аты-жөнін түгел білмесе де жүздерінен шырамытады. Осы мекеменің қызметкерлері болатын. Жапатармағай бөрі де Көрімді тумасымен құттықтап, қайырлы болсын айтып жатыр.

– Көреке, бұл тума енді біздің ұл болды. Көрмейсіз бе, жаңа жер жаққалы тұр, келінді айтамын-ау, жарап-ақ жатыр, бұл араны бөтенсінбей бірден ұл тауып бергенін айтсайшы!– Жотан бөрінен бұрын келіп Көрімнің қолын алып еді, тағы да міне, өзі бастап еркінсі сөйлеп тұр. Неге екенін білмейді, алғаш көргеннен Көрім осы бір толықтау келген, былайша айтқанда үрлеген қарындай домаланып тұрған осы бір жігіт ағасынан тіксініп қалды. Быртыйған саусақтары да сүйкімсіз-ақ. Мұның өмірбаянымен таныса келіп Жотанның бір шаруашылықта бас бухгалтер болып қызмет істегенінде жолын тауып мемлекет қаражатын оңды-солды шашқаны үшін орнынан түсіріліп, төмендеп осында келгенін білді. Өзінің алаяқтығын ол енді, міне, Көрімнің қазіргі қуанышты сәтінде де жағына сөй-леп, білдіріп алған еді.

Бұлар біртіндеп тарай бастаған сәтте Көрімнің бөлме-

сіне Әбдіман келіп кірді. Табалдырықтан бері өткен бойда Кәрімге анталай ұмтылған ол бұрышта елеусіз отырған Жотанды көріп бойын жинап, сабырлы қалпына түсе қойды.

– Әбдіман Қалиевич, сәлематсыз бе, үй-іштеріңіз, балашағаларыңыз тегіс аман ба? – деп, майға салған қасықтай жылпылдап тұрған Жотанның амандық-саулығына бұл басын изеп қана ниет білдірді.

– Ал, мен кетейін, мына Кәрім айналайынның қуанышына шыдай алмай, ертерек келіп, құттықтағаным ғой! Әбдіман Қалиевичтің де бастықпын демей өзінің келіп құттықтауы, міне, нағыз азаматтық іс. Ал, айналайын Кәрім шырақ, ұлыңның бауы берік болсын!

Қас қағым сәтте Кәрім мен Әбдіманның жылтыр сөзбен асты-үстіне түскен Жотан жорғалай басып бөлмеден шығып кетті.

– Иә, батыр, туман құтты болсын, – деді Әбдіман есін жиғандай. – Әй, өзің ауданға келмей жатып Данашты перзент-ханадан бір-ақ шығардың ғой. Қазір бүкіл аудан орталығы сендерді гу-гу әңгіме қылып жүр. Бәріне бір-ақ танылдың, молодец!

Әбдіманның орынды қалжыңына риза болған Кәрімнің еңсесі көтеріліп қалды.

– Ал, енді менде көп уақыт жоқ. Данаш перзентханадан шыққан күні Варвара әжейді, балаларды алып біздің үйге келіндер. Ерулік беруге дайындалып едік, Данаш сол жоспарымызды бұзып жіберді, – деп Әбдіман шығуға ынғайланды. – үйде кеңінен отырып әңгімелесеміз, ал уәде сол болсын.

Кәрімнің үй-ішін Әбдімандар жылы қарсы алды. Ас желініп, шәй ішіліп болған соң Варвара мен Әбдіманның шешесі Зейнеп әжейлер бір бөлмеде сырласуға кіріссе, балалар өздерімен өздері мөз-мәйрам болып жарасып кетті. Кәрім мен Әбдіман оңаша бөлмеге кіріп жайғасты да, әуелі түрлі шаруаның басын бір шалып әңгіме қылып отырды. Досының көңілі мен ниетіне риза болған Кәрім:

– Әбдіман деді, – оны өзіне жалт қаратып, осы жаңа

жерге көшіп келгелі мені жұрт сан саққа жүгіртіп отырғандығын сезіп жүрмін. Біреулер балаларын асырай алмаған соң көшіп келіпті, анау орыс кемпірі өзінің шешесі емес екен, соның көп ақшасына қызығып әдейі ала келіпті деген сөздерді естіп жаным күйзеледі. Саған Варвара әжейдің сыры әбден белгілі ғой. Ал, менің алтыншы балам туралы не білесің?

Әбдіман үнсіз отырып қалды. Әуелде ол Кәрімнің бұл айтқандарын түптеп ұғына қоймап еді. “Жұрт мені баласы көп деп әңгіме қылатыны несі екен”, – деген Кәрімнің сөзінен кейін барып алдында отырған дос көңілінің түкпіріндегі сыр-ды ұққандай болды.

– Ой, Кәрім, сен де қызық екенсің. Айтқан жұрт айта берсін, сол балаларың өз ұрпағың емес пе. Қайта алты балам бар деп мақтанбайсың ба?

– Дұрыс айтасың. Әрине, бәрі де өз кіндігімнен шыққан ұрпақтарым ғой. Мен әкемнің бір ауыз өсиетін орындап келе-мін. Данаш екеуміз тәңір берген баланы көпсінбей, есептеп, шектемей жарық дүниеге келтіріп жатырмыз, – деп ойлы жа-нарымен шам жарығына қарап ұзақ отырып қалды.

Рас, бұл әке аманаты еді. Ол кезде мұның жаңа үйленген кезі болатын. Марқұм әкесі Сауыт мұны ерте үйлендірді. Көп сөзді білмейтін біртоға мінезді әкенің көңіл-күйін Кәрім қаба-ғынан-ақ танып өсті. Бүгін шалың күндегі әдетінен ерте тұ-рып, қорадағы қойлардың ішінен семіз біреуін таңдап, Кәрімге сойғыза бастады. Кәрімнің үйлену тойына келе алмаған шал-дың үлкен ұлы Сертай бүгін кешке осы үйде болмақшы. Қарт бұл ұлын көрмегелі он шақты жыл болды. Оқимын деп Алматы кетті, қарсы болмады. Үйленемін деп еді, қаражатын жинап өзі барып тойын жасап берді. Әйтеуір, көз алдында Кәрімі болған соң қарт әке үлкен ұлдың тілеуін ғана тілеп, көп іздеп әуре бола бермейтін.

– Содан Алматыдан аға-жеңгем келді, – деді Кәрім әңгімесін жалғастырып. – Байғұс әкемде ес қалмады, бүкіл елді жинап той жасады. Ағам да ағайын-туысты, елді сағынса ке-рек, өзін еркін ұстап, жеңгемді де, өздерімен бірге ере келген екі баласын да еркелетіп көңілді жадырата түсті.

Жарасқан көңілдің тұғырына қонған ақ кептерлер ұзақ отыра алмады. Қуаныш шырқы келесі күні-ақ бұзылып еді. Ел тарқап, бойына күш-қуатын қайыра жинаған қарт астанадан келген баласын жанына отырғызып, сырласуға кірісті. Баласының қызмет бабында бағы жанып жүргеніне көңілі марқайып отырған қарттың көзі қос немересіне түсіп еді, ойлана қалып баласын тізесінен түртіп өзіне қаратты.

– Әй, осы сенің үйленгеніңе ұмытпасам он бес жыл болған жоқ па?

– Иә, солай, әке!

– Әй, содан бері көргенің осы екі-ақ бала ма?!

– Ой, әке, соны да сөз қылып, осы екеуі де жетеді.

–Тек, балам, жеткені несі? Тәңір бұдан басқа бала бермей жүр ме сендерге?!

Сертай мырс етіп күліп жіберді. Қызған көңілімен лепіріп отырған ол бұл күнде әйелге бала көтерту мұның қолында екенін айтып салмасы бар емес пе.

– Не дейді мына патшағар,—деп қарт баласына үрейлене қарады.— Сонда не амал жасайсың, балам?!

– Әке, мен дәрігер гинекологпын, бала көтергісі келмеген әйелдердің бойына біткенін сылып алып тастау мамандығым менің.

– Бір уақытта әкемнің жан дауысы шықпасы бар емес пе, — деп Кәрім мынау оқиғаның қызығына әбден беріліп мұқият тындап отырған Әбдіманға қарады. — Кәрім, әй, Кәрім, мында кел, — деген әкем қалш-қалш етіп орнынан әзер тұрды. Қолындағы таяғымен Сертайды нұсқап: — Мынау найсаптың көзін жоғалт бұл үйден. Жол қаражатын бер. Мал сойып бер де, түнгі поезға мінгізіп жібер. Енді қайтып көзіме көрінбесін. Әй, естідің бе?!, — деп маған бар дауысымен айғай салды. — Ол найсапты мен өлгенде де алдырушы болма. Өз ұрпағын өлтіріп жүрген бұл анау арам қолымен менің қабіріме топырақ салушы болмасын. Ұқтың ба, сен!

Тұла бойын ашу қысқан қарт өз орнына барып теріс қа-

жатып алды. Сол жатқаннан оңалып тұрып та кете алма- Сертай ағаларын Кәрім мен Данаш көңілдерін тауып күні-ақ Алматыға аттандырып салды. Жай қол алысып 1-тасқандары болмаса, ағалы-інілі болып бір-бірімен іла сөйлесе де қойған жоқ. Данаш екеуі бәйек болып төсек тып жатып алған қартты ренжітпей күтудің қамына сті. Өңі сынық болғанымен бүгін басын көтеріп отырды. іні дем-деп құйып берген шөйді баппен ішіп болды да ынан тұра берген келін баласына отыра тұрындар эндей қолымен нұсқап белгі берді.

– Әкем ойланып ұзақ отырды. Көкейіндегі бір ауыр ой- бізге қалай айтарын білмей қиналды ғой деймін, ауық- қ дем алып тынысы тарыла берді. – Балам, деді біраздан маған қарап, – анау Сертай ағаң жаныма ауыр жара ып кетті. Оны неге қуып жібергенімді сезетін ғарсындар. Ал сендерге айтар аталық тілегім, соңғы ынатым, өз қолдарыңмен болашақ өз ұрпақтарыңның ық дүниеге келуіне тоқтау сала көрмеңдер. Баланы сінбендер, тәңірдің бергенін ала беріндер, шырақтарым. нің де немерелерім, ұрпақтарым көп болсыншы, алайындар, – деген әкемнің үні дірілдеп, жалынышты сты. Сауыт қарттың бұл келін баласымен соңғы тілге уі еді. Әке өсиетін Кәрім аяққа басып отырған жоқ әзірге. ыаштың “қой, ұят болар, хабар берейік” дегеніне қа- астан қарт дүниеден өткенде Сертайға хабар жібермеді. – Міне, алтыншы баланың осындай хикаясы бар, – деді ым орнынан тұрып. – Әке өсиетін орындау парыз. ыашты енді “мать героиня” қылып абыройға бір-ақ ыенсем бе деп ойлап жүрмін. Кәрім осыны айтты да аттана күліп алды. Досының бұл әзіліне риза болған діман мұны қаусыра құшақтап, арқасынан қақты. – Кәрім, әй, Кәрім, үйге қайтпаймыз ба, балардың ұй- ы келе бастады, – деген Варвара әжейдің қарлығыңқы шықты. Төргі бөлмеден жас нәрестенің іңгөлаған күміс бүкіл үйге естіліп жатты. Бұл жылаған жарық дүниеге іе ғана келген Кәрімнің алтыншы баласы еді.

ДАРИҒА, ДҮНИЕ-АЙ!

Жан сырын ұғар кім қалды?! Сері көңілін аялар тағы кімі бар мұның?!

Беу, дүние-ай! Жұдырықтай ет жүрегіне мынау тылсым әлемнің барлық ақ сәулесін сіңіре білген өр көңілінің жабырқап, жүдеп отырғаны несі! Баянсыз тіршілік... Дүние жалған... жалған... жалған... Жабырқау жанын жадыратып, көңі-лін шалқытар бір перизатқа қолы жетпей өткені ғой. Дүние-ай, шіркін!..

Осы бір ішкі ой-толғамымен мең-зең болып отырған Ақан ауыр дем алып, көкірегі айырылардай күрсінді.

Қоскөлдiң ақ қайыңды алқабының саумал ауасы тынысын кеңіткендей болды. Айналасындағы бар тіршіліктің үні, желдің уілі де, ақ селеудің суылы да мұның жүрегін діріл қақ-қызады. Жүйкесі жұқарғаны ма, сол дыбыстың бәрінен көзден ғайып болған аяулыларының үнін естігендей елегізиді. Ақ қайыңның жапырағы сыбдыр етті де шәйі орамалы желбіреп, көйлегінің етегі төгілген Ақтоқтының елесі бұған қарсы жүрді. Ақан орнынан лып етіп, ұша тұрды.

– Ақтоқтым, Тотым, сенсің бе, сенсің бе?! – деп өз-өзі-нен құшағын жайған серінің жанарын жас жуып жүре беріп еді.

– Тоқтым!.. Тотым!.. Сүйіктім!

Құшағын жайған қалпы жанарынан жас парлап, мұң наласын айтып, күбірлеп келе жатқан Ақан үшін мынау дүние Ақтоқты болып кеткендей еді, осы бір бейуак мезгілде. Ақ-тоқтысы бұл үшін тұтас бір әлем еді ғой шіркін! Сол әлемнің құшағынан ғана өз ләззатын табатын. Жабырқаған көңілін Ақтоқтысының ақ сезімі ғана жадырата алатын. Ақтоқтысының ыстық демі ғана баянсыз тіршіліктен мазаланған жүрегіне ем болушы еді ғой. Шарықтаған көңілімен, көлдария сезім-дерімен мынау кең әлемге сыя алмай жүрген шағында өз сүйіктісінің ғана құшағына сыятын бұл. Өректіген жүрегі де тыныстап, әлденіп сала беретінді сол бір ләззатты шақтарда.

– Ақтоқтым! Тотым!.. Мен сезіммен, мынау шарықтаған жүрегіммен сенің құшағыңа, одан қалды қара жердің қойнына ғана сыярмын. Одан басқа дүние тар... тар маған.

Сөйткен, сөйдеген күндер де өтті-ау, кетті-ау! Оралар емес, қайырылар түрі жоқ жалғанның. Анда-санда көңілінің көк кептері сол бір күндердің бал ұясына барып қонақтағаны болмаса, бәрі де көрген түстей қазір Ақан үшін. Сол бір елес күндер, міне, тағы да оралғандай. Айлы түн Ақтоқты екеуін құшағына алғандай қайта бір.

Ақан жымып езу тартты. Қарсы алдындағы ақ қайыңның саясына отыра кетті. Бейуақ іңір... Көңілі де мынау іңір қараңғылығымен көмескіленіп, жүдеп барады. Ақтоқтысы жоқ жанында. Кеткен... Әлде бір жаманның тырнағына ілінді-ау! Қайтерсің, көз алдында ілінді ғой! Бейопа дүниенің тағы бір жалғандығын сезінген Ақан сол сәтте. Сері жүрегі ғана тулай соғып, көзінен қанды жасы тыйылмай қала берген зар-ланып.

Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,

Айрылдым қапияда сенен неғып!

Ұзатылған қыз көшінің соңынан еріп, Үркеккерімен Ақтоқты мінген күймелі арбаның алды-артын орағыта шауып, жүрегі шырылдап айтып еді осы бір әнді. Бұл шырылдады-ау деп көш тоқтаған жоқ. “Ақтоқтыны алдым ба” деген таба көңілмен масайраған Жалмұқан ғана мәз, қарқылдап күледі.

– Ақтоқтым!... Тотым!.. Алтыным, қор болдың-ау, қор етті-ау!..

Қоскөлдiң шөп шабушы ем қияғынан,

Шошимын бір жаманның сыяғынан.

Жұртым-ау, мен риза болар едім,

Құтқаршы сол жаманның тұяғынан!

– Ақ жүзіңе мұң ұялайтын болды-ау! Жүрегіңнің мөлдір сезімінен қанып ішіп, ойыңның тереңіне бойлай алар адамға да кезікпегеніңді қайтерсің? Қош, ардағым, қош... қош.

Ақан жанымен налып, торға түскен торғайдай шырылдаған жүрегінің қасіретін есер топтан естір жан иесі шыққан жоқ. Мынау аппақ әлем де таскерен, мылқау болып

кеткендей. Түңілді, түңілді бәрінен де Ақан. Жалған екен... жалған... жалған! Тіпті анау күймеде отырған Ақтоқтының жарық дүниеде бар екендігі де жалған болып кетті серіге. Әйтпесе мойнын созып, серісіне бір көз қиығын салмас па еді?! Ақтоқтысы көзіне бір көрінсе де жаралы жанына шипа болар еді ғой. Көрінбейді... Көш ұзап кетті.

Бейуақ іңір. Сырымбеттің бөктерінен ескен кешкі самалдың жан сергітер лебіне күйігін басқызғысы келгендей, сері ақ жейдесінің омырауын ашып тастады. Жаны шуаққа малынғандай екі көзі мейірленіп, қоңырқай жүзі жадырап салды Ақанның Бейкүнә сәби кейпіндегі серінің зар жүрегі әппақ бір сезіміне шүпілдей толып тұр еді осы сәтте. Ақтоқтысын ойлады. Жүрегінің тулап ала жөнелгені-ай! Санасы серіні Ақтоқтының елесімен тағы да сырласуға ынтықтырды.

– Несіне сүйдің, несіне сүйдім?! Шерменде болып өтсін дедің бе дүниеден.

Ақтоқты, кеткенің бе шыныменен,

Тар жерде бал беруші ең тіліңменен...

– Серім-ау, осыншама жүдегенің не?! Мен өзіңмен мәңгі бірге боламын деп айтқан жоқ па едім?! Сен жүрегімдесің! Мен сені құндақтап орап тұрып, жүрегімнің түкпіріне салып қойғанмын жанымның алтын қазынасындай.

Ақтоқтының діріл қаққан нәзік үнін құлағы айнытпай шалып еді. Сері басын көтеріп алды. Жаңа туып келе жатқан айға қадады қос жанарын.

– Ақтоқтым!.. Тотым! – деді сері. – Қайда тұрсың, жасырынбай келші енді, көзіме көрінсеңші бір!

Құшағын жайып, айға қасқая қарап тұр Ақан. Ақтоқтысы сол айдан топ етіп түсердей мұның құшағына. Қас қылғандай бұлт тұмшалап алды айдың жүзін. Серінің қолдары сылқ етті, көңілінде аласапыран дауыл басталып, от жүрегінен дегі от сезімді онан әрі үрлеп әкетті.

Қараңғылық қоюланып, түн салқыны бой тітіркендірді. Жанының ащы мұңымен Ақан айдыны жарқырап жатқан Қос-көлдің жағасына аяндады.

– Табамын сені, Ақтоқтым! Табамын бәрібір! Қадірінді білмес жанның толқыны соғып, дария көңілің лайланса да мен үшін сен мөлдір, таза да тұңғыық қалпыңда қаласың ердайым!

Ақтоқтыға деген құштарлық жүрегін күйдіргендей Ақанның жан азабына түсіп, оңашада өзді-өзіне ақтарған бұл сырын түнгі күзеттегі жылқышы жігіттер томар ішінде жасырынып жатып естіген сәттерінде шын шошынып, аттарына міне сап ауылға қарай шаба жөнелгенді.

– Ақан түнде перінің қызымен кездесіп, сөйлеседі екен, – деген лақап сөз содан бері ел ішін кеулеп кетіп еді.

Түскенде сен есіме, беу, қарағым,

Қойныма ыстық жасым кетер тамып...

Ақанның жүрегінде шер, көзінде жас. Жүрегімен, тілімен төтті лебіз, үн шығарған Ақтоқтыға деген мұңлық көңілінің ынтызары басылмай келеді. Қас қағым сәттік бал күндер! Дариға дүние-ау, өтесің-ау, осылай!

ЖЕТИМДІК

– Асель! Аселька! Қайдасың, ботам-ау?!

Үйге аптыға кірген әкесінің жан шуағына толы осы бір сөзі ас бөлмеде жүрген он жасар Әселдің сәби көңілінің қуанышын еркелікке ұластырып жүре берді.

– Папа-ау, не болды, сонша айқайлап, мен, міне, мұндамын, саған шөй қойып жатырмын, – деп бүртия қалған Әсел әкесінің қолындағы әлде бір тосын затты көріп, онан әрі тіл қатпады. Соны сезген Кеңес та аяқ киімін шешіп, қызының басынан сыйпап, құшағына басты.

– Міне, мынау – сенің мамаңның суреті, – деп ол қолындағы жаңағы заттың орауын жазды да, ас үйдегі стол үстіне жайып салды.

– Үлкейттіріп әкелдім. Бұл суретті Әсет екеуіңнің ұйықтайтын бөлменің төріне іліп қоямыз, – деген Кеңестің де үні дірілдеп кетіп еді.

Ботадай мөлдіреген кіп-кішкене жанарына жас үйірілген

Әсел әке құшағынан пана іздегендей Кеңеске қарай ұмтыла берді. Әселінің жетімсірей қалған мына бейнесін көрген оның да жүрегі аузына тығылып, кеудесіне өксік толды. Бірақ бо-самады. Кішкене ғана Әселін құшағына басып отырды да:

– Аселька, сен далаға шығып ойнай ғой! Мен оған дейін бақшадан Әсетті алып келейін де сендерге тамақ істеп қояйын, – деп ойын жинақтап, үй тіршілігіне кірісті.

Бір үйлі жанның жетімсіреген тіршілігі, міне, осылайша жалғасып жататын-ды. Ауыр сырқаттан қырыққа да жетпей дүние салған марқұм Ақнұрдың мына үш бірдей жетімегінің қазіргі көңіл-күйлері бейуақ інірдің тылсым қараңғылығымен бірге күңгірттеніп барады.

Үшеуі үн-түнсіз отырып, тамақтарын ішеді. Қос баланының көңілдерін қаншама жадыратқысы келіп, небір қызықты жайларды айтса да, Әсеті болмаса, Әселі езу де тартпайды. Содан Кеңестің бар ұққаны – анасының қайғысы сәби жүрегіне меңдеп еніп бара жатыр-ау осы! Тұла бойы тұнғышым деп еркелетіп өсіріп келе жатқан Әселінің жанарына әйтпесе мұң тұнар ма еді?! Тегі қыз бала шешеге жақын тұрады деуші еді, сол рас екен-ау!

Тірі адам тіршілігін жасайды деген өмір заңы бойынша Кеңес те екі баласымен маңдайына жазғанын көріп жатты. Шаршап, қажыды да. Бірақ мына Әселі мен Әсеті үшін босаң-суына мұның хақысы да жоқ болатын. Осы екеуінің жан жү-ректеріне ең жақын адамы өзі екенін ол білетінді. Соны сезін-ген сайын әкелік жүрегі тағат таппай таңның атысынан күннің батысына дейін мұны зыр жүгіртетін. Әсетті бақшаға апарып, алып келуден басталып, Әселін мектепке шығарып салуы бар, әйтеуір осы екеуінің тіршілігінің дөңгелегін бір өзі-ақ айналдырып, қажуды да, жалығуды да ұмытқалы қашан.

Бірақ өздері үйренісіп алған осы бір қоңыржай тіршіліктерінің шырқы бұл үйдің босағасын Ажар атты әйел аттаған соң көп ұзамай сендей бұзылып жүре беріп еді. Әсетті қойшы, әлі де ой тоқтатпаған немене, ойыншықтан ойыншық

коймай ойнап, өзімен-өзі мәз-мәйрам болады да жатады. Әкесі “мама деп айтындар” деген соң Ажарды алғаш “мама” деген де Әсет болды. Бірақ осы бір әйелді Әсел “мама” дей алмай қойды. Тіпті үйлеріне бір бөтен жан кіріп кеткендей бойына әлде бір үрей пайда болды, ас ішерде де өзін тап бір бөтен үйде тамақ ішіп отырғандай, тіпті артық бір тілім нан алып жеуге де жасқаншақтай берді. Қолдары дір-дір етіп, әкесіне жаутаң-жаутаң қарап, содан бір пана тауып, соған тығылғысы келеді де тұрады.

Бұрынғыдай емес, бұлардан гөрі қарсы алдында отырған әйелге назарын көбірек салатын сияқты. Тіпті жанында Әселі мен Әсеті барын да ұмытып кетіп жүр. Бұларға түсініксіз әлдебір жайларды айтып, бұлардың көзінше жаңағы әйелді еркелетіп, құшақтап, қарқылдап күлетін де болды. Сол сәтте Әсел мен Әсет бір-біріне жаутаңдай қалып, ішіп отырған астарын қоя қоятын.

– Ішіп болсандар, тұрындар да ана жаққа барындар, отыра бермей!

Ажардың бұл зілді сөзі Әселдің кішкене ғана ет жүрегіне оқтай қадалып еді. Жаутаңдап әкесіне қараған бойы Әсетті қолынан жетектеп алды да, өздерінің бөлмесіне келді.

Бөлменің есігін ашқан сәтте тап қарсы алдарында түнеугүні әкелері үлкейттіріп әкеліп, іліп қойған өз аналарының суреті, жансыз бейнесі тұр еді шуақ төгіп. Мына жарық дүниеге тастап кеткен қос сәбиін көріп, күлімсіреп тұрғандай, анасының суретіне көзі түскен Әсел өзіне өзі ие бола алмай өксіп-өксіп жылап жіберді. “Мама, ма-ма” деуге ғана шамасы келіп еді сәбидің.

– Әне, айттым ғой мен саған! Сенің мына екі балаң тұрғанда біз бір-бірімізбен тұра алмаймыз, – деп Ажар осыдан кейін Кеңестің құлақ етін жей бастады. – Анау қызың тіпті түк те істеуді білмейді екен. Қалай тәрбиелегенсіңдер? Тіпті өзі мені жеп қоятындай көзбен ататынын қайтерсін.

Қанша айтқанмен әкесі ғой. Әсел жайлы айта бастағаннан-ақ Кеңестің жүрегі сыздайтын, жаны қамығатын-ды.

– Қой, өй деме, бала емес пе әлі, – деп Әселіне ара түс-

кісі келіп еді, Ажардың баж-бұж еткен даусынан балаларын қойып, өзінің зәресі ұшып, төбе шашы тік тұрған-ды.

Бірін-бірі жетелей ояңған Әсел мен Әсеттің сәби өмірлерінің жазы бітіп, мынау келген күз қос жетімнің жабырқау көңілдерінің бұлтын ауырлата түскен еді. Әселді әкесі апарып қаладағы мектеп-интернатқа орналастырды да, Әсетті апта бойы күндіз-түні бағатын бақшаға берді. Сөйтіп Ажар екеуі жаңа қосылған ғашықтардай болып шыға келді...

– Сен, Әсел, енді үйге келмейсің, каникулға ғана келіп тұрасың, Каникул болғанда өзім алып кетемін. Ал, Әсет, сен бақшада бір апта бойы боласың, сені тек демалыс күндері ғана үйге әкеліп отырамыз, – деп Кеңес жәудірей қараған қос балапанының киімдерін жинастырып, мән-жайды өзінше ұғындырдым деп ойлады.

Әкесінің сөзінен де, көзінен де әлдебір салқын леп сезгендей Әсел:

– Папа, неге мен үйге келмеймін? Әсет жалғыз өзі қалай ұйықтайды, қорқады ғой ол. Бойын үрей билегендей дір-дір етіп жылап жіберді.

Кеңес үндеген жоқ. Балаларының киімі салынған сөмкені алды да, Әсетті жетектеп, Әселін соңынан ертіп үйден шыға берді...

Жаңа оқу жылының алғашқы каникулы қарсаңында Кеңес Әсел оқитын интернатқа барды. Жатақхананың кең дәлізінің ана басынан өзіне қарай аяндап келе жатқан қызын көргенде жүрегі тулап қоя берген еді. Әсел асығар емес, баяу салмақты жүріспен жанына келді де, әкесінің мойнына асыла кетті.

– Құлыным, – деді Кеңес те көзінен жасы ыршып. – Жаным, кішкене жаным сол менің!..

– Жә, папа, жылама, балалар көріп қалса ұят болады! Әсет қайда, ол жылап жүрген жоқ па?!

Әселдің мына сөзінен есейіп кеткендігін ұғып еді әке жүрегі. Құлазыған жаны мұңға малынған екен ғой Әселінің.

Көңіліндегі көл-көсір қуанышымен ұшқандай болып, өз үйіне келісімен Әсел жүгіре басып, Әсет екеуі жататын бөл-

меге кірді. Кірді де сілейіп тұрып қалды. Тап қарсы алдындағы қабырғада ілулі тұратын жан анасының суретін көзімен іздеп еді, таба алмады. Қос жанарына жас үйіріліп, ас үйге келді де:

– Ажар, тәте, менің мамамның суреті қайда? – деді үні дірілдеп.

– Ой, қаншық неме, саған ол сурет неменеге керек еді? Қаршадай болып қарай гөр мұны, жыртып тастағанмын, – деп Ажар көздері жасаурап өзіне қасқая қарап тұрған Әселге айқай салды.

– Неге, неге жыртыңыз, ол менің мамам ғой, мамам ғой!

Сәби жүрегін өксік буған Әсел егілген қалпы өз бөлмесіне келіп, солығын баса алмай ұзақты кеш жылады. Мұның сәби жанын уатар, уыз жүрегіне жылу шашар дәл қазір ешкім де жоқ еді. Мейірімін төгіп тұратын анасының суретін де көпсінгендей тағдыры.

Бөлме іші қою қараңғылыққа малынса да, шамды жақпай терезе алдына келген Әсел сыртқа көз салып еді, табиғаттың да ойран асыры шығып жатыр екен. Аспаннан қаптаған қара бұлттар жер әлемді жалмап жіберердей, ызбарлы, сұсты кейіппен төніп-ақ тұр. Жапалақтап жауған ақша қар ұшқындары терезе әйнегіне қонақтап, іле еріп, мөп-мөлдір тамшы болып, сорғалай жөнеледі. Табиғат та жылап тұр. Ол да мынау өзінің төл перзенті, сонау кең де байтақ дүниеден бір анасы болмағандықтан ғана пана таба алмай тұрған мына кішкене Әселмен бірге жылағандай. Бірге мұңайып, бірге егілгендей еді.

Кіре берістегі қоңыр телефон ұзақ шырылдады. Барып тыңдауға ас үйде жүрген Ажардан батылы жетпеген Әсел “бұл кім болды екен, осыншама қоймай қоңыраулатып жатқан” деп ойлады. Әлден уақытта барып еденді сықырлата басып Ажардың телефонға бара жатқанын сезді де, құлағын тұре қалды.

– Е, ауырса не қылайын оны?! Қызуы көтеріліп жатса өлер деп пе едіңдер, сендер не бағып отырсыңдар? – деген Ажардың сөзінен есін жиған Әсел әлде бір жағдайды сезген-

дей, тұрған орнынан жүгіре басып телефонның жанына келді. Осы сәтте Ажар да телефон трубкасын сарт еткізіп қоя салған еді.

– Тәте, тәте, не болып қалды, Әсет емес пе екен ауырып қалған?—деп үні дірілдеп жылап жіберді.

– Иә, Әсет қатты ауырып жатыр дейді, – сен не істей қоясың оған, – деп Ажар сәби жүрегіне өгейліктің тағы бір өткір найзасын сұғып алды.

Бота көздерінен жасы парлай жүріп, үстіне қолына түскен кеудешені іле салған Әселдің тәпішкесімен далаға жүгіре шыққанын Ажар байқамай да қалып еді.

Алай-дүлей сокқан қарашаның қара суығы мен қарына да қарамастан Әсеттің бақшасына қарай тас қараңғы көшемен жүгіре басып келе жатқан қаршадай Әсел “мама, мамалап” шырылдап келеді.

ҚҰМАРЛАН

Күшігінен асыраған ит бір түнде жоқ болып кетті. Бір үйдегі кемпір мен шал бұған әуелде мән де бере қоймады.

Күндегі дағдысымен Әбдірахман қарт қорадағы малын жайлап, айырының сабына сүйеніп, белін жазып, итін есіне алып еді, жүрегі шымыр ете түсті. Соңынан бір елі қалмай еріп жүретін иттің өзі жалғыз-жарым адамға әжептәуір ес екен-ау!

Шым қораның сықырлауық есігін итере салды да, қолына таяғын алып, маңайды шолуға кірісті.

– Құмарлан! Құмарлан, кә...кә...кә! Көрші үйдің маймақ аяқ Құтжолы ғана әуіп деп бір үрді де, қайрадан қораға кіріп кетті.

Қарт шағын ауылды бір шарлап шықты да, қайтып үйіне келді. Әр жері шұрқ-шұрқ болып тесіліп біткен сарғылт шекпенін босағадағы елік мүйізінен жасалған ілгішке іле салды да, пештің тап іргесіндегі қалың бөстегіне келіп қисайды. Ала көңіл болып отырғандығын Жәнипа бірден сезіп еді. Аяғының ұшымен жүріп, шалының алдына дастарханын

жайды да шайын беруге кірісті. Кәрі жүректеріне көп мұн мен қасірет тұнған, сағыныштан сарғайып қажып, тозуға айналған қос бейбақ ұзақ отырып таңғы шөйлерін ішті. Соңғы аяқты төң-керді де, шалы күндегі әдетіне басып, қолын жайды да: “Е, тәңірім, ақырын қайырлы қыла гөр”, – деп бетін сипады.

– Әлгі Құмарлан үй маңынан табылмады да ақыры, – деді Жәнипа. Үні аянышты естілді. Кеудесін өксік қысып тұрғаны анық. Қазір бір нәрсе десең болды дауыс салып жыла-ғысы бар. Бірақ мына шалының қатулы қабағынан ғана сескеніп тұр. Тарам-тарам әжім торлаған кәрі жүзінен сорғалаған көз жасын қолындағы майлықпен бір сұртты де, орнынан тұруға ыңғайланды.

– Отыра тұрсаңшы сәл! – Шалы қолымен ишара жасады. Сәл-пәл ойын жинақтап алды да, Әбдірахман қарт кемпіріне басу айтып сөйледі. Құмарланға оқыстан бір нәрсе болған ғой. Әйтпесе, есті ит бұларды тастап кетіп қалушы ма еді? “Жақсы ит өлігін көрсетпей өледі” деген бар. Енді бұған да көну керек.

– Е, тәңірім-ай, ақыры кеп бір иттің де қайғысын тартқыздың-ау, біз бейбаққа! – деген жан айқайы тілінің ұшынан шығуы мұң екен, Жәнипа боздасын-ай кеп.

Мынау қу тірлігіне айтар назын да, өкпесін де, тіпті лағнетін де ақтарып жатыр қамыққан сорлы.

– Құдайым-ай, құдайым, қураттың-ау, суалттың-ау осылай! Не жазып едім, ойбай-ау, Құрмашымды оны алдың, тым болмаса одан бір тұяқ та қалмады-ау! Ермек қып отырған Сандуғаш ол кетті бізді тастап!

Байбалам салып, жан дүниесінің қайғы-қасіретін ақтарып, жылап отырған кейуананың боздаған үнінен осы бір күйік сөздерді өзгер ұғар едің.

– Құдайым-ай, құдайым!..

Кейуана боздап отыр.

Жәнипаның есі ауып кетпесе жарар еді-ау деп ойлады шалы. Өзінің де босаған көңілін бекітті де орнынан тұрып, кемпірінің жанына таяп келіп:

– Сабыр қыл! Байғұсым-ай, ауырып жатып қалатын болдың-ау енді, – деді.

Ұзақ жыл отасқан жан серігіне өз ғұмырында тұңғыш рет осылай бір аяушылық білдіріп еді. Әбдірахман қарттың осы бір ауыз сөзі көңіліне демеу болды ма, бейшара кемпір, солығын басайын деді. Дудырап кеткен шашын жиыстырып, жаулығын түзеп жөнделе бастады.

Қайтсын-ай, бейбақтар?! Из-түзсіз жоғалып кетіп отырған Құмарлан жай бір бұралқы ит болса бір сәрі ғой, оған бұлайша күніренбес еді екеуі де. Бұл дегенің кешегі қанды соғыста опат болған Құрмашының көзі еді ғой. Көзін ашпаған сары күшікті сонау нағашы жұртынан қалап алып келген Құрмаш сол күшікпен бірге ұйықтап, бірге өсіп еді. Құмарлан деп ат қойған да Құрмаштың өзі. Текті иттің баласы Құрмаштың өзі десе жаны бөлек екендігін сезінген Құмарлан да иесіне адал қызметін көрсетіп, аң қағуға шыққанда небір қызыққа кенелтіп еді-ау. Бұл төңіректе мұның жүйріктігі мен ептілігіне, ақылдылығына қызықпайтын аңшы болмағанды.

Құмарлан келіп қала ма деп үйде отырған қос қария әуелі осы бір жайды ойлап еді. Қартайуын қартайды ғой Құмарлан да! Құмарлан Құмарлан болғалы қай заман?! Содан бері бұл екеуі де не көрмепті?

Осы ойлар Әбдірахман қартты өзінің терең иіріміне қарай тартып бара жатқан-ды. Көз алдына фашист оғы қыршынынан қиып кеткен Құрмашы келіп тұра қалды. Өне, астындағы Кертөбелін ойнақтата қыр астынан шыға келген Құрмашының жүзі қандай нұрлы еді. Соңынан ерген Құмарланның тілі салақтап кетіпті, көп жүгірген ғой, сірә.

Жанары бұлдырап, көзіне келіп қалған қос тамшы жасты ірке алмаған қарт, жақтауларын қалың қырау басқан терезе әйнегінің алдына таянды. Сол тор көзәйнектің қырау ұстамаған тұсынан далаға көз салды. Дала бұрқасындатып борап тұр. Құмарлан көрінбейді.

– Қап, мына боранда аңшылап кетті ме екен, – деп ойлады қарт. – Мүмкін емес! Құмарланның да аңнан қалғаны

ка-шан?! Қартайды ғой жарықтық! Бірақ, сүйегін сүйретіп жүріп бір үйлі жан бұларға талай-талай қиын да қиналған сәтте ес болған Құмарланның күйігі оңай тимесі де анық.

Апыр-ай, деймін, алапат қырғын соғыс боларын бөрінен бұрын осы Құмарлан сезгендей, өз өзінен мазасы кетіп еді-ау! Берген асынды ішіп, үйренген жеріне ғана жатуды күшік күнінен дағды еткен Құмарланның аяқ астынан өнер шығарып, итаяғына құйылған асқа да қарамай аласұрып, Құрмаштың аяғына оралып, жүргізбей қойғаны бар. Тіпті бірде жұмысқа баруға шығып келе жатқан Құрмашты желеткесінің етегінен тістеп алып, үйіне қарай тартып, жібермей, қасарысып отырғанын қайтерсің? Әуелде, Құмарланның бұл қылығынан Құрмаш тіксініп қалып еді. “Кет өрі”, деп Құрмаш даусын қаттырақ шығарып еді, Құмарлан оны қоя берді де, үріп алып далаға қарай шаба жөнелді.

– Ух, жаным-ай!..

Ту сыртындағы кемпірінің аузынан жалын атып, кө-кірегі қарс айырыла күрсінгенін, кемпірінің есін енді жинап, қазандық күлін шығарып, әбден шырмалып алған қалың ой өз құрсағынан босатар емес. Айналасындағы тіршілік атаулының бөрінен безіндіре түсер мына ойлардың өзі қасіретті жанына демеу болғандай.

– Не ғып тұрсың? Андағы терезеден жарықты да көлегейлеп, жауып тастадың-ау, қисайып демінді алсайшы. Жәнипаның бұл айтқандары да көңілін серпілте алмады. Ол да тұрған орнында, қырау басқан мынау тор көз әйнектен беймәлім, түпсіз терең тұңғиық әлемге қарап тұра берді.

Алдағы жаман істі ит жарықтық күні бұрын сезеді деуші еді, сол рас екен. Құрмашты етегінен тартқылап, үйінен шығарғысы келмей жүрген Құмарлан мұның жан дегенде жалғыз баласының соғысқа кетерін де сезген. Қатын-баласы улап-шулап қалып бара жатқан ауылдан ұзап шыққан Құрмаштар мінген көліктің соңынан Құмарлан ермей, шошаланың іргесіне сүйеулі тұрған кәшауа шананың көлеңкесіне кіріп, жатып алғанды. Екі көзі де, құлағы да үй жақта болды. Мынау

тіршілікке бір мазасыздық кіргенін есті ит сезіп еді. Бір ашып, бір жұмған қызарған көздерінен парлай аққан жасы алдыңғы аяғының сабалақ жылтыр жүнінен жылт етіп, жерге тамып жатыр.

Бие сауым уақыт сол орнынан тапжылмаған Құмарланның ауылдың іргесіндегі темір жол стансасына қалай кетіп қалғанын да Әбдірахман білмей қалып еді.

– Ата-ау, әлгі ит жоқ болып кетті, – деген келіні Сандуғаштың айтқанынан барып Құмарлан есіне түскен-ді.

– Е, жүрген шығар, – деп қойған-ды бұл.– От ойранға Құрмашым кетіп отырғанда бір ит сол жалғызымның жолында құрбан болсын”, Тілінің ұшына келіп қалған бұл сөзін келініне айта алмады.

Стансаға барғандардан келесі күні естісе, ығы-жығы халықтың ортасынан Құмарлан поезға мінейін деп сапта тұрған Құрмашты тауып алып, етегінен тістелеп, тағы да сүйрей жөнеліпті. Әуелде бұдан шошына қалған әскери адамдар итті атып тастамақшы болып, қаруларын да кезеніпті. Құрмаш айналасындағыларға: “Бұл мені үйге жүр деп сүйреп тұр”– деген екен, есті иттің мына қылығын көріп манағы қару кезенген кейбіреулерінің көңілдері босап, көздеріне жас та алыпты.

– Телміріп қалғыр-ау, әлі тұрмысың қалшыып?! Жатсаңшы енді!

Сықырлап ашылған есіктен сөйлей кірген Жәнипа бір құшақ кепкен қиды қазандық алдына әкеліп тастай салды.

Қажыған, талған көңіліне осы бір сәтте демеу болып тұрған тәтті ойын уысынан шығаруға қимай тұрған қарт селт еткен жоқ. Анау аппақ далаға, көз жетпес сонау көкжиекке көз тіккен сайын өмір елесі ұлғайып көрінгендей әсерленіп отыр.

Құмарлан! Көкейінен де, көз алдынан да кетпей тұрғаны осы Құмарлан.

Әне, сынық мүйіз кер өгіз бен шолақ құйрық қызыл өгіз жегілген шанамен бір топ әйелдер кетіп барады. Араларында келіні Сандуғаш та бар. Колхоз малына даладан шөп тасып,

әкеліп беруге кетіп барады байғұстар. Сандуғаштың үстіне Құрмаштың аңға шығарда киетін тайтері тонын кигізгендері қандай жақсы болған! Күртік қарды оппалап, баяу жылжып бара жатқан өгіз шананың соңынан Құмарлан да еріп барады.

Ферма бригадирі бұрын да есерсоқтығы мол жан еді, соғыстан жараланып қайтқалы тіпті бет қаратпайтын болған. “Мен немістерді қырып келдім, қан көрдім, өкпемді оқ тесті”, – деп бір ауылға әңгір таяқ орнатқанда, бар соғыстың ауырт-пащылығын осы байғұс қана көрген ғой деп ойлап қалуың да кәдік. Бір күні кеште Әбдірахманның үйіне келіп:– “Сенің келінің неге үйде отырады? Дабай, ертеңнен бастап фермаға барсын”,– деп отырып алған. Бұл болса: біреудің жас баласы ғой, Құрмаш екеуі бір-бірімен дұрыс отасқан да жоқ. Мына қыста қалай жұмыс істетіп қоямыз, – деп бастап еді Біти шап-шып шыға келген. “Жаусындар,– деген бұларға шүйіліп.– Ста-лин жолдасқа жеткіземін бұларыңды, айтамын, бір үйдің жап-жас келіні қасарысып пронтқа көмектеспей отыр деймін. Ашуға мінген бригадир оң жақ жамбасындағы қоңыр сөмкесін ашып, ума-жума болған өлдебір қағаздарды алып, тырнағы қарайып, мұжырайып қалған өзінің бас бармағының ұзындығындай көк сия қарындашты тілімен сулап жаза бастап еді, Жәнипаның жан дауысы шыққан.

– Айналайын, қайным! Білмедік қой біз. Андағы пәленді жазбай-ақ қойшы енді. Әбдірахманның келіні жұмысқа шықпай отыр дегеніңнің өзі Сталиннен ұят болар! Тіпті өзім барайыншы сол жұмысқа!

– Жоқ, сүйегің саудырап далада қалады сен кемпірдің! Маған келінің келінің керек, – деп өзеуреген Бітидің шықылдақ үнінен мұның өне бойы мұздап сала берген-ді.

“Көппен көрген ұлы той” деп жұмысқа шыққан күннен бастап Құмарлан таң ала көбеден оянатын Сандуғашпен үйден бірге еріп шығады. Сандуғаш жұмыс істеп жүргенде жанына жоламай, сырық сілтер жерге барып жатады да қояды. Сандуғашты көзінен бір елі таса қылмайтынын

қайтерсің. Ала құйындатып шапқылап, есіре де есеңгірей Бітидің келе жатқанын бірден сезеді де орнынан баяу тұрып Сандуғаштың жанына барады таяп. – Жұмыс істеп жатқанында Құмарлан Сандуғаш-тың жанына келсе болды, Біти келе жатыр деп әйелдер бұрын біліп отырады, – деп мөз болып айтып келуші еді келіні.

Иә, иә, айтпақшы сол Біти бір күні шөпті дұрыс маяламадыңдар деп әйелдерді бір уыс қылып, өңгір таяқ орнатса керек пішен басында. Содан атын омыраулатып андаусыз тұрған Сандуғашқа қолындағы қамшысын сілтей бергенде, Құмарлан арс етіп ұмтылып, Бітиді алқымынан алып түсе жаздағаны бар. – Көменесті сендер әдейі итке талатқыларың келеді, түрмеде шірітемін, – деп ен даланы басына көтерген Біти екі көзі от шашып тұрған Құмарланнан ғана ығып, ауылға қарай шаба жөнелген-ді.

Жер үйдің ішіндегі жатаған қазандықтың қызуынан терезе әйнегіне қатқан қырау еруге айналды. Еріген қалың қыраудың суы сорғалап аққан сайын терезе әйнегінің шынылары жылтырап, кең даланың құшағы да қарт көзіне кеңі бастағандай.

Дүние кең ғой, шіркін! Бірақ қу тағдыр өз пендесін қауызына салып қуырған шақта, сол дүние дегеніңнің өзі жалған болып шығады екен. Жалған емей немене, тәңірден ұрпақ сұрады, жарайды берді онысын, бірақ бергенін қайтерсің, сол жалғыз ұлының қай жерде оққа ұшқанын, қай жерде топырақ бұйырғанын күні бүгінге дейін біле алмай күрсінуге күнін өткізіп жатқаны мынау, міне! Тәңірі өз пендесінің бәріне бір-дей жаны ашыса, сол жалғыз ұлдан бір тұяқ қалдырар еді-ау! Ол да жоқ. Құрмашынан қалған сол бір тұяқ болса, онда Сандуғаш та осы босағада отырмас па еді?!

Ауыл үйлерді аралап, Құмарланның жоқ болып кеткендігін айтып, сұрастырып қайтқан Жәнипа үйіне сөйлене кірді.

– Әдірәм қал, “арбасы сынбағанның бәрі ақылшы”, – байлап неге қоймайсыңдар дейді ғой! Тіпті анау ақсақ

Мұқымның Бәтжаны қайдағы бір итті іздеп алжиын дедін бе деп, өзімді сөгіп те тастады!

Біреудің қайғысы біреуге батыр дейсің бе?! Қарт өз ойын онан әрмен сабақтап отыр. – Біреулерге қайдағы бір ит болып көрінгенімен, бұл үшін Құмарлан жалғыз баласы Құрмаш пен көрші ауылдағы Сәрсенге тиіп кеткен Сандуғашының көзін-дей ғой. Сол екеуінен, сол екеуінің тәтті де мұнды күндерінен қалған жалғыз елес осы Құмарлан ғана еді. Ол да жоқ енді! Өткен өмірінің сәулесі өшкендей осымен. Алдағы тірлігі тә-ңірі алған күні ауыл іргесінде қорымнан бұйырар топыраққа барып сіңерін білмей отырған жоқ, біледі бұл, біледі!

Сандуғаш келді көз алдына. – Ата, кешір дейтін сияқты, өңі жасып. – Кешірем ғой, құлыным! Саған несіне ренжимін, Құрмаш тірі тұрып Сәрсенге кетіп қалсаң онда іренжір едім. Аман бол, айналайын!

Осы бір ойлар миын шарпуы сол еді, қарт орнынан ұшып тұрып, кемпірінен қалың киімдерін сұратып киіне бастады. Түлкі тымағының бауын байлап жатып, – Құмарлан дәуде болса Сандуғашқа кетті. Мен сонда барып келейін, – деді де үйінен шығып жүре берді.

Сандуғаштың ауылына жетелеп әкелген қарт түйсігі алданбап еді. Үйдің есігінің астынан суық кірмесін деп тастай салған ескі құрақ көрпешенің үстіне келіп жатып серейіп, өліп қалған Құмарланды таңертең сиыр саууға шыққан Сандуғаш жазбай танып еді. Әуелде шошынып қалды. Босағасына келіп басын салып өліп жатқан Құмарланды көріп жүрегін өксік қысты.

Мен сенің босағанда өлдім, сен де ана байғұстардың босағасында өлуің керек еді ғой, Сандуғаш!

Текті төбеттің мына жатысынан Сандуғаш осы бір ойды ұққандай болды.

СӨНЕ КӨРМЕ, ЖҰЛДЫЗДАР!..

Бір бала, шіркін-ай, бір бала! Бір балаға зар қылып қойғанын қайтерсің?!. Бір бала, шіркін-ай, бір бала!..

Нәзия көкірегіне келіп қонақтай бастаған осы бір ойларды жанына қаншама дарытқысы келмесе де, жүрек шіркін, еркіне көнбей алқына соғып жүре береді. Нәзік жанды әйелдің сезімтал да сергек ой әлемі осы бір сәтте бар дүниенің қызығы мен шыжығын да ұмытып, көңілі жүдеп, жабырқап салады. Бір қолына жуып отырған кесесін ұстаған қалпы Нәзия орын-дыққа сылқ етіп отыра кетті. Ауыр әрі мұңлы ойлар тағы да жан-жағынан анталап, қаумалай бастаған әйел жаны қашанғы өз серігі көз жасына ырық беріп еді. Моншақтай домалап, етегіне үзіліп түсіп тұрған мөп-мөлдір жас тамшыларынан шіркін, мұның жанының пәктігін, мұның өмірге деген іңкөрлігін, мұның... мұның мынау аппақ әлемге деген жан дүниесінің сүйіспеншілігін анықтаса ғой. Деннің саулығын қан арқылы анықтап білетін дәрігерлер адамның көз жасынан да, оның ішкі ой әлемін, көңіл-күйін, жүрек сезімін де анықтай білсе ғой, шіркін! Онда мына Нәзия сияқты әйелдердің жан дүниесін ешкім жаралай да бермес еді. Ал, мұның жан жарасы да, дерті де – бала! Жеткізбей жүрген бар дүниесі де сол бала. Көңілінің осы бір жарасы барған сайын меңдеп бара жатқандай.

Бірақ, осы күні кім-кімнің көңіліне қарап жатыр дейсің. Көшедегі қозғалыстың шапшаңдығындай, адамдардың бір-біріне деген көзқарасында да жылдамдық бар. Қазір есен-саулық сұрасудың өзінде де асығыстық бар. Сол асығыстық көңілдерге қаншама кірбің түсіріп, жүректерге қаншама жара салды десеніңші! Оны ойлап жатуға да уақыт жетпейді. Ең ақыры, бір бөлмеде отырып, бір кеңсенің кірісі мен шығысын бірге есептейтін бес әйелдің әрқайсысы әртүрлі амалмен мұның баласының жоқтығын ыңғайлы бір реті келген сәтінде сездіріп қалуға тырысып тұрады. Аға бухгалтер ретінде Нәзия: “Айдың аяқты күндері ғой, есепті түгел бітіру үшін бүгін жұмыс соңынан қалып, тындырып

тастайық”, – деп еді, терезе әйнегінен үнемі далаға қарап, өткен-кеткенге көз салып отыратын жуан сары әйел ыршып түсті.

– Ибай-ау, бізде үй жоқ па, бала жоқ па?! Жұмыстан кейін қала алмаймын, қаламын десең өзің қал, үйінде не бітіремін дейсің, жылап жатқан балаң жоқ қой, – деп киінді де, шығып жүре берді.

Бұл оған ләм деп аузын аша алмады. Не десін, бәрі де рас қой, әйтеуір. Баласы да жоқ, үйде бітірер шаруасы да жоқ. Бұл шындық еді.

Нәзия өзінің жанын қан жоса етіп тілгілеп өтетін мұндай сөздерге кей сәттерде мән бермеуге де тырысатын. Жанындағылар не нәрсені айтпасын, естімеген адамша алдындағы қағаздарына шұқшия түсетін. Бір бөлмедегі сол әйелдер өз үстерінен қарайтын болған соң ба, Нәзияға қыр көрсетуге, әйтеуір, жанына шок салуға әуес тұратындары бар. Бірақ соншама бұлардың қазбалапатын жөндері және де жоқ. Әйтеуір жұмыстарын істеп үлгерсе болды деп, Нәзия да бұлардың басқан ізін аңдып отырған жоқ, еріктері өздерінде. Жұмысқа кеш келдің-ау, ерте кеттің-ау деп ешқайсысына ескерту жасап көрген жоқ әзірге. Жұмыс арасында жүгіріп дүкенге барып келсе де, бұл үндей қоймайды. Тіпті мұның төзімін онан әрі сынағысы келгендей, балаларына сатып алғандарын алдарына жайып салып:

– Әй, мынау біздің Жорикке шақ па екен, ә?!

– Мынау сенің Жанарыңа әдейілеп тіктіргендей ғой өзі, – деп өз-өздерінен мәз болып, масайрайтындары және бар. Кейде бұл аз дейтіндей балаларының түрлі қылықтарын айтып, көз қиықтарымен бұған назар салып қояды.

– Әлгі біздің Маратик садиктен бір жаман сөз үйреніп келіп, соған кеше кеш бойы шегіміз қатқанша күлдік, – деп Нәзияға қарама-қарсы отыратын Әсемгүл өзінен-өзі қарқылдап күлсін-ай келіп. Әуелде оған еріп өзгелері де, біреуі қарқылдап, біреуі өзеуреп күле бастады.

Өз қылықтарының қызуымен лепірген төрт әйел Нәзия-

ның орнынан баяу көтеріліп, терезе алдына келіп сыртқа көз салып, қарап тұрғанын да елемегендей болды. Күн сәулесінің қызуымен жаңа-жаңа бұр жара бастаған ақ қайыңның ұшар басына сүзіле қараған Нәзияның қос жанары осы сәтте жасқа тұнып тұрған-ды. “Уағы келіп еді, табиғат та түлеп сала берді. Ақ қайыңның бүршігінен де, міне, дүниеге жапырақ туып келеді. Ал мен ше, мен ше, мен ше...” Осы бір өз ойының өз жанына соққысының ауыр тигені сонша, ол онан әрі өз санасына ие бола алмай қалды. Қос алақанымен бетін басты да, шынтағымен терезе жақтауына таянып, солқылдап, ал жыласын-ай келіп.

Әуелде Нәзияның мұнысынан шошына қалған әйелдер отырған орындарынан ұшып-ұшып тұра келді. Бір-біріне жаутаң-жаутаң қарап отырған олар үшін “қасқыр, сібер” деп білетін Нәзияның мына жыласы расын айтқанда, аспаннан жай түскендей есенгіретіп тастады.

– Нәзия, Нәзия! Ойпырмай, не болды саған? – деп Әсемгүл есін жинағандай, екі иығы солқылдап, жылап тұрған әйелдің қасына таянды.

– Нәзия, Нәзия...

Ту сыртынан төрт әйелдің кеп тұрғанын аңдамай-ақ, сезді... Бір сәтке көңіліндегі көлкіген кірбің басылды ма, Нәзия солығын басып, терезе әйнегінен көз алмаған қалпы бұ-ларға бұрылмастан:

– Мені... мені кешіріңдер, – деді ол әуелі жүрек лүпілін орнықтыра алмай. – Кешіріңдер мені! Менің бедеулігіме, әри-не сендер кінәлі емессіңдер! Менің көзімше... өз балаларың-ның қылықтарын айтып мәз-мәйрам болатын сәттерінде, мына байғұс менің егілетінім жалғыз бүгін ғана деймісің жүрегім сыздап қан жылаушы еді әрдайым. Тұрмыс құрғаннан бері жан жүрегімнің езіліп келе жатқандығын ұғынсын деп бүгін әдейі жыладым. Әрине, балаларың бар, сендер бақыттысың-дар. Ал мен... мен бақытсыз бейбақтың бірмін ғой...

Нәзияның өз құрбыларына бұдан басқа да айтары бар еді. Бірақ жаралы болса да, көңілінің тәкаппар бір түйсігінен

абар келгендей, есін шапшаң жиды да, үстел үстінде бүрқы-ап шапылып жатқан қағаздарын да жинамастан, киім ілгішегі ілулі тұрған қол шатырын алды да, бөлмеден шығып сүре берді.

Кеңсе алдындағы бақ ішіне кірген ол жол жиегінде суын сатып тұрған әйелден бір стақан алма шырынын ішті де, ақ қайыңды алаңқайдағы орындыққа келіп отырды. Төктемнің нұрлы сәулесі де, саумал лебі де Нәзияны ергітіп, бойы жеңілдеп сала берді. Айналасындағы тіршілікті өлемнің дәл ортасына келіп отырғандай сезінді өзін. Бірақ бұл жерде онымен ешкімнің шаруасы болған жоқ. Ірсілі-қарсылы өткендер албырт жүзді, қой көзді, қыр тұрынды сұлу әрі нәрлі жас әйелге көз қиықтарын алғандары ғана болмаса, бірі мұның жанына аялдаған емес. Әрі асығыс өлденеге, әлдекімдерге асығып бара жатқан дамдар, адамдар... Мұнан әрі өз миын көп оймен орлағысы келмеген ол, қарсы алдында өсіп тұрған ақ айыңның бүр жарған жапырақтарына назарын салды. Қаулап өсіп келе жатқан мың сандаған көгілжім жапырақтары сәтте қос қолын ербеңдетіп, анасына қарай талпынған есіктегі сәби болып елестеп жүре берді.

Адамның жан дүниесіне жүрек көзімен қарауды қашан йренер екенбіз осы біз! Апыр-ау, сендер өз балаларыңды нгіме етіп, қолдарыңа ұстап отырған құйтақандай көйлекті ірсілі-қарсылы көлбеңдетіп отырған сәтте, тым болмаса, іреуің менің мына жан дүниеме ойларыңмен тереңірек неге ойламайсыңдар!

Бұл мана өз құрбыларына айтпай кеткен Нәзия көңілінен ақтарыла жөнелген көп ойларының жалғасы еді. – Өлденің... малынып киінгеніме, үйімнің дүниеге толғанына қаап, ойсыз, мұңсыз деп ойлайсыңдар ма?! Баласы жоқ үйдегі ар дүниенің жансыз, қуатсыз, әсерсіз екенін біреуің де сезейсіңдер ғой, білмейсіңдер, білмейсіңдер! Күнде мына мен, осап, қаңырап қалған меніреу бір кеңістікке бара жатқандай оламын. Кей-кейде өз үйімдегі өлі тыныштықтан шошынаын кездерім де бар. Тіршілік, өмір, бақыт, байлық

дегендерінің бәрі де бала, бала, бала екен, айналайындар!

Күні бойы ауыр ойдан жаны күйзелген Нәзия қолындағы сағатына қарап, уақытты шамалауға да зауқы сокпай, үйіне келіп, жиюлы төсектің үстіне құлай кетті. Қанша жатқанын, ұйықтағанын, ұйықтамағанын да сезбеген ол, есіктің қатты соғылған қоңырауынан оянып кетті. Үсті-басының қырыстырысын жүре түзеп, жүгіре басып, есік ашып еді, күлімсіреген қыз баланың жүзі шалынды көзіне.

– Апай, кешіріңіз, сізге телеграмма, соны табыс еткелі келдім.

– Ә, маған ба? – деп таңырқаған Нәзияның сұрағына “иә, иә сізге” деп, қыз бала телеграмманы мұның қолына ұстатты да, қоштасып шығып жүре берді. Кіре берістегі шамды жаққан Нәзия қолындағы ақ қағаздан телетайп әріптерімен басылған: “Сіздің хатыңызды алдық. Біздің клиникаға келіп қаралып емделуіңізге болады, қабылдаймыз” деген сөздерді оқыды. Әйгілі профессордың атынан келген мына хабар Нәзияның үзілгелі тұрған үмітін қайра жалғағандай болды. Лүп-лүп сокқан жүрегіндегі мынау дүниеге деген іңкәрліктің тағы да бір жарық сәулесі жанғандай еді. Екі бетіне қан жүгіріп, жүзі жадырап сала берді. Желдеткіші ашық тұрған терезе әйнегінің алдына келіп, көктемнің кешкі салқын ауасымен кеудесін керіп дем алды да, төсегіне келіп, қайра жатты. Терезе әйнегіне жүзін бұрып жатып еді, өзгелерінен гөрі жарық өрі үлкендеу бір жұлдызға көзі түсті. Сонау, тым-тым биіктегі аспан төсіндегі сол бір жұлдыз өзінің сабырлы қалпынан айнымай тұруымен-ақ Нәзияның күні бойғы ауыр ойлардан жырымдалған көңілін бүтіндеп, бекіткендей болды. Ол ұзақты түн ұйықтамады. Бар ниетімен сол бір жарық жұлдыздың сөнбеуін тілеп жатты.

ӨТТІҢ, ЖАЛҒАН

– Ойпырма-ай, жүрегім, жүрегім-ай!

Тапал тамның сықырлауық есігін ентіге ашып, кемпірінің ішке әлде неден шошына сөйлене кіргенін төсегінде оя жатқан Темірбай қарт ұнатпай қалды.

– Әй, не боп қалды, таң атпай түлен түртіп кетті ме, өзінді?!

– Жүрегім-ай! Тоқташы, жағың қарысқыр, қазір айтайын, – деп Бибіжамал шалына дүрсе қоя берді.

Алқынған жүрегін баса алмай әлде неден әбдісі ұшқан ол пеш алдындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

– Уһ, жүрегім-ай! Тұрсаңшы, жата бермей! Әлгі Өтебайдың соры тағы да қайнаған екен. Байғұстың сақау ұлы асылып қалыпты.

– Әй, не дейсің, есің дұрыс па өзіннің?!

Жастықтан басын оқыс жұлып алған қарт кемпіріне ала-ра қарады.

– Ойпырма-ой, бұл енді бар ғой айтқаныңа нанбай діңкемді құртады осылай.

Бибіжамалдың даусы ашына да, қатқыл шықты.

– Терезеден қарасаңшы, өне, бүкіл ел болып дүрлігіп жатқан жоқ па, байғұстың үйінің алды толған халық қой, өне!

– Қап, байғұс бала-ай, неден ғана былайша өмірін қиды екен, ә?! – деп Темірбай да өз құрдасы Өтебайдың қазіргі мүсәпір халін ойлап, тез киіне бастады. Әлгіндей болған жоқ тысқа шықты.

Таң жаңа атып келеді екен. Күн көзі әлем көкжиегіне иегін енді сүйеп, еркелей көтеріліп барады. Жаздың осы бір тыныш та бұйығы сәтінде жер әлемінің бетінде тек қана дәл қазіргідей ұйыған тыныштық па деп қаласың. Жоқ, олай емес екен. Өтебай үйінің алдына жақындаған сайын әйел дауыстары естіле бастады сыңсыған.

– Құлыным-ай, боздағым-ай, – деп еміреніп отырған ақ жаулықты ауыл әйелдерінің үні таңғы тыныштықтың айдынын тілгілеп жатқандай.

Жиналған топ Темірбай қартқа орталарынан ошарыла орын берді. Мән-жайға әбден қанығып, суық хабардың ақиқаттығына көзі жеткен соң ол: – Өтебайға етірттіндер ме? – деп айналасындағыларға сұрау сала қарады.

– Жоқ әлі! Сізді тосып тұр едік. Темірбай бастаған бір топ ауыл адамдары қаралы үйдің есігін ашқанда төрдің дәл ортасындағы жер төсекте қырынан жатқан Өтебай булығы жө-теліп жатыр еді. Сәлден соң жөтелі басылып, демалысы қал-пына келген соң барып:–Бердібекпісің, құлыным-ау, түні бойы қайда жүрсің? – деп баяу үн қатты.

– Айналайын-ай, шөлдеп жатқанымды қарапшы, су өкеліп берші. Мына тамақтан өте қойса жұтып көрейінші!

– ?!

– Әй, қайда жүрсің өзің, неге үндемейсің?!

Құс жастығына түзеліп шалқалай жатқан қарт көзін ашқанда көргені Темірбай болды. Жанарын бір нүктеге қадай қараған Өтебай әуелде мұны танымай да қалды білемін, әйтеуір ұзақ тесілді.

– Өтеке, Өтеке, мен Темірбаймын ғой!

– Әй, Теме, сенбісің? Өзі түс болып қалған ба?

– Жоқ, таң жаңа атып келеді. Ұйқым келмей ертерек кіріп тұрғаным ғой. Бойың қалай? – деп Темірбай құрдасының секем алған көңілін орнықтырғысы келгендей халін сұрауға кірісті.

– Е, не хал бар дейсің, мына кеудеден жаным қашан ұшар деп күн санап жатқан ғой біздікі!

Ауруы мендеп, әбден жүдеген қарт жүзіне қараудың өзі тым ауыр еді. Екі беті суалып, қушиған жақ сүйектері арыған адамның ауыр халін сездіргендей. Осы бір пәлекет ауру жабысып, төсек тартып жатып алғанына да біраз болып қалды. Бұл ажалдан қаймыға да қоймас еді, үш жүзге аты мәлім болған Біржандар да:

Білмеймін бұл аурудың не қыларын,

Егер де алам десе таласам ба? – деп зарлаған жоқ па ед, шіркін! Өттең дүние, ындының кеуіп шөлдегенде бір қасық қара суды жұта алмай көз алдындағы тағамға телміргеніңнің өзі азап екен-ау!

– Әлгі біздің Бердібек бүгін түн үйге түнеген жоқ. Жаныман бір елі кетіп көрген жоқ еді, қайда жүр екен өз? – деді сәл үнсіздіктен соң Өтебай.

– Е, жігіт емес пе, жүрген шығар, – деді Темірбай өз көңіліндегі ауыр ойдың жарықшақтығын сездіргісі келмей.

– Әй, қайдам?!

Осы сәтте тағы да жөтел қысып, мұнан әрі сөйлеуге мұршасын келтірмей ауру жанның тыныштығын ала бастады.

– Әй, қайдам, – деп Өтебай жөтелі сәл басылған сәтте көкейіндегісін айтып қалайыншы деген жандай, әлсіз үн қатты:

– Ол мүсәпірді кім есіркеп жатыр дейсің! Байғұстың көкірегі зерек. Көкейіндегіні бірден сезетін қасиет бар өзінде. Айналайынның бағы жанбады ғой!

Осы сәтте қарт әкенің көңіл түкпірінен өз ұрпағына деген мөлдір бұлақтың көзінен шым-шым тамшылап тұрған сүйініш пен күйініштің аптабы мен ызғары да бірдей болатын. Бір өкініш, бір үміттей алдамшы өмірдің өзіне кіріптар еткен осы сәтін қасқая көтеретін зерделі қарт тек осы ұлының алдағы тағдырын ойласа күйреп сала беретін. Қазір де жанын езер ауыр ойлар миына инелерін сұққылап жатқандай еді.

– Қой, Өте, олай деме! Бәрі де жазмыштың ісі ғой! Не нәрсеге болсын берік бол!

Аузынан шыққан осы бір сөздердің құрдасының мына жан сыздатар уайымына сеп болмасын анық білсе де, Темірбай оның көңілін ауламақшы болды. Бірақ көмейіне тас тығылып тұрған жандай бұдан әрі аузына сөз түспей қойғаны. Осы бір өлі үнсіздіктен секем алған Өтебай көзін ашып алды да, бас жағында отырған Темірбайға тағы да тесіле қарады. Көз жанары өнменіңнен өткендей өткір екен.

– Әй, – деді Өтебай әлін жиғандай, – осы үйде сен өзінғанасың ба, әлде тағы да біреулер отыр ма?

Өтебай көздерін тағы да жұмып алды. Сөйтті де өз сұрағына жауап күткендей естіп жатырмын дегендей оң алақанымен құлағын қалқалады.

– Балалар ғой отырған, – деп Темірбай орнынан ұмтылып барып құрдасының құлағына аузын таятып жауап берді.

– Бердібек бар ма араларыңда?! – деді Өтебай әлсіз үнмен.

– ?!

– Әй, неге үндемейсіңдер?! Темірбай, әй, Темірбай, неге айтпайсыңдар, қайда деймін әлгі Бердібек?!

Бұл жолы бар күшін жиып, айғай салмақшы болған. Аурудан қажып ашынған жанның қарлығыңқы үні үйде отырғандарды селт еткізді. Темірбайдан басқалары орындарынан қалай ұшып тұрғандарын өздері де сезбеп еді. Бір-біріне жалтақ-жалтақ қараған олар Темірбай қарттың басын төмен салып, шошқа сақалы кемсендеп, солқылдап отырғанын көргенде көздерінен бір-бір тамшы жас ытқып шығып кеткен-ді.

– Өте, Өтем, сабыр қыл, біздің де қабырғамыз қайысып тұр. Бердібегің...

Одан әрі Темірбай тілі күрмелген жандай айта алмай қалды. Өмірдің талай жүгін қайыспай көтеріп келе жатқан Өтебайдың жүрегі ауру жанның тұла бойына тіршілік демін беріп тұру үшін осы сәтте жанталасып бар екпінімен бұлқына соғып тұр еді. Екі шынтағымен жер таянып, кеудесін сәл көтерген қарт жанында отырған құрдасына: – Тірі ме, бар ма?! – өзі деп сауал қойды да жастығына сылқ етіп құлай кетті.

Қаралы күй ойнай жөнелгендей ашық тұрған терезе әйнегінен жел уілдеді. Темірбай бастаған топ Өтебайға баласының қазасын әуірімдеп жеткізді, әйтеуір. Мұнсыз да аурумен алысып, жаны күйзеліп әлсіреп отырған байғұсқа Бердібегінің ащы ажалы оңай тимеген еді. Дауыс қылуға да әлі келмеді. Кәрі жанарынан жас ұдайы сорғалап тұрды, бір тиылмады. Кәрі көкірегі мұңға тұнған айналасындағы барлық тіршіліктен күдерін үзгендей. Тіпті дәл қазір кеудесінен жаны шықпай тұрып мұны Бердібегімен бірге көмсе де еш бұл-қынбас күйде еді. Мұның жаны ана оң жақта шалқалап жатқан жан баласынан артық болып па?! Демі жалын атқан ауру қарт оқта-текте күрсінгені болмаса,

ешкімге де тіл қатқан жоқ. Тек қазір санасы ғана сайрап жатыр. Бәрімен сол санасымен ғана тілдесіп жатқандай. Міне, жанына марқұм Балкүмісі келді білем!

– Әй, қайда кетіп қалдың осы сен?! – дейді кемпіріне бұл.

– Мен бе, жаным-ау, мен анау Жаманшоқтың жанындағы зираттан келіп тұрмын ғой.

– Зираты несі, тәңір-ау? Сен бізді тастап неге кетіп қалғаның?!

– Сорлы-ау, мен дейсің бе, ажал бұрын жеткен соң кеттім ғой. Кейіме, батырым, келіп тұрмын ғой, міне. Сені де, Бердібегімді де алып кетуге келдім өзіммен.

– Енді тастамашы бізді! Өзінмен кетейінші! Тірі күнінде қадірінді білмеппін-ау, сен әулием екенсің. Сен жоқ болып едің, мына мен де, ана балаң да не көрмеді. Кешір, әулием, кенжем деп еркелеткен Бердібегінді сақтай алмадым. Кеш, мені!

Қайтсін, байғұс! Өзегін өртеген өкініш оты енді сөнер ме?! Тағдырына ғана қабақ шытар. Бірақ одан не пайда енді. Жасы жер ортасына жеткен шақта мұның үйірінен ажал кемпірін бөліп әкетті. Әй-шәйға келмедім деп айта алмас, бірақ бір-бірін сыйлап өмір сүрді. Ел қатарлы бала өсіріп, тұрмыс құрды. Тек қана Бердібегі болмаса, соңынан қанаты құсап ерген балаларының бәрі қалаған жерлерінен оқуларын оқып, үй болды. Жазмыштан ба, әлде анасының жоқтығынан ба, кім білсін осы Бердібегінің жолы ауыр-ақ басталды. Анасы дүние салғанда Бердібек онда үш жаста еді. Тілі де енді-енді шығып, әр нәрсені былдырлап жүрген базарлы шағы болатын. Сол бір күн, иә сол бір күн мұның есінен мәңгілік кете қояр ма екен?!

Кемпірі өліп, ендігі бүкіл үй тірлігі өзіне қарап қалған Өтебайдың тіршілігі таңғы тауық шақырған сәттен басталатын. Қойнында жатқан Бердібегінің көрпесін қымтап орнынан тұрды. Терезеден далаға көз салып еді, күздің жылауық аспаны көз жасын мөлтілдетіп төгіп тұр екен. Бұл оянғанда Бер-дібегі де оянды көзін уқалап:

– Жат, құлыным, – дейтін бұл. – Мен қазір малды өріске шығарып келейін. Кел, мына терезеге шық та қарап отыр. Қорушы болма, мен келемін қазір.

Тәмпиш мұрын қара бала отырып алатын терезе алдына. Бұл оның күндегі әдеті, оған үйреніп те алған. Анасын ойлайды осы сәтте. Қайда екен, ә?! Қаншама ойласа да сәби санасы өз анасының қайда жүргенін сезе қоймайтын-ды. Қайда екен, қайда екен? Қарақаттай мөлдіреген қос жанарына осы бір ой тұнған сәтте үш жасар Бердібек терезе әйнегінен сонау кеңістікке телміре қарайтын. Телміре қарайтын да анасын аңсайтын. Сол сағыныштың бесігі тербеп, ұйқысырап отырған таңғы шақта қызыл гүлді көйлегінің етегі желбіреп әлде бір әйел терезенің дәл алдынан сиырын айдап кетіп бара жатқан-ды. Сәби жүрегі дір етті. Шырылдап қоя берді.

– Апа! А-а-па!

Жан дауысы шығып, еңіреп қоя берген сәби терезеден шапшаң түсіп, ашық тұрған есіктен далаға жүгіре шықты.

– А-па, а-па!

Сиыр айдаған гүлді көйлекті әйелдің соңынан жүгіріп келеді. Анасы ол! Мұның да апасының дәл осындай көйлегі болатұғын. Сол, сол, апасы бұл!

– Апа! А-а-па!

Апалап жан дауысы шығып, жүгіріп келеді жалаң аяқ, жүгіріп келеді. Әттең, шіркін осы сәтте жаңбыр суына толып тұрған әлде бір орға түсіп кеткенін қайтерсің Анасына жете алмай қалды ол. Осы бір рақымсыздықтан шошынған сәбидің тілі байланды. Енді ол сақау Бердібек атанды.

Өсіп, ер жеткен соң үй шаруасына Бердібек өзі араласты. Араласуға амалы қалмап еді. Үйге ие болар дейтін жеңгесі Күлтай біреудің жалғыз еркесі. Шаруа істеуге икемі де, зауқы да онша емес. Үлкен ағасы Сейтімбек түздің жұмысынан шаршап келіп, кеш болса төсекке қисая кетуді ұнатып тұратын. Өздігінен хат тақып, жазып, оқуға дағдыланып, есейіп қалған Бердібек болса бұл екеуінің қасқабағына қараумен өсті. Сонда бар байқайтыны, әкесінің

бабы бола бермейтін. Сосын шайды да өзі қойып, пешке от жағып, түрлі тағам әзірлеп, әкесі екеуі өз беттерінше күндерін көруге дағдыланды. Қазандыққа су жылытып, әкесінің үсті-басын жуу да енді мұның міндетіне айналып еді.

– Әй, сақау, – деді бірде әкесі жоқта Күлтай. – Ана әкең екеуіңнің кірлерінді жуып, тамақтарыңды істеп отыратын мен күндерің емеспін, ана кірді де жуа сал, – деп бұрышта үюлі жатқан киімдерді мұның алдына қарай лақтырғаны бар. До-лырған Күлтайдың мына қылығынан бар жайға түсінген еді Бердібек.

– Бердібек-ау!

Өтебайдың аузынан шыққан осы бір ауыз сөзге отырған жұрт елең ете түсті. Бірақ бұдан кейін тілге келе қойған жоқ сырқат қарт.

– Байғұс-ау, баласын шақырып жатыр екен ғой, – деп шалдар жағы ауыр дем алып, күрсініп қойды.

– Бердібек, – дегісі келді қарт. – Құлыным-ай, бұл тағдырың уызыңнан суалтты-ау сені. Алдағы күндеріңді ойлап қабырғам қайысұпы еді, мәңгілікке тыныштала қалғаның не?! Әлде, әлде мына әкең байғұсқа ренжіп кеттің бе?! Кеш, құлы-ным, кеш мені...

Өз баласының тағдырдан азап шегіп, мына ажалға дұшар болғанына өзін кінәлі санап жатқан әке осы шақта Бердібектің қалтасынан табылған бір тілім қағазға жазылған сырын білмей кетті. “Әке, – депті Бердібек, – ажалдың тырна-ғына ілінгеніңе көзім жетті, сен өлген соң кімге керекпін мен. Одан да қара жердің қойнында құшақтасып екеуміз бірге жатайық. Кешір, әке!”

Бердібек жерленгеннен кейін қарт та ұзамады. Тағдыр азабының ауыртпалығын көтере алмады кәрі жүрек.

ҮМІТІМДІ ҮЗБЕЙ ӨТЕМ

Тіршілік атты телегей теңіздің арнасымен сырғып өткен өмірінің сексен жылға тақау кезеңінде бұл тап қазіргідей бей-нет пен жан азабын тарта қойған жоқ шығар. Басынан нелер өтпеді дейсің! Тіпті кешегі қанды қырғын соғыстың да үш жылын бастан өткізді. Өттеген-ай, талай ерді жер жастанды-рып кеткен қаңғыған бір оқ келіп мұның да жүрегіне қадалма-ған екен! Сөйтсе, бұл сол үшін тап қазір өкінбес те еді. Онда... онда мына жанын күйзелтіп қойған жалғыз ұл да дүниеге келіп, жер басып жүрмес еді.

Өттең, шіркін! Осы бір ауыр ойлар жан дүниесін жегідей жеп жатқан Әлі қарт басын өзгеріп, отыруға бейімделді. Төсек тартып осылайша мүсәпір халге жеткеніне жылға жуықтады. Өткен жылдың қоңыр күзінде кемпірі де осы арада төсек тартып жатып алғаны бар-ды. Көп сөйлеуді білмейтін, үнемі шалының қабағын бағумен, соның көңіл күйінің ыңғайын тауып өмір сүрген сол байғұс кемпірі мұның маңдайына біткен бағы, қолындағы ырысы екен-ау! Өз ғұмырында тоғыз құрсақ көтеріп, бірақ соның бірінен соң бірі шетінеп тұрмайтын болған соң әбден зәразаптанып, әбдісі ұшқан кейуана шалының алдында бұғып өсті. Апыр-ау, бір шаңырақтың ұрпағының кіндігін үзіп аламын ба деген қауіпті ой күні-түні ол байғұстың жүрегін қақырататын. Тәңірі көз жасын иді ме, әйтеуір соңғы көтерген мына Аманбайы қалқайып өсіп қатарға қосыл-ды. Бір кіндіктен жалғыздығын да уайымдай қойған жоқ еді.

– Е, тәңірім, жалғызыма өзің жар бола гөр, – деп жатса да, тұрса да Аманбайының тілеуін тіледі екеуі де. Сөйткен ұлдары өсті, ешкімнен кем болған жоқ. Бір үйдің жалғызы болған соң да оны маңдайынан шертпек түгілі ешкім мұның бетіне тік қарап көрген жоқ шығар.

– Кеше өлейін деп жатыр едің, тұрыпсың ғой!

Манадан бері көзі қарауытып, басын еркін көтере алмай әзер отырған қарт ту сыртынан шыққан мына бір рақымсыз

үшнен есеңгіреп кеткендей болды. Ол өзінің жалғыз ұлының дауысын көптен бері естіп тұрғаны да осы еді.

– Ба-ла-мау!..

Жастыққа басы сылқ етіп құлай кеткен Әлі қарт “баламау” деген бір ауыз сөзді тілі күрмеліп, әзер айтты. Онан әрі қимылдауға да шамасы келмей, тек ауыр дем алысы ғана тіршіліктен хабар беріп жатты.

– Баламау! Осы бір сөзден қарт жүрегінде әлі де өз кіндігінен шыққан ұрпағына деген суымаған сезімі жатыр еді. Қайран қарт тағы да не айтқысы келді екен! Тұла бойын шөл қысып жатқан соң, бір кесе айран, болмаса бір ыстық шай ішкісі келгендігін айтқысы бар ма? Әлде... әлде мұның... Аман-байдың былайша неге тас жүрек болып кеткендігін сұрағысы келді ме? Не де болса Әлі қарттың көкірегінде үлкен бір қасіретті ойдың тұншығып жатқаны анық болатын.

– Әй, сүмелек, әкенді жаңа көріп қалдың ба? Мәгәзін ашылса бар да бірдеңе алып кел! Жүнжи қалғаның не, әкенді бүгін өлет деп пе едің?!

Аманбай селк ете түсті. Төргі үйден шашы-басы удардудар болып, сөйленіп шығып келе жатқан әйелінің мына ащы үні Аманбайдың масаңдау миына шақ ете түсті.

– Әй, тарт тілінді! Бұл менің әкем... әкем ғой!

– Әкенді жаңа танығаныңа да шүкіршілік! Итаяқтан ас ішкізіп жүрген әкенді жаңа көріп қалған екенсің, Әй, кеше кешке ғана жағасынан алмап па едің?! Енді әкем, әкем дейсің!

– Тарт тілінді!..

Әйеліне мысықша атылған Аманбайдың көзі қанталап қолымен еденді қарманып әуре болды. Қолына арақтың бос шынысы ілегіп еді, бар пәрменімен әйеліне қарай жіберіп қал-ды. Баж еткен әйелдің ащы дауысымен бірге, сарт етіп күл- пәршасы шыққан бөтелке сынықтары жайрап жатты. Ащы айғай мен әлдебір сартылдан қарт қойнында ұйықтап жатқан бала да шошып оянып, жылай бастады.

– Әй, әй, қарақтарым!..

Қарт үні естілер естілмес әлсіз шықты. Баяғы күні болса мына қылықтары үшін бұл екеуін де қамшының астына алып сазайын тарттырар еді. Қартайып, шөгіп, буыны қалтырап, тізесі дірілдеген осы бір мүсәпір уағында жалғыз ұл мен келіні мұны “әкем деп” күтпек түгілі жанын азапқа салғанын қайтерсің. Бұл жалғыз ұлдың тілеуін тілегенде ол осылай болсын деп тәңіріне жалбарынып па еді?! Егер құдай бары шын болса, бір мұны жарылқар еді ғой.

...Тіршілік иесіне қиянат жасамағандардың бірі осы. Тәңіріне жаңылмай-ақ құлшылық еткендердің де біреуі осы. Сондағы жарылқағаны кеудесінен жаны шықпай көкірегі сайрап, бәрін де сезіп жатқан қарттың жалғыз ұлы мен келінінен естігені жаңағы ма?! Мұндай тіршіліктің құны да көк тиын онда. Әттең, әттең, мына қойнында жәутендеп тығылып жатқан сәбидің күні не болар екен?! Ұлын бауырына басып бағар дейтін шешесінің сыйқы анау, баласын аялар дейтін әкесі арақтың уынан есін жия алмай мәңгіріп өне отыр. Сорлы-ай, күнің не болар екен! Әкең де, шешең де осы үйге мас болып келгенде ойнап отырған ойыншықтарыңды тастай салып, жүзіндегі шаттық әлденеден үріккен торғайдай ғайып болып, екі көзің мөлдіреп қашанға дейін қойныма жасырынармын дейсің, ботам! Әттең, дүние-ай...

Қарттың зерек көңілінде сайрап жатқан осы бір ойлар селі кәрі жүректі қысқан кезде ол алқынып, демігіп қалады. Санасы бүтін шағында анау отырған жан дегенде жалғыз ұлына ақтық айтарын айтуға сан бекінгенімен тілеуің құрғыр ол “әке, жайың қалай, науқасың жаныңа батып жүр ме” деп бала болып жанына бір жоламағанын қайтерсің. Өз қызығы өзінде, сайраны арағында болып қана жүрген ұлының көз алдында өзін жатсына, жатырқай да бастағанын кәрі жүрегі сезіп, кө-ңілін қауіп билеп алатын еді. Мұның маңдайына жазған келіні Бақытжамал да соңғы уақытта ішімдікке әуес болып алды. Сауыншы болған соң уақытының көп бөлігін түзде өткізетін ол да әлде бір желіккендерге ілесіп, ақыры ар-ұяттан безінуге айналды. Ақыры, міне, қартқа тілін тигізуден де тиылар емес. «Балаң көпір болса да» келінің

кәпір болмасын - дегенді бір ойшыл тауып айтқан ғой шіркін!

– Ата, ата, ата-а-а!..

Қарт жүрегі сәбидің шырылдаған үнінен дір етті. Өзін жұлқылап екі көзінен жас парлап тұрған немересінің бейнесі болды көзін сәл ашқанда бар көргені.

– Құлыным, құлыным сол!

Еріндері күбірлеп қана әзер сөйлеген қарт кемседеп жатыр еді. Оң қолын әзер көтеріп көкірегіне басын салып солқылдап тұрған немересінің маңдайынан сыйпады.

– Құлыным, құлыным...

– Ата, шай әкеп берейін бе, шай ішесің бе, ата?!

Сәби жүрек атасының маңдайынан сыйпағанына шаттанып жүре берген-ді. Манағы бар қауіпті ұмытқан ол орнынан ұшып тұрды да қазандық үстіндегі шәйнекке су құйып баудай шұбалған сымын тоққа қосты. Ас үйдегі бықып жатқан стол үстіндегі қатқан нан қалдықтары мен туралған жуаларды әрі ысырды да басталмаған бір таба наннан бір үзім кесіп алып, үстіне жұқалап май жағып, аздап шекер сеуіп атасының жанына жүгіріп келді. Қазір атасы да, өзі де мына май жағылған нанды армансыз жейтін болады. Сол нанды жеп рахаттана жайланған атасы бұған қызық-қызық әңгімелер айтады.

– Баяғыда, әжең марқұм, онда тірі болатын. Сен туған жылдың күзі жарықтық берекелі болды. Ойпырмо-ой, сондағы астықтың шығысы-ай, ел болып ие бола алмай қалдық қой. Мен де қарап отырмайын деп қырман күзетіне бардым. Бір күні түнде қырманды айналып жүріп келе жатсам, анадайдан бір нәрсе қараңдайды. Қолыма ешбір қару алған жоқ едім, тіксініп қалдым. Қорбаң-қорбаң етіп өзіме қарай таяп келеді әлгі. Кімсің-ей, десем де ол не үн қатар, не тоқтар емес. Енді қасқыр болсаң да көріп алайын деп қасқайып тұра бердім. Сөйтсем, әлгі сенің әкең болып шықты. «Ой, сені түнде сайтан жетелеп әкелді ме» десем: “Бақытжамал босанды. Апам шалды да қуантып кел деген соң келіп едім” деп мінгірлеп тұр. Сөйтсем сен келіпсің мына жарық дүниеге.

– Ата, ата, мас емес пе екен сол жолы?!

– Жоға, Аманбай ол кезде ойын-тойда ғана ішуші еді ғой.

– Баяғыда, әжең марқұм онда тірі болатын...

Әрдайым осылай деп басталар қарт әңгімесі оның өзінде, жас сәбиді де қиял бесігіне салып тербейтін еді. Бейкүнө қарт пен сәби екеуара шүйіркелесіп ұзақты күнді бірге өткізетін. Әлі қарт үй шаруасын келін-баласына қаратпай-ақ өзі тындырып қоятын. Соңынан бір елі қалмайтын Нұрбегіне де түрлі шаруаның аужайын айтып, түсіндірумен болатын. Әй-теуір, көзі қаныға берсін дейтін бұл. Тіршіліктің бұл ұрпағына қандай керуен тартқызарын кім біліпті. Әйтеуір, ұшар қанаты беки берсін деген ізгі ой қарт көкірегінің түкпірінде жататын.

– Ата, мә нан жеші! Қарның ашты ғой, нан жеші, нан жеші!

Бала үніндегі бұрынғы еркелік мүлдем жоғалғандай еді осы сәтте. Қарт та іріндеген көзін аша алмай отыр. Сақал-мұрты қаулап өсіп, жағы суалуға айналған атасының мына күйі сәби жүрегін шошындырғандай еді. Үстіндегі көнетоз шапанын әлсіз қолдарымен немересінің жұлмалап жатқанын да, жүрегін үрей билеп алғанын да қарт көңілі сезіп жатыр. Көзін ашып, немересі ұсынып тұрған нанды жер де еді, - ба-сын көтеруге әлі келмей жатқаны ғой. Әйтпесе «ата», «ата» деп аталаған немересінің құлын дауысы шұрқыраған сәтте кеудесіндегі жүрегі тіршіліктен сыбыс беріп тұрса, бұл көрде жатса да орнынан бір аунап түспес пе еді, шіркін. Әлінің біткені де бұл. Мұны қалжыратқан да қайран шіркін анау жалғыз ұл мен келінінің қылықтары ғой. Апыр-ай, тым бол-маса біреуі сау жүріп, мынау үйге, мынау балаға қарасайшы. Оған да тәубе қылар едің. Ал, екеуінің бірдей мастықтан сең соққан балықтай сандалып жүргенін көріп, мына ел бетіне қарай алмай, бұл бұған дейін де күніне мың өліп, мың тірілген шығар. «Баласы арақ ішсе, анасы у ішеді» деген ып-ырас екен. Байғұс кемпірінің әлсіз жүрегі жалғыз ұлының, одан қалды үмітім деп басына ақ жаулық салып, ақ босағасына түсірген келінінің бұл масқаралықтарын көтере алмай мезгілсіз үзіліп кетті.

Жан-жағынан осы бір ойлар анталағанда Әлі қарттың көз алдына кемпірі Ақжқтың бейнесі келіп тұра қалатын.

– Әй, байғұсым-ай, мен өлген соң күнің не болар екен? – деп төсек тартып жатқан Ақжқ пештін күлін алып, от тұтата алмай әуреге түсіп отыратын шалына аянышпен қараушы еді. Қайран әйел жүрегі өзінің өмірлік серігінің жетімсіреп, қазіргідей кіріптар күйге душар боларын сезінген ғой шамасы. Не де болса, әйтеуір, асыл ана қарт басына осы бір қараң күннің туарын және оны тудыратын тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, ақ сүтін берген өзінің жалғыз ұлы екендігін сезетін де, жүрегі қысылып, талькси беретін. Ол да осы бір ойдан тұншығып, мәңгілік дүниеге кете барды. Осы бір шаңырақтың мына дәрменсіз қарт пен жас сәби екеуінің қызығын да, қуанышын да өзі-мен бірге ала кеткендей болды жарықтық.

Әлден уақытта қарт санасы қалпына келіп, немересінің “нан жеші, нан жеші” деген үнін айқын ести алды. Басын көтеруге ыңғайлана беріп еді, немересі әлсіз қолдарымен сүйеп отырғызды да, жастығын түзеп, биіктетіп берді. Көзін ашып, немересіне қарап, күлімсірегісі келді. Алайда жанындағы сәбиіне жүрек мейірімін төгіп, күлімсірей алды ма, жоқ па, оны өзі де сезе алмады. Немересі ұсынған нанды қалтыраған қолына алып, басын сәл еңкейтіп, алақанындағы нанға ернін тигізді. Кеберсіген еріндері діріл қаққаны болмаса, жағын ашып, тісіне қатқан нанды баса алмай, қолы сылқ етіп, қайтадан көзін жұмып алды.

– Ата, ата, наныңды жеші енді!

– Қазір, құлыным, қазір, – деген қарттың әлсіз үні сәбидің көңіліне шаттық сәулесін шашқандай болды. – Ана терезенің пердесін ашсайшы, үйге жарық түссін!

– Қазір ата, қазір ата, – деп сәби жүгіре жөнелді.

Сәби қолдары перделерді сырғаны сол еді, күн көзінің шуағы үй ішіне төгіліп сала берді. Жарық әлемнің ақ сәулесіне қараған қарттың жүзінен әлде бір жылылықтың лебі ескендей еді. Сол сәтте ол жанына келген немересінің маңдайынан сипап, кекілінен иіскеді де әңгімесін бастады.

– Баяғыда, әжең марқұм онда тірі болатын. Ол кезде колхоз өнім сеуіп бітісімен сабантой жасайтын еді. Ойпырмо-ой, небір қызықтар болушы еді-ау. Бәрінен бұрын ат жарысты айтсайшы. Әлгі Аманбай да атқа шабатын. Әй, өзі бар ғой сенің әкең атқа жақсы шабушы еді, ылғиына ол мінген Топай-көк бәйгенің алдынан келетін.

Қарт осы бір әңгімені айтқан сайын жалғыз ұлына деген көңіл мұзы жібiгендей болатын. Сол сәтте қасындағы үнсіз тындап отырған сәби жүрегі де қуаныштан шаттанып, лүп-лүп соғатын. Қанша айтқанмен ылғиына бәйгеден озып келіп жүрген мұның әкесі ғой! Мынау қаңырап тұрған үйдің бір бұрышында отырған дәрменсіз қарт пен әлжуаз сәби тағы да өткен күндердің қиял кемесіне мініп алып, ой әлемімен шарықтайтындары бар.

– Ол, әлгі сенің әкеңді айтам да, өзі жаман болмаушы еді. Жаман емес, ол тек әлгі аздап арақ ішкені болмаса, сенің әкең жаман емес. Арағын қояды ғой, сен оны жек көруші болма, ол сенің әкең ғой! Соны ұмытпа, құлыным! Ол қазір ақымақ болып жүргенімен, ақылы кірген соң арағын қояды ғой, қояды. Мен... мен одан үмітімді үзбеймін. Сен... сен бар ғой құлыным, әкеңді сыйлайтын бол... Жарай ма, құлыным?!

– Жа-рай-ды, а-та!

Осыны әрең айтқан сәбидің екі көзі мөлтілдеп жасқа тұнып тұр еді.

– Жарайды, жарайды, ата!

– Әй, сен жылап отырмысың! Тек, құлыным, жасық болма олай! Аманбай бар ғой, әлгі сенің әкеңді айтамын да, арағын қояды, қояды, құлыным! Мен саған тағы да бір қызық әңгіме айтып берейін бе? Тындашы, құлыным!

– Баяғыда, әжең марқұм онда тірі болатын...

Бұл Әлі қарттың немересіне айтып берген ақырғы әңгімесі еді.

МАЗМҰНЫ

Соңғы тұяқ. *Повесть*. 3

Драмалар.

Бұлтты түнгі толған ай. 63

Құлыптастың көз жасы 101

Әңгімелер.

Тұтқын 143

Қош бол, құлыным 157

Күн батқан шақта 164

Зарығу 170

Алтыншы бала 177

Дариға, дүние-ай! 187

Жетімдік 191

Құмарлан 196

Сөне көрме, жұлдыздар! 203

Өттің жалған 208

Үмітімді үзбей өтем 215

Жабал ЕРФАЛИЕВ

БҰЛТТЫ ТҮНГІ ТОЛҒАН АЙ

Редактор: Амапов Ш.

Тех редактор: Жұбаниязов Р.

Компьютерлік қалыптау: Рахметова А.

Компьютерде терген: Бердібскова Г.

Суретші Нұрмұханбетов Н.

Коркемдеуші: Ортаев Ж.

Басуға 12.10.2007 ж. қол қойылды.

Пішімі 84 x 108 1/32 Офсетті қағаз. Компьютер терілімі.

Көлемі 14 шартты баспа табақ. Есепті баспа табақ 13.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 459.

ЖШС “Жедел басу баспаханасы,
050053, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.



Жабал Ерғалиев

Ерғалиев Жабал 1952 жылы туған. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Бірнеше кітаптың авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қазақстан Журналистер одағының және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтарының лауреаты.

Алматы облысы Қарасай ауданының құрметті азаматы.

ISBN 978-601-7059-04-1



786017056049